

ШӘКӘРІМ КІТАПХАНАСЫ

А. М. МАМЫРБЕКОВ

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НЕМІС ЖӘНЕ ПОЛЯК ДИАСПОРАЛАРЫНЫҢ ТАРИХЫ (ХХ ғ.)



Семей, 2014

МАМЫРБЕКОВ АРАФАТ МАЖИТҰЛЫ

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НЕМІС ЖӘНЕ ПОЛЯК ДИАСПОРАЛАРЫНЫҢ ТАРИХЫ (ХХ ғ.)

Семей, 2015

ӘӨЖ 94:314

ББК 63.3:60.7
М 18

Семей мемлекеттік педагогикалық институтының Ғылыми кеңесінде бекітілген.

Пікір жазғандар:
Б.Ж. Атантаева. тарих ғылымдарының докторы, профессор.
М.К. Каримов. тарих ғылымдарының кандидаты, профессор.

М 18 Мамырбеков А.М.
Шығыс Қазақстандағы неміс және поляк диаспораларының тарихы (ХХ ғ.) / А.М. Мамырбеков. - Семей, 2015. – 192 бет.

ISBN 978-601-7544-49-2

Ғылыми еңбекте ХХ ғасырда Шығыс Қазақстандағы неміс, поляк диаспораларының қалыптасуы, олардың әлеуметтік-демографиялық жағдайы, миграциялық қозғалысы, мәдени дамуы қарастырылады. Депотрацияланған халыққа жасалған кеңестік саясат салдары мен тағылымдары Ресей мұрағат құжаттары және Отандық мұрағат деректері негізінде қазіргі тарихи әдіс-тәсілдермен зерттелініп, жан-жақты талданған. Аталмыш еңбек тарих ғылымына қызығушылық тудырған көпшілік оқырман қауымға, ғылыммен айналысушы тұлғаларға және тарих мамандығындағы студенттері мен магистранттарына арналады.

ӘӨЖ 94:314
ББК 63.3:60.7

ISBN 978-601-7544-49-2

МАЗМҰНЫ

Монографияны шығаруға демеушілік
жасаған ағайынды Жүсіпбек және Кенжебек
Дәукеевтер әулетіне алғысымды білдіремін!

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңдегі қоғамда болып жатқан түбегейлі өзгерістердің мазмұны, мемлекетімізде осы заманғы, шын мәніндегі ұлттық саясаттың жаңа сипатын қалыптастырып отыр. Осыған байланысты, елімізде іске асырылып отырған ұлтаралық қатынастар саясатын ой елегінен өткізіп, оған жаңаша баға берудің қажеттілігі дау туғызбайды. Қазақстан Республикасы сияқты көпұлтты елде ұлт мәселесінің басты орынға шығуы, заңдылық.

Кеңес өкіметінің өмір сүруінің соңғы жылдары, оның құрамындағы ұлттардың сана-сезімінің оянуымен, белсенділіктерінің артуымен ерекшеленді. Кеңестік кезеңдегі ұлттық саясаттағы қателіктер, сол кезден қалған, шешімін таппаған ұлт мәселелерінің болуы, қазіргі кезеңде ұлт саясатына ерекше маңыздылықпен қарауды қажет етіп отыр. Қазақстан жерін мекендейтін ұлттар мен ұлыстарды достыққа, туыстыққа, өзара ынтымаққа бастау, Елбасының сындарлы саясатының негізінде іске асырылуда.

Елімізде жүргізіліп отырған, сындарлы ұлт саясатының бір көрінісі - Қазақстан халықтарының Ассамблеясы. Ол 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан Республикасы Президентінің арнайы жарлығымен құрылды. Осы жерде, Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Тарих толқынында» еңбегінде айтылған «Ұлттық мемлекеттік идея, қай ұлтқа жататынына қарамастан, басты саяси құндылық ретінде, күллі Қазақстандықтардың Отаны – біртұтас, тәуелсіз Қазақстан төңірегінде қалыптасады», - деген сөздері еске түседі [1, 188 б.].

Демократиялық мемлекет ретіндегі дамуымызда, Қазақстандықтардың көптеген ұрпақтары жинақтаған аса бағалы құндылық - риясыз достық пен өзара түсіністік, ең үлкен жетістігіміз болып табылады. Қазақстан аумағында өмір сүретін халықтардың тарихын зерделеу, әр халықтың мәдениеті мен қазақ қоғамы үшін атқарған істерін үлгіге айналдыру, мемлекеттің осы саладағы саясаттын іске асыруда өзінің септігін тигізері анық.

Қазіргі кезеңде, тәуелсіздік жолымен дамып отырған, әлем Қазақстан топырағында өніп-өскен халықтардың басынан өткен

ауыртпалықтары негізінен, тарихымыздың қайшылықтарға толы ауыр кезеңдеріне сәйкес келеді. Осы бір кезеңдерде жүрген үрдістерді зерттеудің ұлттық идеологияны қалыптастыруда маңызы зор. XX ғасырдағы Кеңес Одағы халықтарының басына түскен нәубетті кезеңнің ақтаңдақ беттерін объективті түрде зерттеу, ертеңгі күнгі, болуы мүмкін қателіктердің алдын алуға мүмкіндік береді. Осы жерде біздер, ұлтаралық қатынастардағы өзекті мәселелерді зерттеуде, отандық тарих ғылымының мүмкіндіктерінің зор екендігін мойындауымыз керек. Сондықтан да «Шығыс Қазақстандағы неміс және поляк диаспораларының тарихы (XX ғ.)» тақырыбы өзінің өзектілігі жағынан кімге болмасын күмән тудырмауы тиіс деп ойлаймыз.

Тарихтың тағылымы мынаны үйретеді. Кез келген өркениетті елдердің ұлттық тәуелсіздіктеріне қол жеткізгеннен кейін, мемлекет құрушы ұлттан басқа да ұлттардың мұң-мұқтажын назардан тыс қалдырмай, оларға сыйластық танытуы, ішкі тұрақтылықтың кепілі болатынын аңғартып отыр. Осы тұрғыдан келгенде, Қазақстан сияқты елге тағдырдың жазуымен келген, өзге ұлттардың қоныстану тарихы, жаңа жерге бейімделуі және тіршілігі жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Тәуелсіздікке дейін теп-тегіс жолмен жүрмегеніміз ақиқат. Үнемі болған идеологиялық қыспақ кез-келген мәселеге таптық тұрғыдан қарау жағдайында, жеке ұлттардың тарихының зерттелмегені немесе бұрмаланып жазылған кездері де аз болмаған. Кеңестер Одағы талай ұлтқа “қамқоршы” болды деген ұғымды әрбір келесі ұрпақтың санасына сіңіру басты талап болды.

Біздің бүгінгі қалыптасқан шындығымыз, тарих ғылымына қойылатын талаптарды қатаң ұстанып, халыққа тек шындықты айтуды талап етеді. Осы тұрғыдан келгенде, тарихшылардың алдында талай шешімі табылмаған күрделі мәселелер бар. Сондықтан да, Қазақстандағы диаспоралардың қалыптасуы мен даму тарихын, бүгінгі күн талабы тұрғысынан талдаудың маңызы зор. Қазақстандағы қомақты диаспоралардың қатарына жататын немістер мен поляктардың шынайы тарихын зерттеуге тәуелсіздік алғаннан кейін ғана мүмкіндік болып отыр. Неміс және поляк диаспораларына байланысты жазылған еңбектер бұрындары да жоқ емес-ті. Ал тарихшы ғалымдардың біздің еліміздегі диаспоралар жөнінде жазылған еңбектері болса да, нақты неміс және поляк

диаспораларының даму мәселелері, оның тарихы жөнінде жазылған зерттеулер жоқтың қасы.

Бүгінгі көпұлтты Қазақстанның халық құрамының қалыптасуы мен дамуы, әр кезеңдерде елімізде жүрген тарихи оқиғалармен байланысты. Сол сияқты бұған ХХ ғасырдағы әлемдік деңгейде болып өткен тарихи үрдістердің де әсері мол. Отарлаудың негізгі көзіне айналған Қазақстан жері, ХХ ғасырда түрлі себептермен қоныс аударылған көптеген ұлттардың өкілдерін өзіне қабылдауды одан әрі жалғастырды.

Көпұлтты Қазақстандағы диаспоралар арасында, саны мен шоғырлана қоныстануында және еліміздегі еңбек бөлінісінде алатын қомақты үлестеріне қарай немістер мен поляктардың алатын орындары ерекше. Осы аталған ұлттар өкілдерінің Шығыс Қазақстанның қоғамдық дамуына үлкен үлес қосқандығы аян. ХХ ғасырдың І жартысында мемлекеттік басқару жүйесінде әкімшіл-әміршілдік тәсіл жаппай үстемдік құрды. Сонымен қатар, Кеңес мемлекеті ұстанған ұлттардың жеке белсенділіктеріне жол бермеу, түбінде оларды бір тілде сөйлейтін, бір ортақ мәдениетке ие болатын Кеңес халқына айналдыру саясаты, шын мәнінде олардың ұлт ретіндегі жан-жақты дамуына тұсау болды.

Диаспоралардың тарихын зерттеу, олардың нәтижелерін жариялау кейінгі кездері қолға алынғанымен де, зерттелетін іс қыруар. Неміс және поляк диаспораларының Шығыс Қазақстан территориясына қоныстануы мен қалыптасу тарихында өзара ұқсастық болғанымен де, олар өзіндік ерекшеліктерге де толы. Осы европалық нәсілді екі ұлттың Қазақстанның шығысына қоныстануының себептерін, аймақтың дамуы мен өркендеуіне қосқан үлестерін тарихи тұрғыдан зерделеу және жаңа көзқарас тұрғысынан баға беріп зерттеудің аймақтық тарихта алатын орны ерекше.

КСРО халықтарының жер аударылуы, соның ішінде немістер мен поляктардың күштеп көшірілу тарихы туралы сөз қозғау, бұрындары тыйым салынған «қауіпті» тақырып болды. Кеңес Одағы кезінде шыққан сөздіктер мен анықтамаларда «депортация» немесе «диаспора» сөздеріне ешқандай да түсініктер берілмеген. Тек бір ғана жерде, 1952 жылы шыққан Үлкен Совет Энциклопедиясында, оның өзінде нақты емес, мынадай анықтама берілген: «Депортация – от латинского – deportation, изгнание, в буржуазной стране принудительное выселение судом или в административном порядке лица, признанного социально опасным, из места его постоянного

жительства и поселение его в место с ограничением свободы передвижения». Бұған сенсек, «депортация» тек буржуазиялық қоғамға тән құбылыс ретінде қарастырылады [2]. 1970 жылы шыққан Үлкен Совет Энциклопедиясында да «депортация» сөзіне осыған ұқсас қысқа анықтама берілген [3].

Ғылыми еңбекте негізгі басшылыққа алынған әдебиеттерді үш топқа бөліп қарастырғанды жөн көрдік:

1. Кеңес ғалымдары мен соңғы жылдардағы іргелі зерттеулер;
2. Шетелдік ғалымдардың еңбектері;
3. Бүгінгі кезеңдегі зерттеушілердің ғылыми мақалалары.

Кеңестік дәуірдегі зерттеулерді қарастырғанда зерттеушілер негізінен, бұл мәселені кейіннен, яғни XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап, қолға ала бастағанын айтуымыз қажет. Бұның себебінде, ұлттарға, оның ішінде қысым көрген этникалық топтарға қатысты тақырыптардың мүлде жабық болуы жатты.

Алғаш рет, 1971 жылы поляк диаспорасының қоғамдық қызметіне арналған Г.Сапаргалиев пен В.А.Дьяковтың «Общественно-политическая деятельность ссыльных поляков в дореволюционном Казахстане» еңбегі жарық көрді [4]. Еңбек кеңестік идеология қыспағы жағдайында жазылғанымен, деректерге бай және айдаудағы поляк азаматтарының әлеуметтік жағдайы, қоғамдық қызметтері, олардың Қазақстан қоғамына қосқан үлестері жайлы мол мағұлмат береді.

Осы зерттеуде Қазақстан аумағына айдалып келген поляктар, Польшада болған саяси оқиғаларға байланысты үшке бөліп қарастырылған. Бұған Польша мен Литвадағы 1830-1831 жылдардағы көтеріліске қатынасқандар, 1863 жылғы көтеріліске қатынасушылар, яғни алғашқы поляк социалистерінің қазақ жеріне келуі және XX ғасырдың 30-50-жылдар аралығындағы әртүрлі себептермен жер аударылғандар жатқызылған. Олардың патшалық Ресейге қарсы күресін авторлар теңдік пен бостандыққа ұмтылудан деп танып, бұларды социалистер қатарына қосады. Осылайша, еңбекте Қазақстан жеріне айдалып келген поляктар, қазақ еліне алғашқы социалистік идеяларды таратушылар ретінде көрініс береді.

Кеңестік дәуірде, Қазақстандағы диаспораларға арнайы зерттеу жүргізілмегенімен, кезінде өлкедегі жұмысшылардың қалыптасуы мен дамуының мәселелерін, тарихи демографилық тұрғыда алғаш М.Х.Асылбеков және С.Б.Нұрахметовтар қолға алды [5]. Еңбекте Қазақстандағы өндірістің дамуы және жұмысшы табының

қалыптасуының жолдары көрсетілген. Аталған еңбекте, неміс және поляк диаспораларының өкілдеріне арнайы тоқталмаса да, онда сол ортадан шыққан еңбек озаттары, инженерлік-техникалық қызметкерлерге қатысты деректер берілген.

Кеңестік кезең қоғамдық ғылымдарды, оның ішінде, тарих ғылымын идеология құрсауында ұстағаны белгілі. Жоғарыда аталған еңбектерде зерттеушілер мәселеге объективті түрде келуге тырысқанымен, Қазақстандағы этникалық диаспоралардың қалыптасуындағы ерекше орны болған күштеп көшіру, жер аудару сияқты және т.б. себептерді аша алмаған. Ол түсінікті де еді. Олар негізінен, халықтың өсіп-өнуін зерттеуді негізгі объектіге айналдыра отырып, жалпы демографиялық мәселелерді қарастыруға тырысты.

80 жылдардың басында Қазақстандық тарихшылар әр кездегі халық санақтарының қорытындыларын тарихи айналымға енгізе бастады. Солардың бірі, Н.В.Алексеенко болды. Автордың «Население дореволюционного Казахстана (Численность, размещение, состав, 1870-1914 гг.)» еңбегінде патшалық Ресей тұсындағы халық санағының, дәлірек айтқанда, 1897 жылғы санақтың нәтижелері басшылыққа алынған [6]. Зерттеуде Қазақстан халқының ұлттық құрамына (оның ішінде немістер мен поляктар да бар), халықтың орналасу тығыздығына сараптама жасалған. Әрине бұл еңбекте зерттеуші сол кездегі Семей облысының халқының ұлттық құрамына, оның ішінде немістер мен поляктарға арнайы тоқталмайды.

1985 жылы Г.Ф.Дахшлейгер және К.Н Нүрпейісовтердің бірігіп жазған «История крестьянства Казахстана» еңбегінде қазақ даласындағы шаруалардың әлеуметтік жағдайы, олардың шаруашылығының дамуы жан-жақты ашылған. Бұл зерттеуде, Қазақстанның аграрлық секторындағы әртүрлі ұлттардың өкілдеріне біршама көңіл аударылғанымен, неміс және поляктар арнайы зерттеу объектісіне алынбаған [7].

Кеңестік кезеңдегі Қазақстандағы халықтың динамикасын, санын, әлеуметтік және ұлттық құрамын, олардың орналасуы жайындағы үрдістерді демографиялық сараптаудан өткізген Ф.Н.Базанова болды. Автордың «Формирование и развитие структуры население Казахской ССР (национальный аспект)» еңбегі Қазақстан облыстарындағы этнодемографиялық жағдайды және кеңестік дәуірде жүргізілген халық санағын тарихи тұрғыдан талдаудан өткізген болатын. Еңбекте Қазақстан халықтарын диаспора

ретінде жекелеп қарастырмай, олардың санына, табиғи өсіміне, жынысы мен жасына сипаттама беріледі. Зерттеуші немістерді Қазақстандағы үлкен ұлттардың қатарына жатқызады [8].

Тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде, еліміздегі өмір суретін ұлттардың тарихын баяндайтын көптеген ғылыми еңбектер мен тың материалдар жарық көрді. Оқиғалардың тарихи шындығын көрсететін көптеген зерттеулер де жарыққа шыға бастады. Кеңес дәуірінде, тарих ғылымының ұстанымдары тұрғысында оқиғаларды талдау, сол негіздегі еңбектерді жарыққа шығару мүмкін болмады. Сондықтан өмірдің шындығына қайта оралу, терең демократияландыру үрдісі жүріп жатқан бүгінгі қоғамда ғана мүмкін болып отыр.

Осыған орай, елімізде болып жатқан ішкі миграциялық мәселелерге тоқталған еңбектер, яғни іргелі демографиялық зерттеулер 90 жылдары жарық көре бастады. 1926, 1937, 1959 жылдардағы санақтардың нәтижелерін ғылыми айналымға енгізу, тәуелсіздік жолымен дамып отырған жылдардың еншісіне тиді.

Ел тәуелсіздігіне қол жеткеннен кейінгі жылдарда Қазақстанның демографиялық ахуалына арналып бірнеше арнайы зерттеулер жарияланды. Алғашқы еңбектердің қатарына 1991 жылы жарық көрген М.Х.Асылбеков пен А.Б.Галиевтің «Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980)» монографиясын жатқызамыз [9]. Еңбекте Қазақстанда болып өткен санақ қорытындыларына шолу жасалынған. Тарихи демографияны зерттеудің методологиясы және статистикалық деректерді талдау мәселесі еңбекте жеке бөлім ретінде орын алған. Халық санақтары мәліметтері сандық көрсеткіш негізінде жан-жақты талданған. Осы бір өзекті мәселеге арналған құнды еңбекте этникалық диаспоралар, оның ішінде, неміс және поляктар да айтылғанымен, олар жеке зерттеу объектілері ретінде алынбаған.

Н.В.Алексеенконың «Усть-Каменогорск и устькаменогорцы» [10] атты жұмысын ерекше атап өткен жөн, себебі, еңбекте еліміздің шығысында орналасқан ірі өндірістік қала Өскемен халқының ұлттық құрамының өзгеруі тарихи оқиғалармен сабақтаса көрініс береді. Халықтар депортациясының қала халқының ұлттық құрамына әсері, сондай-ақ тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдардағы миграциялық қозғалыстар статистикалық, мұрағаттық деректермен дәйекті түрде, жан-жақты зерттелген.

Сол сияқты оның «Историческая демография Казахстана» [11] еңбегінде Қазақстандағы ұлттардың қалыптасуы мен дамуының және қазақ даласындағы демографиялық өзгерістердің тарихи себептері сөз болады.

Ә.Ғали мен Д.Ғали жазып шыққан «Этнодемография және саясат сыры» кітабы саясат пен ұлттық демографиялық жағдайды сарапқа сала отырып, еліміздің қилы тарихына, руханиятына, көші-қон тағдырына, ұлттық сана мен болмысына тарихи және саяси қырынан баға береді [12]. Еңбекте Қазақстандағы неміс диаспорасының 1989 жылдан 2003 жыл аралығындағы миграциясы, тарихи Отандарына қайту мәселелері көтерілген. Қазақстанның облыстарына бөлгендегі немістер саны және олардың елдегі динамикасы диаграмма түрінде беріліп, талданған. Алайда, Шығыс Қазақстан жеріндегі ұлт өкілдеріне арнайы тоқталмаған.

М.Х.Асылбеков және А.И. Құдайбергеновалардың «Қазақстан халқының әлеуметтік демографиялық жағдайы (1939-1959 жж.)» монографиясы жарық көрді [3]. Еңбек Қазақстан территориясына депортацияланған халықтардың, жалпы Қазақстан халқының әлеуметтік-демографиялық жағдайына арналады. Мұнда авторлар сол бір күрделі кезеңдегі демографиялық үрдіске жан-жақты тоқтала отырып, республикаға бағытталған миграцияның себептеріне кеңінен талдау жасайды. Республика халқының жалпы саны, орналасуы, жас мөлшері, жынысы, білім деңгейлері, табиғи өсімі, көші-қон үрдістері және оның ұлттық құрамға әсері, ұжымшарлар және басқа да әлеуметтік топтардың дамуы статистикалық деректер ретінде ғана берілмей, тарихи аспектіде сарапталған.

Соңғы кездері халықтар депортациясына арналып жазылған кітаптың бірі ол М.Ч.Кылышбекованың «История депортированных народов Казахстана (1937-1956 гг.)» атты монографиясы [14]. Монографияда Қазақстанға халықтардың депортациялануының себептері, олардың сандық динамикасы, орналасу географиясы, шаруашылық ұйымдасуы, олардың еңбегін пайдаланудың қырлары зерттелген. Зерттеуші Қазақстанға жер аударылған халықтар өмірінің жекелеген кезеңдерін, мемлекеттің оларға қатысты ұстанған саясатын тарихи тұрғыдан талдаған. Көтерілген мәселелер негізінен, жалпыламалық сипатта. Жекелеген облыстарға қоныстанған халықтардың аймақтық, ұлттық ерекшеліктеріне көп тоқталмайды. Зерттеуші немістер мен поляктар сияқты этникалық диаспораларды арнайы зерттеу нысаны ретінде қарамаған.

Зерттеушілердің тағы бір бөлігінің еңбектерінде неміс және поляк диаспораларының тарихының мәселелері көтерілген. Кейбір зерттеушілер неміс және поляк диаспораларының тарихын негізінен, үш кезеңге бөліп қарастырады. Ал зерттеушілердің бірталайы диаспоралардың қалыптасу уақытын өздерінше кезеңдерге бөледі. Бұдан зерттеушілердің арасында ортақ пікір жоқ деген ұғым туады.

Шығыс Қазақстандағы неміс диаспорасының тарихын бірден-бір жете зерттеп жүрген Л.Бургарт неміс диаспорасының тарихын үш кезеңге бөледі. Дәлірек айтқанда, олар алғашқы қалыптасқаннан Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңына дейінгі және 30 жылдардың соңынан бастап 1956 жылғы рақымшылыққа дейінгі, сондай-ақ 1956 жылдан жаппай тарихи Отандарына оралу кезеңіне дейінгі уақыттарды жекелеп қарастырады. Л.Бургарттың «Из истории немецких поселении в Восточном Казахстане (нач. XX века 1941 г.)» атты ғылыми еңбегінде неміс ұлтының Шығыс Қазақстанға қоныстану тарихының саяси қырлары зерттелген [15]. Мұнда Ресей империясындағы көші-қон саясаты және неміс шаруаларының Қазақстан жерлерін отарлау үрдісі біршама талданған. 1897 жылғы халық санағының қорытындыларын талдай отырып, автор тек Өскемен уезіне тоқталған. Өскемен уезінің революцияға дейін Семей облысына қарағандығын ескерсек, зерттеу аумағының шағындығын байқаймыз, яғни Шығыс Қазақстан аумағы толық қамтылмаған. Сол сияқты еңбекте XX ғасырдың бас кезіндегі немістердің діни және рухани мәдениетіне де көңіл бөлінбеген. Ең бастысы, XX ғасырдың басынан 1941 жылға дейінгі кезеңге арналған ғылыми еңбекте, Шығыс Қазақстан облысы қазіргі заман тарихы құжаттар орталығының деректері назардан тыс қалып, Кеңес өкіметінің құрылу кезеңіндегі саяси оқиғалардың неміс диаспорасына тигізген әсері жеткілікті деңгейде талданбайды.

Осы автордың Шығыс Қазақстандағы неміс диаспорасына арналған «Немецкое население в Восточном Казахстане в 1941-1956 гг.» атты келесі еңбегі жарқы көрді [16]. Монография алдыңғы шыққан еңбектің жалғасы болып табылады. Еңбек мұрағаттық құжаттарға бай әрі 1941-1956 жылдар аралығындағы облысымыздағы неміс диаспорасының қалыптасуы мен дамуының ең ауыр кезеңіне арналған бірден-бір еңбек болып табылады. Жұмыста немістерді қоныстыруды ұйымдастыру, олардың шаруашылық-экономикалық, саяси жағдайлары кеңінен қарастырылады. Зерттеуші бірінші болып, арнайы тұрақтардағы немістерге бақылаудың жүргізілуіне, олардың

арасындағы демографиялық өзгерістерге тарихи сараптама жасайды. Бірақ автор 1950 жылдардың І жартысындағы немістердің «еркіндік» алу үрдісін жеткілікті түрде зерттемеген. Мемлекеттің жарлықтары мен қаулыларының негізге алынбауы, олардың «ақталуға» қол жеткізу мәселесінің жеткілікті тұрғыда зерттелмегендігін аңғартады.

Сталиндік тәртіп тұсындағы этникалық репрессияға арналған ірі ғылыми еңбектердің қатарына, Ресей ғалымы И.И. Алиевтің «Этнические репрессии» атты монографиясын жатқызамыз [17]. Автор өз монографиясында КСРО-да болған ХХ ғасырдың 30-40-жылдары орын алған ірі этникалық қуғын-сүргінді, әлемдік өркениеттегі ең ауыр зұлымдық кезең ретінде бағалайды. Ұлттардың репрессияға ұшырау себептерінің саяси қырларын ашып көрсетеді. Ол өзге ұлттардың тағдырының тәлкекке түскенін ғана қарастырмай, орыс ұлтын да қуғын-сүргінді басынан кешірген ұлт есебіне енгізеді. Ұлттардың реабилитациялану процесін зерттей келе, автор бұл үрдісті төртке бөліп қарастырған. Аталған еңбекте автор этникалық репрессияға ұшыраған ұлттардың тарихын кешенді түрде зерттеген. Бірақ осы бір қызықты еңбекте, қуғын-сүргінге ұшырағандардың Қазақстанға жіберілгені айтылғанымен, олардың республикадағы, одан кейінгі саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайы мәселе ретінде мүлде қарастырылмайды.

Қазақстаннан Германияға көшіп кеткен ғалым В.Диктің «Свет Евангелия в Казахстане. История возвещения Евангелия и распростронения общин баптистов и меннонитов в Казахстане (первая половина ХХ века)» кітабында Қазақстандағы немістердің баптистік ағымды таратудағы іс-әрекеттері, әсіресе, Шығыс Қазақстандағы баптистік қауымдардың дамуына кеңінен тоқталады [18]. Ол ХХ ғасырдың І жартысындағы Қазақстандағы неміс-меннониттердің рухани өмірін егжей-тегжейлі зерттеп шыққан жалғыз автор деуге болады.

Шетел ғалымдары тарапынан аталған тақырыпқа қатысты еңбектер көп деп айтуға болмайды. Поляктардың депортацияға ұшырау тарихына бірен-саран Ресей ғалымдары қалам тартқан. Бұндай жағдайдың өзіндік себептері де бар. Поляктардың көпшілігі Украина мен Белоруссияның батыс бөлігінен көшірілуіне байланысты болса керек. Ал бұл тақырып тарихи Отандарындағы тарихшылардың зерттеу объектісіне айналмай отыр. Польша КСРО-ның ықпалында болуының да өзіндік әсері болды. Поляк тарихшыларының да Кеңестер Одағындағы жүргізілген саясат

мәселесіне арнап зерттеулер жүргізуге тартыншақтанғандығы байқалады. КСРО ыдырағаннан кейінгі кезеңде поляк тарихшылары Отан тарихының мәселелеріне ден қойды. Еуропадағы диаспораларына қатысты еңбектер жазылғанымен Азиядағы қандастарына арнап іргелі зерттеулер жүргізбеді. Украина мен Белоруссия тарихшылары Отан тарихын зерттеуде диаспоралардың тарихынан гөрі, негізгі этностың тарихына көңіл бөлуде.

Немістерге келер болсақ, германиялық тарихшылар өз қандастары жайында неміс тілінде бірнеше еңбектер жарыққа шығарды. Бенямин Пинкус және Ингеборг Флайшхауердің «Кеңес Одағындағы немістер: XX ғасырдағы ұлттық кіші топтар тарихы» (Die Deutschen in der Sowjetunion: Geschichte einer nationalen Minderheit im 20) еңбегі немістердің XVIII ғасырдан бергі Ресей аймағына қоныстану тарихына арналады [19]. Зерттеуде Ресей немістерінің Бірінші дүниежүзілік соғыстағы әрекеттері және төңкерістен кейінгі тағдырлары сөз болған. 1941-1945 жылдардағы КСРО-ның батыс бөлігіндегі немістерді көшіруге байланысты авторлар өз тұжырымдарын берген. Олар немістерді көшіруді 3 фазаға бөліп қарастырған. Көшірудің 1 және 2 фазасын талдау барысында немістердің Қазақстанға көшірілуі жайында жалпылама сипаттама берілген. Арнайы қоныстардағы немістердің әлеуметтік жағдайларын зерттеу де жалпыламалық сипат алған.

Неміс ғалымы Карл Штумпптың «Ресей немістері. 200 жылдық сүрлеу» (Zweihundert Jahre unterwegs. Verlag Landsmannschaft der Deutschen aus RuЯland) еңбегінде Еділ бойындағы немістердің Қазақстанға көшірілуі қақында тарқатып жазып кетеді [20]. Автор немістердің көшірілуінің қалай жүргендігіне тоқталғанымен, олардың Қазақстан жеріндегі тағдырларына көп назар аудармаған. Шығыс Қазақстандағы неміс диаспорасының тарихына қатысты мәліметтер кездеспейді. Тек немістер қоныстанған аймақ ретінде ғана айтылып өтеді.

Неміс ғалымы Август Лонзингер өзінің «Еділ немістерінің объективті этнографиясы» (Sachliche Volkskunde der Wolgadeutschen) еңбегінде немістердің қоныстану аймақтарын, этнографиясын жан-жақты талдаған [21]. Зерттеуші Еділ бойындағы немістердің Қазақстан аумағына күштеп қоныстандырылуына тоқтала келіп, қазақ даласындағы немістердің этнографиялық ерекшеліктеріне, шоғырланған аймақтарына шолу жасайды. Еңбек этнографияға

негізделгендіктен, Қазақстан немістерінің тарихына қатысты мәліметтер өте аз.

Қазақстандағы поляктар мәселесі бойынша іргелі ғылыми зерттеу жүргізген Т.Л.Исова болды. Оның «Қазақстан-Польша «поляк мәселесінің» эволюциясы» тақырыбындағы диссертациясы тәуелсіз Қазақстандағы поляктардың тағдырына қатысты алғашқы ғылыми жұмыс болып табылады. Зерттеуші Қазақстандағы поляк диаспорасын Польша мен Қазақстан мемлекетімен арадағы қарым-қатынас тетігі ретінде қарастырады. Зерттеу кеңестік ұжымдастыру дәуірінен басталып, қазіргі кезеңді де қамтиды. Қазақстанға орналастырылған поляктардың саяси жағдайы мен поляк-кеңес қатынастары мәселелеріне көп көңіл бөлінген. Автор халықаралық қатынастар жүйесіндегі поляк мәселесін жиі көтергендіктен, зерттеу тарихилықтан көрі, мәселенің саяси қырын ашуға бағытталған [22].

Кейінгі жылдары этно-демографиялық мәселелер көптеп зерттелуде. Қазақстандағы көші-қон мәселесіне және демографиялық ахуалға байланысты бірнеше кандидаттық диссертациялар қорғалды. Мысалы, Қ.Енсенов [23], С.Айымбетов [24] және т.б. Диссертацияларда тарихи кезеңдердегі диаспоралардың демографиялық дамуындағы өзгерістер көрсетілген.

Ұлт мәселесіне, оның ішінде диаспоралардың тарихына, саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайларына біршама көңіл аударған зерттеулердің қатарына арнайы ғылыми мақалаларды да жатқызамыз. Осы мазмұндағы мақалалар КСРО-да өткен ғасырдың 90-жылдары жарық көре бастады. Мақалалардың басым бөлігі 30-40 жылдардағы Кеңес халықтарына қарсы жасалған қысымдарға, жаппай жер аударуларға арналды. Солардың ішінде, ішінде Н.Ф.Бугайдың мақалаларын ерекше атауға болады. Ол 30-40 жылдарға «жазаланған халықтардың мәжбүрлі жер аударылуы кезеңі» деп атау қойып, зобалаңға ұшыраған халықтардың (корей, поляк, неміс, шешен және т.б.) тарихына фактілермен жауап беруге тырысады [25].

Кейінгі кезеңдегі зерттеулердегі бір ерекшелік, оларда мұрағат материалдарының кең қолданыла бастауы және қолданыстың айналымға түсуі. Бұл жерде В.Н.Земсковтің «Заключенные, спецпоселенцы, ссыльные и высланные (статистико – географический аспект)» және «Спецпоселенцы по документам НКВД – МГБ СССР» сынды құнды құжаттар негізінде шыққан мақалаларын айтуға болады. Мақалалар Шығыс Қазақстандағы неміс және поляк

диаспораларының өкілдеріне тікелей арналмаса да, келтірілген құжаттарда арнайы қоныстандырылуға тиіс неміс және поляктардың барар бағыттары көрсетілген [26].

Неміс мәселесіне тоқталған еңбектер қатарына С.В.Кичихиннің зерттеу-мақалаларын жатқызуға болады. Зерттеуші өзінің «Советские немцы»: откуда, куда и почему?» мақаласында қоныстандыру кезіндегі орын алған жайттарды құжаттармен дәлелдеген [27].

Осы кезеңдегі Ресейдегі зерттеулермен қатарлас, Қазақстан тарихшылары да республикадағы неміс халқының қоныстану тарихына, депортация мәселесіне және т.б. көңіл аудара бастады. Осы орайда жазылған М.Қозыбаевтың, В.Кригердің, А.Фризеннің мақалаларында неміс диаспорасының қалыптасуы мен даму тарихына баса көңіл қойылады [28].

XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында Қазақстан аумағындағы өмір сүрген поляктар мен немістер тарихын В.З.Галиев [29], П.П.Вибе [30] белгілі дәрежеде зерттеген болса, олардың мәдени және рухани даму мәселелеріне қатысты И.Карсаков [31], Э.Г.Босс, Э.Ф.Госсен [32], Н.В.Кадацкая [33] А.Дедерер [34], В.А.Иванов [35], А.И.Артемьев [36], Г.Т.Телебаев [37] көңіл аударған.

Ұлы Отан соғысы жылдарында қоныстандырылған неміс және поляк ұлтының әлеуметтік-саяси жағдайына Л.А.Бургарт [38], А.Зулкашева [39], Н.В.Степаненко [40], Б.О.Жангуттин [41] өз мақалаларында тоқталған.

Қазақстандағы неміс және поляк диаспорасының демографиялық және миграциялық қозғалысына байланысты Е.Чиликова [42], М.А.Ертаев [43], Е.В.Тарасова [44], Г.М.Мухамбеткалиева [45], О.Сидоров [46], М.Гавенцки [47], Н.Мустафаевтардың [48] мақалалары қызығушылық туғызады.

Бүгінгі таңдағы Қазақстан Республикасының жоғары басшылығының ұстанып отырған өзара түсіністік, ұлтаралық келісім және татулық саясатына сәйкес көптеген шаралар іске асырылуда. Соңғы кезде, Қазақстандағы ұлт өкілдеріне арналған біршама әдебиеттер, оның ішінде жинақтар шығып жатыр. Соның бірі, Қазақстан Республикасы мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің бағдарламасы бойынша басылып шыққан «Народ - истинный воспитатель» жинағы. Жинақ тек немістер мен поляктарға арналмаған. Бірақ Қазақстанда болған поляк саяхатшыларына біршама көңіл бөлінген. Сол сияқты осы жинақтың екінші бөлімінде Қазақстандағы Поляктар одағы төрағасының орынбасары

А.Левковскийдің «Поляки в Казахстане» мақаласы берілген [49]. Автор әр кезеңдерде поляктарға қатысты жүргізілген саясаттың кейбір қырларына тоқтала келіп, поляк ұлтының диаспора ретінде қалыптасуының процестерін қарастырады және олардың қоғамдағы алған орындарына тоқталады.

Поляктар тақырыбына байланысты зерттеуші В.Горецкий нәтижелі зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Ол өз мақаласында поляктардың Қазақстанның этникалық құрамындағы орны жайында сөз қозғайды. Сол сияқты онда ол поляктардың Қазақстан жерлеріне қоныстануының кейбір жақтарына тоқтала келіп, поляк елді мекендерінің қалыптасуының және дамуының үрдістерін қарастырады [50].

Көріп отырғанымыздай, Қазақстандағы немістер мен поляктарға арналған арнайы зерттеулер мен танымдық еңбектер негізінен, олардың өмірінің әртүрлі жақтарын қамтиды. Бұлардың ішінде, Қазақстанның тарихи аймақтарында тұрып жатқан диаспора өкілдерінің өзіндік тарихы, әлеуметтік-экономикалық, рухани және т.б. мәселелеріне арналған еңбектің бірен-саран екенін айтамыз. Ал Қазақстанның үлкен аймақтарының бірі – Шығыс Қазақстандағы неміс және поляк диаспораларының бірнеше ғасырлық тарихының болуы, олардың қоғамдық өмірдегі алған орны кешенді зерттеуді қажет етеді.

Аталмыш монографияның дерек көзі ретінде пайдаланған материалдары үш топтан тұрады. Бірінші, мұрағаттық құжаттар, екінші, статистикалық деректер, үшінші, жеке адамдардың естеліктері мен сұхбаттары.

Бірінші топқа жатқызылған мұрағаттық құжаттардың өзі екіге бөліп қарастырылды. Құжаттардың бірінші тобына – жоғарғы билік (заңдар, жарлықтар, қаулылар, бұйрықтар, қарарлар және басқа нормативтік-құықтық актілер) және жергілікті билік органдары (шешімдер, қаулылар, бұйрықтар) шығарған, заңды күші бар құжаттарды жатқызамыз. Мәселен, елден көшіру, еңбекке жұмылдыру, арнайы қоныстандыру сияқты құжаттар, кейінгі ақталу шаралары сияқты шешімдер.

Құжаттардың екінші тобы - мемлекеттік қоғамдық ұйымдар мен мекемелердің іс жүргізу барысындағы мәліметтері. Бұлар неміс және поляк диаспораларының өмірінен толығырақ хабар береді. Құжаттар – немістердің және поляктардың көшірілуі, барған

жақтарында қабылдануы, орналастырылуы, жұмысқа тартылуы сияқты мағлұматтарды жиынтығынан тұрады.

Бұл топтағы материалдардың басым бөлігін Қазақстан және Ресей мұрағат қорларында сақталған құжаттар құрайды. Жұмысты жазу барысында Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты, Қазақстан Республикасы Президенті мұрағаты, Шығыс Қазақстан Облыстық қазіргі заман тарихы құжаттарының орталығы және Шығыс Қазақстан мемлекеттік мұрағаты, Ресей Федерациясының мемлекеттік мұрағаты, Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси зерттеулер мұрағаты, Ресей мемлекеттік экономика мұрағаты құжаттары негізге алынды.

Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік мұрағатында қазан революциясына дейінгі 469 және 546 – қорлардың құжаттарынан 1919 жылдарға дейін Шығыс Қазақстан аумағына қоныстандырылған ұлттарға қатысты мәліметтер кездесті, сонымен қатар, Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде тұтқынға алынған Австрия және Германия азаматтары болып табылатын поляктардың Семей губерниясына әскери тұтқын есебінде жіберілуі, олардың әлеуметтік жағдайы жөнінде құнды деректер табылды. Р-1208 және 1937 – қорлары 1938-1941 жылдардағы Қазақстандағы жергілікті көші-қон бөлімдерінің құжаттарына арналған. Олар осы жылдардағы Қазақстан аумағындағы көші-қон саясатынының іске асырылуын зерттеуде қолданылды.

Шығыс Қазақстан аймағындағы неміс және поляк диаспораларының қалыптасуы мен дамуын зерттеуде, тек Шығыс Қазақстан аймағындағы мұрағат қорларын пайдалану жеткіліксіз болғандықтан, салыстырмалы терең зерттеуді жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатының 141, 708, 885 – қорлары пайдаланылды. 141 – қор бойынша, XX ғасырдың 20- жылдарындағы Шығыс Қазақстан аймағындағы өзге ұлттардың саяси жағдайы қарастырылса, 708 – қорда Екінші дүниежүзілік соғыс кезі мен соғыстан кейінгі кездегі немістердің әлеуметтік жағдайына байланысты деректер берілген. 885 – қор республикадағы неміс гаезеттеріне қатысты мәліметтер алуға мүмкіндіктер берді.

Шығыс Қазақстан Облыстық қазіргі заман тарихы құжатарының орталығының 807 – қорындағы құжаттарда арнайы қоныс аударылған ұлттардың әлеуметтік жағдайы қарастырылса, 583 – қорда 1926 жылғы халық санағының қорытындылары жинақталған. 256 – қорда

Семей арқылы өткен арнайы қоныс аударылған поляк азаматтарының тізімі және олардың көшірілуі жайлы мәліметтер сақталған.

Шығыс Қазақстан мемлекеттік мұрағатының 462 – қорынан Шығыс Қазақстан өңіріне жер аударылған поляк азаматтарының тізімі және қоныстандыру деңгейі жөнінде мәліметтер алынды. Ерекше құпия болып табылған 1п қорынан арнайы жер аударылғандар жайлы жасалынған партиялық отырыстар хатамасы және бұйрықтар тізбесі қарастырылды.

КСРО жоғарғы билік органдарының шығарған үкімдері, жарлықтары және одақтық республикаларға жіберілген одақтық министрліктердің нұсқаулары Ресей Федерациясының мемлекеттік мұрағатындағы «КСРО ІІМ-нің арнайы 4 бөлімі» Р-9479 – қорында жинақталған. Бұл Қазақстан территориясына қоныстандырылған ұлттардың тарихына тікелей қатысты ең құжаттары мол қор. Қорда 1931 жылдардан бастап, 1959 жылдарға дейінгі мәжбүрлі көштерге байланысты жарлықтар, үкімдер, нұсқаулар, қаулылар жиналған. Р-9479 – қорынан Қазақ КСР-і ІІМ-нің КСРО ІІМ-не жіберілген анықтамалары және КСРО ІІМ тарапынан жүргізілген тексерістердің қортындылары сарапқа салынды. Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси зерттеулер мұрағатының ең ірі қоры болып табылатын 17 – қор құжаттары ғылыми талқыдан өтті. Аталған қорда КОКП ОК-нің 1903-1991 жылдар аралығындағы құжаттары жинақталған. Қазақстан Коммунистік партиясының Мәскеуге жіберілген арнайы қоныс аударылғандар жайындағы анықтамалары, Мәскеу тарапынан жүргізілген тексерістердің қорытындылары осы қордан алынып, диссертация жазу барысында кеңінен қолданылды. Ресей мемлекеттік экономика мұрағатының көші-қонға арналған 5675 – қоры қарастырылды. Қордағы құжаттар толығынан көші-қонға байланысты дайындық мәселесін қамтиды. Бұдан Қазақстанның көші-қон бөлімдері берген 1940-1941 жылдардағы есептер мен қаржы мәселелері жөніндегі көптеген мәліметтер алынды.

Жоғарыдағы аталған қорлардағы деректер мен мәліметтер зерттеуді объективті негізде ашуға мүмкіндік берді. Мұрағат қорларынан алынған деректерді сараптаудан өткізе отырып, қорытындылар жасалды.

Мәлімет көздерінің екінші тобына статистика құжаттарын жатқызамыз. Мұның өзін екі топқа бөлуге болады.

1. 1897, 1926, 1939, 1989, 1999 жылдардағы халық санақтарының материалдары. Санақ материалдары Шығыс Қазақстандағы немістер

мен поляктардың саны, көші-қон қозғалысы, жыныстық ерекшеліктері, жас ерекшеліктері, білім деңгейі, тілдерді білу дәрежесі, жұмыстары, неке қатынастары жөнінде мол ақпарат берді.

1. Статистикалық-экономикалық шолу материалдары, ақпараттық сараптамалық статистика жинақтары, Шығыс Қазақстанның елді-мекендері жасаған есептер. Олардан халық құрамын, көші-қон қозғалысын, Қазақстан халқының табиғи өсімін білдік.

Дерек ретінде, ресми болып табылмаса да, тарихи оқиғаларды басынан кешірген сол уақыттың куәгерлерінің естеліктері де алынды. Поляк ұлтына қатысты деректерді толықтыру мақсатында арнайы қоныс аударылған Борас селосының тұрғыны, 87 жасар Ванда әжейдің және Өскемен қаласының тұрғыны Чеслав Ивановичтің естеліктері дерек ретінде диссертацияға енгізілді.

2000 жылы ҚР Президенттік архивінің қолдауымен «Из истории поляков в Казахстане (1936-1956 гг.)» [51] және «Из истории немцев в Казахстане (1921-1975 гг.)» [52] атты деректер мен құжаттар жинақтары жарық көрді. Алайда бұл жинақтарда Шығыс Қазақстанға қатысты деректер мен мәліметтер өте аз кездеседі.

XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы поляктардың Шығыс Қазақстан территориясына қоныстануы жайлы ең құнды дерекке әрі тарихи еңбек ретінде, ұлы Абайдың досы, сол кезеңнің озық ойлы азаматы, священник Борис Герасимовтың 1918 жылғы Орыс географиялық қоғамы, Батыс Сібір бөлімінің Семей бөлімшесінің «Жазбаларында» жарық көрген «Сыльные поляки в Семипалатинской области» атты мақаласын жатқызамыз [53]. Аталған мақалада поляктардың әлеуметтік тегі, жаңа жердегі атқарған қызметтері көрсетілген және автор мұрағат құжаттарына, статистикалық мәліметтерге сүйенеді. Бұл мақаланың құндылығын көрсетеді.

Зерттеу барысында дереккамалық материалдарды жинастыра отырып, олардың тарихи тұрғыдан алатын маңызын анықтауға тырыстық. Дерек ретінде ақпараттық мәліметтерге бай мерзімдік басылымдар материалдарын да негізге алдық.

Жоғарыдағы ғылыми еңбектер мен деректерге тарихнамалық талдау жасай отырып, ғылыми монографияны жазудағы негізгі артықшылықтардың бірі XX ғасырдағы Шығыс Қазақстан аумағындағы неміс және поляк диаспораларының

қалыптасуы мен дамуы нақты мұрағат қорларындағы деректер арқылы тарихи тұрғыдан арнайы қарастырылған.

- Алынған тақырыпты ашу барысында, ғылыми айналымға жартылай енген немесе енбеген мұрағат деректері алынып, сол арқылы Шығыс Қазақстан аумағындағы неміс және поляк диаспораларының қалыптасу тарихы жасалынып, соларға байланысты айтылмай келген көлеңкелі тұстары анықталып, көрсетілді.

- Кеңестік өкіметі орнағаннан кейінгі немістер мен поляктардың өмірлерінің патшалық Ресей кезеңіндегі өмірлерінен де ауыр болғандығы тарихи фактілермен негізделді.

- Поляктардың жаппай депортацияға ұшырауы және соғыс жылдары мен соғыстан кейінгі жылдарда Польшаға, Украинаға, Белоруссияға оралуы, төлқұжат алуларындағы адам айтқысыз қиындықтардың шындығы ашылды.

- Қазақстандағы неміс және поляк диаспораларының күнделікті тіршілігіне Кеңестік жүйе тудырып отырған саяси ахуалдың әсері жаңаша талдаудан өтті.

- Немістер мен поляктардың үлкен көлемде көшіріліп әкелінуінен Шығыс Қазақстан халқының демографиялық ахуалында, әлеуметтік және ұлттық құрамында мол өзгерістер болғандығы дәлелденді.

- Кеңес өкіметіндегі ұлт саясатының мәні ашылып, оның жағымды және жағымсыз жақтарының қазіргі Қазақстанда жүргізіліп отырған ұлт саясатына тәжірибе және сабақ болатындығы көрсетілді.

- XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында Шығыс Қазақстандағы неміс және поляк диаспораларының қалыптасуы ерікті түрдегі қоныстану және еріксіздіктен қоныстану тұрғысында жүргізілген;

- мұрағат құжаттары, сол сияқты өкімет тарапынан қабылданған документтер Қазақстандағы неміс және поляк диаспораларының құқықтық мәртебесі қоныс аударудың басынан-ақ әр түрлі болғанын көрсетеді.

Неміс және поляк диаспораларының бүгінгі күнге дейінгі дамуы нақты тарихи мұрағат деректері негізінде, қазіргі отандық тарих ғылымының ұстанымдары негізінде зерделеніп, дәйекті түрде талданды. Пайдаланылған деректік материалдар зерттелген кезең оқиғаларын жаңаша түсінуге және баға беруге мүмкіндіктер жасайды.

1 XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЫЛДАРЫ АРАЛЫҒЫНДА ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НЕМІС ЖӘНЕ ПОЛЯК ДИАСПОРАЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

1.1 Поляк диаспорасының Шығыс Қазақстан аумағында қалыптасуының тарихи себептері

Қазақстан халқының қазіргі көпұлтты, күрделі этнодемографиялық құрамы XX ғасырда адамзат тарихында болып өткен тарихи оқиғалардың әсерімен қалыптасты. Тарихта адамзат санасына орны толмас жара салған екі бірдей дүниежүзілік соғыстардың салдарынан, бұрынғы патшалық Ресей отаршылдығының, кейінгі кеңестік науқандардың ықпалымен алаш жұртының құт мекені – Қазақстан миллиондаған өзге ұлт өкілдерін бауырына басты.

Диаспоралар тарихы - адамдардың өз Отандарынан тыс, шалғай елде тіршілік үшін күрес тәжірибесін жинақтаған көп ғасырлық өмір мектебі [54, 11 б.]. Бұл құбылысты әркім әр түрлі түсіндіріп келді. Көбінше диаспораны тарихи Отанынан алыста өмір сүріп жатқан этникалық топ ретінде түсіндіру басым болды. Қазіргі диаспоратану саласында бұл ұғымға нақты анықтама берілген жоқ. Өйткені осы бір миграциялық құбылыстың тарихы терең. Оның үстіне, әрбір тарихи кезең бұл ұғымға өз ерекшеліктері мен сипаттарын енгізіп отырды.

Демограф-ғалым Мақаш Тәтімов «Диаспора» деген грек сөзі, «шашыраңқы» деген мағынаны білдіреді дей келіп: «Диаспора – тарихи Отанынан жырақта жүрген этнос шоғыры»,- деп анықтама береді [55, 72 б.]. Ал қазақ даласында неміс және поляк ұлт өкілдерінің диаспора ретінде қалыптасуы өзіндік ерекшеліктерге толы тарих.

Поляк ұлтының тарихы да қазақ жұртының ауыр күрестерге толы, тауқыметті тағдырына ұқсас. Біздің халқымыз тарихи жағдайларға байланысты әр түрлі ауыр кезеңдерді басынан кешіріп, өзге елдерге өздері барып қоныстанған, ал олар, туған елін тастап, мәжбүрлі түрде жат жерлерге қонысаударылған. Еуропадағы түрлі империялардың озбырлығын, фашизмнің қанды қыспағын басынан кешірді. Қазір поляк халқының өкілдері әлемнің түкпір-түкпіріне әрқилы себептермен шашырап кеткен. Олардың бір шоғыры Орталық Азияда, оның ішінде Қазақстанда тұрады.

Поляк тілі славян тілдері тобының батыс тармағына жатады. Дінге сенуші поляктардың басым бөлігі католик.

Поляктар Қазақстан аумағына тұңғыш рет XVIII-XIX ғасырларда келе бастады. Бұл келген поляктар өз еліндегі ұлт-азаттық қозғалысына белсене араласқан, әр түрлі себеппен арнайы жер аударылған, оның ішінде 1830 жылғы және 1863 жылғы көтерілістерге қатысқандар болатын. Олардың жас мөлшері де, әлеуметтік жағдайлары, мамандықтары да әр түрлі еді. Ақын-жазушы, суретші, дәрігер, инженер, заңгер сияқты кәсіп игерген адамдар-тын. Олардың көпшілігі жергілікті халықтың ықыласына бөленді. Жергілікті халық оларға келушілер де қарап қалған жоқ. Поляктар қазақ деген халықтың тарихын, әдет-ғұрпы мен салт-санасын зерттеді. Тіпті, қазақ жеріндегі жануарлар әлемі, өсімдіктер дүниесі, ауа-райы, пайдалы қазбалары да олардың зерттеу назарынан тыс қалмады. Еуропаның шығысынан келген поляктар кітапханалар, мұрағаттар ұйымдастырды, дәріханалар мен мектептер, шіркеулер ашты.

Қазақтың зиялы азаматтарымен поляк ғалымдары достық қатынаста болды. Ал поляк диаспорасы жергілікті жұртпен етене жақын араласып кетті. Карл Гутковскийдің Шоқан Уәлихановпен достығы, ұлы Абай мен Гросс арасындағы ақ пейілді қатынастар, поляк зиялысының Шыңғыстауда отырған Абай ауылында бір ай мейман болуы жер ауып келген поляктардың қазақ халқымен ниеттес, сыйлас болғандығын көрсетсе керек [56].

Шығыс Қазақстанға поляктар XIX ғасырдың екінші жартысында келе бастады. Олар бұл өңірге бірнеше дүркін әкелінген. Әуелгі көшті 1848 жылдан бастап 4 жыл қатарынан саяси қылмыскерлер ретінде жер аударылғандар бастады. 1857 жылы поляктардың қалың бір шоғыры тағы бір мәрте қоныстандырылған. Үшінші көштің денін 1863 жылғы поляк көтерілісінен кейін жер аударылғандар құрады [57]. Олардың мұнда келгеннен кейінгі тұрмыс-тіршіліктері аса ауыр болды. 1863 жылы Семей облыстық әскери штаб басқармасы Алатау округінің басшысына жолдаған хатта «Арнайы жер аударылған поляктарға босаң қарамауымыз керек, өте үлкен қателіктер жасамаған күнде де, қия басқан әр қадамдарын жазалап, тіпті қойылған қатаң тәртіптен де жоғары талап қоюға тиіспіз» делінген [29, 54 б.]. Бұдан біз айдаудағы поляктардың жағдайы нашар болғандығын және олардың қырағы бақылау астында болғандығын байқаймыз.

1897 жылы Ресей империясы жүргізген жалпы халық санағы бойынша, өлкемізде 195 поляк болған. Олар жергілікті халықтың 0,03 %-ын құраған [58, 7].

Кесте 1 – 1897 жылғы жалпы халық санағы бойынша, Семей губерниясындағы поляктардың жастық және жыныстық көрсеткіштері [58,70-77].

Уъездер мен қалалар	**Жасқа дейін. бала-р**		**1-9 жас**		**10-19 жас**		**20-29 жас**		**30-39 жас**		**40-49 жас**		**50-59 жас**		**60-тан жоғары**	
	Е	Ә	Е	Ә	Е	Ә	Е	Ә	Е	Ә	Е	Ә	Е	Ә	Е	Ә
Семей уезі	**1**	**1**	**4**	**8**	**5**	**3**	**10**	**8**	**15**	**5**	**9**	**1**	**8**	**3**	**5**	**1**
Зайсан уезі	**-**	**1**	**-**	**3**	**-**	**-**	**2**	**4**	**1**	**-**	**1**	**-**	**-**	**-**	**-**	**-**
Қарқаралы	**1**	**-**	**1**	**2**	**-**	**-**	**-**	**1**	**1**	**3**	**-**	**-**	**-**	**-**	**-**	**-**
Павлодар уезі	**-**	**1**	**3**	**-**	**1**	**1**	**3**	**3**	**2**	**2**	**2**	**-**	**8**	**1**	**3**	**-**
Өскемен уезі	**3**	**-**	**1**	**4**	**1**	**2**	**6**	**4**	**7**	**1**	**3**	**-**	**11**	**4**	**8**	**-**
Семей қ	**1**	**1**	**4**	**8**	**5**	**3**	**10**	**8**	**14**	**5**	**9**	**-**	**8**	**3**	**3**	**1**

Семей облысындағы поляктардың жастық, жыныстық құрылымына қарасақ, ер адамдардың көп екендігі байқалады. Яғни санақтағы поляктардың көпшілігі арнайы жер аударылғандар екені аңғарылады. 1-19 жас арасындағы балалардың аздығы жер аударылған азаматтардың көпшілігінің үйленбегенін көрсетеді.

Кесте 2 – 1897 жылы Ресей империясында жүргізілген жалпы халық санағы бойынша, Семей губерниясындағы поляктардың діни ахуалы [58, 61-65].

Уъездер мен қалалар	**Православие**		**Рим-католиктері**		**Протестант-тар**		**Иудей**		**Мұсылман**	
	Е	**Ә**	**Е**	**Ә**	**Е**	**Ә**	**Е**	**Ә**	**Е**	**Ә**
Семей уезі	-	1	3	-	-	-	-	-	-	-
Зайсан қаласы	-	-	5	8	-	-	-	-	-	-
Павлодар қаласы	-	-	19	8	-	-	-	-	-	-
Павлодар	-	-	3	-	-	-	-	-	-	-

уъезі										
Өскемен уъезі	-	-	8	-	-	-	-	-	-	-

2 – кестенің жалғасы

Өскемен қаласы	-	-	32	15	-	-	-	-	-	-
Семей қ.	-	-	53	39	1	-	-	-	-	-
Қарқаралы уъезі	-	-	1	-	-	-	-	-	-	-
Қарқаралы қаласы	-	-	3	6	-	-	-	-	-	-

Кестеден поляктардың католик дінінде болғанын көреміз. Тек 1 адам протестант, 1 адам православ. Олардың христиан дінінің католик тармағын ұстануы Еуропадан келгендігін көрсетсе керек.

Олар түрлі кәсіппен шұғылданды. Нақты есепке жүгінсек, облысымыздағы поляктардың 87-сі жеке шаруашылықтарда, 16-сы шикізат өндіру саласында, 43-і өңдеу орындарында, 13-і жол қатынастарында, 22-і сауда-саттық тарабында, 16-сы басқа салаларда еңбек еткен [58, 13].

Соңғы көш 1968 жылы келіп орналасты. Осы бірнеше дүркін болған шұбыртпалы көштердің тарихын байыптасақ, еліміздегі поляктардың басым бөлігі жалған айыппен саяси тұрғыда сенімсіз саналып, еріксіз жер аударылған қауым болып шығады. Олай дейтініміз, алғашқы келгендердің көпшілігі өз өмірлерін түрмеде тауысты. Абақтыдан аман-есен босағандары өз өтініштерімен Сібірге сұранды. Ондағы әскери бөлімдердің қара жұмысына алынды.

Шығыс Қазақстандағы поляктардың осындай қилы тағдыры туралы орыс географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімшесінің мұрағат жазбаларында мәліметтер сақталған. Мұрағатта алғашқы көшпен арнайы тізім бойынша, жер аударылған поляктар туралы мәліметтер де сақталған. Архив құжаттарының бір парасын мысалға келтірейік, 1864 жылы Барнауылдан Өскеменге 26 поляк жіберілген. Олардың арғы тегі, істеген қызметтері тексеріліп, жинақталған мәліметтер Өскемен полициясына жолданған [53, 7 б.]. Келген поляктар Барнауыл мещандар қоғамына тіркелген екен. Өскеменге келгеннен кейін де жергілікті мещандар қауымдастығына қабылданады. Оларға қандай да бір сауда жасауға, жеке кәсіппен айналысуға тыйым салынды. Өз күнін өзі көру құқынан айырылған

поляктарды басқа зорлық-зомбылық түрлерінен қорғайтын заң да жоқ еді. Оның есесіне құқықтық шектеулер көп қойылды. Поляктар өздері жер аударылған аймақтан шығып жұмыс немесе кәсіп іздеуге тиіс емес еді. Оларға кемелерде, фотосалондарда т.б. қоғамдық орындарда жұмыс істеуге рұқсат етілмеді.

Алғаш жер аударылған поляктарды екі әлеуметтік топқа бөліп қарастыруымызға болады: а) шаруалар, ә) шен-шекпенді адамдар. Шаруаларды мемлекет қазыналық жерлерге қоныстандырып, жер шаруашылығымен айналысуға жұмылдырды. Бұрынғы шаруалар ауылды жерлерге жіберіліп, оларға азын-аулақ жер телімдері берілді. Жер емген шаруа поляктар ауылды жерлерде орын теуіп, орнығып қалды. Бастапқы кезде табиғаты қатаң аймақта егіншілікпен айналысу оларға ауыр тиді. Қиыншылықтарды тізіп, басшыларға шағымданған кезерді де болған. Қалай дегенмен де, ауылды жерлерге қоныстандырылған поляктардың жағдайы қалаға орныққандардың тұрмысынан тәуірлеу болды [53, 83 б.]. Бірақ жер берілген поляктардың бәрі егіншілікпен айналысқан жоқ. Бірқатары өкімет бөлген субсидияны басқа мақсатқа пайдалануға тырысты. Ауыр жұмысқа жарамайтын аурулы, қартаң адамдар көбінше қарттар үйіне жіберілген. Жер шаруашылығымен айналыса алмағандары батырақ, жалшы болып кетіп жатты.

Ал екінші топқа жататын шенді, шекпенді поляктар жергілікті халық сияқты теңдікте өмір сүрді. Бірақ бұлардың да қол-аяғы байлауда болған. Алым-салық жинау кезінде полиция оларға қырғидай тиіп, орынсыз әрі қатаң жазалар қолданып отырды. Бұл топ ішінде кейіннен өкіметтен рақымшылық алып, өз Отандарына есен-сау қайтқандары да болды. Осы аймақта тұра беруге бел буып, қалып қойғандары да баршылық. Шығыс Қазақстанға XIX ғасырдың басы мен ортасында қоныстанған поляктардың ауыр тұрмысы 1875 жылдың 28 наурызында жарияланған манифестен кейін біршама жақсарды. Бұл манифесте 1863 жылғы поляк көтерілісіне қатысы бар айыптылар мен саяси тұтқындарға жеңілдіктер берілген болатын [57]. Дегенмен, поляктарға күдікпен қарау XIX ғасырдың II жартысынан бастап XX ғасырдың II жартысына дейін үзілген жоқ. Ғасырдан астам уақыт бойы Қазақстандағы поляктар жергілікті биліктің қысым көрді. Патшалық билік тұсында олар саяси бүлік шығарушы ұлт есебінде болғандықтан, біздің өлкеміздегі поляктар да күдік пен қуғыннан көз ашқан емес. Сөйте тұра, Қазақстанның шығыс аймағына жер аударылған поляктар XX ғасырдың басындағы жалпы халықтың

мәдениетінің дамуына өз үлестерін қосты. Олардың арасында білімді азаматтар мол болды. Жергілікті зиялы қауым поляктарға құрметпен қарады. Қарапайым халық оларға алғашқыда үрке қарағанмен, таныса келе оң қабақ танытып, араласып кетті.

Әр кезеңде іске асырылған әр түрлі рақымшылық шараларының арқасында көпшілігі Қазақстаннан кетті. Дегенмен, қазақ жерінде жар сүйіп, қызмет етіп қалғандары да бар. Қазақ даласына өз қызметімен және мәртебесімен еңбек сіңірген поляк Цезарь Иософович Тераевич болды. Ол Мәскеу университетінің медицина факультетін тамамдаған білікті маман болатын. Зиялы поляк азаматы 1863 жылы көтеріліске қатысып, Сібірге жер аударылады. 1873 жылы Семейге уездік дәрігер болып келген. 1879 жылы Ішкі Ресейге көшкен Цезарь 1889 жылы Өскеменге қайтып келеді. Келгеннен кейін де дәрігерлік қызметін жалғастырып, халыққа жәрдем етеді. Цезарь Иосифовичке жер аударылған Е.Н.Михаэлис, А.Н.Феодорович және т.б. орыс зиялылары аса құрметпен қараған. 1901 жылы 6 мамырда елге жайлы мінезімен есте қалған Цезарь Иосифович дүниеден өтеді [53, 93 б.].

Тағдыр айдап келген поляктың тағы бір айтулы азаматы Семенов Викенти Арцишевский. Семейде балаларға әріп үйретіп, оқушыларды гимназияға, кадет корпустарына даярлаған. 1870 жылы оны бақылау тоқталып, одан әрі қалалық басқармада іс жүргізген. 1875 жылдан 1905 жылдың күзіне дейін басқарманың бухгалтері қызметін атқарған [53, 47 б.].

20 жасында жер аударылған поляк жігіті Осипов Леон Берберушқа 1878 жылы оған Ресей империясының астанасынан басқа жерлерде тұруға рұқсат береді. Бірақ, ол Қазақстаннан кетуді қаламаған. Өскемен қаласына орнығып, ХХ ғасырдың басына дейін қалалық полиция бөлімшесінде іс жүргізуші болып жұмыс істейді [53, 48]. Осы мағлұматтарға қарасақ, айдалып келгендердің көбі оқыған азаматтар болған. Бірақ лауазымды қызметке тағайындалмады. Варшавадан жер аударылған офицер Карл Длутовский өмірінің соңына дейін Семейде сылақшы болып күн көрді [50, 62]. Ал, Феликс Кулович ұсақ саудамен айналысыпты. Бірақ Қазан төңкерісінен кейін бұл кәсібін де тоқтатуға мәжбүр болған. Араларында біртіндеп бедел жинап, адвокаттық қызмет атқарғандары да бар. Мысалы, Тулина Феликсов Марчевский ХХ ғасырдың басында Семей қалалық полиция бөлімшесінде «писарь» бола жүріп, адвокаттық кәсіппен айналысқан [53, 76].

Шығыс Қазақстанға жер аударылған поляктар еліміздің тарихын, этнографиясын зерттеген. Олардың көпшілігі Отандарына оралғаннан кейін Қазақстан жайында көптеген жазба мәліметтер қалдырған. Польшаның мұрағаттарында XIX ғасырлардағы еліміздің өмірінен сыр шертетін суреттер аз емес.

Қазақстанға жер аударылған Ян Виторт өз елінде социалистік бағыттағы ұйымның мүшесі болғандықтан Томскіге жер аударылады. Томскіден Семейге ауыстырылған Виторт қазақ елінің өмір салты мен дәстүрлерін зерттейді. 1886 жылы Витортқа рақымшылық жасалып, ол туған жері Польшаға оралады. 1899 жылы Виторт қазақ елінің үйлену тойына байланысты поляк газеттеріне мақала жариялайды[60, 60]. Бұдан біз қазақ даласында айдауда болған Виторттың өзіне мейірім көрсеткен, қиын күндерде пана болған қазақ халықының тарихына қосқан үлесін көреміз.

Қазақстан даласында өмір сүрген поляк ғалымдары көп. Солардың бірі – 1882 жылы Өскеменге жер аударылған Адам Бяловский. Ол Петербордағы Генералдық Академия штабын бітірген. 1887 жылдан бастап Адам Бяловский бақылау астында, Семейде өмір сүрді. Ол Шығыс Қазақстанды картаға түсірген алғашқы поляк ғалымдардың бірі. XIX ғасырдың аяғында Адам Бяловский де еліне қайтты. Бірақ ғалым XX ғасырдың басында Шығыс Қазақстан аймағына экспедициямен оралды. Ол қазақ жерінде геологиялық зерттеулер жүргізген. Польша мемлекеті тәуелсіздігін алған соң, өз жұртында әскери күштер министрінің орынбасары қызметін атқарып, 1939 жылы фашизмнің құрбаны болды [60, 72].

1898 жылы Семейде Юзеф Шишковски атты ветеринар тәжірибеден өткен. Ол 1910 жылдан бастап Семей қаласына көшіп келіп, аймақта мал дәрігері болып жұмысқа тұрады. Ветеринар қазақ халқының мал шаруашылығының дамуы жайлы құнды мақалалар жариялайды. Оны тек қана Қазақстандағы ветеринарлық қызмет жайы қызықтырмай, қазақ даласындағы әкімшілік басқару жүйесі жөнінде де жазғандары аз емес. Кейбір мақалалары Семей өлкесіндегі салық жүйесіне арналды. Журнал беттеріне Семейдің әлеуметтік-экономикалық ахуалы жайлы мәліметтермен қоса, қазақ даласында болған жұттар жайлы да деректер беріп отырған [60, 84].

Семейдің қоғамдық өмірінде ізі қалған, XX ғасырдың басындағы патшалық жүйеге қарсы шығып, Семей жұмысшыларын билікке өз көзқарастарын білдіруге итермелеген, бастарын қосып,

ереуілге шығарған Владислав Бурденевский болды. Ол 1888 жылы 5 жылға Ақмолаға жер аударылады, кесімді мерзімі біткенде Сібірдегі Чита станциясына жұмысқа тұрады. В.К.Куртановский, А.Кастюшко-Валюжанич сынды Сібірдің поляк революционерлерімен бірге жұмыс істейді. Ол Сібірде кәсіподақ комитетінің жетекшісі болады. 1906 жылы Сібірде болған көтерілістен кейін ол Семейге кетуге мәжбүр болады. Бұл Қарқаралыда, Семейдегі Заречная слабодасында жұмысшы ереуілдері болып жатқан кездер еді. Владислав Бурденевский Семейге келгеннен кейін де, социал-демократиялық ағымға басшылық етіп, халықты патшалық езгіге қарсы тұруға шақырады. 1906 жылы шілде айында Семейде 300 адам көтеріліске шықты. Көтерілісті Владислав Бурденевский басқарады. Ол Семей жұмысшыларының ауыр жағдайы жайында жергілікті газеттерге мақалалар жазып отырған. Оның басшылығымен Семейде «Жұмысшылар Одағы», «Жұмысшылардың өзара көмек қауымдастығы» сияқты ұйымдар құрылды [4, 236-239 бб.]. Семейдегі жұмысшылар қозғалысының жетекшісіне айнала бастаған Владислав Бурденевский қаладан қуылады. Оны шығарып салу шарасының аяғы тағы бір ереуілге ұласып кеткен. Социал-демократ Владислав Бурденевский Семей жұмысшыларының құқықтарын қорғау жолында аз еңбек еткен жоқ.

Семей өңірінде революция қарсаңында көптеген поляктар еңбек етіп жатқан болатын. Олардың ішінде патша өкіметіне қадірлі, үлкен атақтарға ие болған, қазақ жерінде игілікті істер атқарғандары да бар. Солардың бірі Семей уезінде ветеринар болып қызмет еткен, III дәрежелі Әулие Станиславтың қола орденінің иегері Иван-Павел Антонович Выржиковский. 1890 жылы И.А.Выржиковский Варшава ветеринарлық интитутын үздік бітірген. Осы кезде Ставрополь аймағында ірі қара мал арасында эпидемия дендеп тұрған болатын. Жас маман осы аймаққа жіберіледі [61, 43 б.]. Ол бұдан кейін де Саратов, Воронеж, Бакинск губернияларында лауазымды қызметтер атқарды. Ресейдің ішкі аймақтарында адам мен малға қауіпті ауруларды зерттеу және оған тосқауыл қою шараларымен айналысады. 1901 жылы осы жолда сіңірген еңбегі үшін оған коллеж ассессоры шені беріледі. 1902 жылы 25 шілдеден бастап, Семей уезінің I учаскесіне мал дәрігері болып қызметке келді. Ол Семей өңіріндегі мал арасындағы жұқпалы ауруларды зерттеп, жергілікті халықтың күнкөріс көзі болып отырған мал түлігіне жұқпалы кеселдердің тарамауын қадағалайды. Ертіс өңіріндегі мал

шаруашылығының өркендеуіне Иван-Павел Антонович Выржиковский өзінің қомақты үлесін қосты. Ол бұл өлкеде ветеринарлық жүйенің дамымағанын ескеріп, мал ауруларын емдеудің сол кездегі жетістіктерін қазақ даласына енгізуге тырысты [61, 46 б.]. 1908 жылы Өскемен уезінде етек алған ірі қара арасындағы эпидемияға қарсы күресті. Осы күрестегі ерен еңбегі үшін оған Ішкі істер министрі 300 сом көлемінде сыйақы тағайындаған. Ол тек мал емдеумен ғана айналысқан жоқ, жәрменкелерде сатылатын малдарды да тексеріп, халық денсаулығының қауіпті әрі жұқпалы сырқаттардан аман болуына да жауап берді. И.А.Выржиковский 1909 жылы 1 шілдеде Қарқаралы жәрмеңкесіне барып, малдарды тексеруден өткізген [61, 50-51 бб.]. 1910 жылы Иван-Павел Выржиковский Семей облыстық ветеринарлық инспекторы қызметіне ауысты. 1911 жылы ол өз жұмысын жетілдіре түсу үшін Петерборға арнайы барып, мал арасында таралатын бактериялық аурулар және оған қарсы алдын-ала егу шаралары жөніндегі курсқа қатынасып қайтады. Келгеннен соң, Семей өңіріндегі мал ауруларына қарсы алдын-ала егу шараларын жүргізеді. 1913 жылы Ішкі істер министрлігі Иван-Павел Выржиковскийге Империяның шалғай аймақтарында малдәрігерлік қызметті дамытқандығы үшін, жылына 240 сом сыйақы беріп тұруға қаулы шығарады. Сонымен қатар оған Ресей «Қызыл ай» қоғамының бас басқармасы Семей облысында мейірбикелерге дәріс оқуға рұқсат куәлігін береді. Бұдан Иван-Павел Выржиковскийдің медицинамен де айналысқандығын көреміз. Иван-Павел Выржиковский 1917 жылы өз еркімен, денсаулығына байланысты жұмыстан босатылады [61, 55-56 бб.]. Иван-Павел Выржиковскийдің өз еркімен жұмыстан кетуіне бәлкім саяси оқиғалар да себеп болуы мүмкін. Патша өкіметінің сый-сияпатын көрген, құрметке бөленген ардагер билік басына келген жаңа өкіметке қызмет етуден саналы түрде бас тартуы да ғажап емес.

XX ғасырдың бас кезінде Семей облысында малдәрігерлік қызметті дамытқан поляктар аз болмады. Солардың бірі Павел-Адольф Владиславович. Ол 1897 жылы Варшава ветеринарлық институтын бітіріп шығады. Бітіргеннен кейін Ресейдің ішкі аймақтарында мал дәрігері болып қызмет атқарады. Ал 1914 жылдан 1916 жылға дейін Семей облысы Қарқаралы уъезінде учаскелік мал дәрігері болып қызмет атқарады [62, 149-152 бб.].

1902 жылы Семей губерниясына мал дәрігері болып Павел Василиевич Клепацкий келеді. Ол Зайсан уезінің Майқапшағай,

Алқабек және Шілікті шекаралық аймақтарында ветеринарлық пункттің меңгерушісі болған. Семей әскери губернаторының бұйрығымен 1903 жылы Семей губерниясының Қоянды жәрмеңкесіндегі санитарлық жағдайды қадағалау мақсатында Қарқаралы уезіне ауысады. 1908 жылы Зайсан уезіне ел арасында таралған сүзек ауыруымен күресуге жіберіледі. 1912 жылдары Семей губерниясының ветеринарлық инспекторы қызметіне тағайындалып, губерниядағы мал шаруашылығының дамуына өзіндік үлес қосты. П.Клепацкий тек мал емдеумен айналысқан жоқ, ол Семей губерниясындағы малдың құны мен мал өнімдерінің жалпы бағасын да қадағалап отырған. Ол Ресей империясына сіңірген ерен еңбегі үшін 3 дәрежелі әулие Станислав және 3 дәрежелі Қасиетті Анна ордендерімен марапатталды [63, 32-35 бб.].

Қазақ даласындағы малмен күнелтіп отырған халыққа қызмет еткен поляк ұлдарының бірі – Михаил Константинович Капраитис. Ол 1900 жылдан бастап Семей уездік ветеринарлық фельдшер қызметіне ауыстырылады. 1902 жылы Өскемен уезінің 2 учаскесінің ветеринарлық фельдшері болып ауысады. 1917 жылы зейнетке шыққанға дейін Семей губерниясында өмір сүрді [64, 28-29 бб.].

ХХ ғасырдың басында Семей губерниясындағы мал дәрігерлерінің көпшілігі поляк азаматтары еді. Олар қазақ халқына орасан зор еңбек етті. Әсіресе, малдан тарайтын аурулардың алды-алу іс шараларын поляктар жүргізіп отырған.

Бірінші дүниежүзілік соғыс қазақ даласына поляктардың тағы бір толқынын әкеледі. 1914 жылдың шілдесінде Германия мен Австо-Венгрия азаматтығын қабылдаған әскери адамдардың барлығын әскери тұтқын ретінде есептеу туралы қаулы шығады [65, 10 б.]. Бейбіт кәсіппен айналысып жүрген австриялықтар мен германдықтарға еркін жүріп-тұруға, елдеріне көшуге рұқсат етілді. Ал соғысқа дейін жер аударылған Австрия мен Германия азаматтарын қадағалауды күшейту жөнінде арнайы нұсқаулар берілді. Ресейдің ішкі аймақтарындағы 18-45 жас аралығындағы Австрия мен Германия азаматы болып саналатын ер адамдардың барлығы әскери тұтқын ретінде қамауға алынды.

Қамауға алынған азаматтарды Ресей империясының шет аймақтарына жер аудара бастайды. Бұдан бұрын да айдауға жіберілген адамдарды қабылдап отырған Семей губерниясы да бұл шарадан тыс қалмады. Семей губерниясына 200 әскери тұтқын жіберіледі. Тұтқындардың көпшілігі поляктар еді. Себебі, Бірінші

дүниежүзілік соғыс қарсаңында Польша территориясын Австрия мен Германия бөліп алған болатын. Польша тұрғындары осы мемлекеттердің азаматтығын еріксіз қабылдаған еді. Осыған орай, қолға түскен адамдардың 80 пайызға жуығы поляктар болды.

Тұтқын офицерлер мен шені төмен әскери қызметкерлер арнайы аудандарға орналастырылып, оларға аудан аумағында таңның атысынан кештің батысына дейін 1- 4 шаршы версть аралығында еркін жүруге рұқсат берілді. Кешқұрым белгіленген уақыттан бастап казармадан шығуға тыйым салынған [65, 49 б.].

1914 жылдың 19 қазанында тұтқындағы Эльзас пен Лоторингиялық румындар мен италияндықтарға, сонымен қатар славяндарға біраз жеңілдіктер берілді. Олар сақшысыз еркін жүріп-тұруға мүмкіндік алды. Мәжбүрлі жұмыстардан босатылып, өздері қалаған кәсіппен айналысуға рұқсат етіледі. Бірақ белгіленген ауданның шеңберінен шығуға болмайтын еді. Ал қалған тұтқындарды қадағалау бұрынғы тәртіппен қалдырылды [65, 55 б.]. 1915 жылдың тамыз айында, Өскемен қаласына тағы да 250 әскери тұтқын жөнелтілген.

Кесте 3 – Австрия және Германия азаматтарының Өскемен қаласында орналастырылуы (1915 жылдың 10 қараша) [65, 137 б.].

Пәтерлерге орналастырылғандар	**Офицер әскери тұтқындар**	**Төменгі шендегі әскери тұтқындар**
Сорокиннің үйінде	11	7
Осиповтың үйінде	17	9
Залевскийдің үйінде	16	7
Щегловтың үйінде	11	6
Лакоткиннің үйінде		8
Фадуевтің үйінде	36	9
Обуховтың үйінде	16	6
Өрт сөндіру депосына	-	37
Қалалық ауруханаға		1
Жиыны	107	90

3-кестеден көретініміз, тұтқындағы поляктар жергілікті халықтың үйлеріне орналастырылып қана қоймай, аурухана, өрт сөндіру депосы сынды қазыналық мекемелерге де тұрғызылған.

Осылайша, Семей губерниясындағы әскери тұтқындар саны 500-ден асады. Тұтқындар Әскери министрліктің рұқсатымен алдын-ала жұмыс орындарына бекітіліп, содан кейін ғана кәсіпорындарға жіберіліп отырған. Жұмысқа тұрғаннан кейін тұтқындар әскери сақшы қарамағынан, жұмыс орны басшысының қадағалауына өтіп отырған. Жұмыс орындарында оларды қарулы күзетшілер бақылаған. Олар барақтарда немесе жертөрелерде тұрды. Егер баспана болмаған жағдайларда, жақын ауылдардағы пәтерлерді жалдап тұрған. Оларды киіммен, тамақпен қамтамасыз ету негізінен, Мемлекеттік қазынаның мойнында болды.

Петербордан Омск әскери округіне жіберілген хатта тұтқындалған Австрия және Германия азаматтары Сібір қалаларында әйелдермен қыдырып, күні-түні мейрамханалардан шықпайтыны, тіпті оларға жергілікті халық тамақ беріп, арақ-шараптар ішкізіп, араласып жатқандығы баяндалады [65, 132 б.]. Германиядағы орыс тұтқындарының жағдайының ауыр екендігін ескерте келе, славян тұтқындарынан басқаларға қадағалауды күшейтуге нұсқау берілген. Петербор әскери тұтқындардың еркін өміріне наразылық танытып жатқанда, 1915 жылы АҚШ өкіметі Ресей империясына вербалды нота жариялайды. Онда Германия азаматтарының тұтқындағы жағдайының өте ауыр екені, олардың жас ерекшеліктеріне қарамастан қара жұмысқа жегілуі және тұрғын үй мәселесінің шешілмегендігі баяндалған [65, 141 б.]. Нотада тұтқындағы азаматтардың лашықтарда тұрып жатқандығы, олардың арасында сүзек сырқатының тарағандығы және қаржылай көмектің мүлдем жоқтығы жазылады. Сөз соңында АҚШ өкіметі Ресей өкіметінің бұл жағдайға назар аударуын, тұтқындардың туыстары мен достары аударған ақшалай көмектің дер кезінде жеткізілуін сұрайды.

Семей губерниясына әкелінген әскери тұтқындар жергілікті халықпен араласып, сауда-саттық, алыс-беріс жасасып тұрды. Жергілікті кәсіпорындарда жұмыс атқарған әсери тұтқындар, халық арасында европалық мәдениетті Сібірге жеткізушілер ретінде қабылданды. Олар жергілікті жұртқа кітап оқытумен, ел арасында өздері білетін халық емін таратумен айналысты. Жергілікті жұрттың оларға деген көзқарасы жаман болмады.

Кесте 4 – Өскемен қаласында өмір сүрген, Австрия және Германия азаматтығын қабылдаған әскери тұтқындар тізімі [65, 127 б.].

№	Аты-жөні	Жасы	Ұлты
1	Буярский Янь	20	Поляк, Австрия азаматы
2	Врба Феодор	47	Чех, Австрия азаматы
3	Вандрей Юзеф	27	Поляк, Германия азаматы
4	Заверка Стефан	21	Поляк, Германия азаматы
5	Коробицкий Тамаш	48	Поляк, Австрия азаматы
6	Крживонос Антон	45	Поляк, Австрия азаматы
7	Май Юзеф	17	Поляк, Австрия азаматы
8	Новосельский Георг	33	Орыс, Австрия азаматы
9	Чура Антон	41	Поляк, Австрия азаматы
10	Чура Адольберт	39	Поляк, Австрия азаматы
11	Шепанский Ладислав	50	Поляк, Австрия азаматы
12	Немой	37	Ұлты белгісіз

1915 жылы Өскемен қаласында 12 Австрия мен Германия азаматтары өмір сүрген. Олардың ішінде 9 поляк, 1 орыс, 1 чех, 1 ұлты белгісіз адам бар [65, 127 б.]. Австрия мен Германия азаматтарының көпшілігі поляктар болғаны байқалып тұр.

Тұтқындарға кәсіптеріне байланысты жұмыстар атқаруға рұқсат берілді. Олар мемлекеттік емес орындарда еңбек етуге және еңбек табыстарын өз игіліктеріне пайдалануға құқылы болды. Ішінара табыстары көбейген тұтқындар пәтер жалдап тұрды. Тұрмыстық жағдайларын жақсартуға тырысты. Тұтқындар арасында қомақты табыс тауып, жәрдемақыдан бас тартқандары да бар. Мысалы, Германия азаматы, ұлты поляк Юзеф Вандрей жиһаз және арба әрлеуші болған. Ол Өскемен қаласындағы жергілікті тұрғындардан тапсырыс алып, тәуір пайда тапқан. Оған өзінің сүйікті кәсібімен айналысуға және одан қомақты пайда түсіруге ешкім кедергі жасамаған және тапқан қаражатына салық салынбаған. Табысты еңбекпен айналысқан Юзеф Вандрей жәрдемақы алмаған [65, 142 б.].

ХХ ғасырдың басында Шығыс Қазақстан аймағына жер аударылған поляктардың жалпы саны 140-қа жуықтайды. 1919-1920 жж. Кеңес-поляк соғысынан кейін Поляк мемлекеті қайта қалпына келді. 1921 жылғы Рига келісімінен кейін Қазақстандағы поляктарға Отандарына қайтуға рұқсат беріледі. [51, 11]. XIX ғасырдың басында

келген поляктардың көбі Қазақстанда қалғысы келмей, Отандарына қайтуға асыққан. Сондықтан жергілікті халықпен сүйек-шатыс болып, шаңырақ көтергендері ғана осында қалды.

1926 жылғы санақ бойынша, Қазақ АССР-інде 1807 поляк тіркелеген. Олардың ішінде 1112 адам қалада тұрса, 695 адам ауылдарда өмір сүрген. 1926 жылғы КСРО жалпы халық санағында поляктардың саны біршама өскендігі байқалды. Семей губерниясында 706 поляк тіркелген. Барлығы дерлік қалаларда тұрған. Салыстырмалы түрде қарастырар болсақ, поляктар Семей облысында 706, Ақтөбе облысында 587, Қостанай облысында 302 адам, және аз мөлшерде Ақмола облысына қоныстынған [51, 13]. 1921 жылдары Семей облысындағы поляктардың 90 пайызға жуығы Отандарына қайтты. Бұны санақтың нәтижесінен байқауға болады. Мысалы, Семей губерниясының Луначарск болысында 15 967 адам санаққа ілінсе, соның екеуі ғана поляк [66, 2]. Семей уъезінің Калининская аулында 4, Красный селосында 4, Николаевский ауылдық мекенінде 8 поляк саналған [66, 65].

Поляк диаспорасының Шығыс Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына қомақты үлес қосқан кезеңі – соғыстың қарсаңы еді. 30 жылдары олар ауыл шаруашылығында қажырлы еңбек етті. Осы өлкедегі поляктар Бесқарағай ауданына шоғырланды. Әсіресе, Семиярск селосы тұрғындарының жартысына жуығы поляктар болды. Олар жұмыс талғамады. Астық, орман және басқа да шаруашылықтарда жұмыс істеді. 1930 жылдары Бесқарағай ауданының зоотехнигі болып поляк Вогдра Фоддей Антонович қызмет етті [67, 59]. Мал өсіріп, жер өңдеумен күндерін көріп отырған ауылда Вогдра Фоддей Антоновичтің беделі жоғары болды.

БКП (б) Қазақ өлкелік комитетінің 1936 жылы 16 ақпанда өткен отырысында, Украинадан жер аударылып келетіндерді орналастырудың жоспары қабылданып, ол жоспар №170-0 хаттамасымен бекітілді. Қазақстанға Украинадан жер аударылған 15 мың поляк пен немісті ұжымдық шаруашылықтарға орналастыру шараларының тәртібі бекітіліп, ол бойынша, Шығыс Қазақстан облысының Шемонайха ауданына 2 мың және Киров ауданына 500 шаруашылық қоныстандырылды [22, 29 б.]. Олар әртүрлі кәсіппен айналысты. Амангелді колхозында, Семиярск, Долонь ауылдарында ауыл шаруашылығында еңбек етті.

ІІ дүние жүзілік соғыс кезінде, алдын-ала жасалған кеңес-герман келісімі бойынша, Польша мемлекетін бөліске салу басталды. Бұл

шара поляктар депортациясының кезекті толқынын тудырды [68, 196 б.].

1.2 Неміс диаспорасының Шығыс Қазақстанға қоныстану ерекшеліктері

Жариялылық науқанына дейін «ұлттардың күштеп қоныс аударылуы» туралы сөз қозғалған жоқ. Қоғамды демократияландыру жағдайында тарих ғылымының да қатып-семіп қалған догмалары бұзылып, бұрын жабық болып келген тақырыптарға түрен түсті. Барлық ұлттар өз тарихын шынайы зерттеуге мүмкіндік алды. Тарихшылардың құпия құжаттарға қолдары жете бастады. Ғалымдар зерттеу методикасындағы ескі стереотиптерден арылып, бұрынғы лениндік-маркстік идеологиялық әдістеме бойынша бағаланып келген белгілі оқиғаларға жаңа көзқараспен қарай бастады. 1980 жж. кеңестік заманда күшпен көшірілген, тарихи Отандарынан жырақтаған диаспоралар елдеріне қайтуға ерік алды.

Қазір Қазақстанда 120-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері тұрады. Сол диаспоралардың бірі – немістер. Немістердің Қазақстанға келу тарихының екі ғасырлық шежіресі бар. Қазақстан немістерінің басынан кешірген қилы тағдыры депортацияға ұшыраған өзге ұлттарға ұқсас болғанымен өзіндік ерекшеліктерге толы. Шағын диаспоралар көп жағдайда, қиындықты бастарынан көп өткергендіктен болар, заңға жүйрік келеді, өнер-білімге құштар болды. Немістер Қазақстан территориясына қоныстанған еуропалық халықтардың ішінде сан жағынан бесінші орынды иеленеді. Қазақстанға немістер түрлі тарихи жағдайлармен қоныстанды.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ даласында неміс қоныстарының негізі қалана бастады. Бұған Ресей немістерінің ішкі миграциясы әсер етті. Тіршілікке қолайлы кеңістік іздеген кейбір неміс отбасылары ерікті түрде Сібір мен далалы аймақтарға келе бастады. Олардың бұл «сапарларына» ешкімнің қысымы болмады[69, 31 б.]. Немістердің көздегені шұрайлы жер болатын. Қазақ жеріне ауған немістерді екіге бөліп қарастыруға болады: кедей шаруалар және ауқатты адамдар. Екі топты да қазақ даласындағы жердің арзандығы мен кеңдігі қызықтырды. Кедейлері күнкөріс қамымен келсе, байлар дәулетін арттыруды көздеді. Олар мұнда келіп, меншік кәсіпорындарын жандандырып, пайда табуды мақсат етті.

Қоныстану тарихына зер салсақ, немістер Ресейге XVIII ғасырда келген. Дәлірек айтсақ, 1763 жылы Ұлы Екатерина Ресей аумағына Еуропалық ұлттардың қоныстануына рұқсат берді. Осы жылдың 23 шілдесінде Екатерина II манифест шығарды. Онда: «Еврейлерден басқа барлық шетелдіктерге біздің империяға қоныстануға рұқсат етеміз, қай жерді, қай губернияны қаласа да ерік өзінде». Бұл манифест Ресейге немістердің қоныс аударуына жол ашты. Қоныстанушыларды қолдау мақсатында оларға үлкен-үлкен жеңілдіктер қарастырылды. Мәселен, мемлекет қазынасынан қоныстанушыларға үй салуға, шаруашылық ашуға мол қаражат бөлінді. Әрбір отбасыға 30 десятина жер бөлінді. Одан ешқандай баж немесе салық алынған жоқ. Фабрика, зауыт ашамын деген ауқаттыларға басыбайлы адамдарды сатып алуға рұқсат етілді. Осының нәтижесінде Ресейде 1764-1864 жылдар аралығында, яғни 100 жыл ішінде 559 неміс қоныстары пайда болды. Олар мына губернияларда орналасты: Таврия губерниясында – 161, Херсон – 48, Бессарабия – 70, Екатеринослав – 53, Самара – 131, Саратов – 59, Волынь – 2, Новгород – 3, Псков – 2, С.Петербург -14, Чернигов – 6, Астрахань – 3, Воронеж – 1, Подоль – 1, Киев губерниясында – 14, Полтавада – 21 қоныс пайда болды [70, 201 б.].

Немістердің орыс жеріне қоныстануы өткен ғасырдың екінші жартысында жеделдейді. Ол кезде неміс империалистері өз капиталдарын тиімді пайдалану үшін Ресейге ұмтылған болатын. 1880 жылы рейхстаг Германия өкіметі ұсынған «Қоныстану несиесі туралы» заң жобасын мақұлдайды. [70, 201 б.]. Онда немістердің Ресейге көшуіне қолдау көрсету, материалдық тұрғыда жәрдем беру қарастырылған. Көші-қон мәселесін Германияның бас шатбы жоспарлап отырды. Немістер жоғарыда көрсетілгендей, Ресейдің батыс губернияларына, осындағы орыс бекіністерінің маңайына және басқа стратегиялық маңызы бар елді мекендерге қоныстанды.

Ресей тарапынан келіп қоныстанған ұлттарға жағдай жасалып, олар салықтан, әскери борыш өтеуден босатылды. Ресейдің негізгі мақсаты бос жерлерді инвесторларға игерту және Еуропалық өркениеттің орыс даласына келуін жеделдету еді. Еуропадағы соғыстардың жиілеуі мен әлеуметтік тұрақсыздық неміс ұлтының Ресей даласына жылдам көшуіне себеп болды. Бірақ XIX ғасырдың 60-жылдары Еділ жағалауынан бос жердің табылу қиындай түсті.

Ресей империясына бағынышты немістер Қазақстан аумағына отаршылдық әкімшіліктің құрамында қоныс аударды. Қоныс

аударушылардың алғашқы ұрпақтары әскери қызметшілер, дәрігерлер, діни қызметшілер, шенеуніктер, түрлі мамандық иелері еді. Бұл эмигранттар, бір жағынан, еуропалық ғылым мен мәдениетті таратушылар болды. Бұдан бөлек, Қазақстанға Ресейден көшкен неміс шаруалары да көп еді. XX ғасырдың бас кезінде Столыпиннің аграрлық реформасы нәтижесінде (1906-1910 жж.) Волга, Вольный, Қара теңіз облыстарынан Қазақстанға қоныстанушылар саны көбейді. Мұнымен қатар, неміс отбасыларын Германия мен Австриядан Қазақстанға жер аудару үрдісі басталды. Бұл жолғы жер аударылғандар Германия мен Австрия қоғамының шаруашылық, мәдени және рухани өмірінде белсенді қызмет атқарған ең сауатты азаматтары еді.

Неміс елді мекендерінде неміс шіркеулері, мектептері, жергілікті өзін-өзі басқару мекемелері болды. Оқу неміс тілінде жүргізілді. Балалардың білім алуына зор маңыз берілді. Мектептер шіркеу жанынан ашылды. Село мектептері қоғам қаражатына салынды. Жаңа жерде немістер өздерінің діни салттарын, тілін, ұлттық дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, музыкасын, тұрмыстық әдеттерін сақтап қалды.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Ресейге қоныстандырылған немістер Сібірге, Қазақстан мен Орталық Азия елдеріне көше бастайды. Олар негізінен, 1881 жылдың 10 тамызында шыққан «Шаруаларды уақытша қоныстандыру туралы» заң мен 1889 жылдың 13 тамызында шыққан қоныстану ережесі негізінде Қазақстан территориясына көшіп келген болатын.

1889 жылы 13 мамырда шыққан “Ереже” Қазақстан халқының ұлттық құрамындағы өзгерістерге жол ашты. Ереже бойынша, село тұрғындары мен мещандарына Тобыл, Том губерниялары мен Жетісу, Ақмола, Семей облыстарына өз еркімен қоныстануға рұқсат берілді. Өкімет қоныс аударуға қойылған шектеулердің кейбіреулерін алып тастады. Дегенмен, ресми түрде қоныс аударғандардан гөрі өз бетімен келгендердің ағыны толассыз өсе берді.

Неміс жер игерушілерінің Шығыс Қазақстан аймағына қоныстануы Ресей шаруаларының көшіп-қону үрдістерімен қатар жүрді. Орыс шаруаларына қойылатын талаптар мен заңдар оларға да жүретін. Дегенмен, жергілікті жерлерде орыс шаруаларына берілетін артықшылықтар немістерге берілмеді. Оны көші-қон бөлімдерінің өзара жазысқан хаттарынан байқауға болады. Себебі, көші-қон бөлімін басқарып отырған азаматтардың көпшілігі орыс ұлты

өкілдері еді. Өз ұлтына болысу немесе көмек беру сол замандағы қалыпты әдет саналғанын ескерсек, орыс ұлты өкілдерінің бір-біріне қолдау көрсетуі мен өзгелерді шеттетуі табиғи құбылыс.

1895 жылы Ресей Ішкі істер министрлігі дала генерал-губернаторына Ақмола облысында неміс қоныстарының көбейіп кеткенін ескертіп, бұл құбылысты тоқтату жөнінде нұсқау береді. Нұсқауда Ресейдегі немістер иеленген жерлердің орыс шаруалары отырған аймақтарға қарағанда шұрайлы екенін жаза келіп, Сібір және Дала аймақтарындағы шұрайлы жерлердің де неміс ұлты өкілдерінің иелігіне өтіп кетпеуін қадағалауды тапсырады [30, 19 б.].

1897 жылы Ресей империясында халық санағы өтеді. Санақ бойынша, Семей облысында 684590 адам тұрған. Оның ішінде Семейге қарасты аймақта 156801 адам, Зайсанда 95072, Қарқаралыда 171655, Павлодарда 157487, Өскемен уезінде 103575 адам тұрған екен [58, 4 б.].

Кесте 5 – 1897 жылғы Ресей халық санағы бойынша, Семей облысындағы немістердің жастық, жыныстық құрамы [58, 70-77 бб.].

Уъездер мен қалалар	**Жасқа дейінгі балалар**		**1-9 жас**		**10-19 жас**		**20-29 жас**		**30-39 жас**		**40-49 жас**		**50-59 жас**		**60-тан жоғары**	
	Е	**Ә**	**Е**	**Ә**	**Е**	**Ә**	**Е**	**Ә**	**Е**	**Ә**	**Е**	**Ә**	**Е**	**Ә**	**Е**	**Ә**
Семей уъезі	1	1	11	6	12	9	3	3	5	7	4	3	4	1	1	1
Зайсан уъезі	**-**	**-**	**-**	**-**	**-**	**-**	**2**	**2**	**-**	**-**	**1**	**-**	**2**	**-**	**-**	**-**
Павлодар уъезі	**-**	**-**	**-**	**-**	**2**	**2**	**1**	**1**	**2**	**-**	**2**	**1**	**0**	**2**	**2**	**-**
Өскемен уъезі	**-**	**-**	**-**	**-**	**-**	**-**	**1**	**1**	**2**	**-**	**1**	**-**	**-**	**-**	**1**	**-**
Семей қ.	**1**	**1**	**5**	**5**	**8**	**5**	**3**	**2**	**3**	**4**	**4**	**2**	**1**	**1**	**1**	**1**

Кестеден Семей губерниясындағы немістердің арасында ер азаматтардың басым болған, 1 мен 19 жас арасындағы балалардың саны да біршама. Бұл мәліметке қарап, көпшілігінің үйлі-баранды жандар болғанын байқаймыз.

Кесте 6 – 1897 жылы Ресей халық санағы бойынша, немістердің діни жағдайлары [58, 61-65].

Уъездер мен қалалар	Правос-лавие		Рим католиктері		Протес-танттар		Иудей		Мұсылман	
	Е	Ә	Е	Ә	Е	Ә	Е	Ә	Е	Ә
Семей уъезі	6	4	1	2	8	4	-	-	-	-
Зайсан қаласы	-	-	-	-	2	3	-	-	-	-
Павлодар қ.	-	2	1	1	7	3	-	-	-	-
Павлодар уъезі	-	-	-	-	-	1	-	-	-	-
Өскемен уъезі	-	-	-	-	2	1	-	-	-	-
Өскемен қ.	-	-	1	-	2	-	-	-	-	-
Семей қ.	-	-	9	9	14	12	3	-	-	-
Көкпекті	1	-	-	-	-	1	-	-	-	-

Кестеден немістердің түрлі христиан діні ағымдарын ұстанғандығы байқалады. Олардың негізгі дені протестант болды.

Өлкеміздегі немістердің көпшілігі өңдеу саласында жұмыс істеген. Нақты есепке жүгінсек, облысымыздағы немістердің 8-і жеке шаруашылықтарда, 16-сы шикізат өндіру саласында, 65-і өңдеу кәсіпорындарында, 2-уі жол қатынастарында, 9-ы басқа кәсіптермен шұғылданған, ал саудамен ешкім айнылыспаған [58, 13].

1898 жылы Семей облысында Переменовское неміс селосы құрылды. Ресейдің шекаралық аудандарындағы өзге ұлт өкілдерін ішкері аймақтарға қоныстандыру қажеттігі туындаған еді. Себебі, Ресей қауіпсіздік мәселесін көздеді. Зерттеуші Л.В.Малиновскийдің пайымдауынша, Ресейлік неміс отырықшыларының Шығысқа аууының бірнеше себептері бар [71, 19 б.]. Зерттеушілер қоныс жаңарту мақсаты болды деген пікірден бастап, «Сібірді бейбіт түрде басып алу» деген болжамдарға дейін жасайды. Кейбір ғылыми зерттеулерде немістердің көшуін Ресейдің аграрлық мәселелерді

шешу тәсілдерімен байланыстырса, кейбір ғалымдар діни қайшылықтардан да себеп іздегенді жөн көрген. Қалай дегенмен де, немістердің Шығыс Қазақстан аумағына қоныстануын саяси әрі әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан қарастырған жөн.

Ресейде жұмыс күшінің сұраныстан артық болуы мен жер тапшылығы Еуропадан қоныс аударушыларды тығырыққа тіреді. Немістерге Ресей империясының отарлау саясатының негізгі талаптары мен тәртіптеріне бағынуға тура келді. Жаңа жерлерге көшу тәртібі төмендегідей еді:

1.Ірі қара малы мен жұмыс күші, шаруа жабдықтары бар шаруашылықтарға ғана көшуге рұқсат етілді

2.Жергілікті халық күштеп қоныстандырылмайды. Көшуге ниетті жанұя бос жерлерге қоныстанады. Егер жан саны жеткілікті болса, ондай қауымға жер алып, жаңа ұжым құруға рұқсат етілді.

3.Құрылған ұжымнан біреулер бөлек шығатын болса, онда ол ұжым ақшалай және шикізатпен төленетін салықтарының үстінен сол шығып кеткен адамдардың да салықтарын үш жыл бойы төлеуге міндетті.

4.Жаңа қоныстарда қоғамдық құрылыстар көші-қон қаражаты есебінен салынады.

5.Көші-қон қаржысынан қоныс аударушылар жаңа ұжымның кепілдігімен (круговым ручательством новых обществ) қоғамдық нысандар салуға пайыздық үстемесіз қарыз алуға құқылы.

6.Жаңа құрылған қауымдастық белгіленген жан санынан артық адам қабылдаған жағдайда, қазынамен бекітілген әр десятинадан 8 тиын қосымша салық төлейді [72, 71 б.].

Қазақ жеріне қоныс аударып, жер іздеп, еркіндік аңсап келген неміс жер игерушілері жоғарыдағы тәртіп бойынша келе бастады. Олар қауым құру үшін өздерімен бірге жекжат-жұрғаттарын да ерте келді. Олардың қолдарында көбінше тек жұмыс құралдары ғана болған.

XIX ғасырдың соңында Шығыс Қазақстанның солтүстігінде орналасқан Александров, Бабров, Бұқтырма, Владимирск, Нарым, Өскемен болыстарындағы халықтың жалпы саны 95972 адам болса, оның ішінде 434 неміс болған [73, 36 б.].

Немістердің барлығы жоғарыдағы тәртіпке бағынып, мемлекет рұқсатымен келген жоқ. Арагідік олардың ішінде өз беттерімен келгендері, ешкімнің рұқсатынсыз жер басып алғандары да бар. 1899 жылдың сәуір айында Змейногорск уезі, Ново-Шульба болысының

Бородулиха селосына 64 неміс Волга жағасынан заңсыз келіп орналасады. Олардың келгендерін ауыл ақсақалдары анықтап, мемлекет қызметкерлеріне айтады [74, 73 б.]. Бұндай жағдайлар жергілікті ауыл тұрғындары мен келімсектер арасында түсініспеушіліктер туғызып отырған.

Немістердің жаппай далалық аймақтарға қоныстануына жоғарғы биліктен ғана қарсылық туған жоқ. Жергілікті губернаторлар да немістердің толассыз көшіне наразы болды. Мысалы, 1908 жылы Семей облысы губернаторы Тройницкий дала генерал-губернаторына Семей жеріне немістердің көптеп шоғырлануы өте қауіпті екенін ескертеді. Облыс губернаторы 1910 жылы жерге орналастыру және жер шаруашылығы бас басқармасына немістердің жер алуына жол бермеу керектігін, олардың орыс мәдениетін қабылдамайтындықтарын жеткізеді [30, 20 б.]. Бұдан Шығыс Қазақстан аумағына қоныстанған неміс ұлтының өз мәдениетін толықтай сақтағандығын, Ресей бюрократиялық аппаратының да шовинистік пиғылын байқаймыз.

XX ғасырдың басында Ақмола, Семей, Павлодар, Омск, Барнауыл аймақтарында неміс қоныстары көбейе түсті. Олар темір жол бойындағы шаруашылыққа қолайлы жерлерді сатып алды. Қоныстанушылар арасында зергерлер, шеберлер, қолөнершілер көп еді. Ал олар шығарған тауарлар жергілікті өнімдерден арзан әрі сапалы болды. Алайда немістерге қазақ жерінің топырағы мен қытымыр ауа райы ұнамаған. Ресейдің ішкері аймақтарындағы суармалы, шұрайлы жерге үйренген олар, алғашқы жылдары өнімнің төмен болғандығын айтып, кері қайтуға сұранған [30, 24 б.]. Қайтудың шығыны көп екенін әрі көп машақатпен көшіп барғанда ол жақтан жер табылуы қиын болатынын ұғынған олар жергілікті климатқа тез бейімделіп кетті.

1906-1911 жылдары Министрлер Кеңесінің төрағасы П.А.Столыпин аграрлық реформалар жасады. Бұл реформа халықтың орналасу географиясына үлкен өзгерістер әкелді. Осы жылдары Қазақстанның солтүстік және шығыс облыстарында неміс қоныстарының санын өсіре түсті. 1907 жылы олардың саны 100 ден асты. 1911 жылы 29 мамырда «Жерге орналастыру туралы» жаңа заң қабылданды [75, 239 б.]. Аграрлық реформалар бойынша, шаруалардың көшіп-қонуына еркіндік берілді. Осыған байланысты шет аймақтарға, соның ішінде Қазақстанға жаппай көшу етек алды. Бұған қоса, Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Орталық Азияда

капиталистік қатынастардың дамуы немістердің осы аймаққа көшуіне түрткі болды. Сөйтіп Шығыс Қазақстан территориясында неміс қоныстарының орын тебуі XX ғасырдың басы деп түйіндейміз. Тарихшы П. П. Вибе Батыс Сібірдегі неміс қоныстарын үшке бөліп қарастырады:

1. Дала өлкесінің Ақмола және Семей облыстары.
2. Тобол губерниясының Тарск және Тюкалы уездері.
3. Томск губерниясының Барнаул және Змеиногорск уездері [30, 20 б.].

Бұл аталған аймақтардың біріншісі мен екіншісі қазіргі Шығыс Қазақстан территориясының бөліктері. Неміс шаруалары алғашқыда қазіргі Шығыс Қазақстан аумағының солтүстік батысына орнықты. Осы жерлерде бес неміс ауылы пайда болды. Олар Екатериновка, Пруггерово, Кенигово, Гнаденфельд, Америка деп аталды.

Кенюхово, Пруггерово, Горкуново сияқты неміс селолары кенді Алтайда 1902-1909 жылдар аралығында қалыптасты. Сонымен қатар Медведка, Выдриха, Луговой селоларында немістер орыс ұлты өкілдерімен аралас тұрды. Егінге қолайлы, малға жайлы Ертістің жағасына олар әр селоның арасына 8-16 шақырым тастай отырып, ауылдар тізбегін салды. Горкуново қыстағының маңына орналасқан немістер алғашқыда жертөледе тұрған. Еңбекқор тұрғындар жыл өтпей жатып шеберхана салып үлгерді. Әр жанұя 10 десятина жер өңдеп отырған. 1914 жылы Горкуново селосында 20-ға жуық неміс отбасы өмір сүрді. Олар өз селоларын Горкуново емес, өз араларында «Гнаденьфельд» деп атады [73, 38 б.]. Ол неміс тілінен қазақ тіліне аударғанда «Құтқарушы жер» дегенді білдіретін. Яғни немістер қазақ жеріне азаптан құтқарушы, жаңа ғұмыр сыйлаушы жерұйық ретінде қараған.

Революция жылдарында неміс қоныстары бейтарап саясат ұстанды. Бір көңіл аударарлық жайт Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Александровск болысына тұтқыннан босатылған үш неміс келеді. Олар бұл жерде 1937 жылға дейін жұмыс істеп, қызмет еткен. 1937 жылы Шығыс Қазақстан аймағындағы әскери тұтқындардың барлығын қайта ұстап, алып кетті [73, 42 б.].

Неміс селоларындағы әр жанұяда інжіл сақталған. Библияны олар өздерімен бірге Ресейден алып келген болатын. Діни кітаптың көпшілігі Еуропада басылып шыққан. Діни мұраны алдыңғы буын кейінгі балаларға мұра етіп қалдырып отырған. Революцияға дейінгі кезеңде Шығыс Қазақстанға қоныстанған немістер діни

нанымдарына қарай шоғырланып отыруға тырысқан. Яғни лютерандар өздері бірыңғай қоныстанып, лютерандармен ғана араласуға тырысқан. Католиктер католиктермен, меннониттер меннониттермен тығыз байланыста болған. Бір этнос өкілдері арасындағы конфессиялық түйықталу христиан дінінің ішіндегі ағымдардың бәсекесінен туындаған [76, 53 б.].

Немістер арасында тек лютерандар, меннониттер немесе католиктер ғана болмады. Олардың кейбірі орыс баптистерімен тығыз байланыста болды. 1901-1902 жылдары Семейге жақын орналасқан Нейдорф селосында негізінен, Волынск облысынан көшіп келген немістер түрды. 1903 жылы осы селоның түрғыны Зейферттер жанүясы баптистер қатарына қабылданады. Осы оқиғадан кейін жергілікті лютеран шіркеуі немістер арасында евангелия ілімінің таралуына наразылық білдіреді. 1912 жылы Юлиус Зейферт немістер арасындағы баптистер қауымының пресвитері болып тағайындалады. Қауымды қолдау мақсатында Омбыдан Феликс Хаммер арнайы келіп, уағыз жүргізіп отырған. Ол жергілікті хордың үйымдастырылуына мүрындық болды [18, 226-227 бб.]. Қалай десек те, немістер арасында баптистік ағым кең етек ала қойған жоқ. Олар біртіндеп орыс баптистері қоныстанған аймақтарға көшіп кетуге мәжбүр болады. Лютерандық ағымдағы немістердің басым болуы, баптистік ағымның немістер арасында таралуына тосқауыл болған.

1909-1910 жылдары Зайсан уезіне орыс шаруаларымен бірге неміс-адвентистері қоныстанады. Олар жергілікті халық арасында белсенді діни уағыз жүргізгендіктері үшін, 1911 жылы Семей губернаторының өтінішімен әрі дала генерал-губернаторының рүқсатымен Қарқаралы уезіндегі Челым және Кеңасу ауылдарына көшіріледі. Бірақ немістер бүл елді мекендерге бармай Өскемен мен Павлодар уездерінде қалып қояды [30, 26 б.].

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Қазақстанның шығысында лютерандық ағымды түтынған неміс өкілдерінің көбеюі алғашқы лютеран приходтарының қалыптасуына түрткі болды. Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында, Мәскеу евангелия-лютерандық консисториінің қатысуымен Қазақстанда 3 лютеран приходтары қүрылады. Оның екеуі Шығыс Қазақстан аумағына орналасты. 1914 жылы Семей облысына қарасты Розовка селосындағы Әулие Мария приходы қүрылды, ол маңайындағы Акимовка, Ульяновка, Луганск, Анастасьевка селоларының түрғындарына діни қызмет көрсетсе, Новоивановка селосында

салынған Әулие Михаил приходы Тихоновка, Любомировка, Привольное, Владимировка, Васильевка, Аввакумовка және Никитск селоларына қызмет етті. Шығыс Қазақстанның Ресеймен шекаралас аймақтарына Барнауылда орналасқан лютеран приходтары қызмет жасады. Өскеменде Әулие Павел кирхасы болды. Ол жергілікті жердегі немістердің діни сауатын ашуға және діни салт-жоралғыларын атқаруға көмектесті [76, 58 б.].

Бірінші дүниежүзілік соғыс далалық аймақта қоныстанған немістердің де тарихына өзгерістер әкелді. Жергілікті халық немістерді жақтырмай, оларды жау көре бастады. Тек жергілікті жұрт қана емес, билік өкілдері де Петерборға дүркін-дүркін хат жазып, неміс ұлты өкілдерін сенімсіз деп көрсетуге, оларды Сібірден көшіру керектігін дәлделдеуге тырысып бақты. 1915 жылы дала гунерал-губернаторы А.Н.Сухомлинов Ішкі істер министрі А.Н.Хвостовқа Сібір аймақтарындағы немістердің дандайсып кеткендігін, олардың ішкі Германиямен байланыстары бар екенін, болашақта темір жол бойындағы немістердің ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіретіндігін, сонымен қатар жергілікті ұлттармен достықта тұра алмайтындығын баян етіп, неміс қоныстарын таратуды өтінеді. А.Н.Сухомлинов 1915 жылдың 4 қыркүйегінде неміс қоныстанушыларының әскери басқармаға бағынатыны және олардың ана тілінде сөйлеуіне тыйым салынатыны туралы бұйрық шығарды. Ал 1917 жылы 6 ақпанда неміс қоныстарын тарату туралы заң Ақмола және Семей облыстарында да өз күшіне енді. Ресейдегі саяси оқиғаларға байланысты бұл заңның орындалуын Уақытша өкімет тоқтата тұруға ұйғарады [30, 29 б.].

XX ғасырдың басында немістердің жекеменшік шаруашылықтарының негізгі бөлігі Ақмола мен Семей облыстары уездері мен Том губерниясы уездерінде орналасқан Сібір әскери аймағында болды. Бұл жерлер шаруаға қолайлы еді. Тоғыз жолдың торабы, Батыс пен Шығысты байланыстыратын темір жолдың бойы. Немістердің қазақ жеріне қызығуының бірнеше себептері осы. Бір жағынан мұндағы елді мекендердің инфрақұрылымы салыстырмалы түрде әжептәуір дамыған еді.

1920 жылдың басында қазақ даласындағы немістердің саны 62760-қа жетіп, Жетісу мен Сырдария облыстарын қоспағанда республика халқының 1,3% құрады [75, 233 б.]. Бірақ 1920 жылғы халық санағы бойынша, Қазақстанда 51 мың неміс қалған. Бұдан Қазақстандағы сол жылдары болған аштықтың әсерін көреміз.

Олардың кейбірі Қазақстаннан көшіп кетсе, ал біршамасы жағдайдың аурлығынан қырылды. Бір жылдың ішінде еліміздегі неміс диаспорасы 10 мыңға жуық адамға азайып кеткен.

Осы жылдары Кеңес өкіметі аймақтардағы өзге ұлттардың тіршілік тынысына мән бере бастайды. Одақтас республикаларда партияның сөзін сөйлейтін, барлық ұлттарды бір идеологияға жұмылдыру бағытында жұмыс істейтін секциялар ашыла бастады. 20 жылдардың соңына қарай мұндай «сауат ашу» секциялары көбейе түсті. Бұның айғағы ретінде, 1925 жылдың 8 маусымында Ресейлік Коммунистік Партия Орталық Комитетінің Қызылорда Коммунистік Партиясы Казрайкомының неміс секциясына жіберген хатын атауға болады [77, 204] .

1925 жылы Қазақстандағы неміс секциясының жұмысын жандандыруға әрі қадағалауға Нацман Запад және Куппер Гартмайн атты екі өкіл жіберіледі. Олар Мәскеудегі Орталық Комитеттің жанынан құрылған неміс секциясының Орталық Бюросының тапсырмаларын орындайды. Негізгі тапсырма неміс ауылдарындағы партиялық және кооперативтік мекемелер жұмыстарын тексеру, партияның XIV-ші сиезінің шешімдерін насихаттау, неміс тілінде шығатын «Дойче Централ Цейтунг» газетін тарату еді. Жергілікті мемлекеттік мекемелерге бұл екі азаматтың жұмысына барынша жәрдем жасау және кедергі келтірмеу жүктелді [77, 204].

Коммунистік Партия қатарына қабылдау және жұртшылықты партия істеріне жаппай тарту Шығыс Қазақстанда да кеңінен жүргізілді. Партия құрамына қабылданған өзге ұлт өкілдері тізімге алынып, жоғарғы билікке есеп беріліп отырды. Бастапқы жылдары «өзге» ұлттар партия қатарына көп кіргізілмейтін. Оларға партия белсенділері сенімсіздік білдіріп, күдікпен қарады. Бірақ Орталық Партия Комитетінің үгіт-насихат жұмыстарын күшейту талабы немістердің де партия қатарына өтуін жеделдетті. Казрайкомның 1926 жылдың 19 тамызындағы мәліметі бойынша, Семей губерниясында 15 неміс- коммунист тіркелген. Оның ішінде 10 адам партия ұйымдарына мүше болса, 5 адам мүшелікке кандидат. Мұның ішінде үшеуі әйел, оның екеуі мүше болса, біреуі мүшелікке үміткер [77, 179]. Шығыс Қазақстандағы сол кездегі немістердің жалпы санынан қарасақ, бұл көрсеткіштің өте төмен екенін көреміз. 1926 жылдың 10 маусымындағы мәлімет бойынша, Семей Губерниясында 8 348 неміс тіркеліпті. Олардың дені жер іздеп келгендер. Көбі ауыл шаруашылығымен айналысқан. Неміс диаспорасының саны жағынан

Шығыс Қазақстан аймағы Ақмола және Қостанай губернияларынан кейінгі үшінші орында болды. Осы жылдары Ақмола губерниясында 18 227, Қостанай губерниясында 10 907 неміс ұлты өкілдері тұрды [77, 92].

1927 жылдың 1 сәуірінде алтыншы өлкелік партконференция қарсаңында Қазақстан губернияларының партия ұйымдарындағы ұлттардың құрамы сұралады [78, 27]. Сол есепте Семей губерниясының партия мүшелерінің ұлттық және жыныстық құрамында айтарлықтай өзгерістің болмағандығы көрсетілген [79, 8].

1926 жылғы санақ бойынша, Шығыс Қазақстандағы немістердің саны 1732 адамға жеткен [15, 9 б.]. 1926 жылғы қараша санағында өзге ұлттардың жас ерекшеліктері мен жыныстық құрамы ғана емес, әлеуметтік жағдайы, мәдени ошақтары да зерттелген [80, 15]. Санақ қорытындысы бойынша, Семей облысындағы немістер саны 9055. Олардың 711 қалада тұрса, 8344-і ауылды жерлерде қоныстанған [80, 16].

Кеңес билігін нығайту қиыншылықтары кезінде немістер төзімділік көрсеткен. Бірақ 1927-1928 жылдары астықтың аз шығуы, сонымен қатар жергілікті билік өкілдерінің оларды кулактарға жатқызуы немістердің шыдамын тауысты. Егіннің шықпауына қарамастан, немістерге астық дайындау жүктемесі 2-3 есе көбейтілген. Бұл немістердің наразылығын туғызды. Осы кезде билік олардың мал-мүлкін тәркілеуге көшеді. Бір ғана мысал: осы жылы Семей облысы, Белағаш ауданы, Переменовка селосының тұрғыны, шіркеу Кеңесінің мүшесі, Андрей Бахман есімді баптист мүліктерін кәмпескелеуге қарсы шыққан. Сол үшін ол қатаң тәртіптегі түрмеге 3 жылға сотталып кетеді [81, 99 б.].

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Қазақстанның барлық аймақтарында кулактармен және бай, болыстармен күрес өрши түсті. Бұл нәубет неміс диаспорасын да айналып өтпеді. Немістер арасындағы байлар мен орта дәулеттілер шетелдерге қаша бастады. Көпшілігі мұхит асып кетуге тырысады. Әр-түрлі қауесетке құлақ түрген олар, Мәскеу арқылы АҚШ-қа өтіп кетуді армандайды. Тіпті жеке шаруашылықтарын тастап, Мәскеуге бет алғандары да аз болмады. Бұндай жағдай Орталықтың алаңдаушылығын туғызды. «Жат жерлік» диаспоралардың үдере көшуінен қауіптенген Орталық комитет жергілікті ұйымдарға аранайы тапсырмалар жүктейді.

БКП ОК-нің аймақтық партия комитеттеріне таратқан мәліметінде былай делінген: «Қырым, Сібір, Төменгі Волга, Ортаңғы

Волга, Солтүстік Кавказ, Қазақстан және Кавказ баурайы өлкелік комитеттерінің назарына. Жергілікті неміс диаспорасының өкілдері Кеңес өкіметіне наразылығын көшіп кетуге тырысу арқылы байқатып отыр. Неміс кулактары мен дінбасылары партия және кеңес ұйымдары қызметінің әлсіздігін пайдаланып, орта және кедей таптарды Мәскеуге жиналуға үндеп, КСРО-дан көшіп кетуге итермелеген». Сол кездегі ОК хатшысы А.Смирнов осы ретте бірнеше ұсыныстар жасайды. Сол ұсыныстар негізінде 1929 жылы 12 сәуірде Орталық Комитет «Неміс қоныстарын шаруашылық және мәдени тұрғыда жандандыру туралы» жарлық шығарады. Жарлықта неміс шаруаларының көшін тоқтату және оларды тәркілеуді тежей тұру айтылды. Сонымен қатар немістер қоныстанған елді мекендердегі партиялық жұмыстарды күшейту қажеттігі ескерілген [52, 30]. Сондай-ақ жарлықта қарсылықтың қозғаушы күші болып отырған бай-құлақтар мен дінбасылардың ықпалын әлсірету, оларды кедейлікке душар ету, орта таппен жұмысты жақсарту сияқты мәселелер қамтылған. 1 желтоқсанға дейін ОК атқарылған іс шаралар жөнінде есеп беруді талап еткен [52, 32]. Жоғарыдағы мәліметтерден немістердің жаппай көшуіне қарсы жасалған іс-шаралардың қатаң бұйрықпен іске асқаны анық байқалады.

Жоғарыдан түскен бұйрықты орындауға жергілікті комитеттер бар күштерін салды. Семей орталық комитетінің жауапты хатшысы Фомин 1929 жылдың 18 қарашасында «Неміс кенттерінің жағдайы туралы» Семей аймақтық комитетінің қаулысына мынадай тұжырымдарды енгізген:

1. Шемонайха, Белағаш, Өскемен аудандық комитеттері немістер қоныстанған елді мекендерде мына бағыттағы жұмыстарды жүргізсін: а) немістерді кедейшілікке душар ету; б) олардың арасында партиялық жұмыстарды күшейту; в) неміс ауылдарындағы кооперативтік қызмет көрсету жүйесін жақсарту.

2. Аудандық комитеттер кедейлер мен орта дәулетті немістерді бай-құлақтардың ықпалынан құтқарсын, партия ұйымдары немістердің жаппай көшу ниетін сейілтуге міндетті. Бұл мәселені шешуде ескеретін жәйт, неміс ауылдарындағы халықтың көпшілігі төменгі тап өкілдері. Сондықтан оларды желпіндіріп отырған кулактардың ықпалы жойылсын.

3. Аудандық комитеттерге таптық көзқарасқа енжар қарағандарды (көшуге әрекеттенгендерді) тексеру міндеттеледі.

4. Бұл аудандарға неміс тілін жетік білетін екі азамат жіберілсін және олар партиялық шараларды халық арасында насихаттауға тиіс.

5. Аудандық комитеттер аймақтық комитетке қаулының іске асырылуы жөнінде бір айдан соң есеп берсін [52, 32 б.]

1929 жылдың 18 қарашасында қабылданған қаулы аудандарға таратылған бетте іске асырыла бастады. Бұйрықты бұлжытпай орындайтын жергілікті партия ұйымдары асыра сілтеп, неміс қоныстарына қырғидай тиді.

Қазақстандағы Кеңестік жүйенің қыспағынан Қазақстанның барлық аймағындағы немістер қашып құтылғысы келді. Немістер шоғырланған өлкелерде оларды бақылау, қоныстарынан жырақ жібермеу шаралары күннен күнге күшейе түсті.

Немістер діни сенімдері жағынан католиктер, лютерандар және меннониттер болып бөлінгенін айттық. Бірақ тұрақты дінбасылар болмады, діни сауатты немістер уағыз айтып қана отырған. Бірақ немістердің діни салт-дәстүрлерге беріктігі Кеңес өкіметі белсенділерінің көңілінде күмән туғызды. Бұл қоныстар НКВД бақылауына өтіп, қырағы қадағалауында болды. Кеңестік саясат қазақ даласында нығайған сайын атеизмнің қанат жаюы да немістердің мал-мүліктерін сатып, шетелге қоныс аударуға деген ұмтылыстарын күшейтті. Көші-қон легін тоқтату мақсатында кеңестік комитеттер түрлі амалдарға жүгінді. Тіпті немістерге дүние-мүліктерін сатуға тыйым салынды. Мемлекеттік мекемелер оларға астық дайындағандары мен басқа да мемлекеттік төлемдерін өтегені туралы анықтама беруден бас тартты. Темір жол бекеттерінде немістерге билет сатылмайтын болды [31, 47 б.].

Әр облыстың жергілікті билігі немістердің жай-күйі, тыныс-тіршілігі туралы ай сайын жоғарғы жаққа хабарлап отырған. Казрайком хатшылығы 1929 жылдың 21 қарашасында кезекті қаулы шығарды. Бұл қаулыдан немістерді бақылаудың қаншалықты күшейгенін байқаймыз. Қаулының негізгі бағыттары төмендегідей. Әуелі неміс ауылдарындағы саяси-әлеуметтік ахуалды анықтап, сонымен қатар жергілікті партия жұмыстарын жандандыратын, немістердің әлеуметтік және мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыруға мұрындық болатын жауапты партия мүшесін тағайындау айтылады. Бұдан соң, неміс тілін жетік білетін азаматтарды партия мен комсомол ұйымдарындағы басшылық қызметтерге тарту, саяси насихатты күшейту, қызыл бұрыштарда неміс ұлты өкілдерін марапаттау, оларды партия жұмыстарына тарту

үшін партия ішінен немістерге арнайы штат бөлу, партия жұмыстарын жазатын неміс тіліндегі басылымдарға жаппай жаздыру сынды мәселелер қамтылған [52, 31 б.]. Қабылданған қарарларда басты назар неміс ұлты өкілдерінің Қазақстанда тұрақтап қалуы мен олардың партия жұмыстарына толық араласуына жағдай жасауға аударылған. Осы қарарларды іске асыру жұмыстары бірнеше жылдарға созылды. Жергілікті атқарушы комитеттер атқарылған жұмыстарды егжей-тегжейлі баяндап, жоғарғы жаққа жыл сайын есеп беріп отырған. 1930 жылдың 25 ақпанында өткен Казрайком бюросының жабық отырысы хаттамасының көшірмесінде барлық облыстарда атқарылып жатқан шараларға қанағаттанарлық емес деген теріс баға берілген. Семей, Ақмола, Ақтөбе, Павлодар, Петропавл және Орал облыстарында неміс елді мекендеріндегі шаруашылық және мәдени іс–шаралардың баяу жүргізілуіне, эммиграциялық үрдісті түбегейлі тоқтатуға мән берілмегендігіне орай, ескертулер жасалған. Ескерту жасай отырып, ОК облыстардың жоспарлы шараларына бірқатар түзетулер енгізеді. Олар наурыз–сәуір айларында қайта сайлаулар өткізу, іс қағаздарын неміс тіліне көшіру, шұғыл түрде жеті жылдық неміс мектептерін ашу сияқты тапсырмалар еді. Бұл бұйрықтар дереу іске асырылып, есеп берілу керектігі ескертілген [52, 46 б.]

Кеңес өкіметі неміс қоныстарының революциядан кейінгі тұрмыс ауырпалықтарын жеңіл көтергендігін және шаруашылықтарын шапшаң дамытқандарын байқаған. Билік бұндай шаруаға жүйріктік қанына сіңген ұлтты айырылып қалмау қажеттігін ойлайды. Бірақ Семей өңіріндегі немістер арасында менониттердің көп болуы кеңестік билік пен олардың арасындағы қатынасты шиеленістіре түсті. Олардың діни белсенділігі кеңестік саясатпен ымыраға келе алмады. 1928 жылдың 1 қаңтарындағы есеп бойынша, Семей облысында 408 меннонит қауымы болған [81, 97 б.].

Неміс ұлтының шаруаға ептілігі, еңбекқорлығы мен кез-келген істі тиянақты атқаруының рухани тамыры олардың діни сенімінде жатқандығын ол кезде ешкім де зерттеп, мән бермеген. Германияда капиталистік қатынастардың ерте орнығуына протестанттық сенімдегі адал еңбек пен құдай алдындағы борыш сияқты ұғымдар да әсер еткен. Немістердің еңбек этикасына адалдығының берік болып қалыптасуы діни сенімдерінен күш алды [82, 125 б.].

1926 жылғы бүкіл кеңестік санақ бойынша, жоғарыда аталған аймақтарға немістердің көбірек шоғырланғанын байқаймыз. Қазақтар

тығыз отырған аудандарда немістер болмады. Мысалы, Аякөз, Үржар, Жарма, Мақаншы, Ақсуат сынды аудандарда Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңына дейін немістер болған жоқ. 1926 жылғы санақтың қортындысынан мынандай мәліметтерді кездестіруге болады: Семей губерниясы Половинный заемкесінде 12 неміс, Таврияда 5, Калининскаяда 17 неміс тұрған. Ал Өскемен уъезі Пролетар болысында немістердің шоғырлана қоныстанын көреміз [80, 58 б.]. Санақ бойынша, Герасимовка ауылында 133 адамнан тұрса, оның 95-і немістер. Сондай-ақ 49 неміс Поперeченская поселкесінде тұрған [80, 59 б.]. Бурас ауданындағы немістердің саны 18 [66, 49].

Кесте 7 – 1926 жылы Бурас ауданында тұратын немістер саны [66, –49 б.].

Ауыл атауы	Немістер саны
Грачевский ауылдық кеңесі	2
Больше – Владимировка ауылдық кеңесі	2
Мало – Владимировка ауылдық кеңесі	4
Семеновский ауылдық кеңесі	4
Комонерский ауылдық кеңесі	3
Сосновский ауылдық кеңесі	3

Жоғарыдағы кестеден жергілікті халық құрамында немістердің үлес салмағы өте төмен болғандығы анық байқалады. ХХ ғасырдың басында Шығыс Қазақстан аймағында немістер аз тұрған.

Орталық комитет үкімімен 1928 жылы Қазақстанда 40 неміс ауылдық кеңестері құрылады. Семей губерниясында осындай ауылдық кеңестер саны 9-ға жетті [83, 57 б.].

Немістердің Шығыс Қазақстан территориясына келіп орнығуы Кеңестер Одағы орнатылғаннан кейін де жалғасын тапқан. 1929 жылы Германия азаматы Леон Майниг өзінің Семей округіне көшкісі келетіндігін білдіріп хат жазады. Осы жылдың 12 тамызында «Батрак» газетінің бас кеңсесі Леон Майнигке жауап жазады. Онда РСФСР заңдары бойынша, еңбек иммиграциясына рұқсат етілетіндігі, ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында көшіп келушілерге жеңілдіктер жасалатыны баяндалады [84, 63]. 1929 жылдың 6 желтоқсанында аймақтық қоныстандыру бөлімшесі көші-қон заңдылықтарын түсіндіріп, бұл кісіге қайыра жауап хат жіберген [66,

21 б.]. Бұдан неміс азаматтарының ішінде Кеңес өкіметінің орнағаннан кейін де Шығыс Қазақстан аумағына көшуге ниет білдіргендері болғанығын аңғарамыз.

Қазақстанға немістердің күштеп қоныстандырылуы 30 жылдардан басталды. Осы кезде Ресейде кулактарды қудалау басталды. Солардың қатарында бай-құлаққа жатқызылған немістер де жер аударылды.

1931 жылы 31 наурызда КСРО жұмысшылар мен шаруалар инспекциясының 3-ші халық комиссары Андреев ОГПУ-мен біріккен отырыс өткізеді. Отырыста кулактарды Якутияға, Қазақстан мен Орталық Азия аумағына көшіру мәселесі қарастырылған. Хаттамада Голощекиннің Қазақстанның Ақмола және Қарқаралы аймақтарына орналастыруға болатындығын белгілегені, бұл іске қолайлы өлкелер ретінде осы жерлерді таңдағаны айтылады. Хаттама соңында Ленинград облысынан 100 неміс қожалығын көшіруге нұсқау берілген [85, 7-8 бб.]. Олар көбінесе лагерьлердегі қара жұмыстарға жегілді.

Аласапыран заманда Сарыарқаға қоныс аударған мың сан халықтың ішінде шоғырлана қоныстануына байланысты немістер мен поляктар іргелі, қабырғалы диаспоралар болып саналады. Соған сай, бұл екі этникалық топтың Шығыс Қазақстан облысының қоғамдық, экономикалық, әлеуметтік дамуына қосқан үлесі де қомақты болды. XX ғасырдың I ширегінде неміс және поляк диаспоралары Шығыс Қазақстанның қоғамдық-мәдени өміріне тікелей араласты. Өлкеміздің саяси дамуына ғана емес, экономикалық өркендеуіне де өз септіктерін тигізді.

2 СТАЛИНДІК ТӘРТІП ТҰСЫНДАҒЫ НЕМІС ЖӘНЕ ПОЛЯК ӨКІЛДЕРІНІҢ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНА ҚОНЫСТАНДЫРЫЛУЫ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ (1937-1956 жж.)

2.1 Неміс диаспорасының күштеп қоныстандырылуы және әлеуметтік-демографиялық дамуындағы өзгерістер

Соғыс қарсаңында Шығыс Қазақстанда бірнеше неміс ауылдары болды. Неміс поселкелеріндегі жүйелі шаруашылық мемлекетке белгілі бір кіріс әкеліп отырды [31, 47 б.]. Сол кездің мәліметтеріне жүгінсек, неміс ауылдарының экономикалық көрсеткіштері жоғары болған. Мысалы, 1940 жылы Ұлан ауданында орналасқан Нацман неміс ауылында 66 шаруашылық 790 гектар жерге егін еккен. Күзде 1 гектардан 8 центнер өнім алған. Осы қонысқа қоңсы отырған Калинин ұжымшарында 89 шаруашылық 1328 гектар жерге егін салып, 1 гектардан 7 центнер астық алған. Ұжымшар (колхоз) жылқы, сиыр түліктерін ғана емес, 15 түйе де асыраған екен [86, 2 б.]. Немістер жергілікті халықтың шаруашылық укладына тез бейімделген. Мәселен, Ивановкада 348 [87, 3 б.], Ландманда 226, Найс Леонда 348, Найер Анфонгта 358, Морген Ротта 272, Рот Арбайтерде 395, «Путь к коммунизму» селосында 578 неміс ауыл шаруашылығында өнімді еңбекпен айналысқан [88, 101 б.]. Олар егін егіп қана қоймай, ірі қара мал ұстаған. Мал түлігін немістер күнделікті күнкөріс үшін ғана ұстаған. Жергілікті халық сияқты мал басын көбейтіп, малға тәуелді болып қалған жоқ.

1941 жылдың басында Шығыс Қазақстан облысының 14 ауданы Ресейдің ішкері аймақтарынан келгендерді күтіп алуға дайындалған. Жоспар бойынша, Больше-Нарым ауданына 320, Бұқтырма ауданына 225, Үлбі ауданына 100, Зырян ауданына 430, Зайсан ауданына 350, Қатонқарағай ауданына 300, Күршім ауданына 250, Марқакөл ауданына 400, Предгорненск ауданына 150, Самар ауданына 200, Таврия ауданына 180, Тарбағатай ауданына 225, Ұлан ауданына 100, Шемонайха ауданына 300 адам көшірілу керек болған [89, 104 б.]. Бірақ бұл қам-қарекет осы аймаққа жіберілген орыс, украин ұлттарын дұрыстап қарсы алуға арналған болатын. Бірақ бұл көштің соңына қарай елімізге немістер көптеп келе бастады.

1941 жылдың көктемінде КСРО басшылары соғыс қимылдарының шекараға жақындап қалғанын көрді. Сондықтан жоғарғы билік шұғыл түрде лагерьлер мен арнайы қоныстардағы

ережелер мен нұсқауларға толықтырулар енгізе бастады. 1941 жылдың мамыр айында КСРО ішкі істер халық комиссариатының мемлекеттік қауіпсіздік комиссары Л.Берия «КСРО НКВД-сының еңбек лагерлері мен арнайы қоныстарындағы жер аударылғандарды шұғыл құлақтандыру қызметінің Ережесін» бекітті. 1940 жылдың 11 сәуірінде №00444 бұйрығы шықты. Онда арнайы қоныстардағы күзетті күшейту, қоныстан қашқандарға жазаны қатайту, Кеңес өкіметіне қарсы әрекеттерді жою, ай сайын республикалардың арнайы қоныстарындағы ахуал жайлы анықтамалар жіберу, қызметкерлердің жауапкершілігін арттыру мәселелері бойынша, біршама тапсырмалар бекітілген болатын [90, 7-13 бб.]. Үш айдан кейін белгілі бір ұлт диаспораларын көшіру керек деп шешкен. Және олар ережедегі осы өзгерістер мен толықтырулар бойынша, қатаң қадағалануы тиіс болды.

Бұл талаптар мен ай сайын жіберілуі тиіс анықтамалар шет аймақтағы жергілікті билік өкілдеріне ауыр тие бастады. Олардың берген есептері шынайы жағдаймен сәйкес келмей, қайшылықтар туындады. Жергілікті НКВД органдары жауапкершіліктен тайсақтап, өздеріне қарасты аймақтар бойынша, есеп беруден қаша бастады. Қазақстан бойынша арнайы қоныс аударылғандар мен лагерьлердегі тұтқындар жайында есеп беру толық жүзеге аспады [90, 41 б.].

Соғыс бастала салысымен барлық облыстар мен республикалардағы НКВД органдарына арнайы қоныстар мен лагерьлердегі тәртіпті күшейту жөнінде қосымша нұсқаулықтар түседі. Онда арнайы қоныс аударылған адамдардың туыстарымен хат жазысуы тоқтатылсын, өсек-аяң мен жел сөздерге тыйым салынып, Кеңес өкіметіне қарсы адамдар дереу қоғамнан аластатылсын (тұтқындалсын) делінген [90, 118 б.]. Белоруссия мен Украинаның батыс бөлігінен көшірілген және әкімшілік жазаға кесілген адамдардан тарихи Отанына оралу жөніндегі арыздарды қабылдау тоқтатылсын деген нұсқаулар берілді [90, 121 б.]. Соғыс қарсаңында жер аударылғандарға саяси қысым күннен күнге қатая түсті. НКВД орындары әртүрлі себептермен жазалауды үдетті.

Соғыс басталғанға дейін КСРО бойынша, қара жұмыс қоныстарындағы немістердің саны 7 067 болатын [90, 184 б.]. Енді олардың қатары Волга бойынан жер аударылған немістермен толықты.

1941 жылы Шығыс Қазақстандағы немістер саны күрт көбейді. 1939 жылғы санақпен салыстырғанда 8 есеге артып, 28 мың адамға

жетті. Ал 1941 жылдың соңы мен 1942 жылдың басында Шығыс Қазақстандағы немістер саны 32 мыңға жетіп жығылды [38, 130 б.].

1941 жылдың шілде айында Волга бойы немістері автономиясына В.М.Молотов пен Л.П.Берия іс-сапармен барып қайтады. Осыдан көп ұзамай 1941 жылдың 28 тамызында «Волга бойы (Поволжья) ауданыныда тұратын немістерді көшіру жайында» КСРО Жоғарғы Кеңес Президиумының Жарлығы шығады [91, 114 б.].

Осы жылдың күзінен бастап Қазақстанның кеңестік ұйымдары немістерді орналастыруды ұйымдастыра бастады. Олардан басқа, соғыс аймағынан Қазақстанға шұғыл көшірілген халықтардың үздіксіз келіп жатуына орай, немістерді қабылдауда бірқатар қиыншылықтар туды.

Қазақстанда 1941 жылдың 16 қазанында «Әскери тәртіп жағдайында республиканың облыстық қалаларында неміс ұлты өкілдерін (коммунистер мен комсомолдарын қоса алғанда) партиялық істер мен кеңес мекемелеріндегі басшылық қызметтерге жуытпау жөніндегі» қаулы өз күшіне енеді [91, 116 б.].

Қазақстанға немістердің кезекті «толқыны» 1941 жылдың күзінде келді. Қазақстан аймақтарына 438 280 неміс жер аударылды. Ресейдегі немістердің басым бөлігі Волга бойы неміс автономиялық республикасында шоғырланған болатын. 1941 жылы Волга бойы немістерінің барлығы дерлік Қазақстан мен Сібірге күштеп көшірілді. Алтай аймағына 29 мың, Омбыға 59 мың, Новосибирскіге 8,1 мың, Орынборға 19 мың адам жіберілсе, Қазақстанға 92 мың неміс көшірілді. Қазақстанға тек Волга бойы немістері ғана емес, Саратов, Сталининград, Мәскеу, Тула, Дондағы Ростов, Куйбышев, Орджонокидзе, Краснодар, Запарож, Ворошиловград, Сталинск қалалары мен облыстарының, Кабардин-Балкарск АКСР-сы, Солтүстік Осетия, Грузия, Азербайжан, Армения республикаларының немістері де жаппай қоныс аударылды. Семей және Шығыс Қазақстан облысына Украинаның Запорож, Ворошиловоград, Сталинск облыстарынан келген немістер қоныстандырылды [92, 39-43 бб.].

КСРО немістер мен Германия арасында тығыз қарым-қатынас болмаса да, жоғарғы билік олардан қауіптеніп, Еуропамен шекаралық аймақтардағы «келімсек» ұлттардың барлығын Орта Азияға көшіруге тырысты. Қазақстан территориясында немістер көбейе бастады. Қазақ даласы депортацияланған халықтардың қоныстану орталығына

айналды. Әрбір төртінші неміс Қазақстанға жер аударылған [28, 262 б.].

Шығыс Қазақстан территориясына 1941 жылы 35000 неміс қоныстандырылды. Немістерді Орта Азияға жеткізу Түркістан – Сібір және Томск теміржолы арқылы іске асырылды. Оның ішінде 18000 адамды Семей облысына, 17000 адамды Шығыс Қазақстан аймағына көшіру жоспарланды. Қазақстанның әртүрлі аймақтарына шамамен 350-400 мыңдай неміс жер аударылды [15,50]. Бұл кезеңде көшірілген немістер жайында Шығыс Қазақстан облысының қазіргі заман тарихы құжаттары орталығында көптеген деректер сақталған.

Олар бір ғана ауданға орналастырылмай, облыстың әр ауданына 500 адамнан 5400 адамға дейін қоныстандырылды. Олар негізінен, қазақтар ірге сөкпей тұтас отырған аудандарға емес, орыс және украин ұлтының өкілдері шоғырланған аудандарға қоныстандырылды. Немістер негізінен, облысымыздың 12 ауданына бөлінді. Қалай дегенмен, бұл кездегі Қазақстан арнайы қоныс аударылғандарды қабылдауға дайын емес еді [15,52].

1941 жылы Волга бойынан (Поволжьядан) 374 225 адамды көшіру жоспарланды. Барлығын бір күнде көшіру мүмкін емес еді. 3 қыркүйекте 11 эшелон дайындалып, 10 эшелонға 5 265 жанұя, яғни 23 607 адам отырғызылды. 1 эшелон санитарлық тазалаудан дер кезінде өтпей, кешігіп қалады. Ол бір күн кешігіп, 4 қыркүйекте Қазақстанға аттанды [92, 71 б.].

Оларды көшіру темірдей тәртіппен ұйымдастырылды. Бірақ кемшіліктер де болмай қалмады. Жол соқты болған немістерге Орал бекетіне келгенде тамақпен берілмеуі ұйымдастыру ісіндегі олқылықтарды байқатты [92, 71 б.]. Үш эшалон адам аштыққа ұшыраған. 1941 жылдың 8 тамызында Қазақ КСР Ішкі істер халық комитетінің орынбасары Богданов Мәскеуге арнайы қоныс аударылған адамдарды қабылдауға жергілікті биліктің дайын екенін хабарлап, есеп берген [92, 84 б.]. Есепте шын жағдай жасырылған. Оған осы жылдың 13 тамызында Алматы арқылы Семейге жол тартқан №725 эшелонының азық-түлікпен қамтамасыз етілмей қалғандығы жайлы құжат дәлел. Ашыққан немістерге бюджеттен 32 000 сом ақша бөлу ісі кешігіп, олардың ашыққан кездері де аз болмаған [92, 91 б.].

Эшалондар белгіленген пункттерге жеткенге дейін талай адам көз жұмып, талай нәресте дүниеге келді. Мысалы, 1941 жылдың 14 қыркүйегінде Шығыс Қазақстанға бет алған №725 эшелоны Семейге

тоқтайды. Астрахан облысынан Семейге келгенге дейін тиелген 2 039 адамның 18-і Семейге жетпей жан тапсырған. Олардың біреуі жолда тұтқындалады, үшеуі денсаулығына орай, жолдағы медициналық тірек пункттерге қалдырылды, біреуі қаза болып, қалғандары жолда қашып кеткендер есебіне енгізілді [92, 101 б.]. Ал Аягөз арқылы Абыралыға жеткізілген №733 эшелонында 2 адам ауырып жолда түсірілген және 5 адам дүние салып, 5 нәресте дүниеге келген. №734 эшелонымен Көкпектіге аттанған 2177 адамның жолда үшеуі қайтыс болып, жолшыбай үш бала дүниеге келген. Ал 4 неміс белгісіз себептермен жолда түсірілген. Тура осындай жағдайлар Шарға әкелінген немістер арасында да болды [92, 147-149 бб.]. Новошульбаға жеткізілуі тиіс 1 692 адамның біреуі денсаулығы жарамай жолда түсірілген, 3 адам жолдағы бекеттерде белгісіз себептермен қалып қойған. Осы эшелонда үш сәби дүниеге келген екен [92, 154 б.].

Саяси қысымға, жол ауыртпашылықтарына ашынған немістердің кейбірі жолда күзетшілерді қорқытқан. Олармен ерегесіп, төбелескендері де болған. Осы жылдың 17 қыркүйегінде Шығыс Қазақстанға бет алған эшелонда Карл Александр деген азамат күзетшілерге барлық немістер бірігіп сендерді өлтіреміз де орманға қашып кетеміз деп қоқан-лоққы көрсеткен [92, 110 б.].

КСРО НКВД-сының арнайы қоныс аудару бөлімінің бастығы Ивановтың есебі бойынша, көшірілуге тиісті 868 588 адамның 607 327 аттандырылған. Ивановтың осы есебінде немістердің Қазақстанға баруға құлықсыздығы, олардың жергілікті халықтың тілін, мәдениетін білмейміз, бізді Ресейдің басқа аймақтарына апарыңдар деген ұсыныстар жасағаны жазылған.

Кесте 8 – 1941 ж. 1 карашасына дейін көшірілген немістердің саны және аймақтарға орналастырылуы [92, 168 б.].

Қоныстану аймақтары	**Жоспардағы көшіру**	**Олардың ішінде**		**1941 ж. 1 қарашасына дейін көшірілгендері**
		негізгі	қосымша	
Қазақ КСР	467 600	163 600	304 000	238 811
Алтай өлкесі	110 000	95 000	15 000	94 799
Красноярск өлкесі	75 000	75 000	-	77 259

Новосибирск облысы	130 988	100 000	30 988	116 612
Омск облысы	85 000	85 000	-	80 340
Барлығы	868 5888	518 600	349 988	607 327

Жоспар бойынша, көшірілуі қажет немістердің жартысынан астамы Қазақстанға жіберілген. Үздік-создық көш 1942 жылы да жүріп жатты. 1941 жылдың 25 қарашасында Қазақстан аумағына көшірілген немістердің саны 310 195-ке жетті. Олар Қазақстанның 12 облысына орналастырылды.

Кесте 9 – Қазақ КСР облыстарына қоныстандырылған немістердің саны(25.12.1945ж.) [92, 169 б.].

Облыстар	Жоспардағы көшіру	1941 ж. 25 карашасына дейін көшірілген
Оңтүстік Қазақстан облысы	48 000	23 832
Жамбыл облысы	41 000	20 994
Солтүстік Қазақстан облысы	60 000	48 303
Алматы облысы	30 000	8 764
Актөбе облысы	15 000	5 554
Павлодар облысы	45 000	43 202
Қостанай облысы	60 000	30 010
Акмола облысы	60 000	56 753
Шығыс Қазақстан облысы	32 000	28 036
Қарағанды облысы	29 600	8 304
Семей облысы	50 000	33 272
Қызылорда облысы	15 000	3 508

Немістердің қоныстануы жағынан Семей облысы Қазақстанда 3 орынға шықты. Бұған қоса, Семей облысына кейіннен 4 898 адам тағы жіберілген. 1941 ж. 25 қарашасына дейін Семей облысы мен Шығыс Қазақстанға келген немістер санын қосар болсақ, Қазақстанның Шығыс аймағына 66 206 неміс қоныстанды.

Олардың ұжымшарларда (колхоздарда) тұрғызылып жатқан үйлерге қоныстандырылуы керек болған. Бірақ дайын үйлер аз еді. Ауылдағы ер азаматтардың соғысқа аттануы мен қыстың қатты болуына байланысты құрылыс қарқыны тежеліп қалған болатын. Осындай себептерге байланысты, олардың келе сап үйге кіргендері некен-саяқ болды. Дайын үйге қоныстанбағандарына «Сельхозбанк» арқылы үй тұрғызуға немесе ескі үйлерді күрделі жөндеуден өткізуге

2 мың сом көлемінде несие берілді. Ол қарыз 5 жылға берілді және қайтарымы жылына 3% көлемінде белгіленді. Несиені өтеу 2 жылдан кейін ғана басталды [93, 180 б.].

Немістердің арасында жолшыбай ата-аналарынан айрылған немесе бөлек аудандарға, тіпті Қазақстанның басқа облыстарына бөлініп кетіп, туыстарынан жырақтап қалғандары да көп болды. Әсіресе, Кавказдағы немістерді асығыс-үсігіс, бейберекет көшіргендіктен, етжақын туыстар бірін бірі жоғалтып алды. Олар кейіннен жақындарына іздеу салып, табысуға тырысқан. Мысалы, Кавказдан Ақмола облысына жер аударылған Цайзер Эрно Альберт әке-шешесін іздеп, Семей облысындағы НКВД бөлімшесіне хат жібереді. Жалғыздықтан жапа шегіп жүрген ол өз хатында Семей өңіріне Кавказ немістерінің қоныстандырылғанын айта келіп, әке-шешесінің аты-жөнін атап, тауып беруді өтінген [94, 132]. Бірақ бұндай туыстарынан айрылған немістерге жөнді көмек берілген жоқ. Қайта оларды туыстарын іздеп, қашып кетуі мүмкін деген күдікпен НКВД есепке алып, басқан қадамдарын аңдып отырды.

Немістердің келуі жергілікті атқарушы мекемелерге көптеген қиындықтар туғызды. Оларды жұмыспен, үймен қамту үлкен жұмыс еді. Бұл шаруалар аймақтардағы Коммунистік партия бөлімдерінің бірінші хатшыларына тапсырылды. Олар орталықтың нұсқауларын бұлжытпай орындауға тырысқанымен проблемалар жылдам шешілген жоқ. Ең қиыны - азық-түлік мәселесі еді. Сол кездерде бөлінген қаражат пен азық-түлік қорының талан-таражға түскендігі туралы деректер молынан кездеседі.

Бұл мәліметтерден шығатын жалпы қортынды – мемлекет арнайы қоныс аударылғандарды қарсы алуға, олардың тұрмысын ұйымдастыруға дайын болмай шықты. Азық-түлік жетіспеушілігіне тұрғын үй мәселесі қосылып, немістердің жағдайы ауырлай берді. Оларға арнап үйлер салу бұрнағы жылдары қарастырылмаған болатын. Сондықтан немістерді тақыр жерге келді деуге болады. Немістер алғашқыда босап қалған қоғамдық ғимараттарға, құлағалы тұрған иесіз үйлерге орналасқан. Тіпті сыймаған жағдайда, жергілікті халықтың асырауына берілген.

Немістердің тұрмыстық жағдайын тұрақтандыруға жоғарыда айтылған несиенің де көмегі шамалы болды. 1941 жылы 28 тамызда шыққан Үкімге байланысты немістерге барған жерінде үй мен тұрғын үй құрылысына несие берілетін болған. Арнайы қоныс

аударылғандардың көбі арнайы қордан бөлінуі тиіс бұл несиеге де қол жеткізе алмады.

Шығыс Қазақстанға келген немістерге медициналық көмек те дұрыс көрсетілмеді. Самар ауданында немістер арасында түрлі сырқаттар тараған. 1941 жылдың қазан айында балалардың арасында қызылша індетке айналды. Самар поселкесінде 15 күн ішінде 21 бала осы аурудан шетінеген. Індеттің етек алуына әлеуметтік жағдайдың нашарлығы тікелей әсер етті. Немістер арасындағы аштық пен тұрмыстың нашарлығы, қарапайым медициналық көмектің болмауынан қызылша, безгек, өкпе қабынуы сияқты аурулар өршіген [16, 82].

Көшіп келгендерді жұмыспен қамту да қиын мәселенің біріне айналды. Немістер үшін жұмысқа тұру аштықтан құтылумен тең еді. Себебі, сол кездері жұмыс істеген адамның жалақысы ретінде тамақ берілетін болған. Немістер де тылдағы ауыр еңбекті атқаратын арзан жұмыс күші саналды. Арнайы қоныс аударылған немістердің көпшілігі білікті мамандар еді. Олардың арасынан агрономдарды, мал өсіру мамандарын, есепшілерді, қырнаушыларды (токарь), инженерлер мен механиктерді кездестіруге болатын. Жоғарғы білімі бар мұғалімдер мен дәрігерлер, экономистер қатары да аз емес еді. Көшірілген немістердің ішінде 12-14 мыңға жуық адам жұмысқа жарамды болып саналды. 1941 жылдың қазан айының мәліметтері бойынша, жұмысқа жарамды адамдар саны Киров ауданында 959, Самар ауданында – 1251, Бұқтырма ауданында – 442, Шемонаиха ауданында – 1058, Күршім ауданында – 913, Зырян ауданында – 879, Большенарым ауданында – 1040 болған [16, 83]. Жергілікті органдар шұғыл түрде арнайы жер аударылғандарды өндірісте, ауыл шаруышылығында еңбекке қосуға тиіс болды.

Бірақ «сенімсіз» ұлттың өкілі болғандықтан, немістер қанша білікті маман болса да жұмысқа тартылмады. Дәл осы себеппен немістер Екінші дүниежүзілік соғыстың алғашқы жылдарында майданнан аластатылған болатын. Жоғарыдан қаншама нұсқау түскенмен, немістерді тылда да жұмыспен қамтамасыз ету өте баяу жүргізілді. «Сенімсіз» айдары тағылған немістер негізінен, қара жұмыстарға ғана жегілді. Тіпті оларға жергілікті тұрғындармен араласуға, жарылғыш заттарды өндіретін зауыттарда жұмыс істеуге тыйым салынып, немістер қатаң тәртіпке қалтқысыз бағынуға тиіс болған. Ал жұмыс уақыты мен жалақы жалпыға ортақ талаптарға сәйкес белгіленді [95, 68 б.]. Немістерді Кеңес билігі шикізат қазу

жұмыстарына, көлік және темір жолдарының құрылыстарына, дамбылар салуға және орман шаруашылығындағы қара жұмыстарға пайдаланды.

Немістер ауыр жұмыстың көлеміне сай, 1500-2000 адамнан тұратын еңбек жасақтарына бөлінді. Бұл отрядтар 250-300 адамнан, кей жерлерде 500 адамнан тұратын колонналарға жіктелген. Колонналар өндіріс қажетіне қарай, бригадирге немесе шеберге бағынатын 35-100 адамнан тұратын бөлімшелерге бөлінді [95, 69 б.]. «Еңбек армияларында» казармалық тәртіп орнатылды. Жұмысшылар барақтарда жатты. Ішкі тәртіпті кестеге сай отряд басшы немесе лагерь басшысы бақылады. Әр баракта тазалыққа жауапты адамдар болды. Олар көбінше ауыр жұмысқа денсаулықтары жарамайтындар арасынан таңдалды. Барақтарды ГУЛАГ сарбаздары күзетті. Жұмысшыларға белгіленген аумақ ішінде бірі-біріне барып, араласып тұруға рұқсат етілген. Таңертең және жатар кезде оларды түгендеп, санап отырған [95, 70 б.].

Қара жұмысқа еңбекке жарамды 16-55 жас аралығындағы ер азаматтар мен 16-45 жас аралығындағы әйелдер жегілген. Тек жүкті және 3 жасқа толмаған баласы бар әйелдер ғана еңбек армиясына алынбайтын болды. Ал жасы үштен асқан балаларды қара жұмысқа алынғандар туыстарына, егер туыстары жоқ болған жағдайда, неміс колхоздарына тастап кететін болған. Жалпы алғанда Қазақстанға 103 905 неміс әкелініп, олар еңбек армиясына жөнелтілді [95, 71 б.].

1941 жылдан бастап Бұқтырма ауданына немістер қоныс аударыла бастады. Осы жылы ауданға 376 неміс отбасы көшіп келді. Ер адамдар 186, әйел заты 471, 16 жасқа дейінгі балалар 319 болды. Осының ішінде 538 адам қара жұмысқа алынды. Оның 531-і жұмыс істеді де, 7-еуі үй шаруасындағы әйелдер ретінде жұмысқа шығарылмады. 18-19 жастағы 71 бозабала мен бойжеткен жеңіл жұмыстарға тартылды. Ауданға қоныстандырылған немістер ауыл шаруашылығында, саудада, денсаулық сақтау саласында, білім беру орындарында, байланыс бөлімшелерінде, жүн-тері жинау пункттерінде, орман шаруашылығында, түсті металл кеніштерінде еңбек етті.

Олардың тұрмыс ахуалдарын жергілікті ұйымдар бақылап отырған. Әр жылдың соңында өзге ұлттардың тыныс–тіршілігі жайында жоғарғы жаққа анықтамалар жіберіліп отырды. Бұған аудандағы бақылаушы Е.Айманов мырзаның Шығыс Қазақстан

облысы обкомының басқарма меңгерушісі Жүнісівке жолдаған анықтамасы дәлел [96, 34].

Е. Айманов анықтамасында немістер арасындағы қылмысқа тоқталған. Бірақ анықтамадан байқайтынымыз, немістер ауыр қылмыстарға бармаған. Қылмыстың көбі әкімшілік құқық бұзушылықтар. Мәселен, неміс әйелі Молярвейннің толық емес жанұялар мен баласыз аналарды мемлекеттің салықтан босатқаны жайлы жалған өсек таратқан. Өзі екі жыл бойы салық төлемеген. Қылмыстық кодекс бойынша, Молярвейн алты айға қара жұмысқа кесілген [96, 35].

1941 жылы қоныс аударылған немістер арасында 7 коммунист болса, 1949 жылы олардың саны екі адамға кеміген [97, 36]. Біреуі партия билетін жоғалтқандығы үшін, екіншісі өз өтінішімен партия қатарынан шыққан. Ал Жоғарғы Убинск ауданында Фауст Андрей Андреевич партияға қарсы пиғылы үшін мүшеліктен шығарылған. Ол «Гигант пятилетки» ауылдық кеңесінің төрағасы Вятчин мен оның жолдасының өміріне қауіп төндіргені үшін 10 жыл бас бостандығынан айырылған [96, 42].

1941 жылы арнайы қоныс аударылғандардың көбеюіне байланысты, НКВД облыстық көші-қон бөлімдерінің жұмысына тексерістер жүргізеді. Тексеріс нәтижесінде көптеген көші-қон жұмыстарындағы олқылықтар анықталады. 1941 жылға дейін қоныстандырылған жұртты есепке алу мен оларды тіркеу ісінде сәйкессіздіктер шыққан. Мәселен, Шығыс Қазақстан немістерінің тізімінен қашып кеткен 60 адам шығарылмаған. Олардың 42-сі 1938 жылы із жасырып кетсе, 11-і сол жылы қашып кеткен. Сонымен қатар 1938-1939 жылдар аралығында 38 адамның қайтыс болғандығы тіркелмесе, жаңадан келген 32 адам мен дүниеге келген 63 сәби тізімге алынбаған [14, 94 б.].

КСРО НКВД-сы 1942 жылдың 10 қыркүйегінде №42 145982 қаулысын шығарды. Қаулы бойынша, КСРО немістеріне Қазақ КСР-іне, Алтай, Красноярск өлкелеріне, Новосибирск, Омск облыстарына қоныстануға рұқсат беріледі. Осы қаулы негізінде Ресейдің басқа аймақтарына кетіп, бір-бірінен адасып қалған немістер табысып жатты. Сонымен қатар арнайы қоныстандырылған немістердің арасындағы мүгедектерге Ресейдің ішкері аумағында қалып қойған неміс аудандарына оралуға рұқсат етілді [97, 34 б.]. Бірақ кеткендер көп болмады, себебі, соғыс жүріп жатқан кезде сапар шегу қауіпті еді.

1942 жылдың 9 қазанында Семей облыстық компартия бюросы неміс қоныстарын жұмыс коллонналарына жұмылдыруға қаулы шығарады. Солтүстік Кавказдан, Белоруссия мен Украинадан көшірілген, сонымен қатар соғысқа дейін келген немістердің барлығы тылдағы еңбекке жұмылдырылды. Олар барлық жұмыстарға салынды. Көмір және мұнай кәсіпорындарына 15 жастан 55 жасқа дейінгі әйелдер мен ер азаматтар жаппай қара жұмысқа алынды [98, 11]. Бұдан тек жүкті әйелдер мен 3 жасқа дейінгі балалары бар әйелдер ғана босатылды. 3 жастан асқан балалар туыстардың немесе ұжымшар қамқорлығына қалдырылған.

Семей облысындағы еңбекке жұмылдыру жұмыстары НКВД-ның облыстық бөлімшесінің бастығы Плодоваға және облыстық әскери комиссар Мешкинаға жүктелді. Олар неміс поселкелері орналасқан Белағаш, Ново-Шульба, Бородулиха, Жаңа-Семей, Абыралы, Абай, Көкпекті, Ақсуат, Жарма, Шар, Георгиевка, Аякөз, Шұбартау, Үржар аудандарында қара жұмысқа алу пункттерін ұйымдастырды. Еңбек отрядтарын түсіретін соңғы пункттерге дейін анықталды [98, 11].

Неміс аудандарында тізім жасау жұмысы жедел түрде жүргізілді. 15 қазанға дейін ер адамдарды, 20 қазанға дейін әйел адамдарды есепке алу аяқталып, 20 қазанда ер адамдардан, 5 қарашаға дейін әйел адамдардан еңбек жасақтары құрылуы тиіс болды. Семей облысына шешім құжаты 1941 жылдың 9 қазанында жеткенін ескерсек, жұмылдыру жұмыстары шұғыл атқарылғанын байқаймыз. Ерлер әскери комиссариаттарға шақырылып, сол жерлерде арнайы дәргерлік тексеруден өткізілді. Ал әйелдер үшін әр ауданға арнайы көшпелі комиссия шығарылды. Комиссия еңбекке жарамды деп тапқан адамдардың тіркеуге келетін уақыттары белгіленді. Сонымен қатар оларға қысқы киімдері мен үйдегі киюге жарамды киім-кешекті алып келу тапсырылды. 10 күнге жететін тамақтарын қамдау да жұмысшылардың өздеріне жүктелді. Егер белгіленген уақытта тиісті орынға келмесе, қылмыстық іс қозғалатын болған. Тәлкекке түскен тағдыр иелері тағы да зорлықтың күшімен өндіріс орындарына аттанды. Арттарында қалған балалардың тағдырын Кеңес өкіметі аудандық партия ұйымдарына жүктеді [98, 12].

Кейбір неміс ауылдары қаңырап қалды. Жоғарғы жақ иесіз қалған колхоздар мен совхоздарға эвакуация жасалған қала тұрғындарын көшірді. Қала тұрғындарын 10 күн ішінде көшіру,

қажет болған жағдайда қайта көшіру аудандық партия комитетінің мойынында болды [98, 13].

1944 жылы Солтүстік Кавказдағы халықтарға да «сенімсіз ұлт» деген айдар тағыла бастады. Осы ұлттармен қоса, кезінде сол аймаққа қоныстандырылған немістер де Қазақстанға көшіріле бастады. Осы жылы арнайы қоныстандырылғандардың тұрмыстық қиыншылықтары Қазақстан КП/б/ ОК-нде бірнеше рет талқыланады. Көшірудегі кемшіліктер жұмысқа жарамсыз адамдардың көбейіп кетуіне әкеліп соқты. Мысалы, Өскемен гидростанциясын салуға жіберілген арнайы қоныстандырылған азаматтардың көпшілігі құрылыс салуға жарамсыз болып шықты. Нәтижесінде жұмыс қарқыны төмендеген. Қазақстан КП/б/ ОК Өскемен облыстық партия комитетіне арнайы қоныстандырылғандарды орналастыру кезінде оларды денсаулықтарына қарап іріктеуді тапсырады [99, 1-2 бб.]. Сырттан ағылған көштің үдеуі жергілікті мемлекеттік мекемелерді бұрын соңды кездеспеген әртүрлі тығырықтарға тіреді. Жергілікті орталық партия комитеті тәжірибенің аздығынан арнайы қоныстандырылғандарды бір орыннан екінші жерге қайта көшіруге мәжбүр болған кездері де кездеседі.

1944 жылы да Қазақстан көшіп келуші азаматтарды күтіп алып жатқан болатын. Осы жылы көші-қон жұмыстары үшін мемлекет тарапынан Семей облысына 650 мың, кейіннен қосымша 301 мың сом қаражат бөлінеді. Бұл қаржы оларды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін бөлінген болатын. Семей облысы бойынша, 177 үй тұрғызылса, шұғыл түрде 303 үй сатып алынды. Бұған қоса, 619 үй күрделі жөндеуден өткізілді. 1945 жылы жоспарланған 2150 үйдің орнына 2287 баспана бой көтерді. Қосымша 664 үй жөндеуден өтікізілген. Бөлінген ақша үйлердің терезесіне әйнек орнатуға ғана жетпей қалады. Қазақстанға 1946 жылы әкелінген 5479 жанұя үймен қамтамасыз етілсе, 1373 отбасы колхозшылар үйіне орналастырылды [100, 230 б.].

Бірақ бұл үйлерде жылу мен жарық болмады. Үйлерді көмірмен, ағаш отынмен қамтамасыз ету дұрыс қадағаланған жоқ. Үржар ауданына қоныстандырылғандардың тұрмыс жағдайы өте ауыр болды. Мәселен, Молотов колхозына қоныс аударылғандар отбасыларға тұруға жарамайтын тұрғын жайлар берілген. Бұндай жағдайлар барлық аудандарда кездескен [94, 166]. Мысалы, Аякөз және Үржар аудандарының инспекторларына сөгіс жарияланып, берілген мерзімде жағдай реттелмесе, мемлекеттік тапсырманы

орындамағаны үшін инспекторлардың сотқа тартылатыны ескертілген [94, 118]. Шығыс Қазақстанда немістердің үй-жайын реттеуге өлкенің өз ресурстары жұмсалды. Мұнда жер аударылған немістердің бір бөлімі орман шаруашылығында жұмыс атқарды. Көпшілігі өздерінің үйлерін өздері салып алды.

Жергілікті басқару ұйымдары арнайы қоныс аударылғандарға жер бөліп беруге тиіс болатын. Бірақ Облыстық атқару комитетінің қоныс аударылған және эвакуацияға ұшыраған тұрғындарды орналастыру бөлімінің бастығы Борисовтың 1945 жылғы 30 наурыздағы бұйрығынан олардың төрт жыл бойғы әлеуметтік жағдайын байқауға болады. Бұл бұйрықта тұрғын үй мәселесінің шешілмей жатқандығы аталып, ауыл шаруашылығы банкісі мен аудандық бөлімшелерге тұрғын үй мәселесін шешуді жеделдету тапсырылған. Борисов тиісті лауазым иелеріне егіс науқаны жақындап келе жатқанын ескертіп, арнайы қоныс аударылғандарға аула маңы жерлері мен тұқымдық дақылдарды уақтылы беруді тапсырған [94, 128].

Соғыстан кейін де, мәселен, 1946 жылдың 1 маусымына дейін Семей облысына 5 708 шешен жанұясы немесе 21 132 адам және 9 448 неміс жанұясы немесе 29 294 адам көшіп келді. Немістердің 19456-сы колхоздарға, 381-і совхоздарға, 8 712-сі өндірістік елді мекендерге қоныстандырылды [97, 229 б.]. Салынған үйлер бәріне жетпеді. Бірақ соғыстың басында көшірілген немістердің тұрмысымен салыстырғанда жағдайлары тәуір болған. Себебі, кейінгі келген немістерге сол жылдың өзінде-ақ, тұрғын үй несиелері беріле бастаған.

Мысалы, арнайы қоныстандырылғандарға арнап Үржар ауданы «Жаңа тұрмыс» колхозына 51 мың, Молотов атындағы колхозға 47 мың, Елтай ауылына 22 мың, Қызыл жұлдыз ауылына 22,5 мың сом несие бөлінді. Қаржы арнайы қоныстандырылғандарды үймен қамтамасыз етуге жұмсалды. Бұған қоса құрылыс материалдары да бөлініп отырған. Кейбір жерлерде құрылыс жабдықтары негізігі мақсатқа жұмсалмағандығын байқаймыз. Мұрағаттарда Шар ауданына бөлінген 111 куб метр құрылыс ағашының талан-таражға түскені туралы дерек бар [100, 231 б.].

Соғыс біткеннен кейінгі жылдары жергілікті халықтың тұрмысы соғыс зардаптарынан айығып кете алмады. Жергілікті тұрғындар да жоқшылықтың нәубетін тартты. Осыған орай, арнайы қоныстандырылғандарға бөлінген қаржылық көмектер кейбір

жағдайларда жергілікті халыққа қоса таратылған. 1945 жылы Көкпекті аудандық кеңесінің төрағасы Ларин арнайы қоныс аударылғандардың қорынан 8,9 тонна ұн, 3,9 тонна дәнді-дақылды жергілікті жұртқа бөліп бергені үшін облыстық атқару кеңесінің комитетінен сөгіс алған [100, 232 б.]. Жергілікті халық арнайы қоныстандырылғандарға жасалынған жәрдемге наразы болған. Оларды «келімсек» санап, бөле-жара көрсетілген көмек астарын ұғынбай, жергілікті билікке наразылық танытқан. Жоқшылыққа батқан жергілікті халыққа жаны ашыған ауылдық кеңес төрағалары арнайы қоныстандырылғандарға бөлінген азық-түліктен беріп отырған. Бұндай жағдайлар біліпін қалған кездерде, ауылдық кеңес төрағаларына сөгіс беріліп, кейбіреулері тіпті жұмыстан аластатылып отырған.

1944-1946 жылдар аралығында Семей облысында Солтүстік Кавказдан көшірілген арнайы қоныстандырылғандар арасында киім–кешекке өте зәру адамдарға 5000 пар пима, 1782 пар етік, 3640 күрдек, 150 тон, 7500 метр мата таратылған. Негізінен, әр адамға 2,5 метр мата берілуі тиіс болған [100, 232 б.].

Үржар ауданында таратылуға тиісті маталардың 49 метрі 1 мамыр мейрамын өткізуге жұмсалса, Аякөз ауданында арнайы қоныстандырылғандарға арналған костюмдердің 18 данасы жетістікке жеткен малшыларға сыйға берілген [100, 233 б.]. Басшылардың бөлінген заттардың біраз бөлігін жергілікті халыққа берілуін қалағандары анық байқалады. Олар ел үшін адал қызмет атқарып жүрген азаматтарға көмек беріп отыруды қалаған.

Бұл жерде айта кететін бір жайт, жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайы арнайы қоныстандырылғандардың жағдайынан да төмен болған. Олар да тамақтарын әзер тауып, колхозға жалақысыз көмек көрсетіп отырған. Соғыс кезінде тылда еңбек етіп, нанды ғана талғажау еткен халықты көзімен көріп отырған жергілікті басшылар сырттан келген әрі өкімет «сенімсіз» санаған ұлт өкілдеріне үрке қарағандығы рас. Оларға арнайы жасалған мемлекет көмегі жергілікті басшыларға да ұнамады. Сондықтан берілген заттарды жергілікті халықпен бөліскенді жөн көрген кездері болып тұрды. Арнайы қоныстандырылғандарға бөлінген жәрдем түрлерін жергілікті халыққа таратып беру жайттары кездекенімен, түгелдей таратылды деуге тағы болмайды.

Арнайы қоныстандырылғандарға берілген көмектер олардың барлығына жеткілікті болмаған. 1946 жылы көктемгі егін науқаны

кезінде етік пен сырт киімнің жетіспеуіне және денсаулықтарының жарамауына байланысты 2074 адам жұмысқа шыға алмаған. Осыны ескерген билік орындары 1946 жылдың 1 маусымына дейін Семей облысына арнайы қоныстандырылған 50 426 адамды 33 000 аяқ киіммен және жатын орындарымен қамтамасыз етуге шешім қабылдаған. Бұған қоса, 16 000 шешен мен 17 000 неміске киім-кешек берілген [100, 233 б.].

1945 жылы 26 маусымда КСРО Халық Комиссариаты Кеңесі № 1492-340с қаулысымен Қазақ КСР-і, Алтай және Краснодар өлкесі, Новосібір, Омск, Тюмень облыстары колхоздарындағы арнайы қоныстандырылған отбасыларға 10126 ірі қара, 2262 жылқы бөлуге шешім қабылдайды [101, 229 б.]. Бұл көмек аймақтарға арнайы қоныстандырылған миллионнан астам адамға мүлдем жеткіліксіз болды. Орталық биліктен бөлек, Кеңестік Республикалар да арнайы көмек көрсетіп, оларға қосымша мал-мүлік беріп отырған.

1944-1945 жылдары Семей облысының ауылды жерлеріне арнайы көшірілген адамдарға 3493 ірі қара, 12 883 ұсақ мал беріледі және осы малды қыстан шығару үшін шөп дайындалған [100, 234 б.]. Соғыс жылдарында қоныстандырылғандарға қарағанда кейінгі келгендерге көмек дұрысырақ жасалған. ҚКП/б/-ның Семей облыстық комитетінің хатшысы А.Гарагаштың Мәскеуге жіберген анықтамасында облыстағы арнайы қоныстандырылған азаматтардың жағдайының тәуір екені, оларға көмек беріліп жатқандығы жазылған. А. Гарагаш кеңшар немесе ұжымшар басшыларының кемшіліктеріне көп тоқталмаған.

Мәскеу мұрағаттарында бұл анықтаманың шынайы ахуалдан ауытқығаны талқыланған құжаттар кездеседі. Онда Семейден келген анықтаманың нақты жағдайдан алыс екені, арнайы қоныстандырылғандардың тұрмысының нашарлығы баян етіледі. Олардың көпшілігінің жартылай салынған, әлі бітпеген үйлерде тұрып жатқандығы, берілген қаражаттың жетіспеуіне қарай, жертөлелерде тұрып жатқан адамдардың да бар екені айтылады. 10-12 шаршы метр баспанада 2 тіпті 8 жанұяның тұратындығы, оларға үй салуға берілген қаражат пен құрылыс материалдарына ешкім бақылау орнатпай, осының кесірінен салынған үйлердің бараққа ұқсап кеткендігі, құрылыс нормаларына мүлде сай келмейтіндігін анықтаған. Көшіп барғандар үй тұрғызуға берілген қаражаттың бір бөлігін шаруашылық құралдарын алуға ұстап жіберген. Ал үйге керекті құрылыс материалдарын осы себепті жеткілікті дәрежеде

алмаған. Бұндай оқиғалар Үржар ауданының Молотов, Бородулиха ауданының «Новая жизнь» колхоздарында болған [100, 244 б.]. Мұндай жағдайлардың өзіндік себептері де бар. Біріншіден, арнайы қоныс аударғандарға жергілікті билік бірден көмек бере алмады. Екіншіден, арнайы көшірілгендер өз Отандарында диқаншылықпен, егіншікіпен айналысқан халықтардың өкілдері еді. Осыған орай, олар бастапқыда баспаналарын аз шығынмен салып, берілген қаражаттың біраз бөлігіне құрал-жабдықтар, егістік жерлерін қоршайтын дүниелер сатып алған болатын. Оған жергілікті басшылық түсіністікпен қарағанымен, тексеруші органдар қаражаттың өз мақсатына жұмсалмағандығына наразы болды. Осылайша жергілікті органдар дұрыс анықтама бермеген әрі дұрыс бақылау орнатпаған деген айыптар мен сөгістер алып отырған.

Жергілікті басшылардың қателіктері де аз болмаған. Олар бөлінген қаражаттан жылдам құтылуға тырысқан. Мәселен, арнайы қоныстандырылғандар келе салысымен жергілікті билік оларға тиісті малдарын таратып береді. Көшіп келген баспанасыз жұрт үй тұрғызумен жанталасып жүргенде қыс түсіп, малға жем-шөп әзірленбей қалады. Осының кесірінен мал қырылып, берген көмек зая кеткен оқиғалар да кездескен [100, 246 б.].

1945 жылдың жазында Семей облысында қуаңшылық болып, арнайы қоныстандырылған халықтың бау-бақшасы, колхоздардың еккен егіні қурап кетеді. Осының салдарынан 1946 жылдың көктемінде арнайы қоныстандырылған халық қыстан шыға алмай қиналады. Бородулиха ауданының Киров колхозында 108 адам аштықтың аз алдында өмір сүрді. Осының ішінде 35 адам аштықтан ісініп, 34 адам көз жұмады. Осыдан кейін арнайы қоныстандырылғандарға 10 тонна азық-түлік бөлінді. Бұл азықтың 732 келісін колхоз төрағасы Бородин туыстары мен жақындарына бөліп берген. Қалған азық-түліктің жанұялардағы адам санын ескерместен, қалай болса, солай бөлінуіне байланысты қайғылы оқиғалар да болып тұрған [100, 247 б.]. Осыған орай, Мәскеуден арнайы өкілдер келіп, Семей облысының 8 ауданында тексеріс жүргізеді [100, 260 б.]. 8 аудандағы тексеріс нәтижесінде Бородулиха ауданы Киров колхозының ауылдық кеңесі төрағасының дұрыс жұмыс атқармағандығы, расында да азық-түліктің талан-таражға түскені анықталған.

1947 жылдың 1 қаңтарында Қазақстанда арнайы қоныстандырылған немістердің саны 323 476 жетті. Олардың 55756-

сы ер адамдар болса, 123181-і әйел адамдар, ал 144539-ы 16 жасқа толмаған балалар болды [102, 22 б.]. Олардың ішінде 2438 жоғары және орта кәсіптік білімдері бар азаматтар болса, 1861 адам өз мамандықтары бойынша еңбек еткен. Тракторшы, комбайн жүргізушісі, дәнекерші (слесарь), т.б. мамандық иелерінің саны 7635. Олардың арасында 7528 адам өз кәсіптерімен шұғылдануды қазақ жерінде де жалғастырған. Ол кезде жергілікті халық арасында техниканы меңгерген адамдар аз еді. Немістердің келуі бұзылып, тоқтап қалған немесе жүргізуші жоқ болып қаңтарылып тұрған техникаларға жан бітірді. Олар өздері көшіп келген аудандардағы ауыл шаруашылығының дамуына үлкен үлес қосты. Әсіресе, ауылды жерлерде таптырмайтын мамандар қатарын толықтырды. Мысалы, Аякөз ауданындағы немістердің арасынан 78 стахановшы шықса, 178 адам екпінділер қатарына енген. Семей ет комбинатының жұмысшысы Брихто өндірістік жоспарды 300-350 % артық орындап, айлық жалақысы 1500 сомнан 1600 сомға дейін жеткен. Тері өңдеу комбинатының жұмысшысы Янц жоспарды 250-300% артық орындаған [102, 24-25 бб.].

Ауылды жерлерге қоныстандырылған немістердің жағдайы, қалаға орналастырылған халықтың тағдырынан өзгеше құрылды. Олар жазда бау-бақшасын өсіріп, қысқа азықтарын өздері қамдайтын. Ал қалалы жерлерге өндіріске әкелінген немістердің жағдайы қиын болды. Семей ет коминатына жұмысқа тұрғызылған 53 отбасының күн көрісі ауыр еді. Оларды ескі, жыртық-жамау жатақханаларға орналастырды. Есіктері жабылмайтын, азынап тұрған бөлмелер суық болды. Жатақханаларда от жағып жылынуға болмайтын. Семейдегі тері комбинатына әкелінген жанұялар да арнайы барақтарға қоныстандырылды. Барақтардың терезелері мен есіктері салынып бітпеген еді. Комбинаттың шамасы бұл жұмысшыларға жағдай жасауға жетпейтін. Жағдайсыз тұрып жатқан оларды уақыт өте келе басқа шаруашылықтарға ауыстырып жіберген [102, 27 б.]. Немістер мардымсыз жалақымен өлместің күнін кешті. Айлық уақтылы берілмеген кезде тамақ жетпей ашқұрсақ жүретін.

Соғыс біткеннен кейін, 1947 жылдан бастап соғыстан қайтқан азаматтар өз туыстары мен әйелдерін іздей бастайды. Соғыста ерлік көрсетіп, қайсарлық танытқан азаматтардың жұбайлары мен туыстарына еркіндік беріле бастайды. Ерлерін сұрастырып, тиесілі құжаттарын тапсырған жағдайда, неміс әйелдерді арнайы поселкелерден босатылып, күйеулеріне жіберген. Шығыс Қазақстан

аумағында күйеулерін тауып, еліне қайтқан бірен-саран келіншектер кездеседі. Солардың бірі, Луиза Фернандовна. 1941 жылы оның күйеуі соғысқа аттанады. Туыстары сол жылы күзде Семей облысына жер аударылады. Луиза жалғыз қала алмай, бірге көшеді. Сөйтіп арнайы қоныстандырылғандар тізіміне енеді. 1947 жылы күйеуі И.Н.Азов әйелін арнайы қоныстан босатуды сұрап, КСРО Ішкі істер министрлігінің арнайы қоныстар бөліміне хат жазады. Тиісті мекемелер оң шешім шығарып, жолдасын арнайы қоныстан алып қайтқан [103, 5 б.].

Батушкина Марта Эдуардовнаның тағдыры да Луйзаның жағдайына ұқсайды. Күйеуі соғысқа шақырылғаннан кейін Варашиловград облысынан Семей облысына көшірілген. Жолдасы 1945 жылдың күзінде әйелін іздеп келіп, Семей облысына тұрақтап қалады. Ол әйелінің арнайы қоныс тізімінен шығарылуын өтінеді. Ұлты орыс болғандықтан және соғысқа қатысқандығы ескеріліп, оның өтініші қанағаттандырылады [103, 43 б.].

Неміс қыздары соғыс біткеннен кейін жергілікті орыстарға тұрмысқа шыға бастайды. Ұлты орыс азаматтарға тұрмысқа шыққаннан кейін немесе күйеулері соғысқа қатысқан жағдайда, олар арнайы қоныс есебінен шығарылып отырған. Мысалы, неміс қызы Бейтельшпахер Галина Теодоровна 1941 жылы Дондағы Ростов қаласынан Шығыс Қазақстан облысына көшіріледі. Галина Теодоровна 1946 жылдың 7 шілдесінде Илья Рудников деген орыс жігітіне тұрмысқа шығады. Күйеуінің өтініші бойынша, Галина арнайы қоныстандырылғандар тізімнен шығарылып, күйеуімен бірге көшіп кетуге рұқсат алады [103, 53 б.].

1941 жылы Тбилиси қаласынан Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданына қоныстандырылған Кизик Лидия Феодоровна 1942 жылы аталған ауданның азаматы, Ұлы Отан Соғысының ардагері, мүгедек украин жігіті А.Ф.Кизикпен тұрмыс құрады. Соғыс бітісімен жолдасы Мәскеуден зайыбының арнайы қоныс бақылауынан босату жайында өтініш жазады. 1946 жылы 24 тамызда өтініші қабыданып, Лидия Феодоровна еркін жүріп тұруға рұқсат алады [103, 286 б.].

Ақсуат ауылына көшірілген неміс қызы Киреева Леонтина Робертовна Қазақстанға көшірілгенге дейін орыс жігіті Леонид Киреевке тұрмысқа шыққан. 1941 жылы олар неміс отбасы ретінде Қазақстанға жер аударылды. 1942 жылы оның күйеуін Молотов қаласындағы өндіріс жұмыстарына алады. Леонтина Робертовна

Семей облысында НКВД бақылауында қалады. Леонид соғыс біткеннен кейін жанұясына оралып, Молотов қаласына көшуге, өзінің ұлты орыс болғандықтан жанұясын да НКВД тізімінен шығаруға өтініш түсіреді. Арнайы тексерістен кейін Леонтина Робертовнаға Ақсуаттан Молотовқа көшуге рұқсат беріледі [103, 291 б.].

Майдангер орыс жігіттеріне тұрмысқа шыққан неміс қыздарына толық тексеруден кейін ғана рұқсат берілген. НКВД-ның тізімі мен бақылауынан тек орысқа тиген әйелдер ғана босатылатын болған. Бірақ мұндай ерікті өмірге қол жеткізгендер саны көп болмады.

Соғыс жылдарында Бұқтырма ауданындағы немістер жоқшылықтан қатты қиналды. Оларды өкімет аса ауыр жұмыстарға салды. Баспана жетіспеді. 1941-1949 жылдар арлығында осы ауданда тұрмыс тауқыметінен 191 неміс көз жұмған. Дүние салғандар ішінде 81 ересек адам, 110 бала болған. Көпшілігі жұқпалы аурулардан көз жұмған [96, 37].

Бақылаушы әрі қызмет көрсетуші орталықтары ретінде Ішкі істер министрлігінің аудан бөлімшелері ашылды. Осындай бөлімше Бұқтырма ауданында болса, екінші бөлімше Попереченск селосында ашылды. Бөлімшелердің негізгі қызметі арнайы қоныс аударылған адамдардың белгіленген тәртіпті сақтауларын бақылау және тұрмыс-тіршіліктеріне жәрдемдесу болды. Бұл бөлімшелерде өтініш қабылдайтын журналдар ашылды. Оған қоныс аударылғандар өздерінің арыз-армандарын жазды. 1949 жылдың басынан 20-қыркүйегіне дейінгі қабылданған арыздар мынадай еді: 13 өтініште басқа елді мекенге көшу тілегі жазылған, 6 хатта жол жүруге рұқсат сұраған, 3 өтініште туыстарын табуға көмектесуді тілейді. Тұрғылықты мекендерін өзгертуге түскен өтініштерді бұл бөлімшелер Ішкі істер министрлігінің Облыстық Басқармасына жіберіп отырған. Әрбір қоныс аударылған жанұяға арнайы журнал ашылып, жағымды-жағымсыз жақтары тіркеліп, сараптама жасалып отырған. Айына бір рет бөлімше комендаты барлық жанұяларды аралап, тыныс-тіршіліктеріне бақылау жүргізуге тиісті болған [96, 37 б.].

1941 жылы Бұқтырма ауданына көшірілген немістердің арасындағы ауыл шаруашылығы мамандарының саны 30. Киномеханиктер 2, денсаулық сақтау саласында 2, ағартушылық саласында 5, байланыс бөлімінде 1 адам жұмыс істеген. Халыққа білім беру саласында олардың көпшілігі шет тілдерінің маманы есебінде жұмысқа алынды [96, 37 б.]. 1949 жылы Жоғарғы-Убинск

ауданындағы арнайы қоныс аударылған азматтардың балаларының білім алуына жағдай жасалды. Ондай балалардың жалпы саны 196 бала болса, оның ішінде неміс балаларының саны 75 еді. 1-4 сыныптар арасында 58 оқушы, 5-7 сыныптар арасында 14, 8-10 сыныпта 3 бала оқыды. Олардың барлығы дерлік орыс тілінде білім алды. [96, 4 б.]. Неміс балалары мектепте жергілікті балалармен бірге оқыды. Олар жастарына сай сыныптарға бөлінді. Егер мүлде оқымағандары болса, бастауыш сыныптарға қабылданды. Төменгі сынып бағдарламасын тез игеріп, қатарлас құрбыларына білім деңгейі жеткен кезде, жасы үлкендерді жоғарғы сыныптарға оқу жылының соңына жеткізбей ауыстырып отырған. Неміс балалары өздерімен бірге Солтүстік Кавказдан көшірілген шешен балаларына қарағанда ұғымтал, сабаққа тиянақты болғаны байқалады. Шешендер арасында баланы мектепке бермеуге тырысушылық немесе жасын өткізіп беру сияқты қылықтар кездессе, неміс ата-аналары балаларын мектепке беруге асыққан. Неміс балалары мектеп қабырғасында жүріп, колхоздағы қара жұмыстарға да көмектескен. Күзгі уақыттарда жергілікті халықпен бірге масақ теріп, әке-шешелеріне болысқан. Шешен ұлты өкілдері қыз балаларын мектепке бермей қиындықтар туғызса, немістер арасында ондай оғаш қылықтар байқалмаған.

1941 жылы Бұқтырма ауданынына арнайы қоныс аударылған 976 немістің 176-сы (балаларын қоспағанда) орыс тілін жетік білген. 149 неміс өз тілінде сөйлесе, 106 адам екі тілде еркін сөйлей алған. Көшіп келген немістердің 214 баласы мектепке алынды. Олар 108 ұл, 106 қыз болды. 23 бала болса мектепке бара алмаған. Мектеп жасындағы балалардың сабақтан қалуы ата-аналарының тұрмыс жағдайларының өте төмен болуымен байланысты еді. Бұқтырма ауданында арнайы қоныс аударылған балаларға неміс тілінде білім алуға мүмкіндік жасалмады [96, 36].

1949 жылғы есеп бойынша, Шемонайха ауданында арнайы қоныс аударылған немістер арасында неміс мәдениетімен байланысты шаралар өткізілмеген. Ондай мәдени шаралар байқалса дереу тоқтатылып, кеңестік мәдениет шаралары ғана қалдырылған. Миллер, Гербст, Райсих сынды неміс ұлтының өкілдері халық алдында сөз сөйлеп Кеңестік идеологияны насихаттауға ат салысқан. Аудан бойынша, 1200 арнайы қоныс аударылған жастар болса, олардың ішінде 34 адам ғана комсомол мүшелігіне алынған. Неміс ұлтының орта жастағы азаматтары аудан бойынша, 1862 адам болды.

Жоғары білімділері – 16, орта білімі барлар – 79, қалғандары шала сауатты. Аудандағы сауатты немістер саны мұрағат құжаттарында 34 деп көрсетілген. Олардың арасында 24 мұғалім, 4 дәрігер, 1 инженер, 1 жер өлшеуші тіркелген [96, 55].

Немістер арасында КСРО азаматтығын алмағандар да болған. 1949 жылы Шығыс Қазақстан облысындағы тізімдеуді қайта жүргізген кезде екі адамның Германия азаматы екені анықталған [104, 74 б.]. Бельнер Елизавета мен Фридриц Фриц уақытша куәлікпен жүрген. Оларға азаматтық беру мәселесінде қиындықтар туындаған.

1949 жылдың 7 ақпанында арнайы қоныстандырылғандар санағы жүргізіліп, қорытындысы шығады. Нәтижесінде Шығыс Қазақстан облысында 40 371 адам тіркелген. Олардың 24 817 адамы жұмысқа жарамды ересектер еді [104, 61 б.]. Ал Семей облысында арнайы қоныстандырылғандар саны 51 116 болады [105, 579 б.]. Олардың жартысынан көбі немістер болатын.

Кейбір немістер арнайы қоныстардағы тәртіптерге шыдамай, туған жерлерін сағынып, кейбірі КСРО саяси режиміне наразы болып, қашуға әрекеттенген. 1951 жылдың І жартысында Қазақстанға қоныс аударылған немістердің төртеуі қашып кеткен. Олардың екеуі көп ұзамай қолға түссе, екеуі табылмады. Осы жылдың ІІ жартысында арнайы қоныстандырылғандар арасынан 16 адам қашып кетуге талпыныс жасаған [106, 36-38 бб.].

1949 жылы Бұқтырма ауданымен салыстырғанда Ұлан ауданында қоныс аударылған немістер екі есеге аз болды. Ұлан ауданында өндірісте 572 адам, ауыл шаруашылығында 118 адам, басқа салаларда 9 адам еңбек еткен. 120 шаңырақ мал өсірген. Тек 9 отбасы ғана мал асырамаған. Жоғарғы билік Ұлан ауданындағы жергілікті бөлімше жұмыстарына қанағаттанбады. Арнайы қоныс аударылған немістер арасында саяси үгіт-насихат та жүргізілмеді. Аудандық комсомол ұйымдары да жастар арасында идеологиялық жұмыстар атқармаған [96, 49].

Аталған жылы қоныс аударушылар арасындағы сауатсыздықты жою жоспары да орындалмай қалған. Ұлан ауданында 393 ересектер арасында 3 жоғарғы білімді азамат болса, 8 адамның орта білімі ғана болған. 195 адам бастауыш сыныпты бітірсе, 166 адам жазып-сыза білмеген, яғни хат танымаған көрінеді [96, 50].

Шемонаиха ауданында 1949 жылдың 20 қыркүйегінде қоныс аударылған немістердің саны 3335 адамға жетті. Бұл ауданға жалпы

саны 919 жанұя көшіп келген болатын. Олар 33 ауылдық округтерге шоғырландырылды. Аудан мал шаруашылығымен айналысатындықтан көшірілген немістердің көпшілігі ет-сүт өндірісі министрлігі тапсырысы бойынша жұмыстарға алынды. 5 совхоз ет пен сүт өндіруге маманданған болатын. Онда 177 неміс отбасы қоныстанды. Басқа жанұялар әр-түрлі салаларда қызмет атқарды. Ауданда жұмыссыз немістер болған жоқ. Жергілікті басқармалар олардың барлығын дерлік жұмыспен қамтамасыз еткен болатын. Материалдық жағынан да жағдайлары жаман болған жоқ. 745 неміс жанұясы ірі қара мал өсіретін еді. Ал 667 отбасында жеке меншік үй берілді. Саяси – тәрбиелік жұмыстар неміс немесе шешен ұлты үшін жеке жүргізілмеді, олар жалпы аудандағы жоспарлы шараларға ел қатарлы қатынасып отырды. Шемонаиха ауданы бойынша, 4 неміс Кеңес өкіметіне қарсы пиғыл танытқаны үшін жазаланған [96, 53].

Шемонаиха ауданындағы немістер арасында қылмыс көп болатын. Ауданда 44 неміс әр түрлі қылмыспен түрмеге түсті. Олардың ішінде 31 адам 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айырылды. Қылмыстың көбі ұрлыққа қатысты болды [96, 54]. Ұрлық тектен текке болмаған. Бұндай қылмысқа жоқшылық итермелеген. Олардың жағдайы жергілікті халықтан төменірек болды, олар, ішкі наразылықтарын ұрлық жасау ақылы да байқатып отырған.

Арнайы қоныс аударылған азаматтарға жасалған қатаң бақылау 1950-ші жылдары да босаңсыған жоқ. Әр аудан белгілі мерзімде «аса құпия» деген грифпен Компартияның комитеттеріне қоныс аударылған азаматтардың тыныс-тіршілігі жөнінде есеп жіберіп тұрды. Есептерден олардың аттап басқан қадамы аңдулы болғанын байқаймыз.

1951 жылдың 21 наурызында жазылған Предгорное селосының анықтамасынан арнайы қоныс аударылған отбасылардың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне қатысты біраз жайтты аңғарамыз. Осы жылы мұнда 2301 неміс қоныстандырылған. 16 жасқа дейінгі балалар саны 853, ересектер саны 1448. Жұмысқа жарамды барлық неміс жұмыспен қамтамасыз етілген. Бірақ Ертіс зауытындағы қысқартуларға орай, 25 арнайы қоныс аударылушы жұмыссыз қалған. Ол кезде жұмыссыз қалу деген сөз аштық, жоқшылық деген сөзбен бірдей еді. Бірақ барлық балалар мектептерге орналастырылады [107, 38].

Немістер ауылдың қоғамдық жұмыстарына етене араласты. Предгорное елді мекенінде 23 қоныс аударылған азамат көркемөнерпаздар байқауына қатысқан. Әсіресе, олардың ішінде немістер белсенді болған екен. Шмидт Артур аудандық байқауда жұртты өз өнеріне тәнті етеді. Бірінші орынды жеңіп алған ол облыстық байқауда да алдыңғы қатарда өнер көрсеткен [107, 39].

1952 жылы 24 желтоқсанда Күршім аудандық партия комитетінің Облыстық партия комитетіне берген мәліметіне сүйенсек, ауданда 1440 арнайы қоныстандырылған адам тұрған. Оның ішінде 1344 неміс болған. Арнайы қоныс аударылған ұлттар арасында колхоз бригадирі болып 2, трактор бригадасының басшысы болып 3, ветеринар болып 1, есептеу бөлімінде 26, агроном болып 1, комсомол ұйымының хатшысы болып 1, инженер болып 1, дәрігер болып 8, мұғалім болып 21, тау-кен ісінің технигі болып 2, механик болып 3, темір жонушы болып 14 адам жұмыс атқарған. Олардың жартысынан астамы немістер еді [107, 44].

Жалпы алғанда, Күршім ауданындағы немістердің тұрмысы жаман емес болды. Барлығы дерлік баспанамен қамтамасыз етілді. Қолдарында ірі қара малы ұстады. Жергілікті халық немістердің еңбекқорлығына қайран қалды. Олар ауладағы азын–аулақ жердің өзінен жыл сайын мол өнім алатын. Ұлтарақтай жерді ұтымды пайдаланған немістер тұрмыстарын түзей бастады.

1952 жылдың соңында Шығыс Қазақстан аймағы орталық комитетке арнайы жер аударылғандар жөнінде есеп бере бастады. Бұл науқаннан бірде-бір аудан шет қалмады. Себебі, арнайы жер аударылғандар қоныстандырылмаған аудан жоқ болатын.

Ұлан ауданының орталыққа берген «Арнайы қоныс аударылғандарға саяси насихат жұмыстарын жүргізіу жөніндегі» есебінен аудандағы немістер жайлы бірқатар ақпарат алуға болады. Ауданға көшіп келген 645 адамның ішінде 375 неміс болды [107, 45 б.]. Осы немістердің арасынан үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу үшін сауатты адамдар таңдалды. Ауданға екі ұлттың өкілдері әкелінген еді. Оның ішінде 375 неміс болса, қалғандары шешендер еді. Немістердің сауаты жоғары болғандықтан үгіт-насихат жұмыстары көбінесе немістерге жүктелді. Тек немістерге деген көзқарас, шешендерге деген көзқарастан бөлектеу еді.

Соғыс жергілікті халықтың санасында немістердің «ата жау» образын қалыптастырып кетті. Сондықтан да Коммунистік партия құрамында да, комсомол құрамында да, шешендерге қарағанда

немістер аз болды. Бірақ сауаттылық деңгейіне байланысты саяси істерге, ақпарат тарату жұмыстарына немістер молынан тартылды.

Шығыс Қазақстан облысы бойынша, немістердің шоғырлануы жағынан алдыңғы орында Шеманиха ауданы болатын. Есеп бойынша, ауданда 5291 арнайы қоныс аударылған азаматтар тіркелген. Олардың ішінде 3487 неміс, 1804 шешен болды[107, 50 б.]. Қайраты қайтқан қарт немесе денсаулығы нашар адамдар болмаса қоныстанушылардың барлығы еңбекпен қамтамасыз етілген. Олар көбінше ұжымшарлар мен кеңшарларда, машина-трактор бекеттерінде еңбек етті.

1955 жылдың мамыр, маусым, шілде айларында арнайы қоныс аударылғандар легі саябырсыды. Бұрынғыдай лекпен келмей енді жалғызілікті адамдар жіберіліп жатты. 1952-1955 жылдар аралығында Шеманаиха ауданына немістердің көшірілуі бұрынғыға қарағанда әжептәуір азайды. 1955 жылы 1444 неміс қоныс аударылып келген болатын [108, 14 б.]. Кеңестер Одағының Коммунистік Партиясының Орталық Комитетінің шешімі бойынша, 1955 жылы арнайы қоныс аударылған азаматтар құқықтарындағы шектеулер түрі азайтылып, осы тарапта біраз үлкен өзгерістер болды. Алдымен, шешендер тарихи Отандарына көше бастады. Немістерге тарихи Отандарына көшуге рұқсат берілмегенімен, туыстарын қара тартып КСРО-ның басқа аймақтарына қоныс аударуға рұқсат етілді. Немістердің республика аймағында және республикадан тыс жерлерге көшу үрдісі белең алды. Бұл осы уақытқа дейін қатаң бақылауда болып келген неміс диаспорасы үшін тарихи бұрылыс кезеңі болатын. Бірақ бұл үрдіс бейберекет қашуға немесе жаппай үдере көшуге ұласқан жоқ. Немістердің көпшілігі жылы орындарын суытқан жоқ. Алғаш келіп орныққан тұрақтарынан ірге көтергісі келмеді.

Диаспоралардың көшуі жиілеген сайын жергілікті билік бұл үрдісті белгілі бір тәртіпке түсіруге тырысты. Орталық комитеттің диаспораларға еркіндік беруі алдыңғы қатарлы өзге ұлт өкілдерінің еңбектерін бағалау және оларды құрметтеу, әр түрлі медаль, ордендермен марапаттау сияқты істермен қатар жүрді. Оларды мәдени істерге кеңінен араластыру, сый-құрмет көрсету көш қарқынын бәсеңдетуге әсер етті. Бұдан өзге, оларды мамандықтары бойынша, тұрақты жұмысқа қабылдау, тұрақты құжаттар беру сынды әрекеттер жасалды.

Л.А.Бургарт «Немецкое население в Восточном Казахстане в 1941 – 1956 гг.» еңбегінде: «Жергілікті халық немістерге «жау»

немесе «фашист» ретінде қарады», - деп жазады. Жергілікті халықтың бұлай қарауына бірнеше себептер бар. Германияның «жау» бейнесі Бірінші дүниежүзілік соғыстан бері халық санасында орныққан болатын. Соғыс жылдары жергілікті халықтың әл-ауқаты да нашар болды. Қаралы қағаз алып, қайғы жұтып отырған жанұялардың ыза-кектерін білдіріп қалатын кездері де болған. Бірақ қанша айтқанмен, қазақ халқының және өзге Қазақстандықтардың дархан пейілі неміс диаспорасының қазақ жерінде тамыр жаюына жәрдемін тигізді.

1952 жылғы есепте Ұлан ауданында арнайы қоныс аударылған жанұяларында мектеп жасындағы балалар саны 241 болды. Олардың барлығы дерлік мектеп табалдырығын аттаған еді. Тек 24 бала әр түрлі себептермен мектепке бара алмаған. Ұлан ауданындағы немістер көркемөнерпаздар байқауында белсенділік танытты. Жергілікті әкімшілік мекемелеріне жұмысқа алынбағанымен спорт қауымдастықтарының, кәсіподақтардың белсенді мүшелері болды [107, 46 б.].

Шемонаиха ауданында 1952 жылы әр түрлі тақырыптарға қатысты 500-ден аса дәрістер оқылып, баяндамалар жасалған. Дәрістер сол кездердегі жалпы әлемдегі саяси жағдайлар төңірегінде өрбіген. Көбінесе, әлемде болып жатқан саяси оқиғаларға кеңестік идеология тұрғысынан баға беріліп, капиталистік мемлекеттердегі әділетсіз қоғамдық жүйе сынға алынған. Бұл дәрістерде тәрбие мәселесі де көтерілген. Оны оқылған дәрістердің тақырыбынан байқауға болады. Мысалы, «Кеңес қоғамындағы отбасы мен неке мәселелері», «Баланың мектептегі және үйдегі тәрбиесі» тақілеттес тақырыптар. Кеңестік идеологияның дінге қарсы күресі де дәрістер арқылы жүргізілген. Немістер арасында «Діннің және құдайға деген сенімнің пайда болуы» сынды құдайды жоққа шығаратын атеистік сарындағы әңгімелер өткізілген. Христиан дінінің қарт өкілдері бұндай дәрістерге оң қабақ танытпаған. Медицина туралы да дәрістер оқылған. Жұқпалы ауруларға байланысты кеңес беру кездесулері ұйымдастырылып отырған. Ауданда жыл соңына дейін 196 кино көрсетілген. Кино көрермендерінің көбі арнайы қоныс аударылғандар, оның ішінде жастар болды. 1952 жылдың басында Шемонаиха ауданындағы арнайы қоныс аударылған немістер көп тұратын селоларда фашизмнің талқандалуы турасында кинолар көрсетілген. Мәселен, Тельман атындағы, Чапаев атындағы селоларда, Димитровка елді мекенінде фашистерді Қызыл әскер

талқандайтын кинолар көрсетілгенде залдан шығып кеткендер немесе мұндай киноларды көрсетуге қарсылық жасағандар да кездескен [107, 51]. Яғни неміс ұлты өкілдерінің өз еліне деген сезімдері осындай шақтарда байқалып отырған. Олар фашизмге қарсы болғанымен де, өз неміс ұлтын сүйетін. Бірақ Кеңестер Одағының солақай саясаты олардың өз Отандарына деген сезімдерін жоюға тырысып бақты.

Аудан бойынша көркемөнерпаздар байқауына неміс диаспорасы белсене қатынасты. Әсіресе, «Страна Советов» кеңшарында сайысқа қатысушылардың көбі немістер болды. Жастар бұндай сайыстарға қуана қатысса, үлкендер көркемөнерпаздар байқауына қатысуды намыс көрді. Балаларына тыйым салып, өздері де бойларын аулақ ұстауға тырысты [107, 51]. Немістер кеңестік идеологияға наразылықтарын ашық білдірмеуге тырысты. Бірақ іштей наразылықтары болғанымен, кеңестік жүйенің игіліктерін, әсіресе, білім беру саласындағы жақсылықтарын барынша пайдалануға, ұрпақтарын осы елдің азаматтары қылып тәрбиелеуге тырысты. Мәселен, 1954-1955 оқу жылында Ново–Покровка ауданының білім беру бөлімінің бастығы Ахметов жолдастың есебіне қарасақ, аудан бойынша, 329 неміс баласы мектепте білім алған [109, 70 б.].

Кесте 10 – 1954-1955 оқу жылында Шығыс Қазақстандағы арнай қоныстандырылған неміс балалары мен ересектерінің оқуға алынуының сандық көрсеткіштері (кейбір аудандар бойынша) [109, 70 б.].

Аудан аты	**Мектеп жасындағы балалар саны**	**Оқуға қамтамасыз етілгендер саны**	**Оқумен қамтамасыз етілмегендер саны**	**Оқу жылының аяғына дейін кеткендер саны**	**Сауатсыз ересектер саны**	**Оқытылған сауатсыз ересектерді оқыту**	**Аз сауатты ересектер саны**	**Оқумен қамтамасыз етілген аз сауаттылар саны**
Лениногорский	**45**	**45**	**-**	**-**	**-**	**-**	**-**	**-**
Верх Убинский	**124**	**114**	**10**	**2**	**-**	**-**	**-**	**-**
Таврический	**123**	**121**	**2**	**2**	**52**	**51**	**48**	**42**
Зыряновский	**146**	**146**	**-**	**-**	**-**	**-**	**-**	**-**
Зырян қаласы	**114**	**113**	**-**	**-**	**15**	**9**	**32**	**17**

Арнайы қоныстандырылған неміс балаларының арасында 13 бала ғана оқумен қамтамасыз етілмеген. Ересектерге де білім беріліп, олардың сауатын ашу жұмыстары да аз атқарылмаған.

Жарма ауданында арнайы қоныстандырылған ұлт өкілдері спорттық сайыстарға қатынасты. Олардың арасынан ауданға аты шыққан спортшылар шықты. Жарма ауданының тұрғыны Ультрих велобәйгеде алдына жан салмаса, Рассвет колхозының сауыншысы Режко Фрида жүзу жарыстарында жүлделі орындарды иеленіп жүрді [109, 84 б.].

Күршім ауданында арнайы қоныс аударылған ұлт өкілдерінің арасында немістердің үлес салмағы басым болды. 1952 жылы ауданға 1344 неміс көшіп келді. Олар келе салып ауданның қоғамдық өміріне белсене араласты. Өздерін басқа ұлт өкілдерінен кем санамады. Жұмыста да, қоғамдық істерде де алдыңғы қатарда бола білді. Әсіресе, өндіріс орындарында қызмет атқарған немістер басқалардан ерекшеленіп тұрды. Олар өз жұмыстарына өте жауапкершілікпен қарады. Чердояк руднигінің үңғушысы Фендефер Виктор Михайлович өндірістік тапсырманы 115 % - ға артық орындаған. Ал Күршім ауданына қарасты Киров атындағы колхоздың сауыншысы Вульферт 1952 жылдың ең жоғарғы көрсеткішіне қол жеткізген. Осы ауданның Жданов атындағы колхозының бригадирі Штемфельд Николай егістік жұмыстарында алдыңғы орындарды босатпайтын [107, 44 б.].

Күршім ауданындағы немістердің арасында 4-коммунист, 49-комсомол болды. Олардың ішінде 13 насихатшы, 5 саяси кеңес жүргізуші болды. Неміс жастары ауданның спорттық өміріне белсене араласты. Чердояк руднигінің спорт командасының құрамында 5 неміс болған. ФЗО да 8 адам оқыса, механизаторлар мектебінде 8 неміс білім алған. Ерен еңбектері үшін 8 азамат «ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Ұлан ауданында партия істерін атқаруда, комсомол ұйымдарын құруда, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуде немістер алға шықты. Мысалы, Тарғын ауылынды Бернст атты неміс арнайы қоныс аударылғандар арасында «КОКП XIX съезінің» шешімдерін неміс тілінде халық арасында жүйелі түрде насихаттаумен айналысқан [107, 45 б.].

Шемонаиха ауданында күштеп қоныс аударылғандардың көпшілігі ауыл шаруашылығында, жер өндеу және ауыр өнеркәсіп салаласында қызмет атқарған. Олар бесжылдық жоспарын орындауда белсенділік көрсеткен. Көпшілігі алдыңғы қатарлы еңбекші атағын

иеленді. Шемонаиха аудынының Племенной совхозының тұрғыны Шваб көктемгі және жазғы маусымда өңдеу жұмыстарын 125 % артық орындаса, осы совхоздың шошқа шопаны В.Цеслер әр ай сайын жоспарды 130 %-дан 170 % -ға дейін артық орындап отырған. Ал «Новая жизнь» колхозының жылқышысы А.Керно жылқы бағуда көзге түссе, сиыршы А.Найбельгердің суреті колхоздың құрмет тақтасына ілінген [107, 50 б.]. Қоныс аударылған басқа ұлттың өкілдеріне қарағанда, немістер кез-келген кәсіпке бейімделіп кететіні байқалады. Олар ауыл шаруашылығынан бастап, білім беру саласында, ауыр өнеркәсіпте де қызмет етті. Салыстырмалы түрде айтатын болсақ, арнайы қоныс аударылған шешендер ауыр өнеркәсіптен қашқақтап, түгелге жуығы ауыл шаруашылығын таңдады. Олар өнеркәсіптегі жұмыстарға қарағанда, ауыл шаруашылығындағы еңбекке икемді болды. Ал керісінше ірі өнеркәсіп орындарында үлгілі жұмысшылар қатарында көбінесе неміс есімдері кездеседі. Себебі, олар тек ауылшаруашылығында ғана емес, өндірісте де белсенділік танытқан. Мысалы, Николаевск кенішінің іздеу-барлау жұмыстарында белсенді еңбек еткен үңғышы-шебер А.Витершпан өзіне берілген жоспарды 130 %-ға, аға үңғышы-шебер Шихнер 133 %- ға, жұмысшы неміс қызы А.Рейшнейдер 143%-ға артық орындаған [107, 56 б.].

1955 жылы Ленин атындағы ұжымшардың шошқа өсірушісі Сайбель жылдық жоспарды 10 маусымда ерте орындаған. Ал Гегель Густаф Христианович Буденый атындағы колхоздың төрағасының орнынбасары, Майер Яков Давидович Жоғарғы-Убинск колхозының ферма бастығы қызметіне тағайындалған. Сондай-ақ социалистік еңбекте көзге түскен Шемонаиха совхозының шошқа бағушысы Шваб Екатерина, Жоғарғы-Убинск колхозының бұзау бағушысы Майер Екатерина, Чапаев атындағы колхоздың сауыншысы Гинц Гетраның есімдері аудандық, облыстық газет беттерінен түспейтін. Олардың суреттері аудандық мақтау тақтасында ілінді [108, 16 б.].

1955 жылы Миллер Виктор Ивановичке «Белоусовканың ең үздік үңғышысы» атағы берілді. Осы жылдан бастап еңбекте үздік шыққан немістердің лауазымы да өсе бастады. Мысалы, В.В.Бендер мырза бұған дейін фабрикада монтажник болып істесе, енді оның шені механик дәрежесіне көтерілді. Ол Свердловск қаласында біліктілігін көтеруге мүмкіндік алды [110, 19 б.]. 1955 жылдың 10 шілдесінде «Прииртышская коммунар» газетіне Кировск ауданына қарасты Сталин атындағы колхоздың сауыншысы Люциус Галина

Германовнаның портреті жарияланды. Ол тоғыз ай ішінде 1529 литр сүт сауып, аудан бойынша, ең жоғарғы көрсеткішке қол жеткізген. Галина ғана емес, Сталин атындағы ұжымшардың ұлты неміс тұрғындары Е.Гильцтің, И.Миллердің, Н.Манцтің суреттері де газетке басылып, оларға аудандық компартия атынан құрмет грамоталары тапсырылды [110, 21б.].

Орталықтың шешіміне орай, немістерге партия қатарына өтуге жеңілдіктер беріле бастады. Бұл шешімді насихаттау үшін жергілікті партия өкілдері болып немістер тағайындала бастады. КОКП мүшесі, Каменевский селосының тұрғыны, мектеп мұғалімі Шультэ Эдгар Адольфович Николаевск кенішінде үгіт–насихат жүргізумен айналысса, тракторшы Вир Андрей Андреевич Шемонаиха ауылында трактор бригадасының үгітшісі болған [108, 15 б.].

1955 жылы барлық облыстар Қазақстанның орталық партия комитетіне анықтамалар бере бастады. Анықтамаларда арнайы қоныстандырылған немістер саны біртекті емес. Әр уақытта берілген анықтамада әртүрлі кездеседі. Мысалы, 1955 жылдың 20 мамырында Семей облысында арнайы қоныстандырылғандар арасында өткізілген үгіт-насихат ақпаратында облыста 19 890 неміс бар деп көрсетілсе, осы жылдың 1 қыркүйегіндегі анықтамада облыстағы арнайы қоныстанушы немістер саны 40 508 деп берілген. Бұндай жағдайды арнайы қоныс аударылғандардың үздіксіз келіп жатуымен байланыстыруға болады [109, 41 б.].

Арнайы қоныс аударылғандардың құқықтарына қойылған кейбір шектеулер алынып тасталған соң, олардың арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу жиіледі. 1955 жылдың көктемінде арнайы қоныс аударылғандар арасында 2816 дәріс оқылып, 1932 сұхбат жүргізілген. Қазақстанның Коммунистік Партиясының Обкомы арнайы қоныстандырылғандар арасында дәрістер оқуға «Халықаралық жағдай», «1955 жылдың қаңтарында өткен КОКП ОК-нің пленумының шешімдерінің орындалуы» сынды тақырыптар ұсынып отырған [109, 42 б.].

1950 жылдардың соңына қарай немістер жергілікті жұртпен етене жақындасып, халық арасына сіңіп кеткен еді. Тоталитарлық жүйеге де көндігіп, диаспора өкілдері жергілікті билік орындарында да көріне бастады.

Дегенмен, кеңестік идеологияны халық арасына таратуға белсенді ат салысып жүрген немістер өз ұлтының мүддесін де ұмытпаған. Олар немістердің құқын қорғауға тырысты. Жарма

ауданында орналасқан Ақжал кенішінің механигі, белсенді насихатшы Ведлер арнайы қоныстандырылғандар кеңестік саясатты толық түсіну үшін неміс тілінде кітапшалар мен үнқағаздар шығаруды ұсынған. Мұнымен қоса, ол немістерге Кеңес Одағы төлқұжатын беруді, неміс жастарын армияға шақыруды сұраған [109, 43 б.].

Үгіт-насихат дұрыс жүргізілмей, кеңес шешімдері бұрмаланған жағдайлар да болып тұрған. Мысалы, Каримов деген жолдас үгіт-насихат барысында Коммунистік партияның Орталық комитетінің 1954 жылдың 5 шілдесінде шығарған шешімін дұрыс түсіндірмей, «сендерді жақында түгелдей Кавказға қайта көшіреді» деп, лақап таратып жіберген. Бұл халық арасында дүрбелең тудырған [109, 62 б.].

Шешендер мен немістер арасында келіспеушіліктер орын алған. Шешендердің “қанға-қан” деген кек алу дәстүрі бұл кездері де болып тұрған. 1955 жылдың тамыз айында Ново-Покровский ауданының Троицкое селосында ұрлық жасаған туысы үшін Шнайдер атты неміс әйелін шешендер ұрып-соққан. Ал арнайы қоныс аударылған Леммер деген немісті кек қайтару мақсатында шешендер өлтіріп тастаған. Осы іс бойынша, шешен ұлтының өкілі Сулейманов деген азамат қамалып, тиісті жазасын алған [109, 71 б.].

1954 жылдан кейін саяси іс-шараларға арнайы қоныс аударылғандар тартыла бастады. Саяси іс-шаралар жергілікті партия ұйымдарына тапсырылғандықтан, істі партия қатарындағы жергілікті азаматтар атқарды. Осы ретте арнайы қоныс аударылған ұлт өкілдерін саяси істерге қатыстыруда қиындықтар туды. Себебі, олардың түгелге дерлігі партия мүшелігіне қабылдандаған болатын. 1954 жылға дейін оларды партия мүшелігіне алу қиын шаруа еді. Семей облысы бойынша, 1955 жылға дейін бірде бір неміс партия, комсомол ұйымдарын басқарып көрген жоқ. Облыс бойынша, Жаңа Семей ауданында 4 адам, Бородулиха ауданында 15, Көкпектіде 9, Ново-Шульбинскіде 3 арнайы қоныс аударылған азамат партия ұйымдарына мүшелікте қабылданды. Оларды көбі немістер еді [109, 72 б.].

Осы жылы Жарма ауданында 2565 арнайы қоныстандырылған неміс тұрған. Арнайы қоныстандырылған немістердің арасында 8 адам ғана коммунистер қатарына алынды (1-қосымша). Жарма ауданындағы немістер де 1955 жылдан бастап комсомол қатарына, партия мүшелігіне өтуге мүмкіндіктер ала бастады. Аудан бойынша,

154 неміс жастары комсомол ұйымдарында қызмет атқарды [109, 81 б.]. Арнайы қоныстандырылған ұлттар өкілдеріне Жарма ауданында басқа аудандардағыдай арнайы дәрістер оқылған жоқ. Олар жалпы халықпен бірге дәрістер тыңдады. Аудандағы үгіт-насихат жүргізетін арнайы қоныстандырылған азаматтар саны 45 болса, соның ішінде 31 адамның ұлты неміс болатын [109, 82 б.].

1955 жылдың 29 маусымында «Арнайы қоныстандырылғандар арасында жаппай саяси жұмыстарды күшейту шаралары» жөнінде жарлық шықты. Осыған байланысты көптеген іс-шаралар атқарыла бастады. Осыған қарамастан, 1954 жылмен салыстырғанда, арнайы қоныстандырылған немістердің саны 1955 жылы азайып кетті. Мысалы, 1954 жылы облыста 15 776 неміс тіркелсе, 1955 жылы 12 930 қана неміс қалған [109, 135 б.].

Шешім қабылданғаннан кейін әр аудан, әр село жоғарыға арнайы қоныстандырылған ұлттар жөнінде есеп бере бастады. Есепте олардың тұрмыстық жағдайларын ғана айтпай, атқарған істеріне баға беріле бастады. Жергілікті партия органдары оларды тұрып жатқан мекендерінде қалдыру мақсатында мақтау қағаздарын да аямады. Тіпті арнайы қоныстандырылғандарға дұрыс мән бермегендігі үшін кейбір бастықтар орындарынан алынып немесе оларға қатаң сөгіс жарияланған кездері де болды. Орталықтан келген бұйрықты асыра орындау ол кезеңге тән қасиет болатын.

Кеңес Одағындағы немістер үшін ең ауыр кезең 1941-1955 жылдар болды. Бұл кездері арнайы жер аударылған немістерді бақылау барынша күшейтілді. Олардың аттап басқан қадамын жергілікті ішкі істер қызметкерлері қадағалап отырды. Рұқсатсыз басқа аудандарға кетуге тыйым салынды. Өз бетімен кетіп қалғандар қашқын есебінде жауапқа тартылды. Халық арасында «фашист», «неміс» деп кемсіту етек алды [16, 125 б.]. 1954 жылы КСРО-ның Жоғарғы Кеңес Президиумының үкімі бойынша, немістерге деген көзқарасты түбегейлі өзгертуге жарлық шығып, заңды түрде бекітілді. Енді немістерге тағылған бұрынғы кінәнің барлығы көңілге қонымсыз, ол Сталиннің жеке басына табынушылықтың көріністері деп жарияланды. Шындығында, ІІ дүние жүзі соғысы жылдарында неміс диаспорасы аса ауыр, нәубетті кезеңді басынан өткерді.

2.2 Поляктардың депортацияға ұшырауы және әлеуметтік жағдайы

Поляктардың Қазақстан аумағына қалың лекпен келе бастауы 1936 жылдан басталды. Оған КСРО-ның №776-120СС Украинаның батыс аймағындағы 52 мың полякты жер аудару туралы құпия қаулысы себеп болды [111]. Мұның себебі, Сталиннің Германиямен арадағы соғыста поляктарға деген сенімсіздігі болатын. Украинадан поляктардың тұтас бір шоғыры жер аударылды. Қазақстан поляктарының тарихында 1936 жылы олардың Украина мен Белоруссиядан (1936 жылғы 17 қаңтардағы және 28 сәуірдегі заңдар бойынша) жаппай көшу шежіресінің зерттелмеген ақтаңдақ тұстары бар. Поляктарды көшіру 1937 жылы да жалғасқаны белгілі. Бірақ бұл жылы көшірілгендер саны көп емес. «Арнайы қоныс аударылғандар» айдары оларға да таңылды.

1937-1938 жылдары да поляктар сенімсіз ұлт ретінде күштеп қоныс аударылды. Қоныс аудару БКР (б) Орталық Комитетінің 1937 жылдың 11 тамызындағы №00485 бұйрығымен іске асырылды. Сталиннің мақұлдауымен, Ежовтың қолы қойылған бұйрыққа қосымша «КСРО дағы поляк барлауының фашистік қарсылық ұйымдастыруы, тыңшылық, диверсиялық және ланкестік әрекеттері жайындағы» жабық хат барлық жергілікті НКВД органдарына таратылды. Негізінен, бұл бұйрыққа дейін, осы жылдың 30 шілдесінде № 00447 бұйрық шыққан болатын. Ол бұйрықта ешқандай қосымша хат болмады. Себебі, бұл бұйрықта НКВД қызметкерлерінің бәріне түсінікті, бұрынғы айыптар тізімі мен мұндай кездерде жүргізілетін міндетті шаралар баяндалған болатын. Яғни тұтқынға алудың есебін жүргізу, айыпты поляк азаматтарын тіркеуге алу, ату жазасына іліккен адамдардың тізімін түзу т.б. Бұйрықтың мазмұны бұрыннан белгілі кулактарға, саяси қылмыскерлер мен бұрынғы партия мүшелеріне, дінбасыларына, бір сөзбен айтқанда, КСРО-ға қарсы «қауіпті элементтерге» қуғын жасау туралы болды. Ұжымдастыру кезеңінен бері бұл іспен айналысып келген НКВД үшін бірінші бұйрықты орындау оңай болды [112, 22 б.].

Ал №00485 бұйрық мүлдем басқа сипатта еді. Ондағы «тыңшылық және диверсиялық әрекеттер» деген сөздер бұрынғыдай жекелеген поляк азаматтарына ғана емес, КСРО-дағы поляк ұлты өкілдеріне түгел тағылған айып болды. Айыпталушылар қатарына

бұрынғы әскери поляктар да енді. Бұл жағдай сол кездегі КСРО территориясындағы барлық поляктарды қамтыды десе артық болмайды [112, 23 б.].

Поляктар 30 жылдары социалистік жүйенің нығаюына қарсылық көрсетті. КСРО жоғарғы билігі Европаға ықпал жүргізу алаңы ретінде Польшаны қарастырды. Украина және Батыс Белоруссиядағы поляктардың арасында да Кеңестік жүйеге қарсы шыққандары аз емес-тін. Оларды тұтқындап, Шығыс Қазақстандағы Өскемен қаласындағы №1 түрмеге жіберген. Онда 22 поляк азаматы отырды [113, 6 б.].

Кесте 11 – Өскемен қаласындағы №17 түрме тергеуіндегі Польша азаматтарының тізімі [113, 6 б.].

Аты жөні	**Туған жылы**	**Айыпталу түрі**	**ҚК статьясы**	**Тұтқындалу датасы**	**Тіркеуде**
Аздрахович Иван Владимирович	1904	Революцияға қарсы антикеңестік қозғалыстар	54-13 УК УСС	6.04.1941	НКВД СССР

11– кестенің жалғасы

Аты жөні	**Туған жылы**	**Айыпталу түрі**	**ҚК статьясы**	**Тұтқындалу датасы**	**Тіркеуде**
Голубь Иван Теодорович	1901	//-//-//	54-13 //-//-	31.07.1940	Тарнополь қаласы
Кеманский Адольф	1897	//-//-//	54-13 //-//-	31.03. 1940	УГБ Тлустен қ. НКВД АБ
Казимир Алексеевич	1902	//-//-//	54-13 //-//-	09.04.1940	Львов облысы
Зигмунд Викентьевич	1898	Конр-революциялық үгіт-насихат	54-10-13	18.03.1941	Вишневск НКВД
Зигмунд Теофимович	1909	//-//-//	54-13	29.04.1940	Львов облысы
Иван Вацентович	1909	Революц. қозғалысқа қарсылық	54-13	29.04.1940	Львов облысы
Пулкевич Владислав	1893	//-//-//	54-13	07.01.1940	Львов облысы
Павел Селиверст	1887	Антикеңестік үгіт	54-13 а	27.07.1941	Кировоград НКВД
Иван	1900	Революц.	54-13	05.04.1940	Львов облысы

Андреевич		Қозғалысқа қарсылық			
Леон Люцианович	1907	//-//-//	54-13	26.04.1940	Черткровск НКВД
Матвеев Владимир	1919	//-//-//	54-13	10.04.1940	Жовковск НКВД
Вергипош Яков	1911	Шпионаж	54-6, 54-11	10.08.1940	Тольнопольск НКВД
Владислав Лаврьентевич	1896	Революц. қозғалысқа қарсылық	54-13	17.12.1939	Здолбуновск НКВД
Павел Вацлавович	1901	//-//-//	54-13	08.04.1940	Винниковск НКВД
Владислав Карлович	1885	//-//-//	54-13	20.11.1939	Львов қаласы НКВД
Роман Михаилович	1898	Контррев. үгіт	54-10 ч1	07.07.1941	Кировоград. облпрокорутура
Антон Фельганьтев	1908	//-//-//	54-10 ч1	24.07.1941	Кировоград. облпрокорутура

11– кестенің жалғасы

Аты жөні	**Туған жылы**	**Айыпталу түрі**	**ҚК статьясы**	**Тұтқында лу датасы**	**Тіркеуде**
Яковлев Иван	1912	//-//-//	54-10	24.06.1941	Кировоград. облпрокорутура
Владимир Иосифович	1889	Революц. қозғалысқа қарсылық	54-13	29.12.1939	Черткровск НКВД
Иосиф Мецеславович	1910	//-//-//	54-13	18.03.1940	Черткровск НКВД
Станислав Томанович	1888	//-//-//	54-13	10.05.1940	Бережанск НКВД

Оларға революцияға қарсы белсенді қарсылық көрсеткендері үшін, өкіметке қарсы үгіт-насихат жүргізгендері үшін және т.б. қылмыстық әрекеттері үшін Сталиндік заманға сай ауыр айыптар тағылған еді.

Ішкі Ресейден өзге ұлттарды шет аймақтарға көшіруге мемлекеттік банк арқылы ақша бөлініп отырған. 1939 жылдың алғашқы тоқсанында көші-қон бөлімдеріне мемлекет бюджетінен ақша аударылып, оның жүзеге асырылуы қатаң қадағаланған. Қазақстанға аударылған ақша көлемі мен қазақ жеріне көш

түзегендер санының КСРО-ның басқа облыстары мен республикаларына көшірілгендер санына қарағанда әжептәуір көп болғандығы сөзсіз. Мысалы, осы жылы Иркутскке 9830, Кросноярске 14514, Омскіге 13 014, Ташкентке 23 400 сом бөлінсе, бір Алматының өзіне 36 300 сом бөлінген [114, 20 б.].

Бөлінген қаржы түгел тексерілген. Көші-қон бөлімдері әр тиынын есептеп, Москваға есеп беріп отырған. Ақша уақтылы түсіп отырғанымен, кейде қаржының дұрыс шотқа түспеуіне байланысты, көшіп келген азаматтарға кешіктіріліп берілген кездері де болып тұрған. Мысалы, 1939 жылы Семей көші-қон бөліміне бөлінген қаржы 8 күн ерте түседі. Бірақ жіберілген қаржының белгіленген сомадан көп екендігі аңғарылады. Мәскеу Семей бөлімшесінің қаржылық шотының өзгеріп кеткендігін ескермей, ақшаны бұрынғы шотқа аудыруына байланысты қалдықпен қосылып, қаржы көбейіп кеткен [115, 388 б.]. Семей көші-қон бөлімшесі келіп түсен қаржыны ұстамай, есеп берілгенге дейін Мәскеуден жауап күтіп, ресми жауап келгеннен кейін ғана қаржыны игеруге кіріскен. Яғни қаржылық операциялардан кеткен қателіктер арнайы қоныс аударылғандарды діңкелетіп жіберген кездері аз кездеспеген.

1939 жылдың тамыз айында КСРО Халық комиссариаттар Кеңесі және БКП(б) ОК халық тығыз орналасқан аймақтардан, адам аз қоныстанған аумақтарға колхозшыларды көшіруге байланысты барлық облыстар мен одақтас республикаларда көші-қон бөлімдерін ашуға шешім шығарады. КСРО-ның көші-қон бөлімдері Одақтың барлық облыстарында 1939 жылдың қазан айына дейін құрылды [116, 1 б.]. Бөлімдер 1937-1938 жылдары келген арнайы қоныс аударылған адамдарды орналастыру мен оларды бақылауды да қолына алды [115, 2 б.].

Кеңестер Одағы 1939 жылдың қыркүйек айында және 1940 жылдың маусым айында гитлерлік Германиямен жасалған келісімдер нәтижесінде поляк мемлекетінің шығыс бөлігін иемденді. Кеңес билігіне өткен аумақтар Белоруссияның (Вилейск, Барановичск, Белостокс, Брест, Пинск), Украинаның (Волынск, Ровенск, Лвовь, Дрогобычск, Станислав, Тарнопольск) батыс бөлігіндегі облыстар мен Литваның біраз бөлігі еді. 1940-1941 жылдары бұл аумақтың тұрғындарын КСРО-ның ішкі аудандарына көшіру басталды. Бұл аймақтағы тұрғындардың көпшілік дені Польша азаматтары болатын. 1939-1941 жылдар аралығында жүргізілген «поляк көші» көші-қон тарихындағы ең ірі көштердің бірі болды.

КСРО Халық комиссариаттары кеңесінің 1936 жылы 28 сәуірде шығарған №776-120 қаулысы бойынша, Украинадан 15000 поляк және неміс шаруашылықтары, жалпы саны 45000 адам Қазақстанға көшірілді. Солтүстік Қазақстан облысына 37535 адам жер аударылса, Қарағанды облысына 8020 адам қоныстандырылды [117, 35 б.].

Украина және Белоруссияның батыс аумақтарынан көшіру кезінде поляктардың жылжымайтын мүліктері, еңбек құралдары, малдары акті бойынша, жергілікті басқармаға өткізілді. Поляктарға төмендегі заттарды ғана алуға рұқсат етілді:

1.Киім-кешек

2.Көрпе-жастық

3.Аяқ киім

4.Ыдыс-аяқ

5.Азық-түлік

6.Көтеріп жүруге болатын шағын еңбек құралдары (балта, ара, күрек, тырма, қайла, аша, балта, тістеуік т.б.)

7.Ақша (көлемі шектелмеген) және зергерлік бұйымдар (сырға, сақина, алқа және т.б.) [118, 8 б.].

Бірақ бір отбасының зат салмағы 500 келіден аспуы тиіс болды. Құрал-жабдықтар мен ірі заттар бөлек вагонға тиелді. Оларды белгіленген жерлерге жеткізу үшін 55 вагон даярланды [118, 8 б.].

Арнайы қоныстандырылған поляктар қаулы бойынша, сайлау құқығынан айырылған жоқ. Тек қоныстанған ауданнан шығуға тыйым салынды. Олар барған жерлеріндегі ауылдық кеңестерге бағынды. Көшу барысында барлығының төлқұжаттары тартып алынды.

Поляктар әкелінген елді мекендерде дереу камендатуралар құрылып, олардың қашып кетпеуі қадағаланды. Осы мекемелер қоныстану үрдісін басқарып отырды. Солтүстік Қазақстан облысына келген поляктар 31 елді мекенге орналастырылды. Ал Қарағанды облысына келгендері осындағы бұрын құрылған еңбек поселкелеріне қоныстандырылды [117, 35 б.]. Қара жұмыс орындарына келгендердің тұрмысы Солтүстік Қазақстанға әкелінгендердің жағдайына қарағанда жақсырақ болды. Ел ортасына түскендері халық көмегімен тұрмыстарын түзеп кетті.

1939 жылдың 19 мамырында КСРО Халық комиссариаттары Ішкі істер министрінің орынбасары Чернышевқа НКВД ГУЛАГ-ының еңбек лагерлері бөлімінің бастығы, аға лейтенант Кондратов рапорт жазады. Мұнда ол КСРО Халық комиссариаттары кеңесінің

1936 жылы 28 сәуірде шыққан №776-120 қаулысы бойынша, Украинадан қоныс аударылған ұлттарға белгіленген аймақтан шықпау талабын сақтай отырып, төлқұжат беруді және арнайы комендатураларды жауып, қоныстандырылған азаматтарды жергілікті милиция қарауына өткізуді сұраған [117, 36 б.]. Бірақ бұл рапорттан поляктардың тағдыры жеңілдей қоймады.

КСРО Халық комиссариаттары кеңесінің 1939 жылы 29 желтоқсанда шыққан №2122-617сс қаулысымен УКСР және БКСР батыс аймақтарынан қоныстандырылғандардың арнайы поселкелері және олардың еңбекпен қамтылуы жайлы ереже қабылданды. Ережені КСРО Ішкі істер халық комиссары Л.Берия бекітті. Ол ереже бойынша, «осадниктер» және олардың бала-шағалары арнайы поселкелерге қоныстандырылып, орман шаруашылығында еңбек етеді. Сондай-ақ әр поселкеге 100 ден 500 жанұяға дейін қоныстандырылады. Арнайы қоныстандырылған «осадниктерге» КСРО «Наркомлес» орман шаруашылығы жұмысшыларына тағайындалған жатақханалар бөлінуі және тұрмыстық қызметтер көрсетілуі тиіс болды. Ереженің төртінші тармағы бойынша, арнайы поселкелер әкімшілік басқару жағынан НКВД аудандық және поселкелік комендатураларына қарады. Осы ретте әр ауданда, әр поселкеде НКВД комендатуралары құрылды. Комендатуралар аудан орталықтарында және ауылды мекеннің орталығында орналасуы қажет болды. Бұл мекемелер поляктардың поселкелерден қашып кетпеуін, қоғамдық және жұмыс тәртіптерін қадағалаумен айналысты [118, 4 б.].

Арнайы қоныстандырылғандарға көрсетілетін әкімшілік қызметтер, яғни олардың жол, пошта-телеграф және басқа да шығындары жұмысшылардың жалақысынан алынды. Бірақ қызмет көрсету шығындары жұмысшы жалақысының 10%-нан аспауы керек болды. Аудандық және ауылдық комендатуралар сметаларын ГУЛАГ бастығы бекітіп отырды. Коменданттар арнайы қоныстандырылғандар арасындағы тәртіп пен УНКВД мен Наркомлес өндіріс орындарымен жасалған еңбек шартының мерзімінде орындалуын, ішімдік ішу мен бұзақылықтың болмауын қадағалады. Белгілі бір мерзімде міндетті түрде жүргізуі тиіс санақтарды өткізіп отырды [118, 5 б.].

Мемлекет мүлігіне нұқсан келген және еңбек тәртібі бұзылған жағдайларда арнайы қоныстандырылған азаматтарға 25 сом айыппұл салу немесе 5 тәулікке дейін қамауға алу сияқты шаралар

қолданылған. НКВД-ның аудандық комендanттарына тәртіпті өрескел бұзған адамға 50 сомға дейін айыппұл салу немесе 10 күнге дейін қамауға алу құқы берілді. Арнайы қоныс аударылғандардың әкімшілік немесе қылмыстық жауапқа тартылуы коменданттың алдын-ала тергеу нәтижесі бойынша іске асырылған. Олардан алынған айыппұл мемлекет қазынасына түсіп отырды. Коменданттардың құзыры кең еді. Оларға жоғарыда айтылған жазалау өкілеттіліктерінен бөлек, тәртіп бұзушыларды «Наркомлес» өнеркәсіп орындарының әкімшілігімен келісе отырып, ауыр жұмыстарға ауыстыру құқы да берілген [118, 6 б.].

Қоныс коменданты арнайы қоныс аударылғандардан жазбаша да, ауызша да шағымдар қабылдауға және бұл шағымдар бойынша, дер кезінде шешім шығаруға тиісті болды. Егер мәселелерді комендент уақтылы шеше алмайтындай болса, шағымдар УНКВД-ның еңбекпен түзеу колониясына жөнелтіліп отырған. Адамдардың жоғарыға жолданған шағымдарын комендант тиісті орындарға жеткізуге міндеттенді. Десе де, арнайы қоныс аударылған адамдардың құқықтары қағаз жүзінде ғана сақталды [118, 6 б.].

Әр қоныс аударушыға 3 нұсқадан «есеп карточкасы» ашылды. Бір нұсқасы аудандық комендатурада, екіншісі УНКВД-ның еңбекпен түзеу колониясына жіберілсе, үшіншісі КСРО НКВД ГУЛАГ-ында сақталды. Сонымен қатар арнайы қоныстарда әр отбасына да есеп кітапшалары ашылды. Кітапшада отағасы мен бала-шағаның толық мәліметтері болды. Егер отбасында өзгерістер болған жағдайда, ол өзгерістер тіркелуге тиіс болды[118, 7 б.]. Өйткені барлық арнайы қоныстандырылғандар, тайлы-таяқтысы қалмай, бақыланып, еңбекке жарамдылары қоғамдық пайдалы істермен үздіксіз айналысуы қажет еді. Сондықтан поляктар қоныстанған аудан аумағынан шығуға қатаң тыйым салынды. Бұл КСРО-ның жедел түрде ауыр өнеркәсіпті дамытуына, қарқынды индустриалдануына мүмкіндік беруі тиіс еді. Тегін жұмыс күші осылайша, барынша «шығынсыз» пайдаланылуы керек болды. Әкімшілік аудан аумағының тұрғындары бір барақтан екінші бараққа тек комендант рұқсатымен ғана ауысуы қажет еді.

1940 жылдың 10 ақпанында, 13 сәуірінде және 29 маусымында поляк азаматтары үш лек болып көшірілді. Ал 1941 жылдың мамыр және маусым айларында КСРО-ның батыс бөлігіндегі поляктар көшірілді. Поляктарды көшіру бір күндік операциялардан тұрды. Яғни халықты алды-артына қаратпай, бір күннің ішінде үдере

көшіріп отырды. Мұндай шұғыл, аяқ асты жер аудару шараларына қарсылық та көрсетіліп жатты. Дегенмен, ондай наразылықтарға қарамастан, поляктар вагондарға тиеліп жатты. Бір эшелонның сапары жол қашықтығына байланысты 2-4 аптаға созылды. Соңғы станцияға түскен соң, оларды ауыр көліктеріне немесе кемелерге тиеп, белгіленген жерлерге апарып тастайтын [119, 114-115 бб.].

«Осадниктерді» көшіру 1940 жылдың 10 ақпанында басталды. Оларды орналастыру үшін КСРО-ның 21 облысыннан 115 арнайы поселке белгіленді. Осылайша, 129596 адам жат жерге өз еріктерінен тыс, мәжбүрлікпен көшірілді. Қазақстанның Семей облысына 300, Ақмола облысына 414, Павлодар облысына 221, Қостанай облысына 186 және Шығыс Қазақстан облысына 80 отбасы келіп түсті [120, 34 б.]. Сөйтіп қазақ жеріне жалпы жиыны 5389 поляк келіп қоныстанды [120, 41 б.]. Ақмола облысының Шортанды ауданына 506, Сталин ауданына 633, Степняк ауданына 849, Қостанай облысының Жетіқара ауданына 884, Павлодар облысының Баян-Ауыл ауданына 1108 адам қоныстандырылса, Шығыс Қазақстан облысының Самар ауданына 325, Семей облысының Жарма ауданына 1085 поляк келіп орнықты [120, 61 б.]. Поляктар Жарма ауданының үш ауылына, Балажалға 49, Қазаншұңқырға 84, Ақжалға 99 отбасы келді. Олар ауыл шаруашылығындағы қара жұмыс істеумен қоса, түрлі кеніштерде, алтын өндірісінде бел жазбай еңбек етті [120, 42 б.].

НКВД ГУЛАГ-ының еңбекпен түзеу колониясы және қара жұмыс қоныстары (трудпоселение) басқармасының 1940 жылдың І жартысында берген есебінде КСРО бойынша, 988 346 мың адамның 1677 қара жұмыс қонысына орналастырылғаны жазылады. Осы есепте Қазақстанда 5595 жер аударылған «осадник» өмір сүретіні айтылған. Олар жұмысшылардың құрылыс саласында 78.8 %, түсті металлургияда 77.4%, көмір өндірісінде 79.7%, балық шаруашылығында 82.3% құрады [121, 6-7 бб.]. Қалай дегенмен де, олардың еңбекпен қамтылуы, еңбек ету қарқыны жоғарғы білікті қанағаттандырмады. Осы ретте әйелдер мен жеткіншектерді қара жұмысқа тарту мәселесі көтеріліп, 1940 жылдың ІІ жартысында әйелдер де, балалар да қара жұмысқа алына бастады.

1940 жылдың басында лек-легімен келген арнайы қоныс аударылғандардың санын есептеуде түрлі қателіктерге жол берілді. Қабылдаушы жақ, яғни Қазақстан тарапынан қате ақпараттар беріліп, кейбір жағдайларда жанұялардың есебі орталықтағы мәліметтермен сәйкес келмей жатты. Мысалы, 1941 жылдың 1 қаңтарында

жіберілген есепте Семей облысына қоныстандырылған жанұялардың саны 20 отбасыға артық көрсетілген. Осы себеппен, ақпан айында арнайы тексеріс жүргізілген. Нәтижесінде Семей облысына басы артық 20 отбасының мүлдем жіберілмегендігі анықталады. Жоғарыға жіберілген есептің қате болуына байланысты бұл құжат Семейге қайтарылған [117, 35 б.].

1940 жылы Украина мен Белоруссияның батыс аймақтарынан Қазақстанға көшірілген ұлттардың (жоғарыда атап көрсеткендей, бұлардың көпшілігі поляктар) әлеуметтік жағдайы жайында КСРО НКВД-сының 6-бөлімі бастығының орынбасары Безруковтың Л.П.Берияға жолдаған баянхатынан білуге болады. Баянхатта Қазақстанға жөнелтілген көштің қоныстануы мен олардың жұмысқа орналасуы жөнінде жан-жақты есеп беріледі. Қазақстанға аттандырылғандардың 36 729-ы колхоздарға, 15 923-і совхоздарға, 8 000-ы жұмысшылар кенттеріне орналастырылған. Ол колхоздар мен совхоздар еліміздің Ақтөбе, Ақмола, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Семей облыстарында екендігі баяндалады. Қазақстанның барлық аймағына дерлік шашырап кеткен оларды жұмыспен қамту қиыншылық тудырған [121, 65 б.].

1940 жылы мамыр айында Қазақ КСР-на 137 383 адам қоныс аударылған. Олардың көпшілігі поляктар еді. Солардың ішінен Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласындағы «Алтайполиметалл» өнеркәсібіне 2737 адам, ал Глубокий селосына 1369 адам қоныстандырылған. Олар «Алтайстрой» және Ертіс мыс қорыту зауытында жұмыс істеді. Көршілес жатқан Павлодар облысындағы Шортанды жиһаз комбинатына Омск теміржолы арқылы 1111 жұмысшы әкелінген [122, 6 б.].

1940 жылдың мамыр айында Семей облысына 232 жанұя, яғни 1085 поляк қоныстандырылды. Олардың 314-і ер адам, 325-і әйелдер, 446-ы 16 жасқа толмаған балалар. Барлығы Жарма ауданының кен шығаратын аймақтарына орналастырылды [123, 1 б.].

Кесте 12 – Жарма ауданындағы поляктардың сандық көрсеткіші [123, 1 б.].

Поселкелер атауы	**Саны**	
	жанұя	адам
Балажал	49	236
Казан Чункур	84	374

Акжал	99	475
Барлығы	232	1085

Кесте 13 – 1941 жылдың 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша, Семей облысы Жарма ауданындағы поляктардың еңбекпен қамтылу кестесі [123, 2 б.].

Шаруашылық ұйымының атауы	Осадниктер Саны		Еңбекке жарамды	Жұмыс істегендері	Жұмыс істейтіндері %	Жұмысқа жарамсыздары
	жанұя	адам				
Балажал	49	236	147	78	53.1	69
Казан Чункур	84	374	218	146	67.0	72
Акжал	99	475	289	193	66.8	96

Кесте 14 – 1941 жылдың 1 мамырындағы мәлімет бойынша, Семей облысы Жарма ауданындағы поляктардың еңбекпен қамтылу кестесі [123, 2 б.].

Шаруашылық ұйымының атауы	Осадниктер саны		Еңбекке жарамды	Жұмыс істегендері	Жұмыс істейтіндері %	Жұмысқа жарамсыздары
	жанұя	адам				
Балажал	46	235	146	87	59.1	59
Казан Чункур	72	369	201	146	72.5	55
Акжал	95	472	287	177	61.7	110

Бұдан төрт ай аралығында, яғни 1941 жылдың 1 сәуіріне дейін Жарма ауданына қоныстанған поляктардың саны біраз кемігендігі байқалады. Адам санының кемуінің себебі, ұзақ жолға шыдамай көз жұмған қартаң адамдар және денсаулығы нашар жандар Жарма

даласында көз жұмған. Осы жылы поляктар арасында 4 сәби дүниеге келді. Қазан Шұңқырда 1 бала дүние есігін ашса, 3 баланың туған жері Ақжал болып жазылған [123, 26 б.].

УКСР мен БКСР-дың батыс аймақтарынан көшірілген азаматтар орман шаруашылығында, түрлі-түсті металлургия кеніштерінде еңбек етті. Бірақ олардың көпшілігі ауыр жұмысты көтере алмаған. Бұны КСРО Ішкі істер халық комиссары Л.Берияның И.В.Сталинге жазған хатынан көреміз. Л.Берия 1940 жылдың 10 сәуірінде көшірілген арнайы қоныс аударылған босқындардың қандай салада жұмыс жасап жатқаны туралы есеп бере келіп, қолөнершілер сынды қара жұмысқа жарамсыз азаматтарды арнайы поселкелер мен облыс және республика орталықтарынан басқа, шағын қалаларға көшіруді ұсынады. Осылайша ол жергілікті аймақтардағы шағын өнеркәсіптерді дамытуды меңзейді [93, 55 б.].

Олар тек қана орман және түсті металлургия саласы дамыған жерлерге қоныстандырылған жоқ. Ет-сүт өндірумен айналысатын Семей облысы Новошульба ауданындағы Ленин атындағы, Үшінші бесжылдық атындағы, «Красный Казахстан» және Шығыс Қазақстан облысы Вернеубинскі ауданындағы «Убинский» совхоздарына Украина мен Белоруссиядан 355 отбасы, яғни 961 адам қоныстандырылған болатын. Олардың көпшілігі жұмысқа жарамсыз болды. Совхоздың өндіріс жұмыстарына олардың небәрі 30% ғана тартылған. Олардың өзі тәжірибенің жоқтығынан жарытып жұмыс атқармаған. Осы ретте, жергілікті халық оларды масыл көре бастайды [93, 74 б.]. Себебі, мұндағы халықтың өзі тұрғын үймен және азық-түлікпен толықтай қамтамасыз етілмеген болатын. Осындай жағдайда арнайы қоныс аударылғандарды қамтамасыз ету мүмкін емес еді. Жұмысшыларды тамақпен қамтамасыз ету барысында асханаларда кезектер көбейіп, азық-түлік жетіспеушілігі туындады.

КСРО ет-сүт өндірісі халықтық комиссариатының орынбасары И.Кузьминых КСРО кеңхалком төрағасының орынбасарына жазған хатында арнайы қоныс аударылғандардың Шығыс Қазақстан совхоздарының дамуына пайдасын тигізіп отырмағандығын, керісінше, қиыншылықтар туындап жатқанын айта келіп, оларды қайтадан басқа аудандарға көшіруін сұрайды [90, 74 б.]. Солтүстік Қазақстанның кейбір басшылары жоғарғы жаққа хаттар жолдады. Онда «Біз сіздер әкелген, бәрін сыпырып-сиырып жеп қойып, қарап отыратын поляктар мен немістерден зардап шегудеміз. Егер олар болмаса, біз қиналмас едік» делінген [124]. Бұдан байқайтынымыз,

өздері қалт-құлт етіп отырған совхоз тұрғындар да, басшылығы да олардан құтылуға тырысқан.

Қазақстанда 1939 жылдан бастап әскерге өзге ұлт өкілдері көптеген талаптарға сай қатаң тексеріспен алынатын болды. Әсіресе, 1918-1919 жж. туған азаматтарды әскер қатарына алу қатаң қадағаланды. Бай-құлақтың балалары мен неміс пен поляк және тағы басқа ұлт өкілдері әскери борыштан босатылды. Кейбір поляктарға әскери билеттер кездейсоқ берілгендігі жайлы құжаттар кездеседі. Мысалы, 1939 жылдың 19 маусымында Қаз КСР-ның халық комисариатының ішкі істер басқармасына келіп түскен хаттан біршама мән-жайды анықтауға болады. Хатта Ткач-Смык Петр Адамович атты азаматқа мөрсіз әскери билет берілгендігі көрсетілген. Тексеру барысында Ткач-Смык Петр Адамович 1934 жылы Польшадан заңсыз түрде Кеңестер Одағына қашып кірген. Осы қылмысы үшін Павлодарға жер аударылады. Ол мұнымен қоймай, жергілікті әкімшіліктің рұқсатынсыз Павлодардан Семейге қоныс аударады. Осы істері үшін ол 1 жыл 6 ай түрмеге кесілген.

Ткач-Смык Петр Адамович Польша азаматы еді. Осы себепті оған Семейден берілген әскери билеттің заңдық күші жоқ болатын. Жоғарыдағы хаттың мазмұны осыны тексеру жайында еді [125, 26]. Бұндай жағдайдың кездесуі басқа облыстарға жер аударылған поляктардың да Шығыс Қазақстан аймағына қоныстануы мүмкін болғандығын байқатады.

1939 жылы Қазақстанға поляктардың екінші легі жөнелтілді. Шығыс Қазақстан аймағындағы поляктардың саны осы жылдары молайды. Немістер қоныстанған ауылдарға поляктар да қоныстанды. Кейбір ауылдар тек поляк өкілдерінен тұрды. Жалпы алғанда поляк ұлты қазақ және орыс ұлты өкілдері шоғырланған ауылдарға қоныстандырылды. Олар көбінше, ауыл шаруашылығында жұмыс істеді. Бірақ тұрмыстары өте нашар болды. Қазір осы нәубетті буыннан қалған ұрпақ жоқтың қасы. Себебі, соғыс аяқтала салысымен шетке кеткен поляктарға Отандарына қайтуға рұқсат етілді. Көпшілігі мүмкіндікті пайдаланып, Украина, Белоруссия жерлеріне қайтқан-ды. Ал осында қалған азаматтардың өзі төлқұжат алу барысында орыс болып жазылып, «аға ұлтқа» жасалған артықшылықтардың жемісін жеді. Осы көштібасынан кеширген 80-нен асқан Ванда әжейден поляктардың Қазақстанға келу тарихынан біраз деректер алған едік. Ұлты поляк мәжбүрлі көштің куәгері Бесқарағай ауданының орталығы Бураста тұрады. Ванда әжей шерлі

шежірені былай бастады: «1939 жылдың көктемі еді. Өрімдей 18 жастағы бойжеткенмін. Бір түнде солдаттар келіп анамды жұлқып оятты да, әй-шәйға қаратпай түрмеге алып кетті. Анамды қайда әкеткенін біле алмай дал болдым. Үш күннен кейін туыстарым анамның Десна қаласында қамауда жатқандығын естіпті. Анамды іздеп таптым. Неге қамалғанын сұрағанымда, көзі жасқа толған шешем: «Өзім де түсінбеймін», - деп, жылады. Анаммен кездесіп, үйге қайтар жолда көп солдаттарды көрдім, ішім бір жамандықты сезді. Үйге жүгіріп келе салып, сіңілім мен бауырыма тығылу керектігін айттым. Олардың «Неге?» деген сұрағына білмейтіндігімді айттым. Солдаттар ауыл-үйді аралап, жұртты далаға шығарып жатты. Кезек бізге де келді. Солдаттар тығылып жатқан жерімізден бізді тауып алды. Қарсылық көрсетіп едік анамызға апаратындарын айтып, алдап шығарды. Жолға талғажау етер тамақ алып, бауырларымды бауырыма басып мен де үрпиісіп тұрған елге қосылдым. Ертеңгісін барлығымызды эшелондарға тиеп, Деснаға әкелді. Портқа жеткізіп, кемеге тиеді. Қанша жүзгенімізді білмеймін, ұзақ жүздік. Содан Қазақстан аумағына келіп бірақ тоқтадық. Алғаш басқан жеріміз Известка колхозы болды. Қазіргі Беген ауылы.

Алғашқыда жағдайымыз жаман болды. Жергілікті халықтың да жағдайы мәз емес еді. Ешкімнің ешкімді асырауға күйі жоқ-ты. Қазақтардың арбаларының астында күн кештік. Орман шаруашылығында жұмыс істедім. Тіл білмедім, тек поляк тілінде ғана сөйлейтін едік. Тіл білмеуім өмірімді қиындатты. Жазда орманда, күзде танапта сабақ тердім. Кешке жұмысшыларды тексеретін. Соған қарамастан пима қонышына бидай тығып әкеліп жүрдім. Сол болар-болмас азықпен бауырларымды асырадым. Қыс түсіп, танаптағы жұмыс тоқтағанда баржыда жүк тасыдық. Тамақ тауып жеу қиын еді. Сөйтіп жүргенде тұрмысқа шықтым. Тұңғышым қыз болды. Тұрмысқа шығуыма күн-көрістің қиындығы себеп болды. Арқа сүйер қайратты азаматтың жоқтығы титықтатып жіберген болатын. 1941 жылы соғыс басталып, жолдасым майданға аттанды. Бауырымда баламен, жәутеңдеген екі бауырыммен жалғыз қала бердім. Менімен келген барлық поляк азаматтары менің күйімді кешті. Тылда қызмет атқардық. «Бәрі де, майдан үшін!» ұранымен жан аямай жұмыс істедік. Польшадан келгендерді соғысқа алмады. Барлығымыз ауыл шаруашылығында еңбек еттік.

1945 жылы соғыс аяқталғаннан кейін, польяктарға еліне қайтуға рұқсат берілді. Тауқыметті тағдырмен келген жерлестерімнің

барлығы дерлік елге кері қайтты. Ертістің жағасында өзегім өртеніп, көзімнен жасым сорғалап тұрып, отандастарымды шығарып салдым. Қиын күндерде құдай қосқан қосағымды қиып кете алмадым. Оның үстіне, Польшада орысқа тиген поляк қыздарын жек көретін. Барған күннің өзінде тағдырдың маған күліп қарайтынына сенбедім. Жолдасым соғыс біткеннен кейін үш жылдан соң оралды. Жалғыздық пен қиындықтың зардабын шегудей-ақ шектім. Кешіп өткен қиыншылығым соғыс бітіп, қожайыным оралғаннан соң өзгерді. Ол жылдар көрген түстей, соққан желдей өте шықты ғой. Жақсы заман басталып, еңсемізді тіктей бастадық.

Анам Коми АССР-інде түрмеде отырып шықты. 60 жылдары анамды іздеп Польшаға барып қайттым. Елімді, жерімді көрдім. Қалып қойғым келгені рас. Бірақ қызымның болашағына алаңдап, қайтып келдім. Кейінірек шешем де немерелерін және менің тұрмыс-тіршілігімді өз көзімен көру үшін Бесқарағайға келіп қайтты. Шешем келгенде мұндағы поляктар аз қалған еді.

Бізді ешкім жатсынбады. Кемсітушілік көрмедік. Өз еңбегімізбен ер жеттік. Менің Отаным Қазақстан деп ойлаймын. Себебі, өмірімнің ащысы мен тұщысы осы елде өтті. Тек мөлдіреген балалық шағым ғана Польшада қалды. Әлі күнге дейін менің Қазақстанға келуімнің себебін өзім де түсінбеймін», - деп көз жасына ерік берді Ванда әжей.

1940 жылы Батыс Украина мен Белоруссия жерлерінен поляк «осадниктері» көшіріледі. Польша мемлекетінің алдында еңбегі сіңген, польша өкіметінің шешімімен қомақты жер телімдері берілген ауқатты азаматтарды «осадниктер» деп атаған. Олар негізінен, Вилен өлкесінен көшірілді [50, 65 б.]. Кейбір ғалымдар Украина мен Белоруссияға жер іздеп келіп, қоныстанғандарды да осылай атайды.

1940 жылдары Шығыс Қазақстан түрмелеріне Кирвоград түрмелерінен Польша азаматтары ауыстырылады. Оларға тағылған айыптар әртүрлі еді. Біреулеріне Кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихит жүргізді деген айып тағылса, кейбіреулеріне тыңшылыққа қатысы бар деген жала жабылды. Тергеуден өткен соң олар Шығыс Қазақстан түрмелеріне жөнелтілген.

1940 жылдың 21 сәуірінде КСРО Халық комиссариаттар кеңесі және БКП(б) ОК шешімімен Қазақстанның Солтүстік-Шығысына 25000 шаруашылық көшірілді. Ақмола облысына 4800, Павлодар облсына 5600, Семей облысына 1700, Солтүстік Қазақстан облысына 4800, Шығыс Қазақстан облысына 3000, Қостанай облысына 5100

шаруашылықты көшіру жоспарланды. КСРО Халық комиссариаттар кеңесінің көші-қон басқармасы Украина КСР-нен 1425, Курск облысынан 2088, Воронеж облысынан 3035, Мордва АКСР-нен 365, Томбов облысынан 1086, Рязань облысынан 2180, Чуваш АКСР-нен 1401, Татар АКСР-нен 2 756 шаруашылықты Қазақстанға жөнелтеді. Олардың арасында әртүрлі ұлттар бар еді [116, 3 б.].

Жергілікті көші-қон басқармалары алғаш құрылғанда бар күштерімен қоныс аударылғандарды қабылдауға дайындық жүргізгенімен, келушілерді үй-жаймен жұмыспен және ауқатпен қамтамасыз ету қиын болды. Әсіресе, тұрғын үймен қамтамасыз ету, құрылыс жабдықтарын дайындау немесе қазыналық орындардан жатақ жасау сияқты істер өте самарқау жүргізілді. Жергілікті аудандар кейбір жағдайда құрылыс жабдықтарын жергілікті халықтың қажетіне жұмсап жіберген. Мысалы, Үржар мен Мақаншы аудандары «переселендерге» арнап құйылған кірпіштерді ірі қара фермасына береді. Себебі, ферманың құрылысы мен переселендерді қабылдау бір уақытқа сәйкес келген. Аудан азаматтары жергілікті халықты бірінші қамтамасыз етуді ұйғарады. Бірақ бұл үшін олар жоғарыдан сөгіс алған. Шығыс Қазақстан облысының Зырян ауданы переселендер келгенге дейін 3000 куб ағаш өңдеп қою жоспарланғанымен, тек 500 куб қана өңдеп үлгерген. Ал Күршім және Самар аудандары болса переселендерге арнап бір де бір тұрғын үй тұрғызып үлгермеген. Переселендер жоспарлы түрде көшірілгенімен, оларды күтіп алуға дайындық уақтылы атқарылмаған [116, 6 б.].

1941 жылдың басынан бастап Қазақстанға Ресейдің ішкері аймақтарынан өзге ұлттарды көшіру үдей түсті. КСР Халық комиссариаттар кеңесі 1941 жылдың 14 ақпанында барлық облыстарға қоныстандыру жоспарларын ұсынды. Облыстарға көшіп келушілерді қабылдау мен қамтамасыз ету мәселесі бойынша жеке жоспарлар берілді. Облыстар жоспарды белгіленген уақытқа дейін орындаулары тиіс болды. Бірақ облыстардағы дайындық мерзімінде аяқталған жоқ. Дайындық шараларының жүргізілмеуіне аудан орталықтарының басшылары мен көші-қон мамандары ғана кінәлі болмады. Бұл жағдайға көші-қон саласының жоғарғы жақта отырған жауапты мамандары мен ауылшаруашылығы банкі қызметкерлерінің жұмысты дұрыс ұйымдастырмауы да кері әсерін тигізді. Орталық көші-қон бөлімдері мен банк мамандарына колхоздардың көші-қон іс-шараларына жұмсайтын шығындарын, құрылыс материалдарының

бағасы мен оны тиісті жерге жеткізуге кететін уақыт пен қаражатты есептеу, дайындық мерзімдерін накты белгілеу, тұрғын-үйлерді салатын жұмысшылар санын анықтау және олардың салып бітіру уақытын белгілеу сияқты жұмыстар жүктелген еді [126, 3-4 бб.].

Жоспар бойынша, 1941 жылы Қазақ КСР-і 26 000 шаруашылықты қабылдауы керек болған. Олар еліміздің 31 ауданына, 1887 колхозға орналастырылуы тиіс болды. Жоспар әртүрлі кедергілерге байланысты толық орындалмай қалған. 1941 жылдың алғашқы тоқсанында Қазақстанға 24 000 жанұя қоныстануы тиіс болса, осы жылдың 15 мамырына дейін бұл жоспардың 11% ғана орындалды [126, 4-6 бб.].

Кесте 15 – 1941 жылы поляктардың Қазақстан облыстарына қоныстандырылуы [126, 6 б.].

Облыс-тар	1941 жылға көшіруге жоспар-ланған шаруа-шылықтар саны	Келгендер					
		Глав семей		Толық жанұялар		Барлығы	
		саны	Жос-пар-дың орын-далуы %	саны	Жос-пар-дың орын-далуы %	саны	Жоспардың орындалуы %
Ақмола	5500	955	17,4	131	2,3	1086	19,7
ШҚО	3500	450	12,8	36	1,0	486	13,8
Павлодар	4000	523	13,0	89	2,3	618	15,3
Семей	1500	301	3,1	110	1,6	311	4,7

Қалай дегенмен де, Қазақстан колхоздары оларды қабылдауға толықтай дайын емес еді.

1941 жылы 8 ақпанда Қазақстан Социалистік Кеңестік Республикасы кеңхалкомы көші-қон құрылысына орман қорынан 100,33 мың тонна құрылыс материалдарын дайындауға шешім шығарады [126, 12 б.]. Шешім сол кездегі орман шаруашылығының жай-күйін, шаруашылықтағы адамдар ресурсын, табиғи жағдайды ескерместен қабылданған еді. Бұл шешімде көрсетілген материал көлемін дайындау жергілікті халықтың мүмкіндігіне сай келмеді.

Осыған сәйкес жоспар да орындалмай қалды. 1941 жылдың 15 мамырына дейін құрылысқа қажетті ағаш материалдарын дайындау жоспары орындалмады. Оны Қазақстан көші-қон бөлімінің Мәскеуге жіберген есебіндегі кестеден көре аламыз [126, 12 б.].

Кесте 16 – 1941 жылдың 15 мамырына дейін құрылысқа қажетті ағаш материалдарын дайындау жоспары [126, 12 б.].

Облыстар	Жылдық жоспар		Орындалғаны		Тиісті орнына жеткізілгені	
	дайын-дау	өңдеу	Мың куб/метр	Жоспар-дың орындалуы %	Мың куб/метр	Жоспар-дың орынд. %
Ақмола	24,0	12,0	8,26	34,4	4,66	56,4
ШҚО	24,0	17,0	10,0	41,7	2,23	22,3
Қостанай	8,15	-	2,94	36,6	2,25	76,5
Павлодар	27,0	21,0	5,0	18,5	0,3	6,0
Семей	2,18	1,0	0,67	30,7	0,20	29,8

Жоспардың орындалмай қалуына облыстық, аудандық және ауылдық кеңестер шамасының шектеулі болғаны, қыстың ұзақ болуы, қардың қалың түсуі, жұмыс күшінің жетіспеуі, ағаш таситын малдың өзіне жем-шөптің жетіспеуі, темір жол тасымалына вагондардың толық бөлінбеуі сияқты жайттар себеп болды.

ҚСКР Халық комиссариаттар кеңесі жоспар бойынша, 26000 переселенге 25000 үй салуға, 1000 ескі үйді күрделі жөндеуден өткізуге қаулы қабылдады. Тұрғын үймен қамтамасыз ету ісі құрылыс материалдарының жетіспеушілігі ғана емес, жұмыс күшінің жетіспеушілігі, көктемнің жай шығуы т.б. себептерге байланысты қарқынды жүрмеді [126, 22 б.].

Кесте 17 – 1941 жылдың 15 мамырына дейінгі тұрғын үй жоспары [126, 22 б.].

Облыс-тар	Жоспар бойынша			Дайындалған тұрғын үй					Салынуда	
	Барлығы	Жаңадан салу	Жөндеу	Салынып біткен	Жөндеуден өткен	Сатып алынған	Жиыны	Жоспардың орындалу %	Салынуда	Жөндеуден өтуде
ШҚО	3500	3200	300	4	219	158	381	10,9	22	-
Павлодар	4000	3800	200	-	6	5	11	0,3	63	146
Семей	1500	1350	150	10	129	-	139	9,2	-	-

1941 жылдың 15 мамырына дейінгі тұрғын үй жоспарының 50% да орындалмады.

Батыс Украина және Белоруссиядан жер аударылғандар Қазақстанның Ақтөбе, Ақмола, Қостанай, Павлодар, Семей облыстарына орналастырылған. 36 729 адамның 15 923-і совхоздарға, 8000 колхоздарға бөлінді [122, 17 б.]. Бұрынғы Польша жерінен қоныс аударылған азаматтар Семей облысының әр жеріне шашырай орналасты. Негізінен, олар Жарма, Шар, Новошульба, Жана-Семей, Таскескен аудандарына қоныстандырылды. Семей өлкесіне 7644 адам келсе, оның 4376-сы совхоздарға, 1412-сы колхоздарға, 1570 өндіріс ошақтарына, 286 мемлекеттік мекемелерге орналастырылды [122, 26 б.].

Мәжбүрлі түрде қоныс аударылған азаматтарды еңбекпен қамту мәселесі толық шешілмеген еді. Олар егін салу мен орақ кезінде ғана жұмысқа тартылды. Басқа уақыттарда ұжымшарлар оларды еңбекпен қаматамасыз ете алмады. Кейбір колхоздар өздері де қалт-құлт етіп отырғандықтан, оларды қабылдаудан бас тартып, жоғарыға хаттар жазды. Өйткені колхоз басшылары жергілікті жұртқа жұмыс тауып бере алмай отырған еді. Сол сияқты баспана мәселесі де дұрыс шешімін тапқан жоқ. Оларға деп салынған үйлер белгіленген мерзімінде бітпеді. Тіпті көшіп келгендерді ауылдық жерлердегі қоғамдық орындарға, яғни клуб, мектеп ғимараттарына қоныстандыра бастады. Кейбір колхоздарда қоғамдық орындардың болмауына байланысты оларды мал қораларға орналастырған жайттар да кездескен. Оған дәлел Л.П.Берияға берілген Қазақ КСР-ндегі арнайы қоныс аударылғандарды еңбекпен қамту және оларды

орналастыру жөніндегі тексерістің қорытындысы. Бұл құжаттағы мәлімет бойынша, Семей облысы Шар ауданына арнайы қоныс аударылғандардың бұзау қораларда жатқаны мен даладағы шошалаларда тұратыны айтылады. Жарма ауданына қоныс аударылғандардың жол бойына шығып, өз заттарын азық-түлікке айырбастап жүргендігі туралы фактілер жазылған. Ал көпбалалы отбасылардың жағдайы тіпті ауыр еді. Олар киім-кешектерін нанға айырбастауға мәжбүр болған. Олардың мұндай күйге түсуіне жергілікті жұрттың бойындағы ксенофобия да кері әсерін тигізген. Әсіресе, жергілікті басшылар оларды өгей ел санап, мамандықтары бойынша жұмысқа алмады [122, 16-17 бб.]. Олардың арасында дәрігерлер, инженерлер, жүргізушілер мен техниктер бар еді. Жаңа-Семей ауданына қоныстандырылған азаматтардың арасында 8 дәрігер, 3 агроном, 40-қа жуық тігінші, 15 қуыршақ шебері, 2 бағбан, 1 слесарь болған. Қалған мамандарға да өз мамандықтарымен жұмыс істеуге тыйым салынған [122, 27 б.].

Жергілікті халық бұл адамдар тұтқындағы азаматтар, олар кейін бәрібір де сотталады деген пікірде болған. Семей облысының Қарақол совхозының директор орынбасары Исмаилов арнайы қоныстандырылғандарға жұмыс берудің орнына, «мен бұл адамдарды шақырған жоқпын, оларды әкелген НКВД. Сондықтан оларды сол мекеме тамақтандырып, солар орналастырсын» деген пікірін ашық айтқан [122, 28 б.].

Арнайы қоныс аударылғандардың еңбегін Кеңес өкіметі тұрпайы түрде қанаған. Мәселен, Новошульба ауданының Ленин атындағы совхозының бригадирі Иванов арнайы қоныс аударылған поляк қызы Дрейховская Янинаға егін суғару үшін күніне нормаланған 300 шелек судың орнына күніне 540 шелек тасытқан. Ал Янинаға 1 күндік еңбекақы ғана жазып отырған [122, 30 б.]. Семей қаласының №1 кірпіш зауытында 13-16 жас аралығындағы жеткіншіктер жұмыс істеген. Оларға ересектер атқаратын жұмыстар жүктелген. Жарма ауданында олар бір ай жұмыс істеп, небәрі 10 сомнан 50 сом аралығында жалақы алған. Ол кездері ешкім ондай төмен жалақы алмайтын [122, 31 б.].

Әйелдерді зорлау немесе оларды қорқытып бірге тұру сияқты ұятты әрекеттер де болған екен. Кейбір ферма басшылары кіріптар күйдегі әйелдерге психологиялық қысым жасап, оларды өздерінің ашынасы болуға мәжбүрлеген. Ашына болғаны үшін әйелдерге тұрмыстық жағдай жасауға уәде беріп отырған. Осындай қорлыққа

шыдамаған Пелькос Надежда «Егер мені жер аудару жазасынан босатпаса, өз еркіммен арнайы қоныстан кетуге мәжбүр боламын. Түрмедегі жағдайым бүдан жақсы еді. Кішкентай баламмен бұлай жүре алмаймын. Қысылғанда сататын заттарым да бітті» деп ашына жазады [122, 39 б.].

Балалардың жағдайы тіпті ауыр болды. Кейбір ата-аналар аштықтан титықтағаны соншалық, төл перзенттерін балалар үйіне өткізуге бел буған. Мысалы, Шар ауданының НКВД бөліміне арнайы қоныс аударылған 10 әйел балаларын өкіметке тапсыру үшін өтініш берген [122, 19 б.].

Арнайы қоныс аударылғандарға үй маңынан бау-бақшалық жер берілген. Олардың көпшілігі үй ауласына жеміс-жидек өсіріп, қыста бақша өнімін талғажау еткен.

Бұндай олқылықтарды түзету мақсатында ҚКСР-нің Ішкі істер министрлігіне қоныс аударылғандарды орналастыру және еңбекпен қамту мәселесін партия жиналыстары отырыстарында қарауға нұсқау береді [122, 22 б.].

1941 жылдың өзінде ҚКСР КП /б/ ОК арнайы қоныстандырылғандардың жағдайын өз отырыстарында екі рет қарастырған. Көшіп келгендердің тұрмысына қатысты Шығыс Қазақстан облысы КП облыстық бюросы арнайы 3 отырыс өткізген. 1 рет арнайы сессияда қарастырған. Семей облысының партия ұйымы 2 отырысты осы мәселеге арнайды [122, 44 б.].

Поляк «осадниктері» өте қырағылықпен қадағаланды. Әр тоқсан сайын мемлекеттік қауіпсіздік генералы Берияға есеп беріліп отырған [122, 66 б.]. Бұл есептерден арнайы қоныстандырылған азаматтардың әлеуметтік ахуалы туралы көптеген мәліметтерді кездестіреміз. Мысалы, жұмысқа тұрғандар өте қатаң бақылауда болған. 1940 жылдың соңы мен 1941 жылдың басында Жарма ауданындағы Ақжал кенішінде 2 жұмыстан кешігу оқиғасы, 1 мемлекеттік мүлікке қол сұғу әрекеті тіркелген. Құқық бұзғандарды халықтық сот жазалайтын болған.

Семей облысына жұмысқа жіберілген поляктардың жағдайы тәуірлеу болды. Олар барақтарға орналасты. Бірақ барлығына бірдей жұмыс табу мүмкін болмады. «Алтайзолото» трестінің директоры оларды жұмыспен толықтай қамту мүмкін емес деп жазады. Себебі, кеніштер басқармасының жұмыс орындарын молайтуға ниеті болмаған. Олардың орташа жалақысы айына 140 сом болды. Бірақ

жалақыны толық беруге кен басқармасының қаржысы жетпей, айына 20-30 сом ғана төлеп отырған [122, 66 б.].

Ақжал кенішінде арнайы қоныс аударылғандардың балалары жергілікті балалармен бірге балабақшаға қабылданған. Бұндай балабақша мен сәбилер үйі басқа кеніштерде болмады. Ақжалда асхана, фельдшерлік орталық жұмыс істеді. Арнайы қоныстандырылғандарға жалпыға ортақ тәртіп бойынша қызмет көрсетілді. Бірақ мұнда да тұрмыс түйткілдері жетерлік еді. Мәселен, дәрігерлік көмек көрсетілгенімен, дәрі-дәрмек жетіспеді. Десе де, мұндағы поляктардың жағдайы басқаларымен салыстырғанда шүкірлік ететіндей болатын. Арнайы қоныс аударылғандар келгенге дейін жергілікті халық бір құдыққа қарап отырды. Поляктар көптеп келе бастаған соң, бұл ауыл ауыз су тапшылығына ұрынды. Жалғыз құдық күніне 16 бөшке су беретін. Ал халықтың бір күндік суға деген сұранысы 60 бөшке болған. Таулы аймақта таза су тереңнен шығатынын ескерсек, халық техниканың көмегінсіз өздігінен құдық қаза алмайтын. Лас су арнайы қоныс аударылған «осадниктер» арасында сүзек (брюшной тиф) індетінің тарауына әкелген. Осының кесірінен 3 адам қайтыс болған. Бұған қоса ел арасын қызылша дендеп, індетті ушықтыра түскен. Жергілікті билік қолдан келгеннің бәрін жасады, арнайы қоныс аударылғандардың үйлерін тазалап, зарарсыздандыруға көп күш жұмсады [122, 67 б.].

Ақжал кенішінде жақсы жабдықталған бастауыш және орта мектеп, 2 клуб болды. Арнайы қоныс аударылғандардың барлық балалары мектеппен қамтылды деп айта алмаймыз. Мектебі бар Ақжалдың өзінде мектеп жасына жеткен 110 баланың 74-і ғана оқыды. Қазаншұңқыр кенішіне көшіп келгендер арасында оқуға тиісті 92 баланың 72-сі, Балажал кенішінде 46 баланың 38-і ғана мектепке барған. Қалғандары киім-кешектің болмауынан оқуды жалғастыра алмаған. Бұл сол кездегі поляктардың тұрмыс қиыншылығын ашып көрсететін аянышты мәлімет [122, 68 б.].

Қазақстанға қоныс аударылған поляк «осадниктеріне» мемлекет арнайы көңіл бөліп отырды. Мәселен, 1941 жылы қаңтар айында НКВД ГУЛАГ басқармасының бастығы Конрадов Семей өңіріндегі поляк «осадниктерінің» әлеуметтік жағдайы қиын екенін баяндап, Семей облыстық НКВД басқармасының бастығы Аннинскийге хат жолдайды. Онда жағдайды түзету жайында жіберілген нұсқаулардың іске асырылмай жатқандығы жазылған. Конрадов мырза осы жағдайды Қазақ КСР НКВД-сін басқарып отырған Л.Берияға да хат

арқылы хабарлайды [122, 69 б.]. Арнайы қоныстандырылғандардың жағдайын түзеу жөнінде жоғарыдан нұсқаулар түсіп жатқанымен, аймақтардағы жергілікті халық тұрмысының төмендігі, техниканың жетіспеушілігі сияқты мыңдаған мәселелер арнайы қоныс аударылғандарға жағдай жасауға қолбайлау болды. Бұл жерде жоғарғы билік жергілікті органдардан олардың шамасынан тыс, артық нәтижелер талап еткені байқалады. Себебі, бұл жылдары бүкіл республика халқының әлеуметтік жағдайы өте төмен болғаны белгілі.

КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының 1941 жылдың 17 тамызындағы жарлығы негізінде поляк азаматтарына рақымшылық жасалды. КСРО Халық комиссариаттары кеңесі және БКП /б/ ОК түрмелердегі, еңбекпен түзеу колонияларындағы, арнайы поселкелердегі және әскери тұтқындағы поляк азаматтарына КСРО аумағында, соғыс ошақтары мен шекаралас немесе арнайы тыйым салынған аймақтардан басқа облыстарға көшуге және осы аумақтарда еркін қозғалуға рұқсат етеді. Қаулы бойынша, 1939 жылдың 17 қыркүйегінен кейін Украина мен Белоруссияда тұтқындалған Польша азаматтарына да еркіндік беріледі [127, 3 б.]. Тек Германияның тыңшысы деген айып тағылған, Кеңес өкіметіне қарсы әрекеттерінен әлі арылмаған деген күдік астындағы поляктар мен бұрын ОУН мүшелері болған украиндықтарға ғана арнайы нұсқау шыққанға дейін еркіндік берілмеді. Түрмелер мен НКВД органдарында отырған Польша азаматтарына белгіленген тәртіп бойынша, жеке бас куәліктері тапсырылды. Оларға тұтқындау кезінде тәркіленген құжаттары қайтарылып, бір қабат киім кигізілді. КСРО аумағындағы кез-келген елді мекенге жол билеттері төленіп, жол ұзақтығына байланысты тәулігіне 15 сомнан қаражат берілді [127, 4 б.].

Рақымшылық жасалғаннан кейін Куйбышевта (қазіргі Самарада) Польша Республикасының елшілігі ашылған болатын. Екі ел арасындағы келісім бойынша, Қазақстан аумағында Польша елшілігінің 6 бөлімшесі жұмыс істеді. Алматыда, Жамбылда, Семейде, Павлодарда, Петропавл мен Шымкентте, жалпы жиыны 33 уәкіл қызмет етті [128, 10 б.]. Поляктар көп шоғырланған облыс орталықтарында консулдықтар нәтижелі жұмыс атқарды. Олар поляктардың құжаттарын жедел реттеп, Польшаға аттандырумен айналысты.

Ал арнайы поселкелердегі поляктарға НКВД бақылауынан босатылғаны жайында хабарламалар беріліп, кеткісі келгендерге

сапар куәліктері таратылды. Польшаға жеткісі келген азаматтар Мәскеудегі Польша елшілігіне өтініш жазып, төлқұжат алуға тиіс болды. Польша азаматтығы берілмеген жағдайда, Кеңес паспортын алуға мүмкіндік алды [127, 5 б.]. Кеткісі келмегендерге тұрып жатқан үйлерін өз аттарына аударып алуға рұқсат етілді. Бірақ кейбір поляктар тарихи Отанына кете алмай қиналды. Оларға қағазбастылық, НКВД қызметкерлерінің салақтығы кесірін тигізді. Мәселен, НКВД қызметкерлері кейбір поляктардың құжаттарын дұрыс толтырмаған. Жеке іс папкаларында шала толтырылған анкетадан басқа, адамның жеке басын анықтайтын ең қажетті мәліметтер жоқ болып шыққан [120, 34 б.]. Бұндай қиындықтар кейбір поляктардың еліне қайтуына кедергі болды. Олар тарихи отандарына қайтқысы келгенімен, шарасыздықтан КСРО территориясында қала берді.

Арнайы қоныс аударылған поляктар НКВД тізімінен босатылғанымен, сырттай бақылаудан құтылмады. Олардың қайда кеткені тіркеліп, отбасы құрамы туралы мәліметтер НКВД сөрелеріне қатталып қойылған еді. Олар кеткеннен кейін де сырттай ақпарат жинастырылып отырды [127, 5 б.].

1941 жылға, яғни рақымшылық жасалғанға дейін 389 382 Польша азаматы КСРО аумағында өмір сүрген. Оның ішінде 120962 адам түрмелер мен лагерьлерде, жергілікті абақтыларда болса, 243 106 адам арнайы қоныстарда, 25 314 адам әскерде болған. Рақымшылық жөніндегі жарлық бойынша, 389 041 адам еркіндік алды. Бірақ 341 азамат түрмелерде қала берді. Мұнымен қатар, рақымшылық алған 119 865 поляк бұрынғы Андерс армиясы қатарында болғандар ретінде бала-шағасымен бірге Польшаға емес, Иранға жіберілді. Жалпы есеп бойынша, 269 176 поляк КСРО аймағында қалды [129, 33 б.].

Рақымшылық туралы жарлық күшін жойғанға дейін Өскемен округінен 273 поляк Отандарына қайтып үлгерді [130, 44].

Кесте 18 – Рақымшылық жасалып, арнайы поселкелерден және айдаудан босатылған поляк азаматтарының саны (КСРО-ның Жоғарғы Кеңесінің Президиумының 12. VIII. 1941 жылғы Жарлығы) [130, 44 б.].

Репрессия санаты	**Поляктар**
Арнайы қоныс аударылғандар	179
Айдаудағылар	94
Жалпы	273

Рақымшылық жарияланған азаматтар құжаттары әбден тексеріліп, сараптама шешімімен ғана босатылды. Ал Өскемен округіндегі колониялар мен лагерьлерден 13 поляк қана босатылған [113, 47 б.]. Өйткені мұндағы тұтқындалған поляк азаматтарын тергеу жалғасып жатқан болса, қалғаны сотталғандар еді. Оларға қоғамға қауіпті немесе «аса қауіпті элементтер» деген айып тағылған еді.

Рақымшылық жарияланғанымен де, рақымшылық шарасының рақымын көру қиын еді. Поляктар қоныстанған елді мекендерден олардың тізімдері алынып, кімді жіберу, кімді жібермеу мәселесі қатаң талқыға түскен. Ауыр өнеркәсіпте жұмыс атқарып жүрген поляктар бөлек тізімде болған. Жер аударылғандардың жеке басын мұқият тексеру үшін жергілікті НКВД бөлімшелерінде құжатнама орталықтары ашылған. Сол жерде әрбір поляктың құжаттары сұрыптаудан өткен. Тек босату туралы нақты шешім қабылданып, Польша мемлекетінің арнайы төлқұжатын, яғни паспортын алған азаматтар ғана қайтарылған. 1941 жылдың қазан айына дейін жер аударылған Польша азаматтары арасынан 123 ер, 176 әйел, 111 бала Семей өңірінен Ресейдің ішкі аймақтарына қайтқан [113, 8 б.]. 1941 жылдың 28 қарашасында КСРО НКВД-сының 1941 жылы 18 қыркүйекте шығарған нұсқауымен Өскемен қаласындағы мына поляктарды қамаудан босатуға бұрық шығарылады:

1.Бельский Павл Иванович
2.Видовский Викентия Иосифовна
3.Пиотрович Август Юзефович
4.Джюзинский Казимир Алойзович
5.Живицкий Зигмунт Викентьевич
6.Мицко Иван Андреевич
7.Мязга Леона Люцианович
8.Матычинский Вергилиуша Леонович
9.Огонский Владислав Лаврентьевич
10.Ожук Павел Вацлавович
11.Пененжек Владислав Карлович
12.Сайка Владимир Иосифович
13.Лешик Иван Вицентович

Бірақ олардың ішінде еркіндікке шықпай дүние салғандары болды. Мысалы, Мицко Иван Андреевич, Сайка Владимир Иосифовичтер бостандыққа шыққанға дейін көз жұмды [113, 37 б.].

Рақымшылық жасалған польша азаматтарына төлқұжат берумен НКВД-ның 1942 жылы 23 ақпанда шыққан №8 1330 нұсқауымен

полиция органдары айналысты [113, 9 б.]. Айдаудан босаған польяктар Польша паспортын алғанға дейін үш ай уақытша төлқұжатпен жүретін болды. Поляк азаматтығын растайтын құжаттар дайындауға ұзақ уақыт кететін. Осыған байланысты 1941 жылдың 19 қарашасында № 290 үкім шығарылды [113, 10 б.]. Онда уақытша төлқұжаттың мерзімін ұзартуға рұқсат етілді. Төлқұжат беру үшін поляктардың бұрынғы өмірлері, Қазақстандағы атқарған қызметтері, сонымен қатар әскери шендері қатаң тексерілген. Жоғарыға қанша және қандай адамдарға төлқұжат берілгендігі жайлы есеп жіберіліп отырған.

Поляктардың арасында Кеңес Одағы азаматтығын қабылдап, қалып қоюды ойластырғандары да болды. Арнайы қоныс аударылған поляктар Польшаға барғаннан кейінгі тағдырларына сенімсіздікпен қарады. Көпшілігі еркіндікке шыққаннан кейін Шығыс Қазақстанда қалуды құптаған. Бірақ жергілікті билік олардың осы аймақта қалу туралы өтініштеріне жауап бере алмады. Жоғары жаққа хабарлап, бұйрық күтті. 1941 жылдың 27 қыркүйегінде КСРО НКВД-сы № 3370 бұйрық шығарады [113, 12 б.]. Онда поляк азаматтарына қалуға немесе КСРО азаматы болуға рұқсат беруден әзірге бас тарту қажеттігі айтылады.

1943 жылдың 13 қаңтарынан бастап КСРО территориясында тұрып жатқан төлқұжаты жоқ поляк азаматтарына төлқұжат беру жұмыстары басталды. Ол кезде арнайы қоныстандырылған поляктар ішінде 69 840 адам өндіріс орындарында, 44 868 адам ауыл шаруашылығында, 7 831 адам қызмет көрсету саласында, 20 725 адам әртүрлі кәсіппен айналысса, 45 611 адамның нақты кәсібі болмаған [129, 35 б.].

1943 жылы 165 208 адам Кеңес паспортын иеленсе, 24151 адамды Польша өз азаматы ретінде таныды. 1583 адам Кеңес паспортынан бас тартқандығы үшін сотталды. Бұл кездері Қазақстанда 76 942 поляк төлқұжат алуға құжат тапсырған болатын [129, 34 б.]. Осы жылдары Шығыс Қазақстан облысында 433 Польша азаматы тіркелген. Оның 350-і поляк, 4-і белорус, 9-ы украин, 90-ы еврей ұлтының өкілі болған. 16 жасқа дейінгі балалар саны 276. Оның екеуі балалар үйінде тәрбиеленген. Семей облысында 3300 Польша азаматы тіркелсе, оның 2598-і поляк, 51-і белорусь, 294-і украин, 360-ы еврей, 25-і өзге ұлт өкілдері болған. Осының ішінде 4 адам мүгедектер үйінде болған [129, 88 б.].

Төлқұжат алған Польша азаматтарын мемлекет Ресейдің ішкі аймақтарына көшіре бастайды. 1944 жылдың қыркүйек айында Қостанайдан 1400, Ақтөбеден 1570, Ақмоладан да мыңнан аса адам Украинаның Киев, Одесса, Запарож, Днепропетровск облыстарына жөнелтілді [129, 104-112 бб.].

II дүние жүзілік соғыстың басында жасалған рақымшылықтан кейін, 1944 жылдың мамыр айында КСРО территориясындағы барлық Польша азаматтары қайта тіркеуге алынып, олар жайлы мәліметтер қайта өңдеуден өтеді. Себебі, 1941 жылы Польша азаматтарына жасалған рақымшылықты пайдалана алмаған және ауыр қылмысқа тартылу немесе басқа да себептермен Отанына қайта алмаған азаматтар көп болатын. 1944 жылдың 10 мамырында КСРО НКВД-сының арнайы қоныстандыру бөлімінің бастығы орынбасары берген тізімнен осыны байқаймыз [129, 30 б.].

Кесте 19 – 1944 жылдың 10 мамырындағы тізімі [129, 30 б.].

Республикалар, өлкелер мен облыс атаулар	16 жастан жоғары ересектер	16 жасқа дейінгі балалар	Мүгедектер үйіндегілер	Балалар үйіндегілер	Барлығы
Әзірбайжан КСР	331	28	-	-	359
Түркімен КСР	660	8	-	-	668
Тәжік КСР	1875	115	51	269	2310
Удмурт КСР	1696	50	1	105	1852
Өзбек КСР	20428	2807	260	1793	25288
Қазақ КСР	**35493**	**14573**	**277**	**719**	**51062**
Армиян КСР	28	-	-	-	28
Қырғыз КСР	138	57	155	41	391
Башқұрт АКСР	1459	384	1	31	1875
Чуваш АКСР	608	71	1	-	680
Татар АКСР	955	104	-	-	1059
Мари АКСР	1616	221	30	1	1868
Алтай өлкесі	10382	4610	122	70	15184
Горковск облысы	1689	369	-	-	2058
Вологда облысы	1400	811	55	37	2303
Кемеронск облысы	2986	768	-	4	3758

Кировск облысы	2090	1100	-	-	3190
Омск облысы	5713	3033	55	130	8931
Свердловск облысы	8084	2412	82	13	10591
Челябинск облысы	5181	1191	-	3	6375
Чкаловск облысы	5497	-	-	-	5497
Ярославск облысы	237	188	-	2	427
Тамбовск облысы	244	37	-	-	281
Курганск облысы	1055	126	-	-	1181
	109845	33063	1090	3210	

Польша азаматтары КСРО-ның басқа аймақтарына қарағанда Қазақстанда көп шоғырланғаны кестеден анық көрініп тұр. Поляктар кестеде көрсетілген жерлерден басқа, Мордва АКСР-і мен Саратов облыстарына да қоныстандырылған. Олар жөнінде мәлімет уақтылы берілмегендіктен кестеге енбей қалған.

1939-1941 жылдары күштеп қоныстандырылған немістер мен поляктардың көпшілігі бала-шағаларымен, туған-туыстарымен бірге келген болатын. Үлкендер жағдайсыз ұзақ жол мен суықты, тұрмыс ауыртпашылықтары мен жоқшылықты көтере білді. Ал жасы 16 толмаған балалар үшін бұл көш үлкен кесапат әкелді. КСРО бойынша, 1939-1941 жылдар аралығына 40 мың поляк баласы көз жұмған [39, 179 б.].

Соғыс талай поляк жанұясының шаңырағын ортасына түсірді, талай бала жетім қалды. Қараусыз қалған балалар мемлекет қарамағына өтті. 1942 жылдың 23 қаңтарында КСРО Халық Комиссариаттар Кеңесі «Ата-анасынан айырылған балаларды орналастыру» жөнінде қаулы шығарды. Онда Халық комиссариаттар кеңесі жетім балаларды Одақтас республикалар қарамағына беруге қаулы қабылдайды. Польша мен КСРО-ның батыс аудандарында жетім қалған поляк балаларының көбеюі 1943 жылы поляк балалары ісі жөніндегі комитеттің құрылуына түрткі болады. КСРО Халық комиссариаттар кеңесі мен Поляк балалары ісі жөніндегі комитеттің ұсынысымен Қазақстанда 10 балалар үйі ашылып, 979 поляк баласы осы үйлерден пана табады. Бұл балалар үйі Қазақстанның әр облысына шашырай орналасқан болатын [40, 51 б.].

Кесте 20 – Қазақстандағы поляк балалары орналастырылған балалар үйлерінің тізімі [40, 51 б.].

Балалар үйі	**Балалар саны**
Атбасар балалар үйі Ақмола облысы	97
Ақтөбе балалар үйі Ақтөбе облысы	135
Мойынқұм балалар үйі Жамбыл облысы	71
Ново-Ивановск балалар үйі Свердлвск ауданы Жамбыл облысы	60
Мамлютск балалар үйі Солтүстік Қазақстан облысы	62
№1 балалар үйі Сайрам ауданы Оңтүстік Қазақстан облысы	145
№2 балалар үйі Сайрам ауданы Оңтүстік Қазақстан облысы	152
№5 балалар үйі Түркістан ауданы Оңтүстік Қазақстан облысы	127
Семей балалар үйі Семей облысы	45
Киров ат. балалар үйі Киров ауданы Талдықорған облысы	85
Жалпы	979

Осылайша Семей топырағына 45 поляк баласы келген еді. Қазақстанда құрылған балалар үйлері оларды жақсы қабылдады. Соғыс аяқталғаннан кейін арнайы құрылған комиссия бұл балаларды Отандарына қайтару жолдарын қарастырады. Сөйтіп Қазақстанда құжаты жоқ немесе жеке басы анықталмаған балалар ғана қалдырылды. Олар балалар үйінде тәрбиеленіп, кейіннен Қазақстанға қызмет етті.

1943 жылы Қазақстанға тағы да поляк балалары жөнелтілді. Олар Қазақстанның барлық облыстарына бөлінді. Семей облысына 361 поляк баласы келсе, Шығыс Қазақстан облысына 103 бала жіберілген [41, 91 б.]. 1944 жылы КСРО поляк балалары ісі жөніндегі комитеті балаларды елдеріне қайтару мәселесін қояды. КСРО-ның барлық балалар үйінде поляк балаларын қайтаруға дайындық жүргізіледі. 1945 жылдың 20 желтоқсанына дейін құжаттар жиналып, мұрағат деректерімен толықтырылды. 1946 жылы балаларды Отандарына қайтару жұмысы басталды [41, 95 б.].

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде арнайы қоныс аударылған поляктардың біршамасы І және ІІ поляк жасағына ерікті түрде алынғандар еді. Бірақ поляк жасағына азаматтар әбден тексеріліп барып бірақ алынатын. Күдікті деп танылғандар қарулы күштер қатарына қабылданбады. Соғыс аяқталғаннан кейін поляктарға қалаған жерлерінде қалып қоюға мүмкіндіктер болды. Кейбіреулері

қалып қойды да. Ал Қазақстанда бала-шағалары болғандары қайтып оралды. Соғыстан оралған поляктарға Украина немесе Белоруссияға көшуге еркіндіктер берілгенімен, олардың арасында бірнеше жүз адам ғана көшуге бел байлаған.

Соғыстан кейінгі жылдары майданға қатысқандардың беделі өсті. Соғысқа немістер қатыспағанымен, кейбір поляктар майданға барған болатын. Солардың бірі – Свинцкий Николай Ленгинович. Сталинград шайқасында болған азамат елге оралғаннан кейін де ел үшін көп еңбек сіңірді. 1949 жылдары № 13 темір жол жөндеу училищесінде тәрбиеші болып жұмыс істеді және осы оқу орнында көркемөнерпаздар байқауына қатысушыларға жетекшілік етті. Свинцкий Николай Ленгиновичке КСРО-ның Жоғарғы Кеңес Президиумының жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» және «1941-1945 жылдардығы Ұлы Отын соғысындағы қажырлы еңбегі үшін» медальдары берілді [131, 3 б.].

1954 жылы Кеңестер Одағында тың игеру дүрбелеңі басталады. Бұл дүрбелең талай ұлттың тарыдай шашырап кетуіне алып келді. Шығыс Қазақстан территориясына Ресейдің ішкері аймағынан мыңдаған поляктар келді. Тың және тыңайған жерлерді игеру барысында қазақ даласына қоныс тепкен поляктар саны 61 445-ке жетті [47, 14-16 бб.].

Сталиндік жүйе тұсында Қазақстанға арнайы қоныс аударылғандарға аудан көлемінде жүріп-тұруына рұқсат етілді. Бірақ белгіленген аймақтан алыс кетуге тыйым салынды. Олардың тұрмыстық-шаруашылық мәселелерін шешу НКВД-ның ГУЛАГ басшыларына жүктелді.

XX ғасырдың 30-жылдарының ортасынан 40 жылға дейін жүргізілген жаппай саяси қуғын-сүргіннің күшеюіне Сталин себепкер еді. Жекелеген ұлттар жаппай саяси қуғынға ұшырады. Поляктар осы кезеңде жапа шеккен шерменде қауымның бірі. Сталиндік қуғын-сүргін мен геноцид кесірінен болған этнодемографиялық дағдарыс поляк халқының өркендеуіне зор зиянын тигізді.

2.3 Немістер мен поляктарды реабилитациялау

И.Сталин дүние салғаннан кейін, 1953-1956 жж. заңсыз қуғын-сүргінге ұшыраған халықтар мен әлеуметтік таптар өкілдерін және басқа да Кеңес азаматтарын ақтау үрдісі жеделдеді. Негізінен, бұл үрдістің Сталин дәуірінде басталғаны белгілі. Соғыс аяқталысымен майданда болған азаматтар өздерінің туған-туыстары мен жолдас-

жораларын ақтауға өтініш түсіре бастаған. Сол кездегі кейбір азаматтардың көптеген тексерулерден өтіп барып, әрең ақталғандығын жоғарыда айтқанбыз. Сондықтан болар, ақталған азаматтар қуғын-сүргінге ұшыраған контингенттің 10 пайызына да жетпеді.

Ақтау жұмыстары 1952 жылдың бас кезінде кеңінен қолға алына бастады. Жер аударылған барлық ұлт өкілдерінің тізімі жасалып, нақты саны айқындалды. Кімнің қандай санатқа (категорияға) жататыны анықталды. Яғни арнайы қоныс аударылған немесе белгілі бір айыппен айдауға кесілген адамдар қандай жағдайда жер аударылғанына байланысты топтастырылды. Құлақтар, әскерге жіберілгендер, оралмандар, арнайы қоныс аударылғандар және т.б. болып түрлі топтарға жіктелді.

Кесте 21 – 1953 жылдың 1 қаңтарындағы санақ бойынша, Шығыс Қазақстан облысындағы арнайы қоныс тізіміндегі немістер саны [132, 137 б.].

Котингент	Тізімдегі саны	Олардың ішінде				
		Ерлер	Әйелдер	16 жасқа дейінгі балалар	Түрмелерде жазасын өтеп жатқандар	Іздеуде
Өкімет шешімімен жер аударылғандар	19011	5055	7925	5798	227	6
Жергілікті	3233	738	1148	1318	29	-
Жұмылдырылғандар (мобилизованные)	188	121	25	39	1	2
Репатриацияға ұшырағандар	74	23	36	13	2	2

Кесте 22 –1953 жылдың 1 қаңтарындағы санақ бойынша, Семей облысындағы арнайы қоныс тізіміндегі немістер саны [132, 148 б.].

Котингент	Тізімдегі саны	Олардың ішінде				
		Ерлер	Әйелдер	16 жасқа дейінгі балалар	Түрмелерде жазасын өтеп жатқандар	Іздеуде
Өкімет шешімімен жер аударылғандар	28614	6155	12586	9582	335	6
Жергілікті	2737	578	984	1132	42	1
Әскерге жіберілгендер (мобилизованные)	6	2	3	1	-	-
Репатрианттар	1356	290	571	435	60	-

Поляктардың көпшілігі 1940-1941 жж. шыққан қаулыларға байланысты арнайы қоныстардан босатылып, елдеріне қайтарылған болатын. Тізімде тек 1942 жылы Краснодар және Ростов облыстарынан көшірілген поляктар ғана болды. Шығыс Қазақстан облысында 1 поляк тіркелсе, Семей облысындағы тізімде 9 поляк есепте тұрды.

Оларды реабилитациялау жөніндегі істер аса құпия жүргізілді. 50 жылдардың бас кезінде республикалардағы қауіпсіздік комитеттерінің негізгі жұмысы арнайы қоныстандырылған ұлт өкілдерін қадағалау мен тізімдеу болды десек те артық емес. 1953 жылы ақтау үрдісінің басталуы жергілікті Ішкі істер министрлігінің «П» басқармасына аз әуре әкелген жоқ. Себебі, Қазақстанға қоныс аударылған өзге ұлт өкілдері көп болды және оларды категориялық жіктеудегі түсініксіздіктер реабилитация барысын баяулатты.

19 мамыр 1953 жыл Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі «П» басқармасы КСРО ішкі істер министрлігіне хат жолдайды. Онда "Жер аударылғандарды ақтау барысында, біз жоғарғы инстанциялар ұзақ уақыт созбақтап, шешпей келе жатқан проблемаларға жолықтық" делінген. Хатта 1936 жылы Украина мен Белорусияның шекаралық облыстарынан жер аударылған поляктар 1947 жылға дейін бай-

құлаққа жатқызылғандығы, арнайы қоныстандырылған поляктардың отбасылары, Қызыл әскер қатарына шақырылған поляктар және 16-ға толған поляк балалары арнайы қоныстандыру шарасынан босатылып, есептен шығарылғандығы баяндалады. Сондай-ақ 1947 жылы КСРО ІІМ-нің №001044 бұйрығы негізінде кулактармен қоса барлық поляктар арнайы қоныстандыру шарасынан босатылғанымен, 1948 жылы КСРО ІІМ №406 нұсқауымен босатылған поляктар арнайы қоныс есебіне қайтадан алынғаны айтылады[70, 162-164 бб.]. Осы нұсқаудың негізінде арнайы қоныстандыру тізіміне Қазақстанда қалған поляктар алынды да, көшіп үлгергендері есептен тыс қалды.

Поляктарды қайтадан есепке алу шарасы іске асырылған шақта Қазақстаннан көшіп кеткендер мен әскерден қайтқандардың көбі Қазақстанға қайта оралды. Бірақ олар есепке алынбады. Сөйтіп поляктардың (бір отбасының өзінде) жартысы есепте тұрса, жартысы арнайы қоныстандыру есебіне тіркелмеді.

ІІМ мекемелері есепте жоқ поляктарды не істейтінін білмеген. Есепте жоқ адамдардың құжаттары бұрынғы КСРО МҚМ-не (мемлекеттік қауіпсіздік министрлігі) жіберілетін. Ол материалдар бойынша, әр-түрлі шешімдер шығарылып келді. Біреулеріне арнайы қоныс есебіне қайта алынсын деген шешім шығарылса, енді біреулері сол күйі есептен тыс қалды.

Қазақстан Ішкі істер министрлігі КСРО Ішкі істер министрлігіне поляктардың Қазақстанда көп уақыттан бері тұрып келе жатқанын, осы уақыт ішінде өздерін жақсы жағынан көрсеткендерін, көпшілігінің соғыс кезінде қызыл армия қатарында қызмет атқарғанын ескере отырып, КСРО Бас прокуроры мен МҚМ-нің 1952 жылғы 20 наурыздағы №00187167 сс бұйрығын қайта қарап, поляктарды арнайы қоныстандыру есебінен шығарған дұрыс деген ұсыныс хат жібереді [70, 165 б.].

Қазақ КСР-да арнайы қоныстандыру есебінде Қазақстанда тұратын, бірақ жер аударылмаған адамдар да тұрған. Олар негізінен, ұлттық белгілері бойынша, есепке алынған. Ал РСФСР-ның Қазақстанмен көршілес облыстарында, мәселен, Челябі, Қорған, Омбы, Новосібір облыстары мен Алтай өлкесіндегі жергілікті немістер есепке алынбаған. Оларды тек Қазақстан ІІМ есепке алған болатын [70, 166 б.].

1953 жылдың мамыр айында Қазақстанның ІІМ басшылары КСРО МҚМ (МГБ) мен Бас Прокурорының 1951 жылы 27 желтоқсанда шығарған №009131277 сс бұйрығы негізінде ұлттық белгілері

бойынша, есепке алуды қайта қарауды құптап және жергілікті немістердің жер аударылып келмегендерін есептен шығаруды сұраған. Бұл өтінішке кейінірек рұқсат берілді де.

Арнайы қоныстандыру есебінде немістерге, ингуштарға, шешендерге күйеуге тиген және сол күйеулерімен бірге жер аударылған орыс, украин әйелдері де болған. Олардың кейбірі келгеннен күйеулерімен ажырасып, бөлек тұрған. Жер аударылмаған ұлттардың өкілі, бірақ арнайы қоныстандырылғандарға күйеуге тиген әйелдердің көбі жолдастары қара жұмысқа алынғандықтан немесе ерлерінің қайтыс болуы себепті отбасыларынан қол үзіп қалған. Мұндай әйелдер жеке тұрса да, тізімнен шығарылмаған. Арнайы қоныстандырылғандармен туыстық байланыстары үзілген, бірақ есепте тұрған әйелдер көп болған.

Бұл әйелдер оларды арнайы қоныстандыру есебінен босатуды сұрап, арыз шағымдар жазған. Бірақ оларды қалыптасқан ереже бойынша, есептен шығаруға рұқсат берілмеген. Өйткені олар да жер аударылған болып есептелген [70, 166 б.]. Орыс, украин ұлтына күйеуге тиген, бірақ жер аударылған неміс, болгар және т.б. әйелдер де тізімге еніп, бақылаудан босатылмады. Жер аударылмаған ұлттарға тиген арнайы қоныс есебіндегі әйелдердің балалары да есепке алынатын болған.

Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі «П» басқармасы 1953 жылы 19 мамырда КСРО ішкі істер министрлігіне хат жолдайды. Бұл құжатта аталмыш мекеме бұл санаттағы әйелдерді арнайы қоныстандыру есебінен шығарған жөн деген ұсыныс білдірген. Өйткені неке бұзылған соң (күйеулері өлуі немесе ажырасуы мүмкін) олардың режимдік шектеуде болуының себептері де жойылады. Мұнымен қоса, күйеулері Кеңес армиясында қызмет етіп, бірақ өздері жер аударылған ұлттарға жататын әйелдерді де арнайы қоныстарда ұстаудың қажеттілігі болмаған.

Олардың балаларына қатысты тәртіп мынадай болған: егер күйеуі арнайы қоныстандырылған, бірақ әйелі арнайы қоныстандырылмаған болса, онда олардың балалары есепке алынды. 16 жасқа толған соң бала ұлтын өзі таңдайтын болған. Егер бала арнайы қоныстандырылған әкесінің ұлтын алса, онда ол есепке алынады. Ал керісінше, жер аударылған әйелден туған баланың әкесі жер аударылмаған адам болса, онда ол бала есепке алынбайтын еді.

Мұндай тәртіп Кеңес заңдарына сәйкес келмеді. Заңдарда әйел мен ердің құқы тең екені көрсетілген болатын. Сондай-ақ мұндай

құқықтық қайшылық іс тәжірибесінде бірқатар қолайсыздықтар туындатқан. Бұндай заңға томпақ шешімдер ІІМ мекемелерінің жұмысын да қиындатқан. Кейде жер аударылған адам қайтыс болғаннан соң, балалар арнайы қоныстандырылмаған шешелерінің атына жазылған. Бірақ ереже бойынша, мұндай балалар отбасылық санақта әкесінің атына тіркелген. Ал ІІМ мекемелері арнайы қоныстандырылмаған әйелдің жүріс-тұрысын шектей алмайды және ол әйелге өткен балаларды есепте қалдыра алмайды. Осындай жаңылтпаш сияқты түсініксіз жағдайлар көп болған [70, 167 б.].

Тура осы жағдай жер аударылмаған әйел арнайы қоныстандырылған еркекпен ажырасқанда қайталанады. Өйткені жер аударылмаған әйел балаларды өзімен ала кетеді. Кейбір жағдайларда бұрын орысқа тұрмысқа шығып, балалы болып, кейіннен ажырасып, неміске (шешенге, ингушқа) күйеуге тиген орыс әйелдері де көп кездесіп жатты. Осы әйелдер екінші күйеулері жер аударылғанда бірге жер аударылған. Ал олар көшірілгенде осы әйелдермен орыс күйеуден туған балалары бірге келді. Сондықтан олар есепке алынды. Және ол балалар жер аударылған отбасының мүшесі ретінде тіркелген. Жер аударылғандардың жетім қалған балалары балалар үйінен 16 жасқа толу себепті шығарылғаннан кейін, арнайы қоныстың есебіне алынды.

Ішкі істер қызметкерлеріне арнайы қоныстандырылғандар мен арнайы қоныстандырылмағандардан туған балаларды қоныстың есебіне алу қиындық туғызды. Бұл балаларды есепке алу мәселесінде қайшылықтар туындады. Осыған орай, жоғарыда аталған хатта отбасы санағы кітабы бойынша, есепте тұрғандарды есептен шығарудың жөн екендігі айтылады. Хатта жергілікті ІІМ жоғарғы жақтан арнайы қоныстандырылғандардың жетім қалып, балалар үйінде тәрбиеленіп жатқан балаларын да есепке алуды тоқтатуды сұрайды. Сонымен қатар арнайы қоныстандырылған азаматтардың 16 жасқа толған балаларын жеке есепке алу керектігі айтылады [70, 168 б.].

Арнайы қоныстандырылғандардың балалары өзге балалармен бірге Кеңес мектебінде, пионер, комсомол ұйымдарында тәрбиеленіп жатты. Олардың жеке басын режимдік бақылауға алу балалардың көпшілігіне моральдық тұрғыда ауыр тиді. Арнайы қоныстандырылғандардың саны олардың 16 жасқа толған балаларын есепке алу есебінен көбейіп кетті. Қазақстанда 1950-1952 жылдар

аралығында бала санатынан ересектер қатарына 70093 адам өтіп, арнайы есеп тізімін толықтырды [70, 168 б.].

Қазақ ССР-де Ростов облысы, Краснодар өлкесі, Балтық жағалауы елдерінен, Украина мен Белоруссияның батысынан, Молдовадан әкімшілік жазаға кесіліп, жер аударылғандар қосымша есепте тұрды. Ол есепте тұрған немістер мен поляктар аз емес еді. Олар да арнайы қоныстандырылғандар болып саналды. Бұл тұлғаларды да арнайы қоныстандырылғандар санатына жатқызуды ұсынған баянхаттар жоғарыға жолданып жатты. Себебі, олар арнайы қоныс аударылғандар қатарына жатпайтын. Сондықтан олардың құқықтық мәртебелері айқын емес болатын.

Әкімшілік шарамен жер аударылғандардың ішінде есепте тұрғандары: 1936 жылы ВКП (б) құрамынан шығарылуы себепті жер аударылғандар; 1935 жылы қоғамға қауіпті элемент ретінде НКВД ерекше кеңесінің шешімі бойынша, Ленинград қаласынан жер аударылғандар; 1937 жылы революцияға қарсы күрескені үшін сотталған тұлғалардың отбасы мүшелері ретінде КСРО-ның орталық қалаларынан жер аударылғандар; Иран-Ауған шекарасынан көшірілгендер. Қазақстанда мұндай 1771 адам есепте тұрды [70, 169 б.].

Қазақ КСР ішкі істер министрлігінің 1953 жылдың мамыр айында КСРО ішкі істер министрлігіне жолдаған хатында, жер аударылғандармен жұмыс істеу кезінде, осы санаттағы тұлғалар туралы нұсқаулықтың жоқтығы көптеген қиындықтар туғызып, қолбайлау болып келе жатқандығы айтылып, арнайы қоныс аударылғандар қатарына жатпайтын, бірақ әкімшілік жазаға кесілген азаматтардың мәселесін қайта қарау сұралады [70, 169 б.].

1953 жылы маусым айында В.Губиннің Қазақ ССР ІІМ-нің арнайы қоныстандыруды реттеу туралы хатына Мәскеуден КСРО ІІМ «П» бөлімінің бастығы подполковник В.Алидиннен жауап келеді. Онда жер аударылған азаматтарға төмендегідей анықтама берілген.

«1936 жылы Украина мен Белорусиядан (шығарылған) көшірілген поляктар туралы:

1936 жылы Украина мен Белоруссияның шекаралық аудандарынан Қазақ КСР-не 41772 адам көшірілді. 1947-47 жж. поляктардың бір бөлігі кулактармен бірге босатылды [70, 172 б.]. 1948 жылы КСРО ІІМ-ң нұсқауымен олар қайтадан арнайы қоныстандыру есебіне алынды. Қазақстанда 35591 поляк есепте тұрған.

Қазақстан, Сібір, Қиыр Шығыс және Орта Азияның жергілікті тұрғындары болып табылатын немістер жөнінде.

КСРО ІІМ-ң «П» басқармасы оларды есептен шығару туралы ұсыныс енгізген. Соғыстан кейін ІІМ-ң жекелеген мекемелерінің нұсқауымен Қиыр Шығыс, Сібір, Орал, Орта Азия және Қазақстанның жергілікті немістері арнайы қоныстандыру есебіне алынды. Сондай-ақ өндіріске жұмылдырылған немістер де осы тіркеуге тұрды.

1951 жылы 27 желтоқсанда КСРО Бас прокуроры мен (МГБ) МҚМ жергілікті және өндіріске әкелінген немістер есепке алынып, арнайы қоныстарда тұрсын деген бұйрық шығарған.

КСРО ІІМ-ң «П» басқармасы бұл немістерді арнайы қоныстандыру есебінен шығару туралы ұсынысы енгізіліп отыр [70, 172 б.]. Онда оларды төмендегі категорияларға бөлу қарастырылған:

Неміс, татар және т.б. отбасылары мүшелері ретінде олармен бірге көшірілген орыс, украин және басқа да ұлттардың өкілдері болып табылатын әйелдер туралы.

Елдің шет аудандарына ингуштар, шешендер, қырым татарлары мен немістерді көшіру кезінде олармен бірге отбасы мүшесі ретінде орыс, украин және т.б. ұлт өкілі болып табылатын әйелдер де жер аударылды. Бұл әйелдердің көбі арнайы қоныстарда тұрған кездерінде өздерінің неміс, татар және т.б. ұлттардың өкілдері болып табылатын күйеулерімен неке байланыстары үзіліп, екінші рет жер аударылмаған адамдармен тұрмыс құрды. Олардың біразы өздерінің туыстарына көшіп кетті [70, 172 б.]. КСРО ІІМ бұл санаттағы әйелдерді есептен шығару үшін, әрқайсысының мәселесін жеке қарайды. Бұдан бөлек, арнайы қоныстандырылмағандарға күйеуге тиген әйелдерді арнайы қоныстандыру есебінен шығару туралы ұсынысымызды жеткіземіз.

Балалар туралы:

КСРО ІІМ-ң «П» бөлімі төмендегі ұсыныстарды әзірлеп отыр: арнайы қоныстандырылғандардың 16 жасқа толмаған балаларын есептен шығару және ондай жас балаларды арнайы қоныс есебіне тіркемеу. Арнайы қоныстандыру есебінде қазір мұндай балалардың саны 884075.

Әкімшілік шарамен көшірілгендер туралы:

Арнайы қоныс есебінде 1940-1941 жж. әкімшілік шарамен көшірілгендер саны – 79686 адам. Олар негізінен, Украина мен Белоруссияның батыс облыстарынан, Балтық жағалауы елдерінен,

Молдавадан жер аударылған бұрынғы байлар, помещиктер, ірі саудагерлер, фабрика иелері және т.б. 1942-1944 жж. Қырымнан, Краснодар, Ростов облыстарынан соғыс кезінде қоғамға қауіп төндірушілер көшірілген. Қазір мұндай адамдардың арнайы қоныстағы саны – 6057 адам.

Бұдан бөлек, арнайы қоныс есебінде 1936 ж. ВКП (б) құрамынан шығарылғандар ретінде, ерекше кеңестің шешімімен 1935 ж. Ленинград қаласынан, 1937 жылы революцияға қарсы күрескендердің отбасы мүшелері ретінде, 1937 жылы Иран мен Ауғанстан шекарасынан көшірілген азаматтар тұрды [70, 174 б.].

«П» басқармасы төмендегі ұсыныстарды әзірледі:

«Арнайы қоныс есебінен басқа елдің азаматтары мен Ростов облысынан, Краснодар аймағынан, Қырымнан көшірілгендерді, Иран-ауған шекарасынан әкелінгендерді, әкімшілік шарамен Кеңес өкіметіне қарсы жұмыс істегендердің отбасы мүшелерін шығару; 1940-41 жж. Украина мен Белоруссияның батыс аудандарынан, Балтық бойы елдерінен, Молдавадан көшірілгендерді уақытша есепте қалдыру».

Нұсқаулық пен ереже туралы:

«Арнайы қоныстар туралы ереже мен арнайы комендатуралардың коменданттарына нұсқаулық КСРО ІІМ «П» бөлімінде әзірленіп жатыр. Олар арнайы қоныстарды реттеу туралы ұсыныстар қарастырылғаннан кейін бекітіледі» [67, 196 б.].

КСРО ІІМ «П» басқармасының бастығы подполковник В.Алидин босатылуы тиіс санаттағы азаматтар туралы мынадай анықтама ұсынған:

1.Немістер:

1941-1942 жылдары немістерді көшіргенде олардың дүние-мүлкі тізімделген. Оны Кеңес билігі іске асырды.

Ауыл шаруашылығының еңбек құралдары, азық-түлік (дәнді дақылдар) пен мал (жылқыдан басқасы), мүлікті тізімдеу кезінде берілген түбіртектер арқылы өздеріне қайтарылды. Одан тек 1941 жылғы мемлекеттік тасымалдау жұмыстарына кеткен шығын мен арада өткен жылдардың салығы ғана ұсталып қалды. Қала тұрғындары сенімді өкіл арқылы дүние-мүлкін сатуға құқылы болды. Бұл сауда уәкілдері 10 күн мерзімде дүние-мүлік иесіне сатылған мүліктің ақшасын аударуға міндетті.

Немістер игерген жерлерде жаңа колхоздар құрылды. Ал олардан көшкен кезде тәркіленген ауыл шаруашылығы инвентарының орны

барған жерлерінде айырбас түбіртегі арқылы толтырылды. Сондықтан немістерді бұрынғы мекендеріне қайтарудың реті келмейді. Өйткені экономикалық база жоқ. Немістерге арнайы қоныстарда шаруашылық жүргізу үшін қолайлы жағдай жасалған, олардың барған жерлерінде орнығып қалуына барлық шарт-жағдай қарастырылды. Олар өкіметтің арнайы қаулылары бойынша, бірқатар жеңілдіктер мен жәрдемақы түрлеріне ие болды. Ал ондай жағдай жергілікті тұрғындарға да жасалмаған. Мәселен, КСРО (СНК) Халық Комиссарлары комитетінің 1945 жылы 26 шілдеде шыққан 1927-ші қаулысына сәйкес олар ауыл шаруашылығы және табыс салықтарынан, мемлекеттік тасымал шығындарынан босатылды. КСРО ХКК (СНК)-ң 1945 жылғы 5 шілдеде қабылданған №10744 рс жарлығына сәйкес ақшалай жәрдем мен баспана салу үшін құрылыс материалдарын алды [70, 197 б.].

Іссапармен барып, олардың жағдайларын көрген кезімізде, немістердің жұмысқа орналасқандығы, баспанамен қамтылғандығы, ірі қара мал ұстайтындықтары, үй қасынан берілген құнарлы жер телімдері бар екендігі анықталды. Осы ретте нөмірленген немістер, тұрып жатқан жерлерінде қала береді. Көшірілмеген, бірақ бұрынғы тұрғылықты жерлерінде арнайы есепке алынған немістер бақылаудан шығарылғаннан кейін, сол тұрғылықты жерлерінде қала берген.

Бақылаудан босаған немістердің басқа қоныстағы туыстарын қара тартып көшуіне, маман иелерінің өз кәсіптерін іздеп, мекен ауыстыруына мүмкіндік берілуі тиіс. Ондай кеңшілік жасауға болатынын теріске шығармайды.

2.Бұрынғы кулактар:

Бұрынғы рақымшылық шаралары кезінде байқағанымыз бұрынғы кулактар сол арнайы қоныстандырылған жерлерінен алысқа ұзамайды. Көбінше сол жерлерінде қала береді. Өйткені олардың көбі шаруашылық құрып алған. Жергілікті тұрғындармен құдандалы, туыс болып кеткен. Сондықтан арнайы қоныстан босатылған бұрынғы кулактар ол жерлерден кетпейді [70, 198 б.].

3.Поляктар:

1947-1948 жылдары поляктардың бір бөлігін босатқаннан кейін, олардың Қазақ ССР Көкшетау облысында тұратындары құрғақшылық кесірінен астық шықпай, өздерінің бұрынғы жерлеріне кетті. Алайда кейіннен кеткендердің көпшілігі қайтып оралды. Өйткені, Қазақ КСР-нде материалдық қамтамасыз етілу жағы тәуір

болды. Осы жағдайға қарасақ, босатылғаннан кейін де поляктардың көбі сол жерлерінде қала береді деуге негіз бар.

Белгілі бір мерзімге ғана жер аударылғандар жұмысқа тартылмай, арамтамақ атанып, қоғамға қарсы элементтер ретінде танылған болатын. Бұлар өздерінің бұрынғы тұрған жерлеріне қайтып келеді. Өйткені олардың сол өздері кеткен жағында үйлері, шаруашылқтары, отбасылары қалған. Яғни тұрмысқа қолайлы жағдайлары бар. Мұндай азаматтар кетсе де, қалса да тұрып жатқан аудандарының экономикалық өміріне зиян-пайдалары жоқ [70, 199 б.]».

1953 жылдың жазында жазылған бұл хаттар депортацияға ұшыраған азаматтардың ақталу үрдісінің жеңіл болмағанын, олардың өмір сүру дағдылары, менталитеті толық зерттеліп, жан-жақты талқыдан өткеннен кейін ғана шешім қабылдана бастағанын аңғартады.

1953 жылы тамызда КСРО ішкі істер министрі С.Круглов КСРО министрлер кеңесінің төрағасы Г.М.Маленковқа жер аударылған азаматтарды арнайы қоныстан босату жайында қаулы жібереді [70, 242 б.]. Қаулы бойынша:

а) немістер – Москва, Ленинград қалаларынан, Ростов, Воронеж, Калинин, Тула облыстарынан, Волга бойы, Кавказ маңы, Солтүстік Кавказ, Қырым, Кубань, Украинадан соғыс кезінде көшірілгендер; Қиыр Шығыс, Сібір, Орал, Орта Азия, Қазақстанда арнайы қоныс есебіне алынған жергілікті немістер, соғыс кезінде өндірісітік жұмыстарға шақырылғандар – 1016548 адам.

б) бұрынғы кулактар, яғни 1929-1933 жж. жаппай көшірілгендер – 24686 адам.

в) поляктар – КСРО азаматтары, яғни 1936 жылы Украина мен Белорусь ССР-ң батыс аймақтарынан көшірілгендер – 56045 адам.

г) 1937 жылы Армян, Әзірбайжан, Тәжік және Өзбек ССР-ң шекараларын сенімсіз элементтерден тазарту кезінде көшірілген басқа елдің азаматтары мен КСРО азаматтары – 916 адам [70, 245 б.].

д) 1937-1938 жж. Кеңес өкіметіне қарсы күрескені үшін сотталғандардың отбасы мүшелері; 1941 жылы Кеңес өкіметіне қарсы құрылған «Шынайы провослав христиандары» ұйымына қатысқандардың отбасы мүшелері; неміс азаматтығын алғандар; Кабордин АССР-нен, Ставрополь, Краснодар өлкелерінен көшірілген, неміс басқыншыларына жәрдемдесенндердің отбасы мүшелері, неміс және румын армиясымен байланысқа түскен орыс, украин және ұлты басқа әйелдер – 11573 адам [70, 245 б.].

е) 1942-1944 жж. Ростов облысы мен Краснодар өлкесінен, Қырымнан көшірілген басқа елдің азаматтары, КСРО азаматы болып табылатын болгарлар (олар 1945 жылы Румыния мен Болгариядан келген) – 10095 адам.

ж) IIМ мекемелерінің есебінен арнайы қоныстандырылғандардың 18 жасқа толмаған балалары (516608 адам) шығарылсын және бұдан ары олар арнайы қоныстандыру есебіне алынбасын.

з) ауыл шаруашылығында арамтамақ болғаны үшін 1948 жылғы 21 ақпандағы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығы негізінде көшірілген тұлғалар – 27275 адам.

1948 жығы 21 ақпанда КСРО Жоғарғы Кеңесі КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумына «Украина ССР-нен ауыл шаруашылығында еңбек етуден жалтарған, арамтамақ тұлғаларды көшіру» және 1948 жылғы, 2 маусымда шыққан «ауыл шаруашылығында еңбек етуден жалтарған тұлғаларды шет аудандарға жер аудару» туралы жарлықтарды жоюды ұсынады. Бәрін қосқанда арнайы қоныстандыру есебінен 1 643741 адамды шығару жоспарланған [70, 246 б.].

Келесі санаттағы тұлғаларды арнайы қоныстар есебінен шығаруға ерте (әлі 5 жыл есепте тұруы қажет) деген шешім қабылданған:

- 1943-1944 жж. Солтүстік Кавказдан көшірілген шешендер, ингуштар, қарашай, балқарлар – 297376.
- 1944 жылы бұрынғы Қалмақ АССР-нен көшірілген қалмақтар – 55557.
- 1944 жылы неміс басқыншыларына жәрдемдескені үшін Қырымнан көшірілген армяндар, гректер, болгарлар – 140506.
- 1944-1951 жж. Қара теңіз жағалауынан, Әзірбайжаннан, Армениядан, Грузиядан көшірілген дошнақтар, гректер, кемшілдер, курдтар, түріктер – 92736.
- 1944-1952 жж. Украин ұлтшылдары мен бандиттерге жәрдем көрсеткендердің отбасы мүшелері – 134816.
- 1945-1952 жж. Псков облысынан, Украина мен Белоруссияның батыс облыстарынан, Балтық бойынан көшірілген бандылардың, бандының көмекшісі болғандардың, кулактардың отбасы мүшелері – 124802.
- Помещиктер мен фабриканттардың, ірі саудагерлердің отбасы мүшелері, Польша, Латвия, Литва, Эстония буржуазиялық өкіметтерінің жазалаушы мекемелері қызметкерлерінің отбасы мүшелері, 1940-1941 жж. Украина мен Белоруссияның батыс

облыстарынан, Балтық бойынан, Молдавиядан көшірілген, ұлтшыл, революцияға қарсы көтеріліс жасаған ұйымдардың қатысушыларының отбасы мүшелері – 25630.

- КСРО азаматы болып табылатын немістер (1945 жылы германиядан қайта әкелінген) – 158669.

- 1949 жылы Молдавиядан көшірілген неміс басқыншыларына көмек көрсетушілердің, кулактар, саудагерлер, фабриканттар, помещиктердің отбасы мүшелері – 25501.

- 1950 ж. Тәжік ССР-нен көшірілген басмашылар – 1426.

-1951 жылы Белорусия, Украина, Литвадан көшірілген «андерсовшылар» мен олардың отбасы мүшелері – 3008.

- 1951 жылы Украина мен Белоруссияның батыс облыстарынан, Балтық бойынан, Молдавиядан көшірілген «иеговашылар» – 6579.

Арнайы қоныстарда уақытша қалдырылатын адамдардың жалпы саны – 1046503 адам болған [70, 247 б.].

КОКП ОК-нің 1954 жылғы 5 шілдеде шыққан «арнайы қоныстандырылғандардың құқықтық мәртебесіндегі бірқатар шектеулерді жою» туралы қаулысымен арнайы қоныс есебінде тұрғандарға сол өздері есепте тұрған облыс, республика аумағында тұруға, ал іссапарға шықса, бүкіл ел аумағында (КСРО) жалпыға бірдей жүріс-тұрыс еркіндігін пайдалануға құқық берілді. Мұндай құқықты берудің шарттары болды. Шарт бойынша, есепте тұрған тұлға қоғамдық пайдалы еңбекпен айналысып, қоныста бекітілген тәртіпті, қоғамдық ережелерді бұлжытпай орындауы қажет. Сонда ғана оларға жоғарыда көрстілген құқықтар беріледі.

Қазақ КСР-інде 580 мың арнайы қоныстандырылған адам тұрды. Оларға айтылмыш қаулы бойынша, Республика аумағында еркін жүріп-тұруға құқық берілді. Мұндай құқық берілгендер ішінде 300 мың неміс, 230 мың шешен, ингуш, қарашай, балқарлар болды [70, 247 б.].

Осындай құқықтар берілген арнайы қоныстандырылғандар ішінде республика аумағында көшіп-қону, еркін жүру белсенділігі байқалған. Көбінше олар тұрмысқа қолайлы елді мекендерге көшуге тырысқан. Әсіресе, өндірістік қалаларға, республикалық, аймақтық, облыстық әкімшілік оталықтарына орналасуға тырысты. Мәселен, 1954 жылы, үш ай ішінде Қазақ КСР аумағында бір облыстан екінші облысқа арнайы қоныстандырылған 10 мың адам көшкен. Олардың көбі шешендер мен ингуштар еді [70, 248 б.].

1954 ж. 10 тамызда Қазақстан КП ОК бұл мәселені талқылап, қаулы шығарды. Ол бойынша, республиканың жергілікті партиялық ұйымдары арнайы қоныстандырылғандардың арасында саяси насихатты күшейтіп, олардың сол тұрып жатқан жерінде орнығып, жұмыстарында бекіп қалуына тиісті шаралар жасауға міндетті болды. Алайда жергілікті партиялық немесе кеңестік мекемелер, кәсіпорындар, колхоздар, МТС жетекшілері арнайы қоныстандырылғандарды орнықтыру жұмысын дұрыс жүргізбеген. Олар арнайы қоныстандырылғандарды жұмыстан шығарып, колхозшылардың жалпы жиналысын шақырмастан ұжымшар мүшелігінен шығара салған [133, 114 б.].

Осы 10 мың арнайы қоныстандырылғандардың 9 мыңы көшіп барған жерлерінің «П» басқармасы мекемелеріне колхоздан шыққаны, жұмыстан босатылғаны туралы анықтама өткізген. 400 адам тұрғылықты жеріндегі тіркеуден шықпастан басқа елді мекендерге көшіп кеткен. Бірақ оларға ешқандай қылмыстық және әкімшілік шаралар қолданылмаған.

Осыған орай, КОКП ОК-ң әкімшілік бөлімі Қазақ ССР-і аумағында арнайы қоныстандырылғандарға бір облыстан екінші бір облысқа көшуге тыйым салынбауы керек деп санайды. Бірақ олардың жүріс-тұрыстарын бақылап, бір жүйеге түсіру үшін осы бағыттағы шараларды кеңейту керек, арнайы қоныстандырылғандар арасында түсіндіру жұмыстары күшейтілсін деген.

1955 жылы қаңтарда КСРО ІІМ Қазақ ССР ІІМ-не өзінің өкілеттіктері мен құзырларын арнайы қоныстардағы тәртіпті күшейту жұмыстарында толық пайдалануға нұсқау түсірді. Мұнда егер арнайы қоныстандырылған тұлға комендатураның рұқсатынсыз, өз бетімен бір жаққа кеткен болса, оны қашқын санап, қылмыстық жауапкершілікке тарту қарастырылған. Арнайы қоныстандырылғандарға паспорт туралы ереженің 41-ші параграфы қолданылды. Яғни 3 ай бойы қоғамдық пайдалы еңбекпен шұғылданбаған арамтамақтар анықталса, оларды қаладан тысқары жерлерге көшіруге қаулы қабылданған.

1955 жылдың 13 желтоқсанында шыққан Жарлыққа немістер аса бір қуана қойған жоқ. КСРО ІІМ-нің 1955 жылғы 16 желтоқсандағы №0601 бұйрығы Шығыс Қазақстан облысындағы арнайы қоныс тізімінде тұрған адамдарға еркіндік әкелді [134, 17 б.]. Реабилитация жасалғанымен немістерге еркіндік толық берілмеген еді. «Босатылғандардан» бұрын тәркіленген заттардың қайтарылуын

сұрамайтыны және тарихи Отандарына қайтуды талап етпейтіндіктері жөнінде өтініш-қолхаттар алынып отырған. Немістердің көпшілігі мұндай өтінішті жазудан бас тартты. Бірақ олар КСРО аумағында болсын, қалаған жерлеріне қоныстануға мүмкіндік берілгеніне шүкіршілік етті. Арнайы қоныстардан еркін жүріп-тұруға рұқсат алған неміс және поляктар қарсылықтар мен кедергілерге қарамастан өз Отандарына кетуге тырысты. Отандарына кетуге рұқсат алып, туған жерлерімен қауышқандары да болды. 1955 жылы Қазақстан аумағына қоныстандырылған өзге ұлттарға берілген еркіндікті толық мағынасындағы бостандық деп емес, оларға берілген жеңілдіктер деп есептеген дұрыс. Себебі, олардың тарихи Отандарына оралып, еркін өмір сүрулеріне толықтай жағдай жасалмады.

3 XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ НЕМІС ЖӘНЕ ПОЛЯК ДИАСПОРАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ

3.1 XX ғасырдың екінші жартысындағы неміс және поляк диаспорасының демографиялық, миграциялық қозғалысы

Шығыс Қазақстан аймағының тарихи даму үрдісінің ерекшелігі оның геосаяси орнымен байланысты. Шығыс Қазақстан Моңғолиямен, Ресеймен және Қытаймен шектесіп жатыр. Этникалық құрамы да біртекті емес. Осы көпұлтты аймақтың дамуына немістер мен поляктардың тигізген үлесі аз емес.

1949 жылдан ары қарай ғана арнайы қоныстандырылған немістер арасында өсім байқалады. Ол үрдістің қарқыны төмендегідей [38, 131 б.]:

1949 ж. – 19490 адам (6562 отбасы)

1950 ж. – 20583 адам (7154 отбасы)

1951 ж. – 20776 адам (7096 отбасы)

1952 ж. – 21682 адам (7216 отбасы)

1953 ж. – 22612 адам (7462 отбасы)

Немістердің жыл сайынғы өсімі, 1951 жылғы жан санының азаюын қоса алғанда, 4,2-5,3% болып отырған. 1951 жылы ғана өсім 0,93% болған. Арнайы қоныстандырылған немістердің демографиялық құрамын қарасақ, ерлер мен әйелдер үлесінің тең дәрежеде көбейгенін көреміз. Тек 1952 жылы ерлер саны 447-ге, яғни 62% -ға, ал әйелдер 273 адамға, яғни 38%-ға көбейген [38, 131-133 бб.].

Өлім-жітім мен табиғи өсімнің (бала туу) қарқынын талдай келе төмендегі қорытындыға келеміз:

1945-1949 жылдары бала туу бірден өскен. Яғни жыл сайын 15-18 пайызға өсіп отырған. 1946-1948 жылдардағы мәліметтердің болмауына қарамастан, бұл жылдары да табиғи өсім көбейген деп болжауға болады. Өйткені бұл жылдары еңбек армиясынан ерлер де, әйелдер де қайтып отбасыларымен табысып жатты. 1950 жылдан бастап демографиялық өсім одан сайын көтеріле түскен. Осы жылғы өсімнің коэфиценті 25,1 пайыз. 1951 жылғы өсім 41 пайыз болса, 1957 жылы 37,8 пайыз болған. 1953-1954 жылдардың статистикасы жоқ. Екіншіден, бала туумен қатар, өлім-жітім 4,2 пайыздан (1949ж.) 8,1 пайызға өскен (1954ж.). 1951 жылы ғана өлім-жітім 9 пайызға төмендесе, 1954 жылы өлім-жітім 8 пайызға өскен. Балалар өлімі де көп болған. Десе де, табиғи өсім 1945 жылғы -3,1% көрсеткіштен

1949 жылы 10,5%, 1950 жылы 14,9%, 1951 жылы 32% көтерілген. Яғни табиғи өсім 1945 жылғы минусты сольдодан әлдеқайда жоғары көтерілді. Бала туу 1952 жылы 27,8 пайызға жетті [38, 133-136 бб.].

Немістердің табиғи өсімінде 4 топ айрықша байқалады. Олар: өкіметтің үкімімен көшірілгендер, өз еркімен ертеректе келген немістер, өндіріске шақырылғандар және оралмандар. Статистика 1950 жылдан бергі жағдайды толық суреттеуге мүмкіндік береді. Осылардың ішінде өз еркімен ертеректе көшіп келген немістердің туу коэфиценті бәрінен жоғары болды. Мәселен, 1950 жылы 2,6 пайызға, 1951 жылы 4,8 пайызға, 1952 жылы 47,9 пайызға өсті. Өйткені өздері келген немістер де басқа санаттағы немістер сияқты қара жұмысқа жегілгенімен, өзгесіне қарағанда тұрмыстары жақсырақ болды [38, 131-137 бб.].

Оралман немістердің арасында өсім жоқ десе де болады. Ал аталмыш жылдар ішінде өкімет күштеп көшірген немістердің арасында өлім-жітім көп болып отырған. Салыстырмалы түрде айтсақ, өз еркімен көшіп келген немістердің арасындағы өлім-жітім 1952 жылы ғана көбейсе, күштеп көшірілген немістердің арасындағы өлім-жітім коэфициенті аталған жылдар аралығында толассыз жоғары болып отырған. Себебі, арнайы көшірілген немістердің тұрмысы өте нашар еді. Еңбек лагеріне де ең көп алынғандар осы санаттағылар болды.

1955 жылдары Шығыс Қазақстан бойынша (Семей өңірін қоспағанда) арнайы қоныстандырылған неміс азаматтарының саны 13088 болды. Олар негізінен, колхоздарда, совхоздарда, өндіріс орындарында, МТС-терде жұмыс істеді. Олар аталған жылдары басшылық лауазымдарға қойылып, өз мамандықтарымен жұмыс істей бастады. Әсіресе, немістер. Мысалы, осы жылдары олардың ішінде 1 колхоз төрағасы, 3 колхоз төрағасының орынбасары, 15 ферма меңгерушісі, 29 егістік бригадирі, 24 тракторшылар бригадирі, 9 агроном, 2 мал маманы, 154 мұғалім, 37 дәрігер, 89 инженер болды. Немістер тек жұмыста ғана емес, әр түрлі қоғамдық-саяси шараларда да белсенділік көрсеткен. Арнайы қоныстандырылғандар арасында облыс бойынша, КПСС мүшесі ретінде 96 адам тіркелген. 8 адам КПСС мүшелігіне кандидат, 1092 комсомол мүшесі, 25 адам жергілікті кеңес депутаты болған [107, 1 б.]. өкімет тарапынан мемлекеттік марапаттауға иеленгендердің саны 212, кәсіподақ комитетінің жұмысшылары 14, мектеп қабырғасындағылар саны 3755 адам [108, 2 б.].

1955 жылдың 11 тамызындағы Шемонаиха ауданының облысқа жіберген анықтамасында арнайы қоныстандырылған немістер саны 1446 деп көрсетіледі. Немістерді лауазымды қызметке тағайындауға рұқсат берілген бір жыл ішінде талай өзгерістер болғандығын көреміз. Мәселен, аудандық атқарушы комитеттің бөлімше меңгерушісі болып екі неміс тағайындалды. Меслер мен Гегель жан аямай қызмет атқарды [107, 38 б.].

1955 жылы Жоғарғы-Убинск ауданында арнайы қоныстанушы немістер саны 490 болды. Ірі жауапты орындарда қызмет атқармағанымен, бұл ауданда 2 неміс ферма бастығы болып жұмыс істеді. 4 неміс партия мүшесі, 53 неміс комсомол қатарында болған. 6 неміс мектепте мұғалім [108, 33 б.].

Арнайы қоныс аударылған немістер Шығыс Қазақстанның түкпір-түкпіріне жіберілген еді. Қалалық өндіріс олардың еңбегін қажетсінбеді. Негізінен, олар ауыл шаруашылығы мен ауыр өнеркәсіпті дамытуға жұмылдырылған болатын. Қалаларда немістердің аз болғандығы жоспарлы түрде өткізілген халық санақтарынан да байқалады. Мәселен, 1955 жылы Өскемен қаласында жүргізілген санақ бойынша, арнайы қоныстандырылған немістер саны 1686 ғана. Олар қаладағы әр түрлі мекемелерде қызмет етті [108, 2 б.].

Кировск ауданындағы 1955 жылдың 1 тамызындағы есепке жүгінсек, ауданда арнайы қоныстандырылған немістер саны – 901. Олар ауылдарда тұрды. Мәселен, Белоусовка совхозындағы немістер саны 215. Куйбышев атындағы колхозға 78 неміс қоныстандырылған болатын [110, 16 б.].

Қазақстанның Коммунистік Партиясының Орталық Комитетінің үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісінің, Семей облысындағы арнайы қоныстанушылардың жағдайына берген анықтамасында 1955 жылы мұндағы арнайы қоныстандырылған немістердің 20 169 екенін айтады. Және колхоздар мен совхоздардағы социалистік еңбекте неміс пен шешен ұлты өкілдерінің алдыңғы қатарда екенін жазған [109, 68 б.]. Облыстағы ауыл шаруашылығы насихаты басқармасы «Семей облысындағы ең үздік сауыншыларды анықтау шарасының қорытындысы» атты бюллетень шығарған. Онда 1150 адам аталады. Үздіктердің жартысы, яғни 546-сы неміс пен шешен ұлты өкілдері. Жана Семей ауданындағы Түрксіб совхозында 85 неміс, 35 шешен ерен еңбегі үшін марапатталған. Арнайы қоныстандырылғандардың 8-і мақтау қағазын алса, 17-сіне ақшалай сыйақы төленген. 62 арнайы

қоныстандырылған азаматтың еңбек кітапшасына алғыс жазылған [109, 69 б.].

1959 жылдың 15 қаңтарында Бүкілодақтық халық санағының қорытындысы шықты. Санақ қорытындысы бойынша, Семей облысында 43011 неміс тұрған. Ал Шығыс Қазақстан облысындағы немістер саны 22737 [135, 38 б.]. Тәуелсіз Қазақстанның әкімшілік құрылымымен айтатын болсақ, қазіргі Шығыс Қазақстан облысында 65 748 неміс өмір сүрген. Бұл немістердің көбі ауылды жерлерде тіршілік етті.

Шығыс Қазақстанға қоныс тепкен поляктардың соңғы легі 1958 жылы келгендер. Олар Белоруссиядан репатриацияға ұшыраған, өз еріктерімен Қазақстанды таңдап көшіп келген поляктар еді. Олар Шығыс Қазақстандағы поляк диаспорасының құрамын толықтыра түсті. Олардың өмірі алдыңғы лекпен еріксіз көшіп келгендермен салыстырғанда көп тәуір болды. Бірақ бұлардың арасында жерсінбегендері де болды. Жарма ауданынан Ярош Ф.В., Герман В.А., Бородулиха ауданынан Гоза И.В., Кривулец И.С., Бесқарағай ауданынан Ворошкевич В.М., Подлецкий К.С. сынды азаматтар өздері қалаған аймақтарға көшіп кеткен[136, 96 б.]. Тексере келе көшіп кеткен жанұялардың көпшілігі бұған дейін Белоруссия аймақтарынан басқа республикаларға мемлекеттің қаражатымен көшіуді әдетке айналдырғандар болып шыққан.

1939 жылғы және 1959 жылға санақтар арасында республикадағы ауыл халқының саны 19,0%-ға өссе, тың өлкесінде 83% өскен. Бірақ Шығыс Қазақстан облысының халық саны тың игерушілер легінің ауылдық жерлерге келуінен ерекше өзгеріп кете қойған жоқ. Облыстағы ауыл халқы арасында бала туу шектеліп, халықтың қалаға көшуі көбейген [13, 90 б.].

50 жылдары тың игеру мен облыстардағы индустрияны, ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында қоныс аударылғандар толқыны толастамады. Бірақ ендігі қоныс аударушыларды бұрынғыша арнайы тізімге алу болмады. Оларды ұлтқа жіктеп, санап отыру тоқтатылды. Барлығы қоныс аударушы ретінде келе берді.

Қоныс аударушыларды қабылдаған шаруашылық басшылары оларды жұмыс орындарымен, баспаналармен қамтамасыз етуге тырысты. Жаңа үйлер салынып, дайын болған жағдайда тың игерушілерді жаңа үйлермен қамтамасыз етті. Дайын баспана болмай қалған жағдайда оларға үй салуға немесе ескі үйлерді күрделі жөндеуден өткізуге қаражат бөлініп отырды. Әр колхоздың шама

шарқына қарай, келушілерге көмек ретінде қаражат, мал-мүлік босатылды.

Қазақстанға көшіп келу мен көшіп кету үрдісі толастамай жүріп жатты. 1959 жылы тұрмыс ауыртпашылықтарына төзбеген кейбір тың игерушілердің келген жағына немесе КСРО-ның басқа қалаларына көшуі байқалған. 1950 жылдардың аяғына қарай республикаға келушілердің легі үзілмесе де, кетушілер қатары да көбейген [13, 94 б.].

60-70-жылдары ауылды жерлердегі немістердің саны азая бастайды. Бұған көптеген факторлар әсер етті. Мәселен, ауылды жерлерде әлеуметтік жағдай әлі де болса ауырлау еді. Ауруханалар мен емханалардың болмауы, мектептердегі білім сапасының төмендігі, көлік қатынастарының қиындығы, кейбір колхоздарда бала-бақшалардың болмауы сияқты қиыншылықтар көшіп келгендерді тұрмысқа қолайлы мекен іздеуге итермеледі т.б.

Қазақстанды өндірісі дамыған, ауыл шаруашылығы ілгері озған республикаға айналдыру 60 жылдары да өкіметтің басты мақсаттарының бірі болып тұрды. Қоныс аударушылардың саны жоспарлы түрде жыл сайын көбейтіліп отырды. Оларды көбіне ауылды жерлерге жіберу дәстүрі өзгермеді. 1963 жылы Семей облысына 312 адам қоныстанады. Бірақ 1964 жылы 63 отбасы кері қайтады. Бұған негізінен, 1963 жылдың жазында болған Семей облысындағы қуаңшылық әсер еткен. Егін шықпаған, бау-бақша мүлдем өнім бермеген [137, 103 б.]. Олардың арасында қоныстанушыларға арналған алғашқы жәрдемақыны алу үшін ғана келетіндері аз болмаған. Мұндай «қулыққа» неміс ұлты өкілдерінің де барғаны мәлім. Мысалы, 1963 жылы Семей облысына өз еркімен көшіп келген А.Герман алғашқы жәрдемақысын алған соң бірнеше ай ғана аялдап, басқа аймаққа қайтадан көшіп кеткен [137, 104 б.].

1965 жылы халықтытың ауылды жерлерден қалаларға көшу үрдісі байқалған. Сонымен қатар Республикамыздың басқа аймақтарына көшушілердің саны да ұлғая түскен. Семей облысына 1965 жылы 35 965, 1966 жылы 36 896, 1967 жылы 38 687, 1968 жылы 40 599, 1969 жылы 40 067 адам көшіп келсе, керісінше 1965 жылы 33 831, 1966 жылы 36 271, 1967 жылы 38359, 1968 жылы 39713, 1969 жылы 40 811 адам өзге аймақтарға көшіп кеткен [138, 15 б.]. Көшіп кетушілердің көбі өзге ұлт өкілдері еді. Бұл азаматтар өндірісі дамыған, қарқынды құрылыс жүріп жатқан аймақтарға көшті. Олардың арасында немістер мен поляктар да аз емес еді.

70 жылдары немістердің барлығы дерлік орыс тілді азаматтарға айналды. Бірақ сол кездегі саясаттың салдарынан қазақ тілін меңгерген және еркін сөйлеген немістердің саны өте аз болды. Қазақстандағы немістердің 0,17%-ы ғана қазақ тілінде сөйлей алған еді.

1964 және 1972 жылдары КСРО Жоғары Кеңесінің Президиумы арнайы қоныс аударылғандарға қатысты Сталин үкімдерін толық жою жөнінде жарлық шығарды. Сталин теперішін көрген жазықсыз жандарға КСРО аумағындағы қалаған жерлеріне қоныстануға рұқсат етілді. Осы жарлықтардың шығуына орай, Сібірдегі немістер Қазақстан аумағына көшіп келе бастайды. 1970 жылы Қазақстандағы немістердің саны 858077 жетіп, Қазақстандағы ұлттардың үлес салмағы бойынша 4 орынға шығады. Олардың 75% ана тілім деп неміс тілін санаған [139, 155 б.].

1970 жылдары Қазақстандықтар арасында аралас некеге тұру етек алады. Неміс ұлты өкілдері арасында да аралас некелі жанұялар көбейе түседі. Немістер арасындағы аралас некелі жанұялар қалада 57,4%, ал ауылды жерде 43,9% құраған [140, 91 б.]. Бұндай үрдістің қарқын алуы неміс ұлтының ассимилияцияға ұшырап, жергілікті ұлттармен мәдениеті мен менталитеті жағынан жақындасып кеткенін байқатады.

1970 жылдары немістердің европалық ұлттармен некеге тұруы басым болды. 1986 жылы Қазақстандағы неміс ұлты өкілдері арасынан шыққан экспедиция мәлімет төмендегідей. Қалалы жерде еуропалық ұлт өкілдерімен некеге тұрғандардың пайыздық көрсеткіші 93,3 болса, ауылдарда 91,2 болған. Бұндай жоғары көрсеткішке орыс, украин, белорусь және тағы басқа еуропалық ұлттармен неміс мәдениетінің жақындығы және немістердің орыс тілін жетік меңгеруі себеп болғаны анық. Ислам дінін ұстанушылармен некеге тұру үрдісі төмен болған. Қалалық жерлерде 3,5% болса, ауылдық жерлерде 4,5% [140, 93 б.]. Көрсеткіштің төмен болуына азаматтардың діндерінің бөлек болуы мен ислам дінінде діні басқа адаммен некеге тұрудың мақұлданбауы өз әсерін тигізген сияқты. Мұсылман халықтары қыздарының немістерге тұрмысқа шығуы мүлдем кездеспейді, керісінше, неміс қыздарының ислам дінін ұстанған ұлт өкілдеріне күйеуге тиюі басым болған. Аралас некелердің көбеюі неміс ұлты өкілдерінің ұлттық бейнесін әлсірете түсті.

Шығыс Қазақстанда 1970 жылы 69136 неміс тұрса, 1979 жылы бұл көрсеткіш 65 610 адамға азайған. 1970 жылы немістердің 21571 қалада тұрса, 1979 жылы қалалық немістердің саны 23 581-ге өскен. Ал ауылдағы немістердің саны 1970 жылы 47 565-ті құрап, бұл көрсеткіш 1979 жылы 42 029-ға кеміді [141, 14-20 бб.].

Немістердің өз Отандарына қайтуға деген талпыныстары ерте басталғанымен, олардың өтініштері ұзақ уақыт бойы жауапсыз қалды. 1976-1986 жылдар аралығында Қазақстаннан Германияға кетуге 79 146 адам өтініш берген. Олардың ішінде тек 9803 адамға ғана тарихи Отанына қайтуға рұқсат етілген. Отанына оралу бақытына ие болғандардың арасында 4143 жұмысшы, 792 қызметкер, 294 колхозшы, кәмелетке жасы толған 703 оқушы, 190 жоғары білімді азаматтар және 16-ға жасы толмаған 4383 бала болған. Бұл азаматтар Қазақстан топырағынан өз елдеріне кеткен алғашқы лек еді [42, 12 б.].

1989 жылғы бүкілодақтық халық санағының нәтижесі бойынша, Семей облысының Шар ауданында 1228, Шұбартау ауданында 28, Таскескен ауданында 777, Үржар ауданында 3574, Мақаншы ауданында 56, Новошульба ауданында 4130, Жарма ауданында 2884, Көкпекті ауданында 2528, Бородулиха 9985, Жанасемей ауданында 3534, Аякөз ауданында 1429, Бескарагай ауданында 2408, Абай ауданында 73, Ақсуат ауданында 401 неміс өмір сүрген. Семей облысында 44 131 неміс тұрса, олардың 15580-і қалада, 28 533-і аулды жерлерде тұрған [142, 54-70 бб.].

М.Горбачев бастаған «қайта құру» реформалары кеңестік халықтардың өмірін түбегейлі өзгертті. 1980 жылдардың соңы мен 1990 жылдардың басында этникалық немістердің Германияға көшуі қарқын алады. 1989-1999 жылдары Қазақстандағы немістердің үлес салмағы 5,8 %-дан 2,4 %-ға төмендеді. 1989 жылы Қазақстанның немістері 8 облыста тығыз орналасқан еді, ал 1999 жылы олар тек 6 облыста ғана қалды. Бұған өзгеше себеп іздеудің реті жоқ. Немістердің көпшілігі тарихи Отандарына қайтуды дұрыс деп тапты. Және де Германияның жоғары дамыған мемлекет болуы да немістерді қызықтырды. 1986 жылдан кейін кеңестік экономиканың әлсіреуі, әлеуметтік жағдайдың нашарлауы немістердің Отанына қайтуын жеделдетті. Тәуелсіздік алғаннан кейін де ел экономикасының тұралауы, әлеуметтік қорғаудың төмендеуі де аз әсерін тигізген жоқ.

1992 жылы 112 мың, 1993 жылы 115 мың неміс Қазақстаннан көшіп кеткен. 1993 жылдың 1 қаңтарындағы ресми санақ бойынша, Қазақстанда 606 042 неміс өмір сүрсе, Қазақстанға басқа елдерден 4089 неміс көшіп келген [143]. Ал 1994 жылы 130 мың неміс Германияға көшіп кеткен. Тәуелсіздіктің алғашқы үш жылында Қазақстан немістерінің төрттен үш бөлігі елімізден кетті. Көшкендердің көпшілігі таптырмас мамандар еді. Германия өз қандастарын қолдау мақсатында олардың көшіп-қону шығындарына қаражат аударып отырды. 1993 жылы Қазақстан немістерінің көші-қон шығындарына 24 млн. дойчмарк бөлінсе, 1994 жылы 7,5 млн. дойчмарк бөлінген [31].

Қазақстан немістерін көшірумен, оларды Германияға орналастырумен «Олимпия-Райзен» компаниясы айналысқан. Көшіп кетушілерге Қазақстан немістері кеңесі тарапынан да көмек көрсетілді. «Олимпия-Райзен» компаниясының Қазақстандағы өкілділігін Акмустафа Канапияев басқарған. Кейде Қазақстан немістері Кеңесі мен компания арасында келіспеушіліктер болып тұрған. Бұл келіспеушіліктер көбінше билет алу, жүк тасымалдау кезінде қаражат бөлу мәселесі бойынша шыққан. Облыстарда тұратын немістер Германияға көшкен кезде Алматы немесе Ақмола әуежайларынан ұшатын болған. Билет алу қиындығы, билет бағасының өсуі сияқты себептер кикілжің тудырған [144].

ҚР статистика және сараптау комитетінің мәліметтері бойынша, 1997 жылы Қазақстаннан шетелдерге 40927 неміс көшіп кетсе, 312 неміс қазақ жеріне көшіп келіпті [145].

Шығыс Қазақстан аумағына 1996 жылы 927, 1997 жылы 661, ал 1998 жылы 625 неміс көшіп келген. Негізінен, ішкі миграция Қазақстанға ТМД елдерінен көшіп келген немістер есебінен толықты. Ал облысымыздан басқа облыстарға және алыс, жақын шетелдерге 1996 жылы 6096, 1997 жылы 4374, ал 1998 жылы 3572 неміс көшіп кеткен. Бұдан байқайтынымыз көшіп келген немістердің саны көшіп кетушілердің қасында болмашы ғана [146, 36 б.].

1997 жылы Қазақстаннан шетелдерге көшкен барлық азаматтардың 18% Германияға көшкен [147, 126 б.].

Кесте 23 – 90 жылдардың I жартысындағы Қазақстандағы неміс ұлтыны сандық көрсеткіштері [148, 49 б.].

Жылдар	1989	1990	1993	1994	1995	1996
Немістер саны	957518	917485	696042	613820	507199	387464

Кесте 24 – Қазақстан халықтары арасындағы немістердің пайыздық үлес салмағы[148, 50 б.].

Жылдар	1989	1990	1993	1994	1995	1996
Пайыздық үлесі	5,8	5,5	4,1	3,6	3,1	2,4

1995 жылы Шығыс Қазақстан облысында 13859, Семей облысында 20257 неміс өмір сүрген [148, 52 б.].

Кесте 25 – 1995 жылғы есеп бойынша, еліміздегі немістер арасындағы бала туу мен өлім-жітім үрдісі және табиғи өсімі [148, 79-81 бб.].

Жылдар	1990	1992	1993	1994	1995
Туылғандар саны	14259	8679	8749	8048	6863
Өлім-жітім	7068	5882	6848	6302	5678
Табиғи өсім	7191	2797	1901	1746	1185

Шығыс Қазақстанда жыл сайынғы өлім-жітім көрсеткіші 1996 жылға дейін орта есеппен 4.5%-ға өскен. 2000 жылдары бұл көрсеткіш 3.7%-ға төмендеген. Көші-қон – халық саны өзгеруінің және аумақтық орналасуының елеулі факторларының бірі болып табылады. Халықтың табиғи азаюымен қатар, облыста көшіп-қонудың да бәсеңдегені байқалады. Соңғы үш жыл ішінде немістер санының кемуі жыл сайын 13-15 мың адам деңгейінде тұрақтанды [149, 3 б.].

Немістердің барлығы дерлік барған жерлеріне орнығып қала алмады. Қоғамнан өз орнын таба алмағандары, жастары ұлғайғандары немесе Қазақстанда туыс-жоралары қалғандары қайтадан қазақ жеріне келіп жатты. Қалай дегенмен, келушілерден

кетушілердің саны көп. 1993 жылы 17 082 неміс Қазақстанға көшіп келсе, 1996 жылы 8 492 адам қайта оралған [43, 298 б.].

1993 жылдан 1999 жылдар арасында Қазақстаннан 503 мың неміс кеткен болатын. Бұл немістер Қазақстанның орталық, солтүстік-шығыс аймақтарынан, яғни Ақмола, Қарағанды, Көкшетау, Павлодар облыстарынан көшті [12, 32 б.]. Еліміздегі неміс диаспорасының шоғырланған жері осы облыстар мен облыс орталықтары еді. Бірақ 1997-2001 жылдар аралығында Германияға көшкендердің саны күрт төмендеді. Ел экономикасының нығаюы, олардың тарихи отандарына үдере көшуін саябырлатты. Салыстырмалы деңгейде немістердің қоныстануын қарайтын болсақ, көрсеткіш мынадай:

Кесте 26 – 1989 жылғы санақ бойынша, Қазақстандағы немістердің облыс бойынша, қоныстану көрсеткіші [12, 31 б.].

Облыстар	**1989 ж.**	**Облыстар**	**1999 ж.**
Барлық ұлттар	100 %	Барлық ұлттар	100%
Ақмола	13,1%	Ақмола	6,3%
Солтүстік Қазақстан	8,1%	Солтүстік Қазақстан	5,7%
Қостанай	10,4%	Қостанай	5,6%
Павлодар	9,0%	Павлодар	5,4%
Қарағанды	15,0%	Қарағанды	4,1%
Астана қ.	1,8%	Астана	3,0%
Шығыс Қазақстан	6,3%	Шығыс Қазақстан	2,1%
Алматы облысы	8,8%	Алматы облысы	1,2%

Соңғы жылдары Қазақстандағы көші-қон үрдістеріндегі басты құбылыс - алыс шетелдерге Шығыс Қазақстан тұрғындарының қоныс аударуы болып отыр. 90 жылдардың басында облыстан жыл сайын орта есеппен 6 мың адам кетіп отырған. Осы он жылдықтың соңына қарай эмиграция бәсеңдеп, 1996 жылдан бастап көш қарқыны толастай бастаған. Шығыс Қазақстаннан көшкендердің 99.5% Германия, Израиль, Моңғолия және АҚШ мемлекеттеріне қоныстануда [149, 3 б.].

Шығыс Қазақстаннан Ресейге көшкендердің көпшілігі Алтай өлкесіне бет түзейді. 2000 жылы Ресейдің Алтай өлкесінен Қазақстанға және керісінше Қазақстаннан Алтай өлкесіне көшкен немістер аз болмады. Алтай өлкесіне көшіп келген халықтардың 3.9 % Шығыс Қазақстаннан көшіп барған немістер болды. Ал ол өлкеден

еліміздің шығысына көшіп келгендердің ішіндегі немістердің үлестік пайызы 2.6 [44, 299 б.].

Кесте 27 – Шығыс Қазақстан облысына көшіп келген немістердің саны мен үлестік пайызы [149, 45 б.].

1998		1999		2000		2001	
Барлығы, адам	Үлес салмағы, %	Барлығы, адам	Үлес салмағы, %	Барлығы, адам	Үлес салмағы, %	Барлығы, адам	Үлес салмағы, %
625	1.9	435	1.8	385	1.5	409	1.5

Кесте 28 – Шығыс Қазақстан облысынан көшіп кеткен немістердің саны және үлестік пайызы [149, 45 б.].

1998		1999		2000		2001	
барлығы, адам	үлес салмағы, %	барлығы, адам	үлес салмағы, %	барлығы, адам	үлес салмағы, %	барлығы, адам	үлес салмағы, %
3572	6.9	2884	7.7	2644	6.6	2789	6.5

Шығыс Қазақстандағы неміс ұлтының ғасырлар тоғысындағы демографиялық ахуалына назар салсақ, олардың азайып бара жатқандығы байқалады.

Қазақстандағы ұлттар арасында санының кему қарқыны бойынша, немістер 5-ші орынды иеленуде. Еуропалық ұлттар арасында өлім-жітімнің жоғары болуына, жылы орнын суытпай қазақ топырағында қалған және аралас некеде болған аға буын өкілдерінің қартаюы себеп болып отыр. Облысымызда немістердің жылдан жылға кемуі алаңдатады. Шығыс Қазақстанда 1989 жылы 66 924 неміс өмір сүрсе, 1999 жылы бұл көрсеткіш 32 141 адамға азайған. 1989 жылы немістердің 28 353-і қалада тұрса, 1999 жылы қалалық немістердің саны 15 954-ке кеміген. Ал ауылдағы немістердің саны 1989 жылы 38 571 болса, бұл көрсеткіш 1999 жылы 16 187-га кеміді [141, 14-20 бб.].

Кесте 29 – 1999 жылғы санақ қорытындысы бойынша, Шығыс Қазақстан облысындағы немістердің жастық және жыныстық құрамы [150, 107-112 бб.].

Жынысы	Жалпы	Соның ішінде жастағылары, жасы							
		0-9	10-19	20-29	30-39	40-49	50-59	60-69	70 жастан жоғары
Барлығы	32141	3504	6470	4694	4109	5613	2301	3226	2224
Әйелдер	16863	1762	3219	2249	2092	2942	1282	1831	1486
Ерлер	15278	1742	3251	2445	2017	2671	1019	1395	738

Шығыс Қазақстандағы немістердің жас құрамына зер салсақ, орта буынның жас буынға қарағанда көп екенін аңғарамыз. Егер неміс ұлты арасындағы бала туудың кемуін ескерсек, жылдар өте олардың мүлде азайып кету қаупі бар.

Германияда егде адамдардың саны жеткіншектер санынан баяғыда асып кетті. Дамыған, ауқатты осы бір мемлекет халқының қартаю процесін басынан кешіруде. Бұл ел демографиялық дағдарыс мәселесін сырттағы немістерді әкелу арқасында, әсіресе, әлеуметтік жағдайы төмендеу ТМД мемлекеттерінен шақырған өз қандастарын шақыру арқасында шешкен болатын. 2050 жылы Германиядағы адам саны 25 млн-ға азаяды деген болжам бар. Қарқынды даму үстіндегі Германияға жылына 450 мың жаңа жұмыс күші қажет болады екен [45, 107 б.]. Оның үстіне Германияға Шығыс елдерінен ағылған жұмысшылар мәселесі қоғамда әлеуметтік қайшылықтар туындатуда. Қазіргі күні Германиядағы жұмысқа қабілетті, елге еңбек ететін азаматтардың, яғни 20-45 жастағылардың 41%-ын ТМД-дан көшіп келген оралмандар құрап отыр [46, 171 б.]. Осы жағдайларды ескерсек, Германия шетелдердегі өз қандастарын түбінде түгелге жуық көшіріп әкетуі әбден мүмкін. Қазақстан әлемде ең ұқыпты адамдар саналатын немістерден және техникалық ғылымдарға бейімі бар адам ресурстарынан айырылуы мүмкін.

Қазақстандағы поляк диаспорасының демографиялық дамуы немістерден сәл өзгеше. Еліміздегі поляктар саны жағынан немістерден аз. Олардың елдеріне көшуге бірнеше мәрте ерік берілуіне байланысты дүркін-дүркін азайып отырды. Қазақстандық

поляктардың саны 1954 жылы басталған тыңайған жерлерді игеру науқаны кезінде қатты өскен еді. Тың игеруші поляктардың көпшілігі Белоруссиядан келгендер болатын [47, 18 б.].

Олардың өз Отандарына көшуі XX ғасырдың ортасына қарай бәсеңдей түсті. 1959 жылы Қазақстанда 53 102 өмір сүрсе, 1970 жылы олардың саны 61 445 жетеді. Ал 1989 жылы поляктар саны 59 965 болды. Яғни азайғаны аңғарылады. 1996 жылы, яғни жеті жылдың ішінде поляктар 60 мыңға әрең жеткен. 1999 жылы Қазақстандағы поляктар саны 47 297 болды [151].

1959 жылғы бүкілодақтық халық санағының қортындысы бойынша, Семей облысында 331 поляк тұрған. Ал Шығыс Қазақстан облысындағы поляктардың саны 551 болды [135, 38 б.].

1960 жылы Шығыс Қазақстан облысына Украина КСР-нан 400 жанұя, Белоруссия КСР-нен 400 жанұя көшіріледі [152, 103 б.]. Оларды Шемонаиха, Ұлан, Кировск аудандарына қоныстандырады. Олардың негізгі дені украиндықтар мен белорустар болғанымен араларында неміс және поляк ұлттары да болған.

Шығыс Қазақстанда 1970 жылы 964 поляк өмір сүрсе, 1979 жылы бұл көрсеткіш 925 адамға азайған. 1970 жылы поляктардың 697-сі қалада тұрса, 1979 жылы қалалық поляктардың саны 696 болды. Ал ауылдық жерлердегі немістердің саны 1970 жылы 267 болса, 1979 жылы 229 болған [141, 14-20 бб.]. Ауылда тұратын поляктардың кемуіне ауылды жерлердегі тұрмыстың нашарлығы әсер етті.

1989-1999 жылдар аралығында Шығыс Қазақстан поляктары екі есеге азайды. Бұған өтпелі кезеңдегі экономиканың құлдырауы басты себеп болды. 1989 жылы еліміздің шығысындағы поляктар саны 851 болған. Яғни 1979 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда, поляктар 74 адамға азайған. Олардың 687 қалалық жерлерде, 164-і ауылдарда өмір сүрген. 1999 жылғы халық санағының нәтижесінде Шығыс Қазақстандағы поляктардың саны 498 екені анықталды. Олардың 379-ы қалаларда, 119-ы ауылды жерлерде тұрады [141, 14-20 бб.]. .

Кесте 30 – 1999 жылғы санақтың қорытындысы бойынша, Шығыс Қазақстан облысындағы поляктардың жастық және жыныстық құрамы [150, 107-112 бб.].

Жынысы	Жалпы	Соның ішінде жастағылары, жасы							
		0-9	10-19	20-29	30-39	40-49	50-59	60-69	70 жастан жоғары
Барлығы	498	18	34	55	79	80	83	79	70
Әйелдер	379	12	27	44	55	67	60	57	57
Ерлер	241	8	19	24	39	41	37	46	27

Шығыс Қазақстандағы поляктардың жас ерекшеліктеріне көңіл аударсақ, орта буынның жас буынға қарағанда көп екенін көреміз. Егер поляктар арасындағы табиғи өсімнің бұрыннан төмен болып келе жатқандығын ескерсек, уақыт өте келе олар азайып кетеді деген жорамал жасауға болады. Шығыс Қазақстандағы поляктардың 14-і басшылық орындарда қызмет жасаса, 14-і жоғары деңгейлі білікті маман, ал 15-і орта деңгейлі білікті маман болса, 3-і мемлекеттік қызмет пен ақпарат саласында жұмыс істеген. Көпшілігі қалада тұрған [153, 233 б.].

Шығыс Қазақстанда 2000 жылы небәрі 483 поляк өмір сүрсе, 2006 жылы 391 поляк қалған. Ал республика бойынша, олардың саны төмендегідей [43, 301-302 бб.].

Кесте 31 – Қазақстан облыстарындағы және республикадағы поляк ұлтының саны [43, 301-302 бб.].

Облыстар мен қалалар	**2000 жылғы мәлімет**	**2006 жылғы мәлімет**	**Көрсеткіш айырмашылығы**
Солтүстік Қазақстан	18 399	16 472	-1927
Ақмола облысы	10 959	9717	-1242
Қарағанды	5446	4795	-651
Алматы қаласы	2693	2945	-252
Қостанай облысы	2287	1933	-354
Алматы облысы	2068	1719	-349
Павлодар облысы	1411	1191	-220
Асатана қаласы	1221	1128	-93
Шығыс Қазақстан	483	391	-92
Ақтөбе	309	264	-45
Батыс Қазақстан	202	171	-31
Барлығы	45043	40 726	

Поляк ұлтының табиғи өсіміне сол кездегі саяси-әлеуметтік жағдайдан бөлек, халық арасында қалыптасқан теріс көзқарастардың да әсері болды. 1956 жылға дейін поляктар «сенімсіз ұлттар» есебінде мемлекет органдарының қатаң бақылауында болды. Балаларының тағдырын ойлаған ата-аналары өз ұрпақтарының да азап шегіп, қамауда, бақылауда жүрмеуін қалап, оларды орыс немесе басқа да славян тектес ұлт қылып жаздыруға тырысты. Кеңес өкіметі жылдарында ұлтын украин, орыс деп жаздырғандардың саны 100 мыңға жеткен [154, 43 б.]. Осылайша олар өз өмірлерін сәл болсын жеңілдетуге ұмтылды. Бұл поляк ұлтының нақты демографиялық құрамын зерттеуде қиындықтар туғызады. Сондықтан ресми статистиканың мәліметтеріне ғана сүйенеміз.

Қазақстан статистикалық жинақтарында Қазақстандағы ірі ұлттар мен үлес салмағы 1%-дан асқан ұлттардың ғана саны нақты берілген. 1993-2005 жылдар арасындағы жыл сайын шығарылып отырған «ҚР тұрғындарының миграциясының қортындылары» және «ҚР тұрғындары миграциясы» бюллетеньдерінде аз ұлттардың жекелеген статистикалық мәліметтері жоқ. Тәуелсіздіктің алғашқы жылы статистикалық жұмыстар нашар жүргізілгендігі белгілі. Бұндай жағдай Қазақстандық поляк ұлтының миграциялық қозғалысын зерттеуде қиындықтар туғызады.

Поляктардың Қазақстан аумағынан көшіп кетуі 1992-1994 жылдар аралығында үдеген. Одан кейін біртіндеп саябырсу басталған. Тек 1997 жылы көшіп кету біраз артқан. Одан кейінгі жылдары көш баяулап, қазіргі кездері жыл сайынғы көшушілер саны 500 адамнан аспай отыр [51, 108 б.].

Кесте 32 – Қазақстандық поляктардың сыртқы миграциясы (1993-2005) [48, 108 б.].

Жылдар	**Эмиграция**	**Иммиграция**	**Сальдо**
1992	1875	1744	-131
1993	1954	1205	-749
1994	2750	992	-1758
1995	1912	862	-1050
1996	1216	156	-1060
1997	2071	119	-1952

32 кестенің жалғасы

Жылдар	Эмиграция	Иммиграция	Сальдо
1998	1816	161	-1655
1999	1070	108	-962
2000	1191	125	-1066
2001	931	120	-811
2002	809	107	-702
2003	545	101	-444
2004	521	83	-438
2005	517	76	-441
Барлығы	19 178	5 959	13 219

Кейінгі жылдардағы поляктардың елден кету қарқыны төмендеді. Қазақстанның экономикалық өсімі мен халықтың әлеуметтік жағынан қорғалуының жылдан жылға жақсара түсуі, поляктардың жылы орындарын суытпауына септігін тигізуде. Қазақстаннан көшкен поляктардың барлығы Польшаға кетті деп айтуға болмайды. Олардың тарихи Отандарына қайтуынан ТМД елдері мемлкеттеріне көшулерінің пайыздық көрсеткіші жоғары.

Кесте 33 – Қазақстандық поляктардың миграциясы (1996-2005) [48, 109 б.].

Жылдар	Алыс шетелдер			ТМД елдері		
	Эмиг-рация	Иммиг-рация	Сальдо	Эмиг-рация	Иммиг-рация	Сальдо
1996	478	27	- 451	738	129	-609
1997	586	13	-573	1485	106	-1379
1998	533	26	- 507	1283	135	-1148
1999	423	9	-414	647	99	-548
2000	612	18	-594	579	107	-472
2001	446	4	-442	485	116	-369
2002	408	23	-385	401	84	-317
2003	324	24	-300	221	77	-144
2004	262	12	-250	259	71	-188
2005	238	22	-216	279	54	-225
	3 832	151	-3 681	5639	849	-4790

Соңғы 5 жылда Қазақстаннан 1,5 мың адам Польшаға көшкен. Оның үстіне Польша мемлекетінің шетелдердегі өз азаматтарын қабылдауы да қауырт жүріп жатқан жоқ. Себебі, Польша экономикасы сонғы жылдары ғана жақсара бастады. Өздерінде де жұмысссыздық көп және көшіп келушілерге жасалатын әлеуметтік жеңілдіктерді мемлекет бюджеті көтермейді. Тарихи Отандарына ораламын деушілерге қойылатын талаптары ауыр. Польшаға оралу үшін келуші азамат тұратын мекен-жайын, өзін-өзі қамтамасыз ететін қаржы көзін және Польшадан жұмыс тапқаны жайлы анықтамасын өткізуі керек. Бұл талаптарға сырттан келетін поляктардың көбі жауап бере алмайды.

ХХ ғасырдың 50-жылдарының II жартысынан кейінгі өзгерістер неміс диаспорасының мәдени дамуына аз да болса оң ықпалын тигізді. Қалай дегенмен де, бұл өзгерістер қиыншылықпен, олардың ерен еңбектерінің арқасында жүзеге асты. Ұзақ уақыт бойы олар өздерінің ұлттық мәдениетінің дамуына жағдай жасалу керектігін айтып, жоғарыға өтініш білдіруден талмады. 50 жылдары Қазақстанда 658698 неміс өмір сүрді, олардың 75 пайызы неміс тілін ана тілі ретінде құрметтеп, өз тілдерінде сөйледі. Бірақ Германиядағы неміс мәдениетінің даму дәрежесімен салыстырғанда, Қазақстандағы немістер өзге ұлттардан психологиялық тепкіні де, кемсітушілікті де, жоқшылықты да көріп, мәдениеттерін өркендетуге толық мүмкіншілік ала алмады.

80-90 жылдары неміс ұлт өкілдері арасында урбанизация процесі күшейді. 90 жылдары бұндай үрдіс тек немістер емес, жаппай Қазақстан тұрғындарының арасында етек алды. Әлеуметтік жағдайдың күрт төмендеуі онымен жағаласа келген жұмыссыздық, елдің ауылдан қалаға шұбыруына себеп болды.

80 жылдары тумысынан өнер-білімге бейім немістердің біліктілік деңгейі жоғарылады. 50 жылдардың соңында Қазақстанда тұратын неміс диаспорасының жоғары білім алғандарынан гөрі арнайы-кәсіптік білім алғандары мол болды [33, 287 б.]. Яғни немістердің кәсіптік білімдері жыл өткен сайын арта түскен. 1999 жылғы санақ бойынша, Қазақстанда 533 441 неміс тұратыны анықталды [43, 298 б.].

Қалай дегенмен де, Шығыс Қазақстандағы неміс және поляк диаспораларының саны жылдан-жылға кему үстінде. Тарихи отандарына үдере көшу саябырсығанымен еуропалық мінезді бұл

этникалық топтардың табиғи өсімі артпай отыр. Негізігі себеп әлеуметтік-экономикалық жағдай болып табылады.

3.2 XX ғасырдың екінші жартысындағы неміс және поляк диаспорасының мәдени дамуы

1950 жылдардың II жартысында арнайы қоныстандырылған ұлттардың өмірі жақсара бастады деуге болады. Мәдени даму жағынан, әлеуметтік даму жолында да біршама ілгерлеушілік байқалады. Әртүрлі шешімдерге байланысты олар өз мәдениеттерін қайта жаңғыртуға мүмкіндіктер алды. Шешімдерге орай, оларға аса мән беріліп еңбектері бағалана бастады. «Хрущев жылымығы» неміс ұлтына өз тілдерін жетілдіруге мүмкіндік туындатты. Үгіт-насихат барысында халықты толық қамтамасыз ету үшін неміс тілдерінде кітапшалар шығарылды. Ресейде шығарылатын неміс тілді газеттерді оқуға жағдай жасалынды. Сырттағы туыстарымен өз ана тілдерінде хат жазысып, хат алысу біршама еркін арнаға түсті. Поляк ұлтының өкілі Ванда әжейдің айтуынша, 50 жылдардың соңында анасымен хат алысқан. Ванда әжей «Анам әр мереке сайын маған хат жіберетін. Хаттар бұрынғыдай тексерілмейтін болды. Бұның дәлелі, КСРО ол кездері атеистік бағыт ұстанатын болғандықтан, дінді аузымызға ала алмайтынбыз. Пасха т.б. өз мейрамдарымызды тойлауға қорқатынбыз. Ал анам болса Польшадан маған әртүрлі діни суреттері бар мерекелік открыткалар салып жіберетін. Оларды әлі күнге дейін сақтаудамын», - деген еді.

1957 жылы Кеңестер Одағында Қазақстанда ғана неміс тілі ана тілі ретінде мектепте оқытуға рұқсат етілген жарлық шықты [31, 48 б.]. Бұл неміс балаларының өз ана тілдерінде білім алуларына, партиялық органдарда жұмыс істеуге, мекемелерді басқаруға, тілдері мен мәдениетін дамытуға мүмкіншіліктер туа бастайды. Бірақ КСРО-дағы барлық жоғары оқу орындар, кәсіптік-техникалық училищелер орыс тілінде болғандықтан оларға ана тіліндегі мектептерде оқу тиімсіз болды және жергілікті жерлер кітапханаларда, мектептерде неміс тілінде әдебиеттердің жоқтығын алға тартып, неміс мектептерін ашуға құлшыныс танытпады.

1956 жылы Барнауылда алғаш рет неміс тілінде «Арбайт» газеті шығарылады. Барнауыл Шығыс Қазақстанға жақын болуына байланысты газетті сол аумақтағы немістер қиындықсыз алып оқыған. 1957 жылы Мәскеуде «Нойес Лебен» неміс газеті жарық көреді. Бұл газет КСРО-ның барлық немістеріне таратылады. Неміс

ұлтының реабилитациядан кейінгі шыққан алғашқы неміс тілді басылымдары немістер арасында үлкен мәдени серпіліс туғызды. Бір жылдан кейін 1958 жылы Қазақстан немістері аптасына екі рет неміс тілінде радиодан бағдаралама тыңдай алатын болды. Уақыт өте келе неміс тіліндегі радио бағдарламасының уақыты кеңейтіліп, аптасына бес рет берілетін жағдайға жетеді. Қазақстандағы алғашқы неміс бағдарламасының жауапты хатшысы И.Я.Гальман болды [139, 155 б.].

Баспасөздің жандануы жалпы Қазақстандық немістердің мәдениетінде үлкен өзгерістерге алып келді. Газет арқылы әр облыстағы немістер бір-бірлерінің тыныс-тіршіліктерімен, жетістіктерімен, жаңалықтарымен бөлісуге тырысты. Рухани мәдениеттің ішінен немістер үшін музыканың орны ерекше болды. Аудандар мен ауылдарда ұлттық неміс музыкасы жандана түсті. Көркемөнерпаз байқауында олар өз халық әндерін орындап, неміс ансамбльдері құрыла бастады. Ауылдардағы көркөмөнерпаздар үйірмелерінде құрылған қарапайым ансамбльдер республикаға танымал музыкалық ұжымдарға айналды. Неміс газеттерінің беттерінде неміс ансамбльдері, хорлары мен жекелеген әншілер жайындағы мақалалар тым көп болды. Халық арасынан жаңа таланттар шығып, олар баспасөз арқылы халыққа танымал болды.

1960-жылы Қазақстанда неміс радиосы іске қосылады. Қазақстан радиосында кешкісін бір уақыт неміс тілінде бағдарлама өтетін болды. Бағдарламаны Қазақстанның түпкір-түпкіріндегі немістер тыңдай алды. Шығыс Қазақстандағы тілші болып Каиль деген азамат жұмыс істеді. Ал, бағдарламаны Қазақстанға танымал М. Вагнер жүргізді.

Алғашқы неміс ұтынан құралған муызкалық кәсіпқой-шығармашылық ұжым 1965 жылы Теміртау музыкалық училище жанынан құрылған симфониялық оркестр болды. Жетекшісі училище директоры, жоғары білікті композитор Г.Г.Клейман болып тағайындалды [139, 156 б.]. Оркестрдің негізгі мақсаты Қазақстандағы неміс тұрғындарына қызмет көрсету еді. Оркестр басқа облыстарда да осындай музыкалық ұжымдардың пайда болуына түрткі болды.

1968 жылы Қарағанды филормониясында «Фройншафт» эстрадалық-вокалдық ансамблі құрылады [139, 157 б.]. Ансамбль үш топтан түрды: аспаптық топ, вокалдық топ, би тобы. Ансамбльдің репертуарында негізінен, ұлттық әндер мен билер және

Қазақстандық неміс композиторларының әндері болды. Ансамбль немістер шоғырланған аймақтарға гостропьдермен шығып отырды. Уақыт өте келе, «Фройндшафт» ансамблі тек неміс ұлт өкілдерінің ортасында ғана емес, Қазақстанда тұратын басқа ұлт өкілдері арасында да неміс музыкасын насихаттайтын үлкен ұжымға айналады. Ансамбль жылына 200 концерттен артық орындап, Қазақстан облыс орталықтарының барлығына дерлік гострельдер жасап қайтады.

1965 жылдың 23 қарашасында Қазақстан Коммунистік Партиясының Целиноград облыстық комитетінің бірінші хатшысына, Қазақстан Коммунистік Париясының Орталық комитетінің шешімімен 1966 жылдың 1 қаңтарынан бастап неміс тіліндегі «Фройндшафт» газеті ашылатындығы жөнінде хат келіп түсті [155, 1 б.]. Хатта Целиноград облыстық комитетінің бірінші хатшысына редакцияға орын және құрал жабдықтар тауып беруі қажеттігі айтылған болатын. Жоғарыдан келген әр үкімді бұлжытпай орындайтын жергілікті атқарушы билік келіп түскен бұйрықты бұлжытпай орындады. «Фройншафт» газетінің редакциясына орын да, құрал жабдықтар да, келген мамандарға тұратын пәтерлер де уақытымен даяр болды.

Газет ашылған күннен бастап үлкен сұранысқа ие болды. Мемлекет тарапынан қолдау тапқан газет Республиканың түпкір-түпкіріне жетті. Бірнеше жыл ішінде газеттің таралым деңгейі өсіп, халық арасында танымал газеттердің біріне айналды. 1969 жылдың 8-12 сәуірінде оқырмандар арасында жүргізілген сауалнамада Шығыс Қазақстан облысы мен Семей облыстарына газет төрт күнге кешігіп келетіні анықталған [156, 64 б.]. Осыған орай, аталған аудандардың газетке жазылуы сәл төмендеген. Осыған байланысты шаралар қолданылып, газет уақытында жеткізіліп тұратын болған.

1971 жылы 19 тамызда ШҚО КП хатшысы С.А.Койчубаев мырзаға «Фройншафт» газетінің жауапты редакторы А. Шмелев-Добоскийден қызметтік хат келіп түседі. Жауапты редактор Шығыс Қазақстан облысындағы немістер санының 21,7 мыңға жуықтайтынын айта келе, әр неміс жанұясын аталған газетпен қамтамасыз етуін өтінген. Газетке жазылуға қолдау көрсетуін сұраған [157, 28 б.]. Бұл газеттің жазылуына редакторлық алқаның ерен еңбегінің жемісі екенін білдіреді.

«Фройншафт» газеті Қазақстандық немістер үшін ғана емес, бүкіл Кеңес Одағындағы немістер үшін үлкен жетістік еді. Олардың тілінің

сақталуына және жаңғыруына жағдай жасалынды. Редакция алқасына барлық жерлерден хаттар түсіп, беделі арта түсті. Қазақстандық немістердің өміріндегі барлық жаңалықтар газет беттерінде жарияланып отырлды. Газеттің негізгі мақсаты өзге ұлттардың тілі мен мәдениетін жаңғырту болмағаны бәрімізге белгілі. Газеттің негізі мақсаты, кеңестік идеологияны насихаттау болатын. Қалай дегенмен де, «Фройншафт» газеті Кеңестік немістерді бір-біріне жақындастырған, тілдерінің сақталуына көмегін тигізген газеттердің бірі болды.

70-жылдары Қазақстанда отызға жуық неміс әдебиетшілері қызмет атқарды. Олардың Қазақстанда жүріп өз әдебиеттерін жандандыруға ешкім кедергі келтірмеді. Тек идеология шеңберінен шығып кетпеулері ғана қадағаланып отырды. Олардың арасында Қазақстанға белгілі А.Реимгер, Г.Кемпф, К.Вельц,Н.Вакнер, Н.Пфеффер, И.Кунц, Г.Генке, Ремпель сынды әдебиетшілер және т.б. болды.Осы жылдары Гальманның «Добрый путь», И.Кунцтың «Полет мечты», «Добрый вечер дорогая», Вейнингердің «Я вижу мир» сияқты еңбектері неміс тілінде жарық көрді.

Немістер тек әдебиет саласында ғана емес, өнердің әр саласында көзге түсті. Қазақстанға белгілі музыканттар, әнші-сазгерлер арасынан да өз орындарын алды. Мысалы, А.Шиллер, Ф.Форманке, Э.Шмитд, А.Менг және т.б.

Олардың арасынан атақты, КСРО-ға белгілі суретшілер, мүсіншілер шықты. Үлкен көрмелерде Қазақстанның атын шығарған бірнеше суретшілерді атап өтсек, К.Фольц, Г.Брокунтер, Э.Бранд, А.Пфайффер, А.Лоренц, П.Роммель. Сонымен қатар, Өскеменне шыққан Освальд Тренкле мен Владимир Шеффер тек Қазақстанға ғана белгілі суретшілер болмады, олар КСРО-ға және алыс-жақын шетелдерге танымал суретшілерге айналды.

Қазақстандағы ауылшаруашылығы мен ғылымының дамуына үлкен еңбек қосқан Семей қаласының тұрғыны Бутлер Вильгелм Феодорович болды. 1914 жылы Москвада дүниге келген Вильгельм 1937 жылы Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылық институтын бітіріп шығады. Бітіргеннен кейін Семей өңіріне жолдамамен жұмысқа келеді. Семейде агроном болып жұмысын бастаған Вильгельм Феодорович Шығыс Қазақстанның ауылшаруашылық өсімдіктерін зерттеуін бастайды. Тың және тыңайған жерлерді игеру барысында көптеген істің басында тұрғандығы үшін 1957 жылы «Тыңайған жерлерді игергені үшін» атты медальмен марапатталады [158, 24 б.].

Вильгельм ғылыми зерттеулер жүргізіп, мақалаларын «Сельскозяйство Казахстана» журналына шығарып отырған. 1962 жылы Бутлер Вильгельм Семей облыстық ауылшаруашылық өсімдіктерін мемлекеттік сыннан өткізу комиссиясының инспекторы қызметін атқарады [158, 33 б.]. Ол кездері бұндай инспекторлардың санының аздығын ескерсек, бұл үлкен дәреже еді. Тек басқару мен ауылшаруашылық саласында ғана еңбек етпеді. Бутлер Вильгельм Семейдегі ауылшаруашылық техникумында студенттерге дәріс беріп, оларды тәжірибеден өткізуге көп еңбек сіңірген ұстаз еді. 1966 жылы Семей қаласында В.Ф.Бутлердің «Культура, сорт и урожай (краткие итоги государственного сортипытания сельскохозяственных культур в Семипалатинской области)» атты кітабы жарыққа шығады [159, 1 б.]. 1967 жылы Бутлер Вильгельм Феодорович «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталады.

Вильгельм Феодоровичтің бауыры тарих ғылымдарының кандидаты Г.Ф.Бутлер Семей мемлекеттік педагогикалық институтында 70 жылдары қызмет етті. 1978 жылы Семей мемлекеттік педагогикалық институтының ғылым жөніндегі проректоры болып жұмыс істеген. Бірнеше ғылыми мақалалары жарияланып, оқу-әдістемелік құралдардың авторы Г.Ф.Бутлер талай тарихшы мамандарды даярлады.

КСРО-дағы қайта құру және жариялылық саясаты немістердің ақталуына мүмкіндік жасап қана қойған жоқ олардың тарихи Отандарына қайтуларына жол ашты. Немістердің жаппай көшуі мемлекетке тиімді болып табылмады, осыған орай, КСРО басшылығы неміс мәселесін шешуге тырысты. Министрлер Кеңесі «ЖОО-да, кәсіптік-техникалық училищелерде неміс ұлт өкілдері мамандарын даярлау, орта мектептерде неміс сыныптарын ашу» бағдарламаларын іске асыруды бастағанымен, Одақтық республикалардың тәуелсіздік алуы аталған бағдарламалардың тоқтауына себеп болады [31, 49 б.].

Немістер ассимиляцияға ұшырап, өз ана тілдерін, мәдениетін жоғалта бастады. Бұндай жағдай тек немістерге ғана тән болмады. Қазақстанға қоныстанған өзге ұлттардың барлығы басынан кешірген жағдай еді. Барлық мемлекеттік органдарда, өндірістік орындарда орыс тілінің үстемдігі оларды да ана тілдерінен айыра бастады. Этникалық ассимилияция неміс және поляктардың аралас некеге тұруы арқылы жүрді. Аралас некеден дүниеге келген сәбиге ата-аналары тәрбиені негізінен, орыс тілінде жүргізіп, жалпы ортақ мәдениет пен адамзатқа ортақ құндылықтарды ғана бойына сіңіруге

тырысты. Осылайша, ана тілдерінің қолдану аясы да азайып, ұлттық мәдениет жылдан жылға азайа түсті.

Бұндай үрдіске немістердің аға буыны өз әлінше күресіп бақты. Олар немістердің ассимиляцияға ұшырап бара жатқандығын, ана тілдерінің ұмытылып, жастардың басқаша тәрбие алып, өзгеріске ұшырап жатқандарын айтып дабыл қақты. Соның бір айғағы, Шемонаиха аудандық халық депутаттар Кеңесінің төраға орынбасары И.Никифоровтың 1990 жылы «Партийная жизнь Казахстана» журналының 2 санына жариялаған мақаласы. И.Никифоров мырза аудандағы немістердің біртіндеп өз дәстүрлерін, тілдерін ұмытып бара жатқандығын, Шемонаихада ауданында тұратын 4 800 неміске небәрі 174 дана неміс тіліндегі газет-журналдар келетіндігін, себебі, неміс жастарының өз тілдеріндегі газеттерді оқи алмағандықтан жазылмайтындықтарын жазады [160, 70 б.].

Неміс және поляк ұлттары Қазақстан мәдениетінің қалыптасуына үлкен ықпалын тигізді. Бірақ қалай дегенмен де, өз ұлттық мәдениеттерін, салт-дәстүрлерін Кеңестер кезінде толыққанды сақтап қалды деп айту өте қиын. Неміс ұлтының өкілдері біршама деңгейде өз мәдениеттерін жаңғырта алды. Себебі, олардың тілі мен мәдениеті мектепте оқытылған еді. Ағылшын тілінің мәртебесі Қазақстан даласына жеткенге дейін, әрбір қазақ ауылдарында неміс тілі оқытылғаны белгілі. Немістердің өз газеттері де жарық көрген болатын. Ал поляктар болса, орыс мектептерінде дәріс алып, өз тілдерін толықтай жоғалтты десе болады. Поляк тілінде газет те, мектептер де ашылмаған еді. Өз тілдерінде кейбір жанұялар ғана тек отбасылық тіл ретінде қолданды. Уақыт өз дегенін істеп, кейінгі уақыттарда өз тілінде сөйлейтін поляктар қалмады.

Алғаш қоныстанған немістер өз мәдениеттерін сақтап қалды деу қиын. Ішкі Ресейден келген немістердің, яғни өз еріктерімен келген отаршылдар Шығыс Қазақстан даласына келместен бұрын орыстық ассимиляцияға ұшыраған болатын. Кейбір мейрамдарын тойлағандары болмаса, жалпы толықтай ұстанбаған. Кеңестер Одағы кезінде поляктар да, немістер де еркін ұйымдар құрып, өз ұлтының мәдениетін жаңғыртуға кереметтей мүмкіндіктер ала алмаған болатын.

Еліміз тәуелсіздігінің бастапқы жылдары әр ұлт өкілдерінің жиналып кеңесу, әңгімелесу, өздеріне қатысты проблемаларын талқылаудан бастаған ұлттық-мәдени орталықтар, бүгінгі күні Шығыс Қазақстанда тұратын ұлттардың мәдениетін дамытудың

нағыз орталығына айналды. Өйткені облыс басшылығы, Шығыс Қазақстан халықтары кіші Ассамблеясының атқарушы хатшылығы оларға барынша жәрдемдесіп, қолдау көрсетіп отырады.

Кейінгі жылдары немістердің арасындағы билингвистілік (орыс және неміс тілдерін қатар қолдану) мүлдем жойылып бара жатқандығы анық байқалады. 1996 жылы Алматыда «Видергебурт» Қазақстан немістерінің қоғамдық бірлестіктері ассоциациясы «Актуальные состояние и перспективы культурной деятельности в местах проживания немцев» атты халықаралық семинар өткізеді. Семинар барысында Қазақстандық немістердің мәдени дамуына байланысты көптеген мәселелер көтеріледі. Семинар барысында «Видергебурт» Қазақстан немістерінің қоғамдық бірлестіктері ассоциациясы төрағасы А.Ф.Дедерер Қазақстандық немістерді ата-бабаларынан қалған мәдени дәстүрді қабылдаған, бүгінгі қоршаған орта мен қазіргі Германия мәдениетін сіңіруші, мәдени симбиоз ретінде қарастырады [34, 14 б.]. Ол Қазақстанда қалған немістердің Германиямен байланыста болмаса мәдениеттерін сақтап қала алмайтындықтарын тілге тиек етеді. Ал неміс театрының директоры В.Бринель Кеңестік немістердің мәдени дамуын екіге бөліп қарастыру керектігін айтады [161, 13 б.]. Оның ойынша, немістердің қуғын-сүргінге дейінгі мәдени дамуы және Кеңестік кезеңдегі мәдениетінің дамуын екіге бөліп зерттелуі тиіс екендігін баяндай келе, екі ғасыр бойы сақталып келген неміс тілінің қазіргі ауыр жағдайына тоқталады, өзінің неміс тілін білмейтін немістердің алдында қойылым қоятынын айтады. Дегенмен, В.Бринель мырза әлі де болса неміс тілінде қойылымдардың жүргізіліп жатқанын, көрермендердің келіп көретіндігіне қуанышын білдіреді.

1990 жылдардың II жартысында, Қазақстанның барлық облыстарында неміс мәдениетін жаңғырту мақсатында облыстық қоғамдық бірлестіктер жұмыстарын жүйелі жүргізе бастады. Тек көші-қон мәселесімен ғана айналыспай, неміс мәдениетінің жаңғыруына атсалысады. Статистика бойынша, ерікті көркемөнерпаздар ұжымдарының саны 88-ге жетеді. Бірақ ұйымдар тек қажет уақытында ғана, яғни мерекелік шараларда ғана бас қосып, жүйелі түрде іс-шара жүргізілмеді [162, 29 б.].

Шығыс Қазақстанға қоныстан немістер мен поляктар ежелден дінге берік және бір діндегі ұлттар. Қазақстандағы ұлттармен қатар, Кеңестік заманда олар да өз діндерін ұстана алмады. Діни салт-жоралғыларды жасырын үйлерінде өткізіп отырды. Балаларын

шоқындыру сынды діни рәсімдерді туыстары мен достарының жанұяларын шақырып, дастархан басында өткізуден әрі аса алмады.

Қазақсан аймағына әр кезеңде келген немістер мен поляктар аса діншілдіктерімен көзге түсті. Бауырмалдық қатынастары мен ортақ құлшылық жасау сияқты әрекеттері өзге ұл өкілдерін де қызықтырған. Олардың жасырын құрған қауымдастығына өзге ұлттар да ене бастаған. Бұндай жәйттер жергілікті басқару органдары тарапынан қарсылықтың туындауына әкеліп соқтырады. Олардың ресми тіркелулеріне мүмкіншілік бермейді. Діншіл немістер мәселесі жоғары жақта бірнеше рет талқылауға түседі. 1966 жылдың 3 маусымында Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Президиумы «Діни сенімдер жөніндегі заңнаманы бұзғандығы үшін әкімшілік жазаға тарту» туралы Жарлығы шығады, бұл жарлық немістер арасында діни салт-жоралғыларды орындау мен іске асыруына өзіндік әсерін тигізгенімен де, немістер өз діндерін жетілдіруге заңдық тұрғыда тіркелуге тырысты. 1974 жылы КСРО дін істері жөніндегі Кеңес «Қазақ КСР-де Діни сенімдер жөніндегі заңнаманың орындалуын қадағалауды күшейту» туралы қаулы қабылдайды. Қаулыдан кейін Қазақстанда 14 діни бірлестіктер тіркеледі, олардың 6-ы евангелиялық христиан-бабтистері, 3-і лютерандық, 1 католиктік және 1 шіркеулік-меннониттік болып табылды [35, 202 б.].

1974 жылы Қазақстандағы діни бірлестіктердің жалпы саны 516. Соның 222-сі таза немістерден ғана құралған болса, оның 64-і евангелиялық христиан-бабтистері (5 мың адамнан тұрған), 109-ы лютерандық (7.8 мың адамнан тұрған), 14-і меннониттер (2 мың адамнан тұрған), 14-і пятидесятник (0.9 мың адамнан тұрған) болған [35, 203 б.].

КСРО кезінде Қазақстандағы немістердің діни ахуалы жіті қадағаланып отырды, олар діншіл ұлт ретінде қауіпті болып саналды. 70 жылдары немістер арасындағы діндерді біріктіретін бірлестік ашу ойластырылды. Басшылық неміс арасындағы діни ағымдардың әртектілігін тіпіті олардың құлшылық ету салттарының әртүрлілігін ескермеді. Түсініксіз себептермен ондай бірлестік құрылмады. Кеңестік тәртіп Қазақстандық немістердің діни қауымдарын үнемі тіркеуге алып, оларды қадағалап, сандық және сапалық көрсеткішіне баға беріп отырған.

Кеңестік кезеңде Қазақстандық лютерандар Қазақстан аумағында өздерінің діни басқармасын құру ұсыныстары қанағаттандырылмады.

Қазақстан тәуелсіздігін алғанға дейін, неміс ұлты еркін түрде діни-салт жоралғыларын іске асыра алмады десе де болады.

Кесте 34 – Қазақстандағы тіркелген лютеран қауымының сандық динамикасы [163, 55 б.].

Жылдар	1966	1968	1970	1972	1974	1976	1978	1980	1982	1986
Қауым саны	1	2	2	2	2	6	9	26	57	101
Сенушілер	0.48	2.1	2.2	2.5	2.55	3.94	4.76	6.32	-	-
Шоқындыру	-	7	3	1	6	-	39	-	-	-
Конфир-мациялар	63	-	53	53	588	110	218	-	-	-

Шығыс Қазақстанда европалық ұлт өкілдері аз тұрған жоқ. Бірақ лютерандықты ұстанатындардың түгелі дерлік немістер болды. Басқа европалық ұлттар котолик болып табылды. 1989 жылдан кейін Қазақстандағы лютерандық шіркеулер күрт азайды. 1989 жылы 171, 1993 жылы 157, 1995 жылы 117, 1998 жылы небары 110 шіркеу қалады. 1993 жылғы есеп бойынша, Шығыс Қазақстан облысында 10 лютерандық қауым, Семей облысында 17 лютерандық қауым тіркелген [163, 56 б.]. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары лютерандық шіркеулер мен қауымдардың күрт төмендеуі, Қазақстандық немістердің тарихи Отандарына көшуімен байланысты болды. Қазір лютерандық Қазақстанда үш бағытта жүргізілуде олар, Евангелия шіркеуі, Лютеран бауырластығы (Братские лютеране), Синода Миссури ізбасарлары [36, 118 б.].

Неміс ұлтының арасында меннониттік діни ағым екінші орынды иеленеді. Лютерандық ағымнан кейінгі немістер арасында таралған меннониттік ағым Кеңестік кезеңде неміс қоныстарында дами түсті. Кеңестік кезеңде аға буындары діндерін ұмытпаған. Олар діни салттарын жасырын орындап жүрген еді.

Кесте 35 – Қазақстандағы тіркелген меннониттік ағымы қауымының сандық динамикасы [163, 57 б.].

Жылдар	1968	1970	1972	1974	1976	1978	1980	1982	1986	1988
Қауым саны	1	1	1	2	3	5	6	8	11	11
Сенушілер (мың)	0.7	0.7	0.87	0.91	1.39	1.52	1.64	2.8	2.4	2.2
Шоқындыру	38	36	20	48	51	104	-	-	-	-

Қазақстандық меннонитер бастапқыда этноконфессиялық түрғыда қарастырылды, яғни меннониттер неміс ұлтынан құралатын еді. Ал кейіннен олардың ұлттық құрамы өзгеріп, еуропа халықтарының басқа өкілдері де ене бастады. Меннониттер осылайша өзге ұлттарды да өздеріне тартып, конфессиноналдық діни ағымға айналады.

Қазақстанда барлық ұлт өкілдеріне дәстүрлі өз діндерін еркін ұстануға және салт жоралғыларын орындауға еркіндік берілген. Қазақстан территориясында католиктік көптеген шіркеулер ашылды. 2000 жылы елімізде 66 католиктік діни бірлестік заңды түрде қызмет еткен. Қазақстанда католик дінін ұстанатындардың 70% немістер болса, 18% поляктар құрайды [164, 101 б.].

Қазақстандағы немістердің діни ахуалына байланысты жекелеген зерттеушілер және «Возрождение» Қазақтан немістері қоғамдық бірлестіктері ассоциациясы 2000 жылдары сауалнамалар жүргізіп отырған. Сауалнама нәтижелері бойынша, Қазақстан немістері арасында кейінгі кездері діни ахуал өзгерген. Мысалы, 2000 жылы жүргізілген сауалнама қорытындысы бойынша, 3.1 % атеист, 11.5 % діни мәселелерге селсоқ қарайтындықтарын білдірсе, 58.9% дінге көзқарастарын жақсы деп білдірген, ал қалған бөлігі бұл мәселеге жауап беруге қиналатындықтарын көрсеткен. 2001 жылы болған сауалнамада жағдай сәл өзгергендігін байқаймыз, сауалнамаға қатынасушы немістердің 80.8% дінге деген көзқарастарының жақсы екендігін білдірсе, діни мәселелерге селсоқ қарайтындықтар көрсеткіші 5.8 % төмендеген. Немістер арасында өздерін діншіл ретінде санайтындар жоқ [37, 59 б.]. Әртүрлі дін өкілдерінен құралған қоғамда түру сіз үшін қаншалықты қолайлы деген сауалға 1998 жылы 50% астамы оң қабақ танытса, 2000 жылы 60% астам неміс өздерін Қазақстан қоғамында еркін өмір сүретіндіктерін білдірген. Шіркеуге баратындар 1998 жылы 17.1 % болса, 2002 жылы 31.8% ұлғайған, олардың арасында кейінгі жылдары мешітке барушылар 4.5 % өскен [165, 279 б.]. Көрсеткіштерге назар аударсақ, немістер арасында жыл

өткен сайын дінге деген қызығушылық артып келеді. Олардың арасында ислам дінін қабылдап жатқандары да кездеседі.

Дінге деген бетбұрыс Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан бері жалпы тұрғындар арасында белең алған жағдай және Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ұлтаралық келісімді арттыру саясатының жемісі деп айтуға толық негіз бар.

Неміс диаспорасы Қазақстанның білімі мен ғылымынң дамуына өзіндік үлес қосуда. Қазақстанда тұратын ғылыммен шұғылданатын неміс ұлт өкілдері 1996 жылы алыс және жақын шетелдердің ғылыми институттарымен байланыстарын нығайту мақсатында ғылыми қоғамдық бірлестік құрады. Бірлестік 4 секциядан, гуманитарлық, жаратылыстану және техникалық, аграрлық, медициналық ғылымдар бөлімшелерінен тұрды. Қоғамдық бірлестіктің негізгі бағытының бірі Германиядағы ғылыми орталықтармен ақпарат, жаңа ғылыми жаңалықтармен алмасып отыру. Бірлестікте Қазақстанға белгілі немістер арасынан шыққан көпетеген ғалымдар мүше болды. Шығыс Қазақстаннан гуманитарлық ғылымдар бойынша, белгілі ғалым, лингвист, филология ғылымдарының кандидаты В.Э.Фрелих және А.Г.Штихлиг пен Семейден М.А.Визе медицина ғылымдар секциясына мүше болды [32, 148 б.].

Бірлестік ғалымдары Германия институттарымен біріге отырып, көптеген жобаларды жүзеге асырған. Бірлестік екі жылда бір рет ғылыми конференциялар өткізіп отырады. Ғылыми-тәжірибелік конференция Қазақстан ғылымының дамуына, Қазақстандағы неміс диаспорасының тілі мен мәдениетінің сақталуына зор үлес қосуда.

Ұлттардың өз халқына, оның мәдениетіне деген сүйіспеншілігі, әдет-ғұрыптарын терең зерттеп, насихаттау, жетілдіру, сөйтіп болашақ ұрпақтарына мұра етіп қалдыруға деген құлшынысы, ұлттық-мәдени орталықтар қызметінің жетіле түсуінің негізі болып отыр.

Шығыс Қазақстанның неміс диаспорасы соңғы санақ нәтижелері бойынша, 32141 адам, соның ішінде, Семей аймағы бойынша, 17231 адам болды. Семейдегі неміс орталығының негізгі мақсаты – Ресей немістерін халық ретінде толық ақтауға, тілін, мәдениетін, дәстүрлерін, дінін жаңғыртуға мұқтаж адамдарды әлеуметтік қорғауға, соның ішінде, еңбек армиясына қатысқандарды әлеуметтік қорғауға ұмтылу.

Қазіргі таңда облыстық құрылымдар құрамына кіретін Қазақстан немістері қауымдастығы – ең ұйымдастырылған, тұрақты және

нақтылы құрылым екендігін жалпы жұртшылық мойындаған және де бұл Герман Федеративті Республикасы мен біздің республикамыз арасындағы көпір тәрізді екендігі екі елдің мәдениетінің, бауырластық қатынастарының дамуына, әріптестігіне өз үлесін қосып отырғандығы белгілі.

Қоғамдық-саяси салада біршама табыстарға қол жетті. Барлық қоғамдар мен мәдени орталықтар әділет органдарында тіркелді, ал ІІМ, әлеуметтік қорғау және прокуратура органдарының көмегімен қуғын-сүргінге ұшыраған аға ұрпақ өкілдері толық ақталды.

Соңғы жылдары Семейдегі неміс орталығының жұмысы бірнеше бағыттар бойынша жүргізілді. Негізгі атқарылатын істер мәдениет пен білім саласында. Германияның қаржыландыруымен неміс тілі курстары ұйымдастырылды. Оқулықтар, сөздіктер, әңгіме құралдары, көрнекі құралдар және ұйымдастыру техникасы да осы кезден алынды.

Бағдарлама 160 сағатқа есептелген, тыңдаушылар үшін тегін. Курсты жаңадан бастаушылар үшін 52 сағат. Аталған курстардан білім алып шыққан азаматтардың дені төмендегідей

1997 жылы	- 18 топ	- 350 адам
1998 жылы	- 29 топ	- 600 адам
1999 жылы	-34 топ	- 680 адам
2000 жылы	- 44 топ	- 900 адам

Балалар үшін жексенбілік мектеп жұмыс істейді, мұнда балалар 6 жастан бастап тіл үйренуге, бейнелеу өнеріне, хореографияны оқуға мүмкіндік алады.

Егде адамдар үшін қызығушылықтар бойынша, оқуға мүмкіндіктер жасалған, әйелдер және жастар клубтары жұмыс істейді. Ассамблея үйінде бұған мүмкіндік толықтай жасалған.

«Қайта өрлеу» қоғамы жанынан «Айнхайт-Бірлік» фольклорлық ансамблі құрылып, табысты түрде еңбек етіп келеді. Э.Б.Дорофеева басқаратын бұл ұжым халықтық ансамбль атағын алған және жылда бұл атағын растайды. Бұл ансамбль Алматы қаласында Неміс үйі ашылған кезде Германия және Қазақстан өкіметтерінің өкілдері, республиканың көрнекті адамдары қатысқан осы іс-шарада мәдени бағдарламаны республика бойынша, жалғыз қамтамасыз еткен. Сондай-ақ олар еңбек армиясы жауынгерлерінің ІІ съезінің мәдени бағдарламасына қатысты. Ол республикадағы бүкіл фестивальдардың қатысушысы және лауреаты болып табылады. Германияның қаржылық қолдауымен бұл ансамбль Алтайда, Бішкекте, Шымкентте,

Жамбылда, Алматыда, облыс аудандарында болды. Ресейдің «Россия» концерт студиясындағы гала концертке қатысты. Гастрольдік топта 25 адам бар. Жыл сайын көрмелер, фестивальдар, конкурстер өткізіліп отырады. Балалардың бірнеше тобы Германияға оқуға және демалысқа барып қайтты.

Жексенбілік мектептерден басқа «Комплекс» профилактори-санаториде 2000 жылы балалардың тіл лагерлері ашылды. Қайта өрлеу қоғамы мен оның фольклорлық тобы және бишілер ұжымы қала мен облыста өткізілетін бүкіл іс-шараларға қатысады. Шыршалар мен балалар ертеңгіліктері, жаңа жылды қарсы алу шаралары, дискотекалар өткізіледі. Адамдар Рождество, пасха, Егде адамдар күні және басқа мерекелерді оң қабылдайды. Демеушілер көмегімен және өзге де көздерден 290-300 адамға дейін сыйлықтар, жәдігерлер, жүлделер әзірленіп шәй және концерттік бағдарлама ұйымдастырылады.

1997 жылы «Видербурт» Қазақстан немістері қоғамдық білестіктерінің ассоциациясы еңбекармияда болған немістердің басын қосып, конгресс өткізді. Конгрессте қарттар көптеген мәселелерді көтерді. Конгресске Семейден Герстнер Альфонс Иванович қатынасып, қарттардың әлеуметтік жағдайының жоқтығын, облыстағы мұрағаттардан өздерінің репрессияға ұшырағандықтары жөніндегі анықтаманы уақтылы ала алмайтындықтарын, мемлекет тарапынан жеңілдіктердің жылдан жылға азайып бара жатқандығын айтып, өкіметке хат жазуды ұсынады. Конгрессте Өскеменнен трудармейцтер қорының төрағасы Штихлинг Артур Густавович Қазақстанда 3 мыңға жуық қана неміс еңбек майдангерлері бар екендігін айта келе, Қазақстанда орын алған әлеуметтік жағдайдың нашарлығына тоқталады. Конгресске жиналған қарттар қауымы Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назрбаевқа хат жолдайды. Хатта ауыр жылдарда немістерді сол кезде болып жатқан соғыс пен оларға деген көзқарастың қатал заманында қазақ халқының оларды жатсынбай, қол ұштарын беріп, көмек көрсеткендеріне рахмет айтады және Президентіміздің ұлттардың мәдени дамуына жасап жатқан еңбектеріне ризашылықтарын білдіре келе, қарттарға жеңілдіктер берілуін сұрайды [166, 123-124 бб.].

«Возрождение» қоғамының қызметінің басты бағыттары:

1. Неміс ана-тілін қайтадан жандандыру, өз бетімен, мектептерде, ересектерге арналған курстарда үйрену, неміс тіліндегі газет, журналдарды оқу, неміс тілінде хаттар жазу, кездесулер өткізу.

2. Немістің ұлттық мәдениетін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін қайта өркендету.

3. Радио және теледидардан неміс тілінде әртүрлі бағдарламалар беру.

4. Неміс тілінде кинофильмдерге заказ беріп, оларды мектептерде өткізілетін сабақтарға және демалыс күні жұмыс істейтін ересектерге арналған мектептерде неміс тілін үйрету кезінде пайдалану.

5. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы дәрістік насихат жүргізу, достық кештерін өткізу, Ресей мен Қазақстанда тұратын немістер туралы кітапшалар шығару және тарату. «Возрождение» қоғамы қызметі неміс халқы үшін тиімді екенін өмір көрсетіп отыр.

Бірлестік жанында «Айнхайт» ансамблі жұмыс істейді, бұл ансамбль «Халықтық ансамбль» атағын иеленген. Бұл ансамбль неміс, қазақ, поляк, орыс, венгер, украин тілдерінде өнер көрсетіп, республикаға кең танымал болып отыр. Ансамбль ұжымы барлық қалалық іс-шараларға белсене ат салысып, неміс ән фестивальдеріне қатысып отырады. Ансамбльге жастар кеңінен тартылады. Немістер бірлестігі жастар тәрбиесіне, оларды мәдениетке тартуға зор назар аударады.

Көші-қон проблемалары және тарихи Отанына қоныс аударған туыстармен байланысты үзбей жалғастыру жөнінен жұмыс жүргізіліп, мұнда орталық байланыстырушы буын міндетін атқарады. Басшысы А.Р.Визе Қазақстан халықтары Ассамблеясының мүшесі, өз жұмысын қалалық қоғамдық келісім және тіл саясаты бөлімімен тығыз ынтымақтастықта жоспармен жүргізіп отырады.

Мәселен, Өскемен қаласындағы «Возраждение» неміс ұлттық орталығы немістердің рухани және мәдени қарым-қатынас жасайтын ең қасиетті орындарының біріне айналған. Мұнда қызықты кездесулер, түрлі тақырыптағы мәжілістер, ұлттық мерекелер, балаларға арналған ертеңгіліктер және ересектерге арналған демалыс кештері өткізіліп тұрады. Орталықта неміс тіліндегі әдебиеттер жинақталған кітапхана, «Айнхайт» фольклорлық тобы жұмыс істейді. Орталық Германиямен тығыз байланыс жасап тұрады, тәжрибе жинақтау мақсатында өз мамандарын Германияға жіберіп отырады. Сондай-ақ Германия туралы аудио және видеоматериялдар, неміс әндерінің жазба таспалары, неміс тілі курстарына арналған арнайы оқулықтар алынып тұрады. Орталық неміс тіліндегі түрлі газеттер мен журналдар жаздырып алады.

Неміс халқында X ғасырдан бері мереке ретінде атап өтіліп келе жатқан «Қасиетті Лаврентий» күнін қаладағы неміс жастары осы орталық арқылы білді. Өскемен қаласында да неміс орталығы өз қызметін атқаруда. «Виденбург» неміс мәдени орталығы негізінен, мәдени істерге көңіл бөледі.Ұлттық сананы оятуды жандандырудың басталуы 1989-1990 жылдарға жатады. Барлық жерде энтузиастардың күшімен «Қайта жаңғырту» қоғамы және немістердің ұлттық-мәдени орталықтары құрыла бастады.

1990 жылы 25 қазанда Шығыс Қазақстан немістерінің ұлттық-мәдениет орталығы («Қайта жаңғырту») құрылды. Орталықтың негізгі міндеттері мен мақсаты неміс тілін мәдениетін, дәстүрлерін, шығыс менталитетін қайта жаңғырту және сақтау болып табылады. Осы міндеттерді орындау үшін Шығыс Қазақстан немістерінің ұлттық-мәдени орталығы ересектер мен балалар үшін неміс тілінің курстарын, кешкі жексенбілік мектептер, балалар мен жастардың «Көгілдір бұғаз» демалыс аймағында тіл лагерін ұйымдастыруда. Сондай-ақ неміс мәдениетінің күндері, Қазақстан немістерін этникалық қайта жаңғырту бағдарламасы шеңберінде басқа да мәдени-бұқаралық шаралар жүзеге асырылады.

Өзі өмір сүрген он жылдан аса уақыт ішінде Шығыс Қазақстан немістерінің мәдени орталығы, аймақ немістерінің шын мәніндегі мәдени және әлеуметтік-гуманитарлық өмірінің орталығы болып алды.

2000 жылы 24 мың Қазақстандық немістер әр аймақтарда ашылған 1188 тілдік курстарда дәріс алған. Тілдік курстарға Германия өте көңіл бөлуде себебі, келушілерден тілдік емтихан талап етіледі. 1999 жылы біліктілік сапалық тілдік емтиханнан өтініш берушілердің 19,9% ғана емтиханан өткен [167, 168-174 бб.]. 2001 жылдан бастап қарапайым тілдік емтихан тапсырылуда. Жылдан жылға неміс тілін тапсыруға өтініш бергендердің тілдік білімдері төмендеп бара жатыр. Өйткені тілді сақтаушы әрі насихаттайтын үлкендердің саны азайып барады және де немістер қоныстанған поселкелер жойылып, қалған немістер арасындағы тілдік қатынас тек орыс тілінде жүруде. Кейінгі жылдары мектептерде ағылшын тілін оқытудың белең алуы, неміс балаларының мектеп қабырғасында ана тілдерін үйрену мүмкіндігін азайтуда.

Шығыс Қазақстан неміс мәдениет орталығының жанында 1990 жылдан бастап «Майские ландыши» неміс фольклорлық ансамблі ұйымдастырылып, жұмыс істейді. Ансамбль республикалық және

облыстық фестивальдарға, неміс мәдениет күндеріне мемлекеттік, қалалық, бұқаралық шаралараға тұрақты қатысады. Орталықтың жанында 1990 жылдан бастап кітапхана жұмыс істейді, оның кітап қоры тұрақты толықтырылуда. Орталықта дәстүрлі халықтық және діни мерекелер өткізіліп тұрады. Діни шараларды өткізу кезінде Орталық лютерандық және католиктік шіркеулермен ынтымақтаса қимылдайды.

Орталықта 2000 жылдан бастап компьютер сыныбы жұмыс істейді, мұнда жастардың компьютермен жұмыс істеуді үйренуге мүмкіндіктері бар.

Облыстық неміс мәдениет орталығында әлеуметтік-гуманитарлық жұмыс ерекше орын алады. Германия жағынан көрсетіліп отырған баға жетпес көмектің арқасында орталық арқылы аз қамтамасыз етілетіндерге, ардагерлерге, мүгедектерге тегін медициналық көмек көрсетіледі, неміс Қызыл Кресінің азық-түлігі, материалдық көмегі, көзілдіріктер, арбашалар және басқалары тегін беріледі. Диалектілер екі топқа: жоғарғы неміс және төменгі неміс топтарына бөлінеді. Дінге сенуші немістер екі діни сенімді ұстанады: католиктік және лютерандық.

2000 жылдан бастап неміс тілі курстарының тыңдаушыларына және орталыққа келушілерге көмектесетін теледидар іске қосылған. Республикада, Шығыс Қазақстан аймағында құрылған қолайлы жағдайлар неміс тілін дамытуға және қайта тудыруға, неміс мерекелері мен әдет-әурыптарын сақтауға, ана тілінде газеттер шығаруға, теледидар бағдарламаларын көруге, радио хабарларын тыңдауға мүмкіндік беруде, ұлттық мақтаныш сезімін туғызуға неміс диаспорасын сақтауға ықпал етуде.

Бүгінгі күні Шығыс Қазақстанға бауыр басқан немістер еркін, тең құқылы Қазақстан азаматтары ретінде саяси, мәдени дамуына барлық мүмкіндіктер мен жағдайлар жасалған. Егер Қазақстан бүкіл Қазақстанда 470 тен астам республикалық, аймақтық ұлттық мәдени орталықтар болса, соның 10 пайызға жуығы неміс ұлттық-этникалық тобының еншісінде деген сөз. Бұл көрсеткіш немістерді тарихта тиянақты халық десе, ұлттық диаспора ретінде дамуына да тиянақты көңіл бөлетіндігін көрсетіп отыр. Қазақстан бойынша, немістердің 49 этноқұрылымдары мен мәдени орталықтары жұмыс істейді. Ұлттық мектептері мен жексенбілік мектептері ұлттық тілін сақтау мен дамытуға ат салысуда. Неміс тілінде апталық телебағдарламар бар.

Қазақстан бойынша, жұмыс істейтін 6 ұлттық театрдың бірі неміс ұлттық театры болып есептеледі [43, 298 б.].

Германия мен Қазақстан арасындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастықтың негізі 1992 жылғы қыркүйекте ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ГФР-ға алғашқы сапары барысында біріккен мәлімдемеге қол қойылды. Бұдан кейін де Н.Ә.Назарбаев Герман Федеративті Республикасына төрт мәрте іс-сапармен барды. Әр сапар барысында ел Президенті екі ел арасындағы байланыстарды жаңа сатыларға көтеріп отырды [168, 304 б.].

Поляктар өз мәдениеттері мен тілдерінің дамуына Кеңестер дәуірінен ұмтылып келді. 1975 жылы Қазақстандық поляктар жоғарыға поляк сыныптарын ашуға ұсыныс жасайды, бірақ ол арман 11 жылдан кейін 1988 жылы ғана іске асады. Ең алғашқы поляк мектебі Көкшетау облысындағы Озерный селосында ашылады [169].

Қазақстанда поляк тілі мұғалімдерін даярлайтын алғашқы мамандық Көкшетау мемлекеттік педагогикалық интитутында ашылды. Бұл бөлімнің аталған аймақта ашылуы заңдылық. Себебі, поляктардың көп шоғыры осы жерде. Көкшетау désинституты поляк тіліндегі әдебиеттерді жинақтап, кішігірім кітапхана жабдықтады [170].

Алматыдағы Польша елшілігі қалалық білім басқармасымен келісе отырып, №5 лингвистикалық гимназияда поляк тілін оқытуда. Польяк тілін Польшадан келген оқытушылар үйретеді. Сонымен қатар Қазақстан ЖОО оқитын поляк студенттерге тарихи Отандары айына 45 доллардан шәкіртақы төлеуде [171].

Қазақстан поляктарының съезі өткізіліп тұрады. Съезде Қазақстандағы поляктардың мәдениеті мен дәстүрін жалғастыру мәселелері үнемі қозғалып отырады. 1996 жылы Қарағандыда поляк ұлтының репрессияға ұшырағанына 60 жыл толуына орай, съезд өткізілді. Оған Қазақстандағы Польша мемлекетінің төтенше және өкілетті елшісі келіп қатынасты. Бұл съезд жалпы Қазақстандық поляктар үшін үлкен дем болды. Қазақстан поляктары бас қосып алдағы даму жоспарларын құрды [172].

Польша мемлекеті өз қандастарын ұмытпай, олармен байланыстарын жылдан-жылға арттыруда. Жыл сайын Қазақстандағы поляк қарттарының тарихи Отандарына барып, сағыныштарын басуларына жағдай жасалған. Оларды Польшаның қасиетті жерлеріне апарып, Отандарымен қайта жүздесуге Польша тарапы «Польска акция гуманитарна» қоғамдық бірлестігі арқылы қаражат бөліп

отырады. Жыл сайын осындай саяхат 75 адамға беріліп отырады. Польша тарапы жеткіншек ұрпақтың Польшадан, діни-наным сенімінен айырылып қалмау мақсатында ересектер оралысымен, кішкентай польяк балалары рождество қарсаңында Польшаны көруге сапарлар ұйымдастырады. 2000 жылы Польша Қазақстан, Сібір және Орталық Азиядағы поляктарды репатриациялау заңын қабылдады. Ол заң 2001 жылдың 1 сәуірінен бастап, өз күшіне енген болатын. Бірақ Қазақстандық поляктар екінші Отандарынан айырылып 65 жыл тұрған, Отандарынан да ыстық болып кеткен өлкеден кетуді жөн көріп отырған жоқ [169].

Шығыс Қазақстанда тек неміс мәдени орталығы ғана емес, барлық ұлт өкілдерінің мәдени орталықтары жақсы жұмыс атқаруда. Солардың бірі – поляк диаспорасының қуанышына айналған поляк мәдени орталығы. Бұл орталық бүгінгі күні аз ұлттардың бірі болып табылатын поляктар үшін қасиетті орынға айналып отыр.

Поляк мәдени орталығы Межинский Михаил Львовичтің бастамасымен құрылады. Өскеменде поляк мәдениет орталығы 2002 жылы тамызда ашылды. 2002 жылдың 24 тамызында поляк диаспорасының құрылтай конференциясы болды, оған Польшаның Қазақстан Республикасындағы консулы Дариуш Зеленда және Қазақстан поляктары одағының төрағасы Ян Бернардович Зинкевич шақырылды. Конференцияга 70 поляк және поляк тегінің адамдары қатысты.

Мәдениет орталығын құру мақсаты поляктардың өз тілін, ұмытылған мәдениетін, халықтық дәстүрлерді, тарихты қайта тудыруға ұмтылуы, тарихи Отанымен мәдени және экономикалық байланыстарды жолға қою болып табылады.

Поляк мәдениетін қайта жаңғыртудың белгіленген жоспарына сәйкес поляк ақыны Адам Мицкевичтің шығармаларына арналған шығармашылық кеш өткізілді. 2005 жылы қараша айында Достық үйінде үлкен мереке – Польша тәуелсіздігінің күні өткізілді, онда көркемөнерпаздардың күшімен концерт қойылды, дәстүрлі поляк аспазының мерекелік дастарханы ұйымдастырылды.

Ұлттық сана-сезімді, тілді, мәдениетті, салт-дәстүрлерді қалайша сақтауға немесе қалпына келтіруге болады? Мүмкін оның көптеген әдістері бар шығар, солардың бірі – тілді үйреніп, зерттеуді бастау. 2002 жылғы қыркүйекте халықтардың Достық үйінде, ұлттық тілдер мен мәдениетті қайта жаңғырту мектебінің бағдарламасы шеңберінде поляк тілін оқыту сыныбы ашылған. Поляк тілін Левина Татьяна

Викторовна жүргізген. Құрылған күннен бастап мәдени орталық талай істерге бастама болды.

Жалпы поляк ұлт өкілдері Өскемен қаласының ғылым мен білімін көтеруге ат салысты. Петельский Владимир Янович Өскемен қаласының ең бір беделді ұстаздарының бірі болып өтті. Ол кісі аудан, облыс көлемінде үлкен жетістіктерге жеткен ұстаз болып табылады. Петельский Владимир Яновичтің немересі Ольга Николаевна поляк мәдени орталығының төрағасының орынбасары. Ольга Николаевнамен сұхбаттасқанымызда ол өз ұлтының мәдениетін жаңғыртуда барлық қиыншылықтарға қарамастан тер төгетінін білдірді. Бастапқыда ұйымның құрылуы өте қиын болғандығын тілге тиек етті. Поляк диаспорасының басын қосу оңай жұмыс болмапты. Поляктардың басын жинау үшін телеарналардан хабарлама жіберу арқылы топтасып, осы орталықты құру жайында қаулы қабылдағандығын әңгімелеп берді.

Бүгінгі күні орталықта поляк тілін тегін оқытатын оқытушы қызмет атқаруда. Сонымен қатар ұлттық салт-дәстүрлерін жаңғыртуға бағытталған үйірмелер де ашылған. Өткен жылы Қазақстандағы Польша елшілігі жақсы жұмыс атқарғандары үшін, Қазақстандағы поляк диаспораларының мәдени дамуына үлес қосқандары үшін Шығыс Қазақстан поляк мәдени орталығына өз алғыс хатын жолдаған. Бұған қоса Польшадан келіп оқитын поляк азаматтарымен де байланыс жасап тұратындықтарын жеткізді.

Бүгінгі күні Қазақстанда поляктардың 16 этноқұрылымдық ұйымдары, кіші ассамблеялар, мәдени орталықтары мен жексенбілік мектептері жұмыс істейді [43, 301 б.]. Поляк орталықтары Польша мемлекетінің елшілігімен еш кедергісіз қарым-қатынас жасап отыр. Тарихи Отандарымен тығыз мәдени-рухани байланыста. Мәдени саладағы поляк ұлттық этникалық тобының үлкен жетістігі поляктар шоғырланған аймақта ұлттық тілінде бағдарлама көрсетіп, радиодан хабарлар таратады. Солтүстік Қазақстаннан таралатын «Поляк үні» газеті Қазақстанның барлық аймақтарындағы мәдени орталықтарға тарайды.

Қазақстан поляктары Одағының төрағасы Ян Зинкевич үнемі поляктардың қазақ тілін үйренуге атсалысатындығын, олардың ел мәдениетінің дамуына үлкен үлес қосатындығын әр баяндамаларында айтып, ел достастығын насихаттап жүреді [173].

Польша тарапынан Қазақстандағы поляктарға көңіл бөлінген. 2006 жылдың тамыз айында Польша Республикасының ішкі істер

министрлігінің азаматтық және репатриация департаментінің бастығы Томаш Яник және «Жалпы Польша» қоғамының төрағасы Юзеф Врубель Қазақстанға іс-сапармен болып, поляктар көп шоғырланған аймақтарды аралап қайтты [174].

Поляктар үнемі елбасының саясатын қолдап, елімізде жүргізіліп жатқан саясатқа қолдау көрсетіп отырады. Поляктардың бірнеше буыны қазақ жерін мекендеп келеді. Польша мен Қазақстан арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас дұрыс жолға қойылған. Екі ел арасындағы экономикалық саяси байланыстар өз алдына, мәдени байланыстары екі елді де Отаным деп танитын поляктар үшін рухани дем. Қазіргі таңда неміс және поляк ұлттары өз мәдениетін жаңғыртуға немесе оны өз жеткіншек ұрпақтарына қалдыруға, үйретуге ешқандай кедергілерге ұрынып отырған жоқ.

Қазақстан Республикасындағы ұлт саясатының бағдарламасы саяси тұрақтылықтың кепілі болып қала бермек. Күллі қазақстандықтардың теңдігін қамтамасыз ету үшін әділеттік принципі мен ұлтаралық татулық санасын қалыптастыру маңызды. Осыған орай, еліміздегі барлық ұлттар, ұлттық және этностық топтардың тілі мен салт-дәстүр, мәдениетінің жан-жақты дамуын қамтамасыз ету қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ

Шығыс Қазақстанның орналасуы, геосаяси жағынан Қазақстанның басқа аймақтарынан ерекшеленіп тұратындығы белгілі. Осыған орай, Шығыс Қазақстанның этникалық құрамы да басқа облыстан қарағанда әр алуан. Тағдыр айдауымен, өмірдің заңдылықтарымен осы аймаққа табан тіреген екі ұлт өкілдерінің тағдыры біздің елдің тарихымен біте қайнасып жатыр.

Шығыс Қазақстан аумағына қоныстанған еуропалық екі ұлт диаспорасының бір ғасырдың ішіндегі жүрген қалыптасуы мен даму тарихына зер салуға тырыстық. Берілген тарихи мәліметтер барынша толық деп айудан аулақпыз, бірақ, қалай дегенмен де, екі ұлттың тарихын танып білуге біршама қадамдар жасалынды деуге болады.

Ең бастысы, біз Шығыс Қазақстан аумағына неміс және поляк ұлтының қоныстану үрдісіне шолу жасадық. Екі ұлттың Шығыс Қазақстан территориясына қарқынды қоныстануы және әртүрлі саяси жағдайлардан туындаған өзгерістердің олардың тағдырына әсері, аса күрделі XX ғасырмен байланысты болғанын көреміз.

Жалпы алғанда неміс пен поляк диаспораларының біздің аймақта қалыптасуында өзіндік ерекшеліктері мол. Салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, немістердің қоныстануы поляктарға қарағанда басқаша жүрген. Неміс ұлтының қоныстануының алғашқы кезеңі ерікті түрде жүргендігі тарихи шындық. Ол, Ресейдің өзіне қосып отырған жаңа территорияларды жаңа тұрғындармен тез қоныстандыру саясатынан туған. Жаңа жерлерге қоныстандыру барысында, белгілі бір жеңілдіктер де жасалды. Патша үкіметі Сібірді игерту мақсатында, егіншілікті дамытуды көздей отырып, неміс ұлтын Батыс Сібірге және онымен көршілес Қазақстанға қоныстандырды. Неміс ұлты өкілдерінің Шығыс Қазақстан территориясына алғаш келуі де осымен тікелей байланысты.

Ал, поляк ұлты өкілдерінің қазақ даласына келуі, сонау XIX ғасырдың 30-60 жылдарында Польшада жүрген ұлт-азаттық көтерілістермен және патша өкіметінің оларды жазалау саясатымен тікелей байланысты.

XX ғасырдағы неміс және поляк диаспораларының қалыптасуының тарихын зерттеуде XIX ғасырдың аяғындағы

жағдайларға мән бермей кете алмаймыз. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Қазақстанда неміс және поляк диаспораларының іргесі қаланды. Сондықтан да, көрсетіліп отырған хронологиялық кезеңді Шығыс Қазақстандағы неміс және поляк диаспораларының аумақтағы қалыптасуының басы деп қарастырылуы керек.

Қонысаударылған поляктар алғашында Орынбор және Сібір желісі бойындағы елді мекендерге қоныстандырылса, кейіннен олар Қазақстанның барлық аймақтырына таратылып, орналастырылды. Бұлардың ішінде саясатқа, қоғамдық өмірдің басқа да жақтарына мән бермей өз тіршіліктерімен айналысқандарымен бірге, жергілікті халықтың өміріне, мәдениетіне, рухани дүниесіне, аумақтың табиғатына мән беріп, зерттеген алдыңғы қатарлы азаматтар да аз болған жоқ. Сонымен бірге, жер аударылған поляктар Қазақстанның геологиясын, географиясын, ботаникасын, зоологиясын және жергілікті қазақ халқының энографиясын, тарихын, өнерін және музкасын да зерттеген.

XX ғасырдың басында Шығыс Қазақстан аумағына қызмет бабымен келіп, жергілікті халықпен етене жақындасып, олардың бүкіл болмысын зерттеуге тырысқан, өсіп келе жатқан, қазақ халқы зиялыларының көзқарастарының қалыптасуына және Еуропа мәдениетінің еліміздің шығысындағы жергілікті мәдениетпен араласуына өз әсерін тигізген тұлғалардың болғанын айтпай кету мүмкін емес.

Поляктар XX ғасырға аяқ басқан Қазақстанның ғылымын дамытуға белгілі дәрежеде үлестерін қоса білді. Олар XIX ғасырдағы қазақ даласының этнографиялық келбеті жайлы мәліметтер жинақтаған бірден бір ұлт.

XX ғасырдың басында, аймақтағы неміс қоныстары әлеуметтік тұрғыдан алғанда даму үстінде болды. Оларға тән бір ерекшелік, өзара байланысқа түсіп, ұлттық дәстүрлерін сақтай отырып, бейбіт жағдайда шаруашылықтарын жүргізу еді. Ал, XX ғасырдың 20-жылдарынан бастап жағдай күрт өзгерді. Кеңес өкіметі бейбіт неміс тұрғындарының дәстүрлі өміріне тікелей араласа бастады, нәтижесінде тұрақты дамудың шырқы бұзылды. Неміс колонистерінің дәстүрлі шаруашылығы 30-жылдары, ұжымдастыру

кезеңінде дағдарысқа ұшырады. Өзге ұлттар бастарынан кешірген зобаланды олар да бастарынан кешірді.

Олар да осы кезеңде, қазақтар сияқты дәстүрлі мәдениетінен, тілінен айрылды. Бірақ, жүргізілген эксперименттер немістердің аңызға айналған тазалығы мен бұйынтақтығын жойып жібере алмады.

Бұл ұлт өкілдерінің тағдырының ұқсастығы Европадағы саясаттың өзгеріп тұруына тікелей байланысты болды. Одан халық, яғни ұлт өкілдері зардап шекті. Солардың арасында неміс пен поляктарды атауға болады. 1936 жылдан басталған державалар арасындағы текетірестің нәтижесінде, Шығыс Қазақстанға неміс пен поляк ұлттарының өкілдерінің қоныстану тарихының бір-бірінен айрмашылығы көп болған жоқ.

Қазақстандағы ірі социалистік құрылыс жұмыстарын іске асыру үшін, қажет мамандар, жұмысшы күші Ресейден, Белоруссиядан, Украинадан, Балтық мемлекеттерінен қонысаударылғандар есебінен толықтырылып отырды. Оның есесіне жергілікті халықты жұмысқа тартуға жеткілікті деңгейде көңіл бөлінбеді. Бұл Одақтас республикалар халқының Қазақстанға көмегі ретінде көрсетілді және солай бағаланды. КСРО көлеміндегі халықтардың көші-қон үрдісі, жалпы және жеке түрде алғанда, түрлі ұлттар мен ұлыстар өкілдерін бір-бірімен мидай араластырып жіберді. Бұл Кеңес билігінің тілдерді, ұлттық айырмашылықтарды түбінде жойып, біртұтас кеңес халқын жасаймыз деген мақсаттарына сәйкес жасалды. Нәтижесінде жергілікті ұлттармен қатар, немістер мен поляктар да ұлттық құндылықтарынан айырылды.

Неміс және поляк диаспораларының Шығыс Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосқан үлестері зор. Немістер Шығыс Қазақстанның ауылшаруашылығының дамуына тікелей ат салысты. Олардың арасында үлкен нәтижелерге жеткен еңбек ардагерлері мол болды.

Қанша айтқанмен де, қазақстандықтардың дархан пейілі неміс және поляк ұлттары өкілдерінің Қазақстан аумағында диаспора ретінде сақталып қалуына жәрдемін тигізді. Қазақи ауылдарға қоныстанған немістер мен поляктарға үлкен бауырмалдық

көрсетілгені, қолдарындағы барын бөліскендерін олар қашан да айтады.

Қазақстандағы тарихи үрдістің ішінен неміс және поляк диаспоралары өкілдерінің іздері анық байқалады. Шығыс Қазақстанның қойнауында жүрген миграциялық үрдістерде де осы екі ұлттың алар орны ерекше. Бүгінгі күнге дейін неміс елді мекендерінің атаулары сақталып келеді. Мысалы, Ұлан ауданындағы Кенюхово, Горкуново, Пруггерово ауылдары. Өз қолдарымен құрған бұларда, бұл күндері немістердің өздері жоқ болса да, тарихы сайрап жатыр. Қазір бұл жерлерде немістердің тұрғандығын білдіретін олардың үйлері, рәсімдері және олармен араласып құралас болған адамдар бар. Бұл жерлер мезгіл өте, тек тарихи оқиғалардың белгісі болып қалары сөзсіз. Шығыс Қазақстан территориясы поляктар мен немістердің бірнеше ұрпақтарын өсірген аймақ болып қала береді.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырда Қазақстан территориясында 7 рет халық санағы жүргізілді. Халық санағының нәтижесінде поляктар 1897 жылы – 195, 1926 жылы – 706, 1959 жылы – 881, 1970 жылы – 964-ке дейін өскен. Олардың кемуі 70-жылдардың екінші жартысынан басталғанын байқаймыз. Олар 1979 жылы – 925, 1989 жылы – 851, 1999 жылы – 498 адамға кеміген.

Саны жағынан Шығыс Қазақстанда алдыңғы қатардағы ұлттың бірі -немістер болды. Олар 1897 жылы – 100, 1926 жылы – 9055, 1959 жылы – 65 748, 1970 жылы – 69136, 1979 жылы – 65610, 1989 жылы – 66 879 адамға жетсе, кейінгі жалдары тарихи отандарына оралу себепті, 1999 жылғы халық санағының қортындысы бойынша, олар 32 000 адамнан астам болып отыр.

Қорыта айтқанда, неміс және поляк диаспораларының қалыптасуы мен дамуы зерттеліп отырған кезеңмен тығыз байланысты. Екі ұлттың басынан кешкендері XX ғасырдың өн бойында тұнып тұр. Неміс және поляктардың зорлық пен қуғынға ұшырауы тарихи шындық.

Олар бүгін еліміздің тәуелсіздік алуымен бірге, мәдениеттері мен ұлттық құндылықтарын жандандыруға қол жеткізіп отыр. Тәуелсіз Қазақстанда азаматтық қоғамды құруда да осы екі этникалық топтың үлестері аз емес. Сондай-ақ, еліміздің экономикасына қосқан үлестері де баршылық. Алғашқылардың

қатарында кіші және орта бизнестің іргетасын қаласқандар да осылар болатын.

Қазақстандағы тарихи қалыптасқан ұлт диаспораларының тарихы зерттелуі және жарық көруі тиіс. Себебі, бұрын Қазақстан халқының біраз бөлігін құраған немістер мен поляктар бүгінгі күні азаю үстінде. Олардың, еліміз үшін атқарған еңбектерін болашақ ұрпақтың білуі, сөз жоқ, оларға деген құрметті туғызып, ұлтаралық және мемлекетаралық татулыққа жол ашады. Сондықтан да, сан жылдар бойы Қазақстанды елім деп, ұрпағын өсіріп, қоғамымызға пайдасын тигізген неміс және поляк ұлттарының тарихының зерттелуі орынды.

Ұлтаралық татулықтың және ынтымақтың әлемдегі үлгісі болып отырған елімізді, қазақтың қонақжайлылығы мен бауырмалдығын әлемге паш етуде диаспоралардың тарихын ғылыми тұрғыдан зерттеудің орны бір бөлек.

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚРМП– Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты (Алматы қаласы)

ҚРОММ– Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты (Алматы қаласы)

ШҚОҚЗТҚО – Шығыс Қазақстан облыстық қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығы (Семей қаласы)

ШҚОММ - Шығыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты (Өскемен қаласы)

РФММ - Ресей Федерация мемлекеттік мұрағаты (Мәскеу қаласы)

РМӘСТМ – Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағаты (Мәскеу қаласы)

РМЭМ–Ресей мемлекеттік экономика мұрағаты (Мәскеу қаласы)

ОК – Орталық комитет

БКП ОК (б) – Бүкілодақтық Коммунистік Партиясының Орталық комитеті

КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы

АКСР – Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы

КСР – Кеңестік Социалистік Республикасы

ҚКП/б/–Қазақстан Коммунистік партиясы

КОКП–Кеңестер Одағының Коммунистік Партиясы

УКСР-Украин Кеңестік Социалистік Республикасы

БКСР-Белорусь Кеңестік Социалистік Республикасы

ІІМ-Ішкі істер министрлігі

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 бет.

2 Большая Советская Энциклопедия (БСЭ). – М., 1952. – Т.14. – С.48

3 Большая Советская Энциклопедия (БСЭ). – М., 1952. – Т.8. – С.107

4 Сапаргалиев Г., Дьяков В.А. Общественно-политическая деятельность ссыльных поляков в дореволюционном Казахстане Алматы: Наука, 1971.–252 б.

5 Асылбеков М.Х., Нұрахметов С.Б., Пан. Н.Г. Рост индустриальных кадров рабочего класса в Казахстане (1945-1965гг.). –Алма-Ата: Наука, 1976.–272 с.

6 Алексеенко Н.В. Население дореволюционного Казахстана (Численность, размещение, состав, 1870-1914гг.). –Алма-Ата: Наука, 1981. –112с.

7 Дахшлейгер Г.Ф., Нурпеисов К.Н История крестьянства Казахстана.– Алма-Ата: Наука, 1985. -247с.

8 Базанова Ф.Н. Формированеи и развитие структуры население Казахской ССР (национальный аспект). Алма-Ата: Казахстан, 1987. –152с.

9 Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980). Алма-Ата: Ғалым, 1991.–192 с.

10 Алексеенко Н.В. Усть-Каменогорск и устькаменогорцы.–Усть-Каменогорск: Вост.гуманитарный иниститут, 1995. –77с.

11 Алексеенко Н.В. Историческая демография Казахстана.–Усть-Каменогорск, 2001.–67с.

12 Ғали Ә., Ғали Д. Этнодемография және саясат сыры.–Астана: Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясы, 2001.–170б.

13 Асылбеков М.Х., Құдайбергенова А.И. Қазақстан халқының әлеуметтік демографиялық жағдайы (1939-1959ж.ж.).–Алматы: Өркениет баспасы, 2005.–160 б.

14 Кылышбекова М.Ч. История депортированның народов Казахстана (1937-1956гг.).–Алматы, 2008. –188 с.

15 Бургарт Л.А. Из истории немецких поселении в Восточном Казахстане (нач.ХХ веа-1941).–Усть-Каменогорск, 1999.–125с.

16 Бургарт Л.А. Немецкое население в Восточном Казахстане в 1941-1956гг.–Усть-Каменогорск, 2001.–375 с.

17 Алиев И.И. Этнические репрессии.–М: Радио Софт, 2008.–472с.

18 Дик В. Свет Евангелия в Казахстане. История возвещения Евангелия и распростронения общин баптистов и меннонитов в Казахстане (первая половина ХХ века).–Штайнхаген: Samenkorn, 2003.–384с.

19 Pinkus B. / Fleischhauer I. Die Deutschen in der Sowjetunion: Geschichte einer nationalen Minderheit im 20. Jahrhundert. Bearb. u. hrsg. von Karl-Heinz Ruffmann. - 1. Aufl. - Baden-Baden: Nomos Verlagsgesellschaft, 1987. – 599 s.

20 Stumpp K. Die RuЯlanddeutschen. Zweihundert Jahre unterwegs. Verlag Landsmannschaft der Deutschen aus RuЯland. Nachdruck 1993. – 147 s.

21 Lonsinger A. Sachliche Volkskunde der Wolgadeutschen. Verlag Bernhardt Albert Greiner, 1. Auflage 2004. – 239 s.

22 Исова Т.Л. Қазақстан-Польша «поляк мәселесінің» эволюциясы: тарих ғыл. кан. ... дисс. – Алматы, 1999. –133б.

23 Енсенов Қ. Қазақстандағы көші-қон процестері және оның зерттелуі (1926-1959жж.): тарих ғыл. кан. ... дисс. – Алматы, 1999.–139б.

24 Айымбетов С. 1926-1939 жылдар аралығындағы Қазақстан халқының этно-демографиялық және әлеуметтік құрамындағы өзгерістер: тарих ғыл. кан. ... дисс. – Алматы, 1999.–190б.

25 Бугай. Н. Ф. К вопросу о департации народов СССР в 30-е – 40-е годы // История СССР. –1989. –№6.– С.136-144.; 20-е – 40-е годы – депортация народов с территории европейской России // Отечественная история.–1992.–№4.–С.37-49.

26 Земсков В. Н. Заключенные, спецпоселенцы, ссыльные и высланные (статистико – географический аспект)// История СССР.–1991.–№5.–С.151-165.; Спецпоселенцы по документам НКВД – МГБ СССР// Социс.–1990.–№11.–С. 3-17.

27 Кичихин С. В. Советские немцы: откуда, куда и почему?// Военно-исторический журнал.–1990.–№9.– С.32-38

28 Кригер В., Фризен А. Из истории советских немцев // История Казахстана: «белые пятна».–Алма – Ата:Казахстан,–1991.; Қозыбаев М. К. Немцы Советского Казахстана: факты и действительность // История Казахстана: «белые пятна».–Алма – Ата: Казахстан,–1991.–345 с.

29 Галиев В.З. Польские деятели в Семиречье (вторая половина XIX-начало XX веков) // Отан тарихы.–2008.–№ 2.– С.53-79.

30 Вибе П. П. Переселение немцов колонистов в Степной край в конце XIX – нач. XX в.в. (на примере Акмолинской, Семипалатинской губерний) // Материалы международной научной конференции: «История немцев Центральной Азии». – Алматы, 1998.– С.19-30

31 Карсаков И. Немцы Казахстана: определение берега // Мысль. – 1995. – №6. – С.46-49

32 Босс Э.Г., Э.Ф. Госсен «Научное объеденение немцев Казахстана» // Материалы международной научной конференции: «История немцев Центральной Азии». – Алматы,1998. – С.148-153

33 Кадацкая Н.В. Немецкая диаспора в Казахстане во второй половине XX века: (эносоциальный аспек) // Материалы Четвертой международной

научно-практической конференции: «Россия, Сибирь и Центральная Азия: взаймодействия народов и культур». – Барнаул, 2003. С.283-288

34 Дедерер А. Дискуссия после доклада // Материалы международного семинара «Актуальное состояние и перспективы культурной деятельности в местах проживания немцев». – Алматы, 1996. – С.13-14

35 Иванов В.А. Традиционные конфесии немцев в Казахстане: история и современность // Сборник материалов международной научно-практической конференции: «Роль религиозных конфесий в жизни немцев центральной Азии». – Алматы, 2002. – С.201-210

36 Артемьев А.И. Немецкие протестанские конфессии и деноминации в Казахстане: краткий историко-религиеведенческий анализ // Сборник материалов международной научно-практической конференции: «Роль религиозных конфесий в жизни немцев центральной Азии». – Алматы, 2002. – С.115-123

37 Телебаев Г.Т. Религиозные предпочтения немцев Казахстана: социологический подхот // Сборник материалов международной научно-практической конференции: «Роль религиозных конфесий в жизни немцев центральной Азии». – Алматы, 2002. – С.57-61

38 Бургарт Л.А. Особенности демографического поведения немцев Восточного Казахстана в условиях режима спецпоселения (1941-1955) // Материалы международной научной конференции: «История немцев Центральной Азии». – Алматы, 1998. – С.129-138

39 Зулкашева А. К вопросу о депортации польских граждан в годы второй мировой войны (1940-1941гг.) // Материалы научной конференции: «Историческая наука и современность: концептуальные проблемы методологии, историографии и источниковедения Отечественной истории». – Алматы, 2001. – С.174-181

40 Степаненко Н.В. Польские детские дома в Казахстане в годы Великой Отечественной Войны (по материалам Актюбенской области) // Материалы международной научно-практической конференции повященной М. Акмулле: «Международные Акмуллинские чтения». – Актобе, 2008. – С.51-54

41 Жангуттин Б.О. Из истории поляков в Казахстане 1940 годов XXв. // Вестник КазНПУим.Абая, серия «Исторические и социально-политические науки». – Алматы, 2006. – №1(9). – С. 90-96

42 Чиликова Е. Причины миграционных предпочтений немцев Казахстана в 1986-1991 г. (По документам Архива Президента Республики Казахстан) // Вестник универстита «Кайнар». – Алматы, – 2003. – №2. – С.11-17

43 Ертаев М.А. Қазақстанның ұлттық-этникалық құрылымындағы неміс, поляк диаспоралары: өткені мен бүгіні // Қ.А.Ясауи атындағы

Халықаралық қазақ-түрік университетінің хабаршысы. – 2007. – №1(60). – 297-303бб.

44 Тарасова Л. Миграционные связи Казахстана и Западной Сибири // Материалы Четвертой международной научно-практической конференции: «Россия, Сибирь и Центральная Азия: взаймодействия народов и культур». – Барнаул, 2003. – С.295-300

45 Мухамбеткалиева Г.М. Анализ миграционных процессов немецкой диаспоры в контексте казахстанско-германских отношений // Весник университета «Кайнар». – 2005. – №1/1. – С.105-110

46 Сидоров О. Миграционные настроения немцев Казахстана и возможные последствия // Центральная Азия и Кавказ. – 2003. – №4 (28). –С. 166-171

47 Гавенцки М. Поляки в этнической стуктуре Казахстана: прошлое, настоящее и будущее // Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Исторические и социально-политические науки». – 2005. – №2(8). – С.10-22

48 Мустафаев Н. Польская диаспора Казахстана: локолизация и миграционный потенциал // Analitic. – 2007. – №2. – С.103-110

49 Левковский А. Поляки в Казахстане // Нород истинный воспитатель. Сост. С.Калиев. – Алматы, 2000. – С.203-206

50 Горецкий В. Поляки в Казахстане // научно-популярный юридический журнал «Фемида». – 1998. – №4. – С.63-68

51 Из истории поляков в Казахстане (1936-1956гг.) Сборник документов. Архив Президента РК. Отв.ред. Л.Д.Дегитаева. Алматы: ТОО "Издат.дом "Казахстан", 2000. – 344 с.

52 Из истории немцев Казахстана (1921-1975гг). Сборник документов: Архив президента Республики Казахстан / Сост.: И.Н.Бухонова, Т.Б.Митропольская. Алматы: Готика, 1997. – 376 с.

53 Герасимов Б. Ссыльные поляки в Семипалатинской области // Записки Семипалатинского Подотдела Заподно – Сибирьского отдела Русского географического общества. – Семипалатинск, 1918.

54 Аженов М, Ракишев Б. К дефиниции термина «диаспора» // Саясат. – 2007. – № 7. – С.11-13

55 Тәтімов М. Диаспора мен репатрианттар және ирредиент пен маргиналдар // Фемида. –1997. – №5. – 72-82 бб.

56 Шахов Н. Этой дружбе больше века // Казахстанская правда. – 1997. – 29 январь.

57 Волков А. Казахстанские поляки // Казахстанская правда. – 2006. – 3-март.

58 Первая всеобщая перепись населенія Россійской Имперіи, 1987.: LXXXIY. Семипалатинская область, 1905.

59 Духин Я.К. Условия польской ссылки в Казахстане // Вестник Котанайского государственного педагогического института. – Қостанай 2005. – №2. – С. 78-85

60 Рышард Бадовски. Польские певцы Казахстана. – Варшава, 2004. – 95 с.

61 Личное дело ветеринарного врача Ивана-Павла Антоновича Выржиковского // ҚРОММ. – 469-қор, 1-тізбе. – 782-іс.

62 Личное дело ветеринара Владиславовича Александровича // ҚРОММ. – 469-қор, 1 тізбе. – 768 іс.

63 Личное дело ветеринара Павла Васильевича Клепацкого // ҚРОММ. – 469 -қор, 1-тізбе. – 804-іс.

64 Личное дело Капрайтис Михаила Константиновича // ҚРОММ. – 469-қор, 1-тізбе. – 802-іс.

65 Телеграммы Семипалатинского губернатора об отношении к германским и австро-венгерским поданным, инструкция о содержании военнопленных, списки военнообязанных пленных австрийских и германских подданных // ҚРОММ. – 546-қор, 1-тізбе. – 7 іс.

66 Итоги дворов и наличного населения по городом и волостям Семипалатинской губернии // ШҚОҚЗТҚО. – 583 – қор, 1-тізбе. – 5-іс.

67 Похозяйственная книга за 1939-1942 гг. // Бесқарағай аудандық мемлекеттік қазынашылық мұрағаты. – 1502 – қор, 1-тізбе. – 2-іс.

68 Лаура Тәңірбергенқызы Қазақ жеріндегі поляктардың тарихи тағдыры // Жұлдыз. – 1997. – №2. – 195-196 бб.

69 Кошман Т.В. Немецкое население степного края в конце XIX-начале XX вв. // Материалы международной научной конференции: «История немцев Центральной Азии». – Алматы, 1998. – С.31-34

70 Информация на имя руководства, представления в директивные органы // РФММ. – Р-9479-қор., 1-тізбе. – 725-іс.

71 Малиновский Л.В. Немцы в россии и на Алтае. – Барнаул, 1995. – 182с.

72 Лайер Р. Переселение немцев-колонистов на территорию Северного Казахстана в XIX-начале XX века // Труды IV конференции научного объединения немцев Казахстана. – Алматы, 2003. – С.68-76

73 Никифоров И.Д. Немецкое население Рудного Алтая в конце XIX-первой половине XX вв. (на материале поселков Шемонаихинского района Восточно-Казахстанской области) // Материалы международной научной конференции: «История немцев Центральной Азии». – Алматы, 1998. – С. 36-43

74 Шайдуров В. Немцы и русские на Алтае. Контакты и конфликты на рубеже XIX-XX вв. // Диаспоры. – 2003. – №2. – С. 65-87.

75 Козыбаев М.К. Немцы Советского Казахстана: факты и действительность // История Казахстана: «белые пятна». Алма – Ата: Казахстан, 1991. –345 с.

76 Ерофеева И.В. Конфессиональное процессы среди немецкого населения Казахстана во второй пол. XYIII-XXвв. // Материалы международной научной конференции: «История немцев Центральной Азии». – Алматы,1998. – С. 52-64

77 Циркулярное указание ЦК ВКП/б/, доклады, о политико-просвитительной работы среди нацменьшинств и др. // ҚРПМ. – 141 - қор, 1- тізбе. – 964 – іс.

78 Протоколы бюро, секретариата Испол. Бюро Алматинского Укома РКП /б/ // ҚРПМ. –141-қор, 17-тізбе. – 126 – іс.

79 Протоколы бюро Букеевского Укома РКП /б/ // ҚРПМ. – 141-қор,17-тізбе. – 124-іс.

80 Протоколы Фракции РКП/б/ 1-го всеказахского съезда «Общество Долой неграмотности и Каз. Центр ОДИ» /имеются копии циркулярных указаний центр ОДИ и др. Переписка/ //ҚРПМ. – 141-қор, 1-тізбе. – 135-іс.

81 Волкова Т.П. Взоимоотношение немецкого населения Казахстана и органов власти в конце 20-х – начале 30-х годов // Материалы международной научной конференции: «История немцев Центральной Азии». – Алматы,1998. –С. 93-104

82 Калмыков С.К., Шаукенова З.К. Влияние протестантской ментальности немцев Казахстана на становление элементов казахстанской материальной и духовной культуры // Сборник материалов международной научно-практической конференции: «Роль религиозных конфесий в жизни немцев центральной Азии». – Алматы, 2002. – С.123-132

83 // ҚРПМ. 141 - қор. 1 – т. 2468 – іс.

84 Циркуляры и распоряжения рудоводящих органов КИКЗ и ОкрИК.// ШҚОҚЗТҚО. – 256-қор, 1-тізбе. – 1-іс.

85 Справки и копии постановлений, решений и указаний правительственных и партийных органов // РФММ. –Р- 9479с - қор, 1-тізбе. – 2-іс.

86 Годовые планы переселения и хозяйственного устройства районов Восточно-Казахстанской области на 1940 год. ҚРОММ Р1208 - қор. 1 – т. 83– іс.

87 Материалы Переселенческого Отдела при Облисполкоме Семипалатинской области по ходу жилищно-бытового устройства переселенцев (характеристика районов, вселения, докладные записки, отчеты и др.) // ҚРОММ. – Р1208-қор, 1-тізбе. – 110-іс.

88 Решение исполкома семипалатинского областного совета депутатов трудящихся об утверждении плана до приселения в колхозы области. Экономико-географическое описание районов Семипалатинской области. Переписка с переселенческим отделом при Семипалатинском Облисполкоме по вопросу составления плана // ҚРОММ. – Р1208-қор, 1-тізбе. – 68– іс.

89 Краткая характеристика районов вселения Восточно-Казахстанской области. Переписка с Переселенческим при Восточно-Казахстанском Облисполкоме по вопросу составления планов // ҚРОММ. – Р1208-қор, 1-тізбе. – 90-іс.

90 Положения, инструкции и указания ОСП периферийным органам // РФММ. – Р-9479-қор, 1-тізбе. – 71-іс.

91 Алдажуманов К.С. Расселение депортированных немцев в Казахстан в 1941-1945 гг. // Материалы международной научной конференции «История немцев Центральной Азии». – Алматы,1998. –С.113-119

92 Материалы по выселению немцев // РФММ. – Р-9479-қор,1-тізбе. – 83– іс.

93 Информация и представления в правительственные и партийные органы и переписка с ними // РФММ. – Р-9479-қор, 1-тізбе. – 73– іс.

94 Списки эвакуированных и спец переселенцев на буквы О,П,Р,С.// ШҚОҚЗТҚО. – 807-қор. – 1-тізбе. – 1 – іс.

95 Елмурзаева Р. Немцы Казахстана в трудовых лагерях Великой Отечественной Войны // Қазақстан мұрағаттары. – 2008. – № 2(6). – С. 68-72

96 Справки адм. Отдела горкомов, райкомов партии о наличии спецпереселенцев, их качественный состав формы партийной работы // ШҚОММ. – 1п-қор, 1-тізбе. – 4996 – іс.

97 Положения, инструкции и указания ОСП периферийным органам // РФММ. – Р-9479-қор. – 1-тізбе. – 102– іс.

98 Постонавления Семипалатинского обкома партии. Особая папка // ҚРПМ. – 708-қор. – 6/2-тізбе. – 78 – іс.

99 Справки отдела о хозяйственном устройстве спецпереселенцев в Новосибирской области и Казахской ССР (Конец 1944 г.). // РМӘСЗМ. – 17- қор, 88-тізбе. – 605 - іс.

100 Отчёты, информации, справки ЦК КП(б) Казахстана о состоянии хозяйственного, трудового и бытового устройства и политических настроениях спецпереселенцев в областях Казахской республики, списки спецпереселенцев (30 ноября 1945 г. – 25 июля 1946 г.). // РМӘСЗМ. – 17-қор, 88-тізбе. – 396 - іс.

101 Переписка руководства НКВД и ОСП с другими наркоматами и ведомствами // РФММ. – Р-9479-қор, 1-тізбе. – 325 - іс.

102 Отчетные и информационные материалы местных органов МВД // РФММ. – 9479-қор, 1-тізбе. – 299 - іс.

103 С копиями заключений об освобождении отдельных лиц из под административного надзора органов МВД // РФММ. – Р-9479-қор, 1-тізбе. – 306-іс.

104 Разная переписка по наличию и движению выселенцев-спецпоселенцев статсведения по переучету выселенцев-спецпоселенцев по Казахской и Карело-Финской ССР // РФММ. – Р-9479-қор, 1-тізбе. – 482– іс.

105 Информация на имя руководства // РФММ. – Р-9479-қор, 1-тізбе. – 372– іс.

106 Сводные сведения о движении агентурно-осведомительной сети // РФММ. – Р-9479-қор, 1-тізбе. – 595-іс.

107 Справки горкомов, райкомов КП(б)П по выполнению постонавлении бюро обкома КП(б)К о работе ДОСААФ, суда и прокуратуры о поселен. мас. работе среди спецпереселенцев // ШҚОММ. – 1п-қор, 1-тізбе. – 5953 – іс.

108 Диретивные указания ЦК КП (б), переписка обкома отделов по вопросам трудового и хозяйственно-бытового устройства спецпереселенцев // ШҚОММ. – 1п-қор,1-тізбе. – 2741 – іс.

109 Справки бригад ЦК КПК инструктаров отделов ЦК КПК, обком КПК, министерство просвещения КССР, по оказанию практической помощи партийным организациям о выполнения, ЦК КПСС от 29 июня 1955 г. О мерах по улучшению массово-политической работы среди спецпоселенцев // ҚРПМ. – 708-қор, 28-тізбе. – 1339 а – іс.

110 Справки обкома горкомов, райкомов о работе среди спецпереселенцев и реэмигрантов из КНР // ШҚОММ. – 1п-қор. – 1-тізбе. – 7070 – іс.

111 Губайдулин О. Страшные волны польской трагедий // Караван. – 2005– №22. – 30 мая

112 Петров Н.В., Рогинский А. Б. «Польская операция» НКВД 1937-1938 гг. // Репрессии против поляков и польских граждан. – Москва, 1997. – С. 22-39

113 Списки осужденных польских граждан отбывающих ссылку в ВКО // ШҚОММ. – 462-қор, 4-тізбе. – 21-іс.

114 Справка Переселенческого отдела НКВД СССР о количестве переселённых хозяйств за период 1933-1937 гг. от 25 января 1938 года // РМЭМ. – Р-5675-қор, 1-тізбе. – 185-іс.

115 Отчёты Переселенческого управления при СНК СССР и переселенческих отделов краёв, областей и автономных республик за 1939 год. Том 12, Казахская ССР. 1939 год // РМЭМ. – 5675-қор, 1-тізбе. – 271-іс.

116 Отчёт Переселенческого отдела при СНК Казахской ССР об итогах переселения и хозяйственного устройства переселенцев в колхозах республики в 1940 году. 1940 год // РМЭМ. – 5675-қор, 1-тізбе. – 327-іс.

117 Информационные материалы ГУЛАГа руководству НКВД // РФММ. – Р-9479с-қор, 1-тізбе. – 55-іс.

118 Справки и копии постановлений, решений и указаний правительственных и партийных органов // РФММ. – Р-9479с-қор, 1-тізбе. – 52-іс.

119 Гурьянов А.Э. Польские спецпереселенцы в СССР в 1940-1941 гг. // Репрессии против поляков и польских граждан. – Москва, 1997. – С.114-136

120 Материалы по выселению польских осадников // РФММ. – Р-9479с-қор. – 1-тізбе. – 61– іс.

121 Сводные и годовые статистические сведения и дислокация спецпоселенцев // РФММ. – Р-9479с-қор, 1-тізбе. – 62– іс.

122 Отчетные и информационные материалы местных органов // РФММ. – 9479с-қор. – 1-тізбе. – 59-іс.

123 Сводные и годовые статистические сведения и дислокация спецпоселков // РФММ. – Р-9479с-қор, 1-тізбе. – 90-іс.

124 Салахова О. Поляк диаспорасының тарихынан // Солтүстік Қазақстан. – 1998. – 5 тамыз

125 Срочные и внесрочное донесения о личном составе // ШҚОҚЗТҚО. –61-қор, 1-тізбе. – 23-іс.

126 Докладная записка Переселенческого отдела при СНК Казахской ССР о ходе выполнения мероприятий по хозяйственному устройству переселенцев на 1941 год. 1941 год // РМЭМ. – 5675- қор, 1-тізбе. – 364-іс.

127 Материалы по выселению поляков и немцев // РФММ. – 9479с-қор, 1-тізбе. – 116-іс.

128 Айдос Т.М. Поляк-қазақ қарым-қатынастарының тарихи бастаулары // Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің хабаршысы, тарих сериясы. – Алматы, 2002. – №3 (26) – 9-11бб.

129 Материалы по спецпоселенцов-поляков // РФММ. – Р-9479с-қор, 1-тізбе.– 178-іс.

130 Списки осужденных польских граждан отбывающих ссылку в ВКО, и переписка по ним // ШҚОММ. – 462-қор, 4-тізбе. – 21-іс.

131 Дело о приеме ВКП (б) т. Свиницкого Николая Ленгинвича // ШҚОЗТҚО. 7 - қор. 4-т, 1173 – іс.

132 Справка о количестве спецпоселенцев, состоящих на учете и находящихся в наличии по областям Казахской, Киргизской и Узбекской ССР// РФММ. – Р-9479-қор, 1-тізбе. – 641-іс.

133 Информация и представления в правительственные и партийные органы // РФММ. – Р-9479-қор, 1-тізбе. – 896-іс.

134 Земсков В.Н. Массовое освобождение спецпереселенцев, ссыльных и высланных. // Социс. –1991. –№1. – С.5-27

135 Население Казахской ССР. Итоги Всесоюзной переписи населения на 15 января 1959 года. – Алма – Ата, 1960.

136 Материалы о приеме переселенцев и их хозяйственном устройстве за 1 полугодие 1960 г. // ҚРОММ. – 1987-қор, 1-тізбе. – 113-іс.

137 Сводный годовой отчет и годовые отчеты областных отделов о приеме и хозяйственном устройстве переселенцев за 1963 год. // ҚРОММ. – 1987-қор, 1-тізбе. – 137-іс.

138 Материалы по рациональному использованию трудовых ресурсов, сокращению текучести кадров, обеспечению народного хозяйства областей рабочей силой на 1971-1975 годы по Семипалатинскому областному отделу, г.Алма-Ате за 1970 г. // ҚРОММ. – 1987-қор, 1-тізбе. – 221-іс.

139 Вензель С.К. Музыкально-песенное творчество искусство немцев Казахстана (50-80-е гг.) // Материалы международной научной конференции «История немцев Центральной Азии». – Алматы,1998. – С.154-164

140 Наумова О.Б. Национально-смешанные семьи у немцев Казахстана (по материалам экспедиции 1986 г.) // Советская этнография. – Москва, 1987. – №6. – С. 91-100

141 Итоги переписи населения 1999 года по Восточно-Казахстанской области. Статический сборник. /Под ред. А.А. Смаилова. – Алматы, 2000. – Том 1. – 158 с.

142 Семипалатинское Областное управление статистики. Итоги всесоюзной переписи населения 1989 года по семипалатинской области. – Семипалатинск, 1990.

143 Дудка Е. Казахстанские немцы: программы принимаются, эмиграция растет // Деловая неделя. – 1994. – 2 декабря.

144 Гартвиг Р. Вопрос остается открытым // Казахстанская правда. – 1995. – 16 августа.

145 Колосов А. Преезжать в Германию? // Простор. –2001. – №6. – С. 129

146 Демографический Ежегодник Восточно-Казахстанской области. – Усть-Каменегорск, 1999. – 38 с.

147 Демографический ежегодник Казахстана/ Статический сборник. Нацстатагенство Республики Казахстан. Алматы, 1998. - 128 с.

148 Демографический ежегодник Казахстана / Нацстатагенство Республики Казахстан. – Алматы, 1997. – 269 с.

149 Демографический Ежегодник Восточно-Казахстанской области. – Усть-Каменегорск, 2001. – 48с.

150 Қазақстан Республикасы халқының ұлттық құрамы. Қазақстан Республикасының халқы ұлты, жынысы және жасы бойынша /Қазақстан Республикасындағы 1999 жылғы халық санағының қорытындысы. /Статистикалық жинақ. / Редакциясын басқарған Ә. Смаилов/. – Алматы 2001. –Т-4. – 1-бөлім. – 244 бет.

151 Кузнецова Э. Вот такой расклад // Ковчег. –1997. – №8. – 27 февраля.

152 Материалы о состоянии хозяйственно-бытового устройства переселенцев за 1959 г. // ҚРОММ. – 1987-қор, 1-тізбе. – 104-іс.

153 Национальный состав населения Республики Казахстан. Занятое население Республики Казахстан по национальностям и занятиям./Итоги переписи населения 1999 года в Республике Казахстан. Статистический сборник./ Под ред. А. Смаилова /. – Алматы, 2000. – Т.3. – 323 с.

154 Волков А. Қазақстандағы поляктар // NOMAD-KAZAKHSTAN. – 2006. – №2(8) – 42-50 бб.

155 Переписка редактора Шмильева (Добольского А.) с партийными и государственными учреждениями, организациями по вопросу комплектования редакции газеты кадрами // ҚРПМ. – 885-қор, 1-тізбе. – 1-іс.

156 Переписка с ЦК Компартии Казахстана, комитетом по радиовещанию и телевидению Казахской ССР, издательством «Казахстан», газетами «Роте Фокс», «Коммунизм туги», «Волгаградская правда» и зарубежными союзами и организациями /ФДГБ, Герман-Дункер-Енесмбле/ по проведению семинара немецких писателей, по вопросам воспитания молодежи – (на страницах газеты), изучения немецкого языка и др. // ҚРПМ. – 885-қор, 1-тізбе. – 10-іс.

157 Переписка с ЦК Компартии Казахстана, партийными комитетами, творческими союзами по вопросоам издания и распростронения газеты среди немецкого населения Казахстана: с журналистами, писателями по содержанию газеты (имеется письмо направленное Ч. Айтматову) // ҚРПМ. –885-қор. – 1-тізбе. – 16-іс.

158 Статьи «Горох – культура Казахстанская», «Что показало сортоиспытание лугопастбищных трав, качества зерна прежде всего». Опубл. В журнале «Сельское хозяйство Казахстана» №4 за 1962г., №6 за 1965 г., №12 за 1967 г. // ШҚОҚЗТҚО. – 348-қор, 1-тізбе. – 14-іс.

159 Брошюра «Культура, сорт и урожай». Изд. г.Сем-ске // ШҚОҚЗТҚО. –348-қор, 1-тізбе. – 22-іс.

160 Никифоров И. Каково будущее советских немцев? // Партийная жизнь Казахстана. – 1990. –№2. С. 69-70

161 Брингель В. Дискуссия после доклада. // Материалы международного семинара «Актуальное состояние и перспективы

культурной деятельности в местах проживания немцев». – Алматы, 1996. – С.13-14

162 Вензель С. Современные условия формирования культурного поля немцев в условиях Казахстана. Материалы международного семинара: «Актуальное состояние и перспективы культурной деятельности в местах проживания немцев». – Алматы, 1996. – С. 29-32

163 Иванов В.А., Трофимов Я.Ф. Религии Казахстана, Алматы, 1999г. - 192 стр.

164 Колесников Л., Артемьева А. Современная религиозная ситуация в Республике Казахстан // Россия и мусульманский мир. – Москва,2001. – №10 (112). –С. 95-103

165 Приложения к сборнику// Материалы международной научно-практической конференции: «Роль религиозных конфессий в жизни немцев центральной Азии». – Алматы, 2002. – С.271-275

166 Материалы II конгресса немцев трудармейцев Казахстана. – Алматы, 1997. – С.123-124

167 Штолл Ф., Штрассер Г. Особенности выезда Казахстанских немцев в Германию и процесс их интеграции в новых условиях // Казахстан и современный мир. – 2003. – №4(7). – С.165-179

168 Мәшімбаев С.М. Еуропалық Одақ-Германия-Қазақстан: ынтымақтастық тарихынан (1991-2007жж.) // Материалы международной научно-технической конференции: «Казахстанско-германские отношения в системе международной модернизации». – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 301-305 бб.

169 Левковский А. Когда ностальгия неведома // Вечерний Алматы. – 2001. – 29 августа.

170 Дячинский А. Польское общество: годы радостей и огорчениий // Степной маяк. – 1994. – 22 октября.

171 Роговская Е. Гордимся наследием предков // Астана. – 2006. – №5(30). – С. 48

172 Минин В. Съезд поляков Казахстана // Казахстанская правда. – 1996. – 11 июля.

173 Зинкевич Я. Строим общий дом // Казахстанская правда. – 2006. – 25 октября.

174 Алматов М. Встретили гостей из Польши // Казахстанская правда. – 2006. – 11 августа.


ҚОСЫМШАЛАР



Бесқарағай ауданы Бурас селосының тұрғыны Ванда әжей



Вада әжеймен сүхбаттасу




Ванда әжейдің Польшадағы анасынан алған құттықтау хаты (1959 жыл)



Ванда әжейге анасы Пасха мейрамымен құттықтау хаты (1960 жыл)



Л. Шпенглер – озат комбайнер




Карл Густавович Кислер –
Чарск совхозының озат қызметкері



Роза Миллер –
Бородулиха ауданы Ленин ат. Совхозының озат сауыншысы



Бенгард Екатерина Ивановна –
Бородулиха ауданы Ленин ат. Совхозының озат сауыншысы



Ланг Роза Ивановна –
Семеновский совхозының озат сауыншысы



Вельмс Анна Яковиевна –
Жарма ауданы Рассвет колхозының озат сауыншысы



Фальман Р. –
Үржар ауданы XX партсъезд ат. Колхоздың озат сауыншысы



Всениластер Вера Феодоровна –
Бородулиха ауданы Ленин ат. Совхозының озат сауыншысы




Рульф Эльза –
«Заветы Илича» колхозының озат сауыншысы



Л. А. Мейер –
Балапановский совхозының озат сауыншысы



Бергер Яков Яковлевич –
Бородулиха ауданы Энгельс ат. Колхоздың озат тракторисі




Мару А. А. –
Ақсуат ауданының озат шопаны



Майненгер В. В. –
Үржар ауданының озық шофері



Шефер Мария Кодратьевна –
Приречный совхозының озат шошқа бағушысы



Краузе Петр –
Аякөз ауданы Таңсық совхозының механизаторы



Штенгельфер Ирма –
Приречный совхозының озат шошқа бағушысы

МАМЫРБЕКОВ АРАФАТ МАЖИТҰЛЫ

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НЕМІС ЖӘНЕ ПОЛЯК ДИАСПОРАЛАРЫНЫҢ ТАРИХЫ (XX ғ.)

Формат 60*84 1/16
Шартты басылым беті 12. Офсеттік қағаз
Таралымы 500 дана

Отпечатано в издательстве “Pro100Print”
071410, г. Семей, 15 жилой район, 2 микрорайон
Тел.: 8-7222-32-15-98